

Эзоосмос



Барлық оқиғалар мен кейіпкерлер автордың ойынан шығарылған. Кез келген есімдер (адам аттары) мен фамилиялардың және шын өмірдегі адам есімдерімен болмаса дүниеден өткен адам есімдерімен, кейіпкерлердің лауазымымен ұқсастығы (бірдейлігі) және де кез келген адаммен, шын өмірде болған оқиғалармен ұқсастығы абсолютты кездейсоқтық және бұл әдейілеп жасалған жоқ.

Адам қоғамындағы күнделікті жасырын шынайылық — бар құбылыс. Оны **тану** адамға осы әлемде өмір сүру тәжірибиесін ғана емес, өз болмысын зерттеу бағытына да **қадам басуға көмектеседі...** Адамдардың өте **көп** сырқаттары, кенеттен болған депрессия күйі, суицидке ұмтылысы, кездейсоқ апатқа ұшырауы, кісі өлтіру, көбінде **жасырынған (күпия) күштердің** іс-әрекетінің **салдары**. Бір кездері оларға қарсы тұрып, **шынайылықтың арғы жағында** адамдарды қызғыштай қорғаушылар болған. Зұлымдық пен Мейірімділіктің **таразысы** — адамның **өз қолында**. Барлығын оның эзоосмосы шешеді.

1 Бөлім. Ерекше балықшылық

Кетіп бара жатқан жаздың соңғы жылы күні тұрды. Табиғаттың осыншалықты сыйын лайықты бағалап, бұл уақытты әркім өзінше пайдаланып жатты. Біреулері табиғаттың осы мезгілінде жиі болатын жаңбырлы сюжеттің орнына терезесінен шуақты күннің картинасына сүйсінумен шектелді. Кейбіреулері қала өркениетінің сұр түсті асфальтты-бетонды композициясы арасында ғажайыпша сақталып қалған кішкене жасыл-желек аралдарында таза ауамен серуендеуге асықты. Ал ең жанкештілері толыққанды демалып, алда келе жатқан ұзақ қысқа жақсы әсер мен күш жинау үшін табиғатқа ұмтылды.

Таңғы самалмен үш машинаға лық толған балық аулауды қалаушы адамдар, шоқалақ пен орман жолының тесіктерін барынша абайлай өтіп, баяу жүріп келеді. Бастаушы көліктің жүргізушісі отыз жас шамасындағы ақшыл-сары мұртты, орта бойлы, шыныққан денелі аққұба ер адам. Достары оны құрметпен Сэнсэй деп атайтын, себебі ол көп жылдан бері шығыс ұрыс өнері секциясын басқаратын және профессионалдар арасында өзінің шеберлігімен аты шыққан еді. Дегенмен оның негізгі қызметі медицина, әсіресе вертебрология болды. Сэнсэй біршама ерекше, таным көкжиегі биік және таусылмас әзіл мінезді қызықты адам болды. Сондықтан онымен бірге тіпті осындай балық аулау секілді «тыныш шарада» (тихом меропрятти) демалуды қалаушылар, әдеттегідей жеткілікті еді.

Сэнсэйдің «Москвичі» бірнеше стоп-сигналдармен белгі берді және кейінгі автокөліктер реттілікпен бірінің артынан бірі тоқтады. Жүргізуші кең алқапта аяқталған жолға бағалағандай қарады да, пассажир креслосында жалпағынан жатқан ұзын бойлы жігіттен әзілмен сұрады:

— Ал айта ғой, Елдің некесіз туылған ұлы, бізді қай түкпірге әкеліп тықтың?

— Мен әкеліп тықтым?! — деді мысқылмен Женька және лезде қуақылана сөзін қосты: — Бірақ... Сэнсэй, сен әкеле жатқан жоқсың ба, ал мен жарқын болашаққа жай ғана көрсетемін!

Сэнсэй балалармен бірге күлді. Ал Женька орман жолының бойындағы қалың бұталарға, алдарындағы алқапқа қарап, қалжыңдады:

— Иә, осы жер секілді.

— «Осы жер секілді», «осы жер секілді»! — деп ендігі артқы орындықта отырған, қолында жыртқыш балықтарға арналған үйіршек (вьюны) май-шабақтары салынған үш литрлік банка ұстаған оның досы Стас шыдамай кетті. — Ендігі күнде шықты. Нағыз балық қабатын уақыт! Ал біздер төртінші рет сенің «осы жер сияқтыңды» іздеп келеміз.

— Мен сендерге бұл жерлерде екі жыл бұрын болдым деп айттым емес пе, — деп Женька күліп ақтала бастады да, кейін әсемдете айтты: — Орман, алқап, өзені есімде... Тамылжыған жер еді! Балығы есепсіз тұғын! Міне осындайлар жылтылдаған!

Осы сөздерінде таңқалдыруға тырысып, балықтың көлемін көрсету үшін қолдарын кең жая бастады. Бірақ өзенде жайылған «алпауыттардың» дәл үлкендігін көрсету үшін қолының кеңдігін автокөлік салоны анық шектеді. Балықшының қолдары қаншалықты ұзын болса, оның сөзіне де сенім соншалықты аз деген халық әзіліндегідей.

— Босқа ысқырма, Жека! Табиғатта ондай балықтар болмайды, — деді Стастың жанында отырған мығым денелі жігіт — сэмпай Виктор тоқашын ауызға салып.

— Болады, болады! Болғанда қандай, — деп Женька көтеріңкі айтып сендіруге тырысты. — Сэнсэй, болады емес пе? Оларға айтшы...

— Не үшін болмайды екен? Біздің заманда барлығы мүмкін, — деп Сэнсэй күле келісті. — Сен айтқандай да, екі басты да, үш құйрығы бар да кездеседі...

Жігіттер күлді, ал Женька ойнап ренжігендей күй танытып, оларға қолын сілтеді:

— Э-э-э, сендерге несіне айтып жатырмын... Сондай бомбовоз (бомбылаушы) ұстап алсаңдар, қалай мақтанатындарыңды кейін көрермін.

Осы сөздерінде Женька көліктен іскерше түсіп, өзенге жолды әрі айналаны қарау үшін алдыға кетті.

Көлік салоны біршама басылған кезде Сэнсэй өтінішін айтты:

— Стас, онымен бірге баршы. Егер жақсы жер болса, осында тоқтаймыз. Әйтпесе «Сусаниннің бұл тікелей ұрпағының» артынын кешке дейін жүретін боламыз.

Стас басын изеп, үлкен бөтелкені Викторға абайлап берді.

— Міне саған құнды жүк. Байқа, жеп қойма ашқарақ! — деп саусағын шошайтып, әзілмен қорқытты.

— Олар біртүрлі солғын (енжар) екен, — деп Виктор осы «сапар үшін болған автоаквариумға» қарап әзілдеді.

— Ал сен нені қалап едің? Бұл байғұстардың осындай жолдан жүректері айнып кеткен, — деп жайын балығы үшін осындай деликатесті алдыңғы түні еңбекпен тапқан Стас қынжыла айтты. — Құрлықпен өмірлерінде алғаш рет осындай саяхат жасау оңай ма, оның үстіне Женьканың экскурсовод болғанын қарашы!

— Иә, жолдары болмаған екен, — деп Виктор күлкімен жанашырлық білдірді.

Стас көліктен шықты да, бұрылыста көрінбей кеткен Женьканың артынын асыға кетті.

Егер жас айырмашылығы мен мамандықтарына қарайтын болсақ, көлікте сантүрлі жұртшылық жиналғанын айта кету керек. Мысалға Сэнсэйдің «Москвичінде» отырған Виктор «тергеуші». Женька мен Стас өздерінің тоқтаусыз «өмір бақиғы» жаттығуларында уақыт өткізгенінен бөлек, «үзіліс арасында» деп айтсақ болады, нандарын автокөлік шеберханасында слесарь болып тауып жүр. Сэнсэй көлігіндегі орта бойлы, кішкене шыныққан бұлшық етті, арықтау төртінші жолаушы Руслан, зауытта қарапайым жұмысшы.

Халық арасында «бобик» аталып кеткен келесі көлік тізгінінде, бойы ұзын емес мығым денелі, батыр жүзді Володя отыр. Оның спецназ тобын басқарғанына бірнеше жыл болған. Жанында әріптес-достары — Богдан, Олег, Сева (немесе оны достары — Сват деп атайтын). Олардың барлығын әскери шаш үлгілері және ұзақ уақыт бірге қызмет еткен адамдарда қалыптасатын өзінше бір сөйлесу мәнері ерекшелеп тұрды. Ал Володаның жанында отырған төртінші жолаушы, қаншалықты біртүрлі болса да мүлдем басқа әлеуметтік ортаның адамы еді. Кезекті мерзімін өтеген Валераның түрмеден шыққанына әлі бір айда өтпеген. Ол Володаның бала кезден бергі досы әрі көршісі. Валера сырт көзге Олег пен Севадан аз ерекшеленді. Орта бойлы, орташа денелі қарапайым жас жігіт. Алайда оның жүзінде түрмедегі өмірінің ерекше қолтаңбасы сақталған. Біршама салқын көзқарасынан сенбеушілік, тіпті өзінің жеке кеңістігін бұзуға талпынған кез келген адамға қандай да бір жасырын айбаты көрінеді.

Үшінші «Волга» көлігінде — тізгінді ұстап Николай Андреевич келеді. Ал оның жолаушылары күні кеше студент орындығынан шыққан жастар болды: Андрей, Настя, Татьяна және Костя. Негізінде осындай көңілді топтың, тек Николай Андреевичтен басқасын балық аулау құмарпаздары деп айту қиын. Дұрысы барлығы керісінше. Бойларында қайнаған жастық энергиясының тасығаны соншалықты, осындай күлкі, әзіл және болмашы тоқтаусыз әңгімелердің шуыл генераторына жақындауға, өзін сыйлайтын бірде-бір балық жақындамас. Осындай атмосфераға мамандығы психотерапевт болған Николай Андреевич қана шыдас беретін шығар (онда да ұзақ емес). Бірақ осы көлікте отырғандардың барлығы, Сэнсэймен демалыс үшін қайда болса да шығудың осыншалықты сирек мүмкіндігін жіберіп алғысы келмеді. Осылайша олар «балық аулауға» сұранды, мақсаттары өздерінің балық аулау машықтарын жетілдіріп, қоршаған флора мен фауна туралы білімдерін көтеру-міс.

Сантүрлі ұжым өздерінің жүргіншілері — Женька мен Стастың оралуын тағатсыз күтті. Он минуттан кейін ірі денелі бұл жұп, жеңіл жүгіріспен көңілді оралды. Олар алыстан-ақ көліктің жүргізушілері мен жолаушыларына ақыр аяғы балық аулайтын жердің табылғанына белгі берген. Женька ол жақта үлкенді-кішілі балықтың көп екендігін ишарамен түсіндіруге тырысып жатты. Және балықтардың үлкенді-кішілігін досының денесінің түрлі бөліктерімен салыстырып, көрсетіп әлек.

— Бар! — деп Сэнсэйдің көлігіне Женькамен бірге отыра бере Стас бір деммен айта салды. — Қазір тіке және солға. Ол жақта өзенге ыңғайлы жол бар.

Қажытқан күту мен көптен күткен орынға соңғы метрлерді еңсергеннен кейін, көлік өзен жағасында орналасқан алаңқайға шықты. Жер шыныменді сұлу екен. Өзен бұл жерде бірқалыпты иіліс жасаған. Алаңқайды жапырақты ағаш түрлерімен араласқан қылқан жапырақты орман қоршаған. Ауада қылқан жапырақты ағаштардың хош иісі. Жасыл көгал шашыраған гауһар моншақтардың шағылысқан сәулесі мен жарық күн нұрына толған. Және осының барлығы қарсы жағалау көрінісімен, ғажайып тамылжыған табиғат картинасын жасады.

Кішкене ылдилай орналасқан құмды жағалауды да әлі етік іздері баспаған екен және бұл осы жергілікті фаунаға құштар балықшыларды қатты қуантты. Жердің сұлулығына риза болып, балықшылар жіберіп алған уақытты толтыруға асықты. Сэнсэй бастаған тәжірибиелі балықшылар, балықшы армандарына бар-жоғы он-ақ секунд қалғандай ерекше құлшыныспен өздерінің балықшы құрал-саймандарын алып бірден суға ұмтылды. Басқалары шатырлы лагерлерін құра бастады.

Жалпы ұйымдастыру сәттері шешіліп және халық аздап таңғы аспен жүрек жалғап алғаннан кейін, барлық ұжым дерлік біреулері спиннингпен, біреулері қармақтарын алып жаға бойына жайғасты. Көбісі өздерінің балық аулау «арсеналдарын» алып, әркім өзінің сүйікті орнында сәтті балық қабады деген құпия үмітімен бір-бірлерінен біршама ара қашықтықта отырды.

Жабайы табиғаттың жағалау бұрышы өркениет атрибутикасымен тез толды. Бұл жерлерге Жаңа Гвинеядан кездейсоқ біреу тап болса, мүмкін ол бұл ғажайып заттарға ұзақ қарар ма еді. Ал егер оған әрбір заттың не үшін керек екендігін түсіндірсе, оның ішінде балық аулау үшін түрлі супер-пупер жабдықтарда бар, онда папуас осындай толық бір тайпа дерлік қаншама адамды қайдағы бір айлакер сатушының алдап соққанына үш күн шегі қатар еді. Бірақ жақын жерде папуас болмады және өзеннен әккі балықты қақпанға түсіруге сатып алған жабдықтары көмектеседі деп, алданған халық қатты сенумен болды.

Лагерде тек Женька ғана қалды, себебі балық торына үмітсіз шырмалған. Жігіт ұзақ сағат қармақпен отыруға төзе алмайтын, «балықшылардың» экстремальды категориясынан еді. Ол балықты бірден аулағанды жақсы көрді және топырлатып көбімен. Женька тағы су асты балықшылығында бірге-бір балық артынан қуа да алатын. Жоқ дегенде бұл өзінше бір спорт азарты болды — кім-кімді шаршатады. Бірақ ешқандай қимылсыз, жағалаудан суға көз тастап отыру, мінезіне мүлдем келмеді. Сондықтан Женька балыққа, «шырмалған» балық торын алып шығатын. Ал онымен барлығы оңай: торды құрып оған балықты түсірдің де, тойғаныңша балық сорпасын пісіре бер. Мінекей бар «сулы» жұмысы осы ғана. Женька жігіттерге ұлан асыр балық аулауды уәде еткенде, өзінің жеңіліссіз нұсқасына үміт етіп, негізінде қатты өтірік те айтпаған. Алайда келеңсіз оқиға орын алды. Кешкісін үйінде балық ауын тексеруге үлгермеген, ал өткен балықшылығында ауды дұрыс жинаумен өзін қинамаған. Мінекей қашып құтыла алмас нәтижесін алды. «Шырмалған ауы» тастары мен торлары қатты байланып, бұл жолы өзінің атын толық ақтап шықты. Және жігіт қанша тырысқанымен, шаруасы мүлдем үйлеспеді.

Бірақ Женька Женька болмас еді, егер қолынан келмей үмітсіздікке басын салбыратса болмаса қолын түсіргенін көрсетсе. Жоқ дегенде қыздардың көзінше олай жасамады. Өзінің балық қабатын ең белсенді таңғы уақытта лагерде ұзақ кідіруін, жолдастарына «таза джентльмендік түсінігінен», яғни өзінің күлкілі әңгімелерімен «аш тобырдан» кейінгі ыдыс-аяқ жуу секілді еңбектерінде қыздарға «үлкен көмегі» екендігімен түсіндірді. Қысқасы Женька бұл жерде де уақытын зая кетірмеді. Жинамалы орындықта отырып, қыздарға ұятымен «көңіл білдірді»:

— ... және бұл біздің техникалық ғасырымызда ма, ғарыш тарелкалары аспан кеңістігінде жүзген, ал адам өндірістің тоқсан пайызын автоматтандырған заманда, бұл нәзік, жұмсақ саусақтар адамзатпен модернизацияланған адамның ашкөздік астауына, тәнді оның өмірін, өзін-өзі сүйюге ықпал ететін осы сұмдық құралға шексіз қозғалыстар жасауы керек...

Осы кезде ұжымның көліктері өткен орман жолында джип көрінді. Ол алаңқайға кірер жолда тоқтады. Көліктен ақшыл шашы бар, жүзін жирен сақалы жиектеген, сәл бозарған

жүргізуші — арық ер адам шықты. Камуфляжды балық киімі біршама үлкен, құдды бөтен біреудің иығынан шешілгендей.

Женька өзінің «енбекшіл халық» үшін болған әңгімесін тоқтатып, назарын қызығушылықпен шақырылмаған қонақ жаққа қарай бұрды. Өзіне қараушыны сезінген джип жүргізушісі шалбарының қалтасына іскерше қолын салды. Келесі қолындағы салпыншақ әшекейі бар кілтін айналдыра, «өткінші жолға» аздап жүк салғыш бөлігі шығып тұрған Сэнсэйдің «Москвичіне» жақындады.

— Иә, жарты жолда қирап жатқан бұл кімнің «көтерімі» (мәстегі)? — деп бөтен ер адам әдейілеп даусын көтеріп, бір-екі рет дөңгелегін теуіп жіберді.

Женька лезде орнынан атып тұрып наразылығын бір деммен шақырылмаған қонаққа айтып салғысы келіп, түкірігіне шашалуға сәл қалды.

— Эй, сен, аяғыңды неге сермейсің?!

— Сенің жүк арбаң ба? — деп әлгі ер адам келемеждей сұрады.

— Менікі болсын, болмасын, шаруаң қанша?

Женька асығыс Сэнсэйдің көлігіне келді. Қол орамалын алып, соңғы шаңын сұрткендей түр жасады. Отандық көлікке деген айқын махаббатын көрсетіп, Женька қожайынның жігерлі тұрысына тұрды.

— Ал не болып қалды?

— Қалай не болды?! — деп жүргізуші наразылық танытты. — Бұл ескі-құсқыны жол ортасына қойып, не болып қалды деп сұрауын қарашы! Дұрыс көліктерге өту мүмкін емес.

— Мынау тракторың «дұрыс көлік»?! — Женьканың лезде патриоттық сезімі тұтанды. — Бұнымен сұлу славян соқпағының ауасын бүлдіргенше, тек Африкада мүйізтұмсықтарды ғана қуалайсың! Оның үстіне бұл жерде орын да жеткілікті. Шынжыр табанымен аздап шөпті басса, тракторыңмен ештеңе бола қоймас.

— Ага, тапқан екенсің! Ал кейін көлікті өзің майлап, бояйсың ба?

— Ал егер қажет болса неліктен боямасқа? Мен тек бояп қана емес, егер қаласаң түріңе де оқсатып сурет салып бере аламын. Туған шешен танымай қалады! Қазір, кішкене күте тұр, құрал-жабдықтарды алып келейін...

Женька шатырға қарай бұрылды, уәдесін лезде орындауға ниеттенгендей. Бірнеше қадамын жасап тұрып қалды да, ақымақ түр жасап, ойлана сұрады:

— Жігіт тыңдашы, менің басыма бір ой келе қалды... Бұл жолдың саған қандай керегі бар? Әрі қарай жарқабақ. Жер бос емес. Өзімізде көппіз! Немене өзіңе басқа жер таба алмай қалдың ба? Әнекей, өзен қандай үлкен.

— Қалай таба алмай қалдың ба?! Мен бұл жерде апта бойы балыққа жем бердім, ресторандағы тамақ секілді түрлі тәттілерді ұсындым. Ал сендер дайын асқа — тік қасық...

— Дык, менде оларға тамақ тасыған секілді едім! — деп Женька бетпақ түр жасап, қуана айқайлады. — Соңғы нанымды өзіммен алыса жүріп аузымнан жырып, қарғыс атқыр осы желбезекті-құйрықтыға бердім деп айтсам болады! Иә-ә-ә, — деп созды да, — екеулеп қарны шыққанша тамақтандырыппыз! Ендігі ол түскі астан кейінгі шошқа секілді өзеннің түбінде жатыр, құйрығын көтеруге ерінеді. Ал мен не үшін балық қаппайды десем? Ол байғұсты қампитып...

Әңгімені естіп тұрған қыздар, тыныш күлді.

— Тыңдашы жігіт, мүмкін бұл бетсіз балықты «жарармыз» (продинамим)?

— Немене?

— Сен кездейсоқ өзіңмен динамит алып шыққан жоқсың ба деп сұрап тұрмын? — деді қызығушылығы болғаны анық, Женька әдейілеп қатты даусымен.

Жігіттің осындай сөздерінен күшті минасын ұстай алмай, жүргізуші саңылаулы тістерімен күлді.

— Қорықпа, мен оны былай-ақ та қолға түсіремін.

Женька «стоматолог қуанышы» деп аталған объектіге қарады да, көңіл білдіре айтты:

— Ал сен кездейсоқ балықтарда инфаркт бола ма, білмейсің бе?

Бұл сұрақ ер адамды қазымырлығынан шығарған болуы керек, ол иығын көтеріп жауап берді:

— Білмеймін. Мүмкін. Егер жүрегі болса, демек инфаркт та болатын шығар.

— Ендеше түсінікті.

— Не түсінікті?

— Сен оны қалай қолға түсірер екенсің деп ойлағам!

— Тьфу сенде! — деп ер адамға сөздері жетіп, Женькамен еш ашусыз күліп алды.

Күліп болғаннан кейін джип жүргізушісі ендігі салмақты үнімен:

— Ал жарайды, көлік иесін шақыр, — деді.

— Енді иесі мен. Немене, ұқсап тұрған жоқпын ба?

— Сен? — деп ер адам мырс етті. — Ақылың жоқтау екен, мұртыңмен де сол жағдай.

Женька нұр шашқан интеллектісі туралы дауласу үшін аузын аша беріп еді, бірақ мұрт туралы естіп, іркілді де жүргізушіге мұқият қарады.

— Шақыр, шақыр, — деп Женьканың реакциясын көріп асықтырды.

— Ол саған не үшін керек?

— Керек, әңгіме бітті. Сенің алдыңда есеп берейін бе?

— Енді, өзің біл жігіт, — деп Женька әзілмен ескертті. — Өзің сұрандың. Сенің тұлғаң үшін қауіпсізін қалап едім...

Осы сөздерін айтып ол өзен жаққа, жағалау бөктерінің арғы жағына кетіп, көзден жоғалды.

Сэнсэй мен Николай Андреевич өзінің жатқан ұзақ ғұмырында балықшылардың екінші «негізгі жұмыс құрал-жабдықтары» болғанның талайын көрген тырбиған ағашта отырды. Әрқайсысы қармақ ұстаған және балық дәл қазір қабатындай өздерінің қармақ қалытқыларына қарап қояды. Женька құмды жерге түсті. Балық аулауға зейіндері жинақталғаны соншалықты әуесқой-балықшылардың ешбірі оның келуіне назар аудармады. Жігіт суда қалқыған қармақ қалытқысына қарап, жағалау бойымен жүрген жаяу жүргіншінің мәңгілік сұрағын қойды:

— Ал қалай, балық қапты ма?

— Жәй, май-шабақ қана, — деп Сэнсэй балықшының мәңгілік бітпес жауабын айтты.

Өзінің болуында үлкен балық қабатын шығар деген жасырын үмітімен Женька кішкене тұрды. Бірақ сол ерекше оқиғаны күтпестен, өзінің басты тақырыбына ауысты.

— Сэнсэй, тыңдашы! Ана жақта сені бір пысық жігіт сұрап жатыр. Джиппен келді. Өзінше мақтаншақ...

Сэнсэй қармағынан көзін алмай күлді де, сұрады:

— Сондай арық, жирен сақалды ма?

— Иә.

— Оны қуып жіберсеңші!

— Түсіндім, — деп Женька қуанды да, құмды белеспен жоғарыға қарай епті көтеріле бастады.

— Эй, тоқта! — деп Сэнсэй артынан айқайлады. — Мен әзілдедім емес пе... Бұл келген әкей (пірәдар).

— Әкей?! — деп Женька қатты таңқалып, құммен төмен сырғыды. — Бізге балық аулауға қосылады деп әлгі сен айтқан ба?

Сэнсэй күлкімен басын изеді, абдыраған жігіттің жүзіне қарап өзінің «балық торуылынан» шықты.

Өзінің досын көрген Иоанн әкей (немесе оны Сэнсэй бала кезінен — Вано деп атайтын) лезде түрленіп шыға келді. Бұрынғы күңкілдеген джип жүргізушісін танымай қаласың. Ол мойынсұнған тұрысына көшіп, азап шеккен күй танытты. Ерекше өткір даусымен, екпінді «о» әрпіне беріп, өзінің арызы мен уағызын айта бастады:

— Айдың-күннің аманында не сұмдық болып жатыр? Құдайдың көмегімен сендерді әрең іздеп тапқаным аз болғандай, мына қу бозбала жиіркенішті жаласын айтады. Жағдай тіпті қол жұмсауға аз-ақ қалды...

Әрі қарай Иоанн әкей өзінің Женькамен кездесуінің сюжетін әдемілеп айтып берді, әрине тыңдаушыны өз жағына тартуымен. Ал кейін өз жақынынды қалай жақсы көру туралы қысқа уағызын айтты. Сэнсэй Иоанн әкейдің жүрек тебірентер сөздерін салмақты түрімен «тыңдап» тұрғандай басын изеп, Женькаға жақтырмаған көздерімен қарады. Ал Женька әкейдің осындай сөздерінен тіпті абырап қалды. Бүлдірген мектеп оқушысы секілді құлақтарының ұшына дейін қызарып кетті. Ал жігіт әкейдің жалынды сөздерінің арқасында осындай қылығы үшін бірінші кезекте Сэнсәйден ұялып жердің астына кіріп кетуге дайын, астындағы шөпті қараумен болған ақымақша күйге жеткенде, Иоанн әкей күмәнді тыныштала қалды. Басында соққыдай тиген «айыптау» сөздері ағынымен жаншылған Женька үнсіз тұрды, кейін «асау басын» жасқана көтеріп... және Сэнсэй мен Ваноның солқылдап дыбыссыз күлкімен күліп жатқанын көрді. Міне осы кезде айтылғанның «қазыналы мәні» ақыры Женькаға жетті.

— Фу, сеніме! — деп ауыр жүк түскендей дем алды.

Үшеуі рахаттана күліп алды. Күлкілеріне, тірі тұзақ жемге келгендей жігіттер мен қыздар жақындай бастады. Аздап басылғаннан кейін Вано Сэнсэймен жылы амандасып, басқаларына да қолын берді. Өзінің қалыпты үніне көшіп әзілмен айтты:

— Жоқ, шыныменде сендердің маневрлеріңді анықтауға екі сағатым кетті. Біздер басқа жерде жолығамыз деп келісіп едік...

— Жердің қай жерде екенін маған қалай түсіндірсе, саған соны жеткіздім, — деп Сэнсэй Женькаға қарап көңілді айтты.

— А-а-а, маған түсіндірген мынау ма?! — деді күлкімен Вано. — Ендеше осы жерге тап болғандарың таңқаларлық емес. Бұлай Иван Осипович болғаны бар болсын...

— Немене? Қайдағы Иван Осипович? — деп Женька түсінбеді.

— Сусанин, жас жігіт, Сусанин. Өз тарихыңды білмеу ұят, — деді жақтырмаған түрімен Иоанн әкей.

Бар ұжым күлкінің жаңа толқынын тудырды. 1613 жылы поляк-литовтық интервенттерді ит тұмсығы өтпес орманға алдап кіргізген Костромской уездінің атақты шаруасының есімі, түрлі адамдармен осылайша Женькаға берілді. Бірақ бұл жігітті еш ұялтпаса керек, қайта керісінше, өзінің тарихи отандасына деген қандай да бір мақтаныш сезімін оятқандай. Жалпы назардың ортасында тұрған Женька өтірік жымиды да, күлкілі айтты:

— Әркімнің қателесуі мүмкін. Өмірде не болатынын кім білсін? Айтпақшы бабаларымның ұраны былай дейді: «Өмірдегі барлық оқиғалар, жағдайлар мен мүмкіндіктерге сәйкес тура екіге бөлінеді. Болуы мүмкін және болмауы мүмкін».

Бұл сөздерімен өзіне әзілдің жаңа толқынын тудырды. Кейін кімнің кім екені, күн астында қай орынға жайғасатыны, барлығы түпкілікті анықталған соң, қымбатты мейманды жақсылап қарсы алу басталып кетті. Келушінің алдында ақталуға тырысып Женька тентек табиғатына қарамастан, өзінің кең ассортиментті қызметін жасанды ұсына бастады. Өз ойынша ең жалпақ көлеңке түсірген «Алқаптағы ең жақсы тал» қасына джиіпті қоюға көмектесті. Ваноға су шетіне қамқорлықпен балық құрал-саймандарын да әкеліп берді. Тіпті өз қолымен үрмелі қайығын да (насоспен) үрді.

Балық құрал-саймандары суда қозғалатын осыншалықты құнды затпен толыққанына барлығы шексіз қуанды. Әрине «бірінші жүзу» құмарпаз балықшыларға тиді. Олар Ваномен бірге балық қабуды іздеп, су кеңістігін кезекпен жүзді.

Ал Женька өзінің «бір көргеннен ғашық болған» объектісі айтарлықтай алыстағанына көз жеткізіп, қулана жымиды. Көздері сотқарлық отымен жанды. Барлығы таңғы балық аулаудың процесіне енген кезде, «Сусанин ұрпағы» өзінің жымсық жоспарын орындауға аттанды. Оның үстіне үмітсіз шырмалған балық торының кесірінен жақын аралықта өзіне шын балық аулау болмайды деп ойлаған.

Бос баклажканы іздеп тауып, Женька шаруагер секілді қақпағына тесіктер жасап, қарапайым шашыратқыш жасады. Оны сумен толтырып азық-түлік шатырына барды да, баклажканы біршама құм шекермен толтырды. Кейін өзінің «шытырлақ қосындысын» мұқият шайқады. Және «бункерінен» шығып, қайық жаққа қарай риза болған күлкісімен

қарады. Серуендеген қадамымен жігіт джипке келіп, бөтен ғаламшарлық құбыжық секілді қарай бастады. Артына қарап куәгерлердің жоқ екеніне көз жеткізіп, айтып жеткізе алмас қуанышымен рахат сыйлаған көлеңкесі бар «алаңқайдағы ең жақсы ағаштың» (Женьканың шамадан тыс еңбегінің арқасында көлік сәтті тұрақтанған) үлкен дінгегіндегі құмырсқа илеуінен жек көруші «тракторға» тәтті су жолын төсей бастады.

Мұрнының астынан патриоттық әнін айтып, ол ерекше ықыласпен джип дөңгелегі мен есік саңылауларын сулады.

Жігіт тек бір нәрсеге ғана өкінді: табылған ақыл мен орындаушының актерлік талантын лайықты бағалайтын бұл сценаның көрермендері болмады. Тек алыс емес жердегі қарағай ағашында екі аяқтының әбігерленіп жатқаны өзінің құс табиғатына түсініксіз болған басын бүйіріне еңкейтіп отырған құс қана. Ыдысты толық босатып, «кегін алған Сусанин» арқасынан ауыр жүк түскендей, тура Гринпистің адал мүшесі секілді, алғашқы барлаушы-құмырсқалар өзі сызған көрінбейтін дистанцияны сәтті еңсеріп жатқанын рахаттана бақылады. Женьканың көңіл-күйінің көтерілгені анық. Бірақ оның тентек энтузиазмы мұнымен бітпеді.

Күн суды қыздырғанша күте тұрып, Женька су асты балықшылығымен айналысып, ең болмағанда бір дұрыс балықты ұстап алуды қалады. Көздерін балығы мол Клондайк іздеуге су кеңістігіне жіберіп, Женька назарын қарсы жағалауда қалқыған, өзіне магнитше тартқан қайыққа тоқтатты. Қайықта ендігі жарты сағат болған Вано және қармақпен балық аулауға серіктес болуға сұранған Виктор. Және осы кезде Женьканың авантюра ақылына оның өзгермеген «музасы» келе қалды — жігіттің ойынша шексіз эзілқой, қандай да бір сұлу аңыз әйел.

Салмақты аквалангын шешіп, ауырлығынан ырсылдап Женька оны қамысқа әкелді де, көзге көрінбесі үшін орман өсімдерінен кішкене ілмекті де жасауға ерінбеді. Және жігіт аквалангты ынталы киіп жатқан сәтте, қамыс біртүрлі сыбдырлай бастады. Арасында Стастың төбесі көріне қалды. Досы, ең қызықты жерінде деп айтпақшы келе қалды.

— О! Ал мен сені қайда жоғалып кетті десем? Қарасам аквалангты алып орманға кетіп барасың, су асты сүңгуге барады ма деп ойласам? Осындай керемет көрініске көзімді бір қандырайыншы деп ойладым.

— Тағы немене! — деп Женька күлді. — Сен не, менің жарқын ойларымды өзіңнің лас қолдарыңмен ұстағың келе ме...

Стас келердің алдында Женька балықшыларды бұл жерлерде жай балықтар ғана емес, акула секілді алпауыт балықтарда болатынына сендіретін өзінің ұлы комбинациясын санасында аяқтаған еді. Балықшылардың шын дүрбелеңі туралы ой жанын тыпыршытты. Стас Женьканың ешқандай стратегиялық жоспарына кірмеді, себебі ертеден-ақ белгілі: екі адам білсе, демек оны шошқа да біледі. Бірақ сонымен бірге өзінің күлкілі авантюрасының ғаламат ойымен біреумен болса да бөлісуге асықты. Және өзінің өмір бойғы шытырман оқиғаларының еріксіз куәгері болған Стастан басқа осындай су асты спектаклді кім лайықты бағалай алмақ? Өз кезегінде Стас та осындай балық аулаудан жалыққан. Сондықтан Женька істің мәнін ашқан кезде, досы тек қолдап қана қоймай, Женьканың жоспарын жаңа қитұрқы істермен толықтырып, осындай су асты дүрбелеңіне тікелей қатысуға ниетін білдірген. Аквалангты бастапқы жерге әкеліп, қамыс арасында Стас Женькамен бірге жабдықтарын киіп суға түсті, олар ұйқылы-оюу балықшылардың көзіне түскен жоқпыз деп ойласа керек.

Екі жігіт тереңдікте Ваноның үрілген қайығына келді. Осы кезде Виктор қолында қармағын ұстап қайықтың артқы жағында отырған. Бұл жерде балық еш қаппады, тіпті кеше әжейдің бау-бақшасынан махаббатпен қазылған семіз құртқа мүлдем жақындамағандай. Виктор бірқалыпты қалқыған қармақ қалытқысына зейін жинақтауға тырысып, ұйқымен барынша күресті. Бірақ қарашығы кеңсірікке (екі көз ортасындағы мұрынның қыры) сатқынша барған сайын жиі бұрылып, өзен пейзажының біркелкі картинасын, тәтті тыныш ұйқыға алдамшы алмастырды. Тек қайнаған намысының ерекше ерік күші мен балықшы

борышын түсінуінің арқасында, Виктор оқтын-оқтын өзінің қорғасындай басқан қабағын ашып отырды.

Вано спиннингпен қайықтың басқа шетінде. Оның балықшылығы біршама энергияға толы. Ол қармақ жылтырауын (блесна) біресе мына жерге, біресе ана жерге тоқтаусыз лақтырып, ең болмағанда балық қабатын шығар деген үмітін жоғалтпады. Бұл адамға «шаршау», «ұйқы», «көңіл-күйдің түсуі» деген сөздер мүлдем жат болғандай. Кезекті рет спиннинг катушқасына қармақ бауын үзік-үзік орап жатқан кезде, Вано қайықтан алыс емес суға көз қиығын салды. Кейін басы салбыраған Викторға қарап, құпия жымиды да алдынала қайықтың шетінен орнын ауыстырды. Ол тез бауды жинады да, ешнәрсе болмағандай қармақ бауын ауыстыра бастады.

Бұл кезде «диверсанттар» ендігі қойылған координаталарға жеткен. Женька салбыраңқы тартып отырған Виктордың қармағындағы құртқа абайлап жүзіп келді де, қармақ бауын күшпен тартып қалды. Кенеттен болғанға ұйқылы-оюу Виктор инстинктивті қармаққа жабысып, суға құлауға аз қалды. Аяқ астынан болған дауыл секілді, адам «шатырындағы» ежелгі аңшылық инстинкт түріндегі шаң басқан «ескі-құсқыны» оятып, адреналин қанға шектен тыс мөлшерде құйылды. Виктордың көздері шарасынан шығып кете жаздады. Және балықшылардың ұраны «балық тыныштықты жақсы көреді» дегенді толығымен ұмытып, азартпен Ваноға айқайлап жіберді:

— Қапты! Ұстадым, ұстадым!

Қармақ лезде тартылып, қатты иілді де, айнала қозғала бастады. Виктор өзінің балықшы бақытына сене алмай, оны өзіне күшпен тартуға тырысты.

— Ого! Қандай балық десеңші! Мүмкін үлкен шортан шығар, — деп мақтана айтты да, бұлыңғыр су иіріміне шаттанған зейінін жинады.

Вано серіктесі үшін шексіз қуанған күй танытып, «балықты» қалайша судан дұрыс шығару керектігі туралы кеңесімен әбігерленіп қалды. «Кемеде» балықшылықтың құмарлығы қызды.

— Қарашы, қарашы, қалай жүзеді! — деді өзінің үлкен олжасына масайған «бақытты балықшы». Виктор толқуынан тіпті орнынан тұрып кетті. — Торды, яғни... подсақты, подсақты әкел, қазір мен оны ұстаймын!

Осы сәтте қармақ бауы өзен ортасына қарай лезде созылды да, сол бойда қайық астынан қатты соққы болды. Осындай күтпеген тербелістен «үлкен шортанға құмарлықпен балықшылық жасаған Виктор тепе-теңдігін ұстай алмай суға құлады. Осындай өзен құбыжығының алдындағы жеке қауіпсіздігі балықшы инстинктісін басты. Қармағын лақтырып Виктор өзі үшін ерекше жылдамдықпен қайта қайыққа мініп, үрейімен қайықты Ваномен бірге аудара жаздады. Және Иоанн әкейдің дер кезіндегі көмегі болмағанда, барлығы немен бітетінін кім білсін.

— Ал керек болса! Ал керек болса! — деп Виктор салқын судан ба, әлде қорқыныштан ба белгісіз, тістері-тістеріне соғып бір сөзді қайталаумен болды. — Жоқ, сен көрдің бе? Қала-ай тартты десеңші! Мүмкін осындай шығар, одан кіші емес...

Осы сөздерінде «балықшының қол ауруы» үлкен құлашпен жайылды.

— Иә, қарт жайынға ұқсайды, — деп қызығушылығы оянған әуесқой-балықшы секілді түр жасап, Вано басын изеді.

— Жайын?! Ал керек болса! Жоқ, сен көрдің бе, көрдің бе?! Олар бұл жерде үйірімен жүр! Керемет қармағымды алып кетті, сұмырай!

— Угу, бұл жайын алпыс келіге тартады, — деп серіктесі әңгімені одан әрмен тұтатты. — Менің қармағыммен оны ұстай алмайтынымыз анық.

— Иә, иә, — деп Виктор сөздерін қолдады. Өзі үшін толық қорқынышпен аяқталған жаңа ғана «қуанышының» орны болған жерден қайықтары тез кеткеніне құпия қуанды. — Күштірек қармақ бауын алу қажет, ілмектің де үлкендеуін...

Басынан өткізген қорқынышынан Виктор сөздерін тоқтаусыз айтты. Ол жүре осы балықтарды ұстаудың таңғажайып схемаларын ойлап шығарумен болды.

Қайғылы-балықшыларды ендігі балықшы ұжымның қызығушы бөлігі жағалауда күтіп тұрды. Өздерінің қармақтарын тастап, Виктордың суға ерекше ұшуы, «суға батушыны құтқару» бақытты кадрларынан кейінгі серіктесінің жағалауға жылдам есуін бақылады. Аяғы жерге тиген соң Виктор түпкілікті батылданып шыға келді. Ол балаларға өзінің енді аз қалғанда сәтті балық аулауы және құйрығынан шап беріп ұстауға сәл қалған судағы сол құбыжықпен батыр күресі туралы тұншыға айта бастады... Ұстаған балықтардың ішіндегі ең үлкені, әдетте соңғы шайқас сәтінде ілмектен шығып кеткен балықтар екені белгілі.

Вано да аз емес өрт қойған балықшы құмарпаздығы мен аңшылық азарт басқаларына да жұқты. Барлығы олжалы экземплярға қарқынды дайындала бастады. Біреулері үлкен ілмектерді, басқалары — капрон жіптерін тартып жатса, енді бірі — өздерімен кездейсоқ ала шыққан финдік алюминді үлкен подсақты (торлы қармақ) әкеліп жатты... Біреулер дұрысы суға түспеген жақсы, себебі итті толығымен жұтқан алпауыт жайын туралы қайғылы оқиғаны естігенін, тіпті адам жегіш жайындарда бар-мыс деп ескертулерін айтты. Және әрі қарай түрлі «анық шын болған» оқиғалардың тұтас сериалы басталды. Осындай қорқыншты әңгімелерден кейін халық жұмыла супер құрал-жабдық жасай бастады және барлығына біреуін.

Вано балықшы инициативасын моральды қолдады, бірақ осы «жобаның» іске асуына белсенді қатысқан жоқ. Энтузиастарға өзінің қайғын қуана беріп, осындай дүрлігуден алыс, өздерінің сүйікті ағашында тыныш отырған Сэнсэй мен Николай Андреевичке қосылды.

— Ол жақта не байбалам болып жатыр? — деп Сэнсэй Иоанн әкейден сұрады.

— Жәй, — деп қолын сілтеді, — сенің Сусанинің Ихтиандр болғышсынып. Досымен акваланг киіп біздерді алдап жүр.

— А-а-а... Ол бұдан бетерін де жасаудан тайсалмас... Негізінде балық аулау пайдалы іс... әсіресе қиялды дамытуда.

Ер адамдар сол жаққа қарап күліп алды. Бұл кезде Женька мен Стас ешнәрсе болмағандай жігіттерге қосылған. Олар жалпы дүрбелеңге белсенді араласып, өздерінің толқыған сөздері мен қолдарын интенсивті қимылдатып отқа май құйды.

Ғажайып балықты ұстауға жас топтың үш сағат уақыты кетті. Жігіттер өзен кеңістігін бір шетінен екінші шетіне жарып өтіп, Виктордың көрінбес «балығын» табуға тырысты. Ақыр соңында барлығы күштері мен жүйкелерін құртып шаршады әрі балықты ұстаймыз дегенге сенімдері қалмады.

Жобамен түскі астан кейін «ғажайып-балықтың» құпиясы ең қарапайым түрде ашыла қалды. Және бастысы кіммен десеңші? Ең теңдессіз сценарист-юморист, қамыс арасында басқалардан «мемлекеттік маңызды» болғандай құпияны ашпауға салтанатты түрде ант алушының өзімен... Басында барлығы ойдағыдай болған. Женька тіпті балықшы-көрермендер алдында өзінің үрейсіз жүзуші батырлығын көрсеткісі де келген. Ендігі су біршама жылыған, бірақ бар айтылған қорқынышты әңгімеден кейін ешкімнің суға түсуге деген қатты ниеті болмаған. Тек жалғыз Женька рахаттана шомылып, үлкен жайынды іздеп үйрек секілді түрлі жерлерге сүңгумен болды.

Бірақ бір мезгілде, тереңге сүңгуінде, құдды бір суға батушыдай тырбаңдай бастады. Басында барлығы кезекті қылжақбастығы деп ойлаған. Бірақ әдетте оның осындай қылығы баршаға «батырлық ерлігін» жариялаған қандай да бір күлкілі сөзімен жүретін. Алайда Женька үнсіз тырбаңдап, әлсін-әлсін су астына кетіп отырды. Көмекке бірінші болып Стас ұмтылды. Артынан еш ойланбастан Богдан мен Сват суға секірді. Осы кезде Женькаға ақыры белгісіз тіршілік иесінен босау мүмкін болып, тіпті жүзуден чемпион болғандардың түсіне де кірмеген жылдамдықпен жағаға қарай жүзді. Судан оқша атылып, енді сәл қалғанда жұтылатын жеріне шошына қарады.

— Не болып қалды? — деп жүгіріп келген балалар сұрады.

— Жайындар шабуыл жасады ма?! — деді Виктор да толқи.

— Қайдағы жайындар?! — деп Женька салмақты айтты. — Стас екеуіміз сендерді алдағанбыз. Ал қазір шыныменде біреу мені су тереңіне сүйрей жөнелгені. Сондай

жабысқақ, сабалақ! Нағыз үрейлі! Әлі денем түршігіп тұр. Мен бір аяғымды босата бергенім сол еді, ол басқасына кенеше жабыса кетті! Сүңгігім келген, бірақ ол сондай үлкен екен...

Топтың артында келе жатқан Сэнсэй әңгімені кішкене тыңдады да, Женька меңзеген су жаққа қарады. Барлығына көзін салды да, жымыып, өзінің ілмек қорына кетті.

Топ әлі де Женька сөздерін күмәнмен тыңдап тұрған, кенет ол мелшиіп тұрып қалды. Назары суға қатып қалған. Барлығы сол жаққа бет бұрды. Қомпиған иірімнен ұзын балдыр басқан түсініксіз құбыжық көрінді. Ол біртіндеп жағаға қарай жақындады. Халық еш қозғалмастан тұр: біреулері қызығушылықтан, енді бірі әлсіздігінен орнынан қозғала алар емес. Судан бұл «құбыжықтың» адами денесі және балдырдан жоғарғы бөлігі тазара бастауымен, мелшиіп қалғандарда алғашқы өмір белгілері біліне бастады. Ақыр соңында Женьканың қатты қорқуының объектісі түпкілікті Ваного «трансформацияланып», өзінен соңғы балдыр «тұлымын» сілкіп қағып тастады да суға сүңгіді. Қолдарымен шашын ретке келтіріп, саңылаулы тістерімен жымия жағалауға шықты.

— Ал қалай жайын-бай? — деп Женькаға күлкімен тиісті және барша топ күле жөнелді.

Осы жағдайдан кейін ешкім суға түсуге қорықпады. Жігіттер суда далбақтай шомылып, тіпті майшабақтардың өзін түпкілікті шошытты. Ваного осы опыр-топыр жастық энтузиазмын өзінің бітпес әзілдер толқынымен қолдады. Женьканың жанына жаққаны соншалықты, бітпес «қызықты істеріне» Ваного бейнесіндегі серіктесін тапты. Ендігі барлығы дерлік балық аулауларын тастап, толыққанды демалуға көшкен. Тек адал балық аулаушы секілді Сэнсэй ғана жағалауда қармағын ұстап әлі отыр. Ваного мен Женька шыдай алмай, Сэнсэйге көрсете жүзіп келді де, үлкен балық қабуды имитациялап қармағын кезекпен тартқылай бастады. Сэнсэй олардың бұл мазағына шыдады, шыдады да, кейін сабыры таусылып күлкімен айта салды:

— Егер балықшылық осыншалықты тыныштандырмағанда, мен сендерді, мөңке (карась) балықтарды баяғыда-ақ «суға батырар» едім.

Женька оптимизммен жауап қайтарды:

— Балық суда батпайды!

Сөздеріне Ваного лезде мысқылын айтты:

— Ихтиандр, тыңдашы, сен кездейсоқ суда батпайтынды шатастырып алған жоқсың ба? Өзен кеңістігінде ішек-сілесі қата күлгендердің даусы естілді.

* * *

Ұжым «су процедураларынан» кейін күнге рахаттана созылып жатқан кезде, Сэнсэй жанына Володя отырды.

— Ал қалай, тыныштық па? — деп қармақ қалытқысына қарап басын изеді.

— Тыныштық, — деді Сэнсэй көңілсіз.

— Жақсы атақ бермес бұл істі тастасаңшы, — деп Володя жымия кеңесін айтты. — Меніңше бұл жерлерде жөні дұрыс балық жүрмейді-ау.

— Э-э-э, жоқ... — деп Сэнсэй табанды сөзін созды, алайда үзілістен кейін күлді де, сөзін қосты: — Халықтың балық ырымын білесің бе? «Жақсы балықтың қармаққа түсуі сен балық аулауға кіріскенге дейін немесе қармағыңды жинағаннан кейін басталады».

— Дәл! Сондықтан әлемдегі ең «адал» балықшы халықтың кеңесіндегідей, қармағыңды жинай бер, — деп Володя әзілмен ұсыныс жасады.

Сэнсэй әзілін қолдады:

— Сен бұл тұспалыңмен адал адамдардан жақсы балықшы шықпайды деген әлгі «табиғат заңына» нұсқап тұрмысың?

Екеуі кең таралған балықшылар туралы ертегіні ойға алып, күліп алды.

— Жөні дұрыс біреуін ұстауды қалап едім. Әйтпесе мыналармен, — Сэнсэй бірнеше майшабақ жүзген үлкен шыны ыдысты (бутыль) меңзеді, — мысық тіпті табалдырықтан аттатпас.

Володя тағы күлді де орман жаққа қарады. Ол жақтан ұзын кепкен ағаш дінгегін сүйреген Валера лагерге қарай кетіп бара жатыр.

— О, Валера... тағы да ағаш сүйреп жүр...

Сэнсэй бұрылып назарын салды.

— Молодец. Кейбіреулерге қарағанда кешкіге отын дайындап жатыр, — деп Володяға карап екі мағыналы айтты, кейін сөзін жалғастырды, — оның ішінде менде бармын.

— Шомылуға ұсыныс айтқам. Ал ол барынша ұжымнан алшақ жүруге тырысады.

— Жігіт ұялатын шығар. Жаңа ұжымда бірінші рет. Сенен өзге ешкімді танымайды.

— Бұл рас, — деді Володя жуан үнімен. — Айтпақшы, ол туралы сенімен сөйлесейін деп едім. Ол жаман жігіт емес. Тағдыры, әрине ауырлау. Қайтадан батпаққа кірмес үшін көмек қолын созсақ... Біздер бала кезден достармыз. Аландағы менің көршім. Бұрындары бірге спортзалға баратынбыз, үй алдында бірге ойнадық... Оның ата-анасы Солтүстікте жұмыс жасаған, Валераны әжесі тәрбиелеген. Мейірімді әжей еді. Ал ата-анасы Солтүстіктен біржола келген кезде, жасы он төртке толған. Міне сол кезден бастап оның «көңілді өмірі» басталды. Әкесі арақ ішіп, анасын ұра бастайды. Ал анасы көп ойланбай ажырасқан. Басқа еркекке тұрмысқа шықты. Ол еркектің де әкесінен айырмашылығы аз болды. Жыртықты тесікке ауыстырғандай. Отбасында айқай-шу көбеймесе азаймаған. Валера себепті де, еш себепсіз де ашулана бастайды. Алғашқы түрмеге түсуі де ақымақтықпен болды. Жасы он сегізге енді ғана толған. Әскерге шақыруына бір ай қалғанда көшеде қайдағы бір ер адаммен төбелескен. Бір жыл берді. Шықты. Жүрді, жүрді де... Жұмысқа ешкім алмады. Ал үйінде өгей әкесі қылмыскерді асырамаймын деп күн сайын миын жеген. Қысқасы, ақша жоқ, ал жастық шақта көп нәрсені қалайсың емес пе. «Гоп-стоппен» тағы үш жылға темір торға тоғытылады. Түрмеден босаған соң бұрынғыша үйінде өмір сүре алмайды. Ал пәтер жалдау үшін ақша керек. Осылайша бандиттермен (братва) байланысады. Үйленеді. Бірақ бір жыл өтпестен оны жемтік қылады. Статъямен ақымақша жерге отырғызып, жігіт лох секілді түрмеге аттанды... «Бес жылмен» құтылғанына рақмет. Түрмеде отырған кезінде, әйелі кетіп қалды, ата-анасы жол апатынан қаза тапты. Туыстарынан тек әжесі ғана тірі, бірақ ол да қазір сексенді алқымдаған қарт. Міне енді ғана босады, әлі анықтамамен қыдырады... Қысқасы, өмірі бал емес. Ал негізінде жаман емес жігіт.

— Иә, жаман емес,.. бар болғаны үш рет сотталғаны болмаса, — деп Сэнсэй күлді.

— Тек өмірі осылай болып қалған. Мен оны қаншама жылдан бері білемін! Түрмеге хат жазып тұрдым, моральды қолдау деп айтсақ болады. Әсіресе соңғы төрт жылда жиі хат алмасып тұрдық. Тағы бір пәлеге тап болмай тұрған кезде бір жерге орналастырсақ жақсы болар еді... Әйтпесе ол мінезі әлсіз, тұрақсыздау жігіт...

— Тұрақсыздау деймісің?! — деп Сэнсэй қайта жымыды да, Володяға біртүрлі қарады.

Ол ұялып қалды.

— Жоқ, қайтадан жаман ортаға түсіп, керек еместіні жасап қалса...

— Жарайды, бір амалын табармыз.

* * *

Әзілдесіп жүргенде кештің түскенін ешкім байқамай қалды. Олег пен Сват қыздырына бастады. Демалушылардың көбіне күнделікті физиологиялық қажеттілік болған «жақсы емес әдет» басқаларына да жұқты. Сэнсэйдің жігіттеріне қарағанда спецназ жігіттерінің жаттығу техникасы кішкене басқашалау екен. Бұл қыздырынып жатқан екі жақтың өзара қызығушылығын тудырды. Сөз артынан сөз туындап — бұл жігіттердің жиналған «әскери» және «азаматтық» тәжірибиелерімен бөлісуге әкелді. Шаруа білінбестен кішкене спарингтерге дейін жетті.

Бұл кезде Иоанн әкей, Володя, Сэнсэй және Николай Андреевич ең болмағанда «балық сорпасының иісі үшін» деп ұсақ-түйекті суырып, ірі балықтың түскенін білдіретін қармақтарының қоңырауын үмітсіз күтіп, әлі де балық аулауға тырысып отырған. Егер олар

жасы келген қариялар болғанда, оларды қолдарында ұстаған қармақтары мен балық аулау процесінен басқа ештеңе қызықтырмас еді. Бірақ бойларында әлі де жастық қаны буырқанып жатты. Сондықтан олар спарринг жаққа жиі қарай бастады. Ақыр соңында Вано шыдай алмай, Володяға қармағын тастады да, жауынгерлерге кетті.

— О! — деп күлді Сэнсэй. — Әкей жаттығумен қызыққан екен, демек қазір ғибратты процесс басталады. Кеттік, көріп келейік.

Олар келген кезде, ендігі Иоанн әкей өз репертуарында екен. Спарринг кезінде Женька Володя жігіттеріне қызықты ұстау түрін (қармау, захват) көрсетуге тырысып жатқанда, Стас абайсызда ернін жарып жіберген. Иоанн әкей Женьканың қасында әбігерленіп, тура балапанына жаны ашыған тауық секілді суланған қол орамалмен салқын компресс жасап қомқорлығын көрсетті. Таңқаларлығы басында Женька әдеттегі жағдай деп бой бермегенімен, Иоанн әкейдің табандылығы ақыр соңы жеңді. Бұл сцена басқа бақылаушылардың назарын аударды.

— Міне... міне... үнемі осылай: ақымақ бастан тән азап шегеді, — деп әкей Женьканың жағдайын талдап берді. — Сенің ішінде Құдайы күш болуы керек. Онсыз сенің тәнің мәңгілік азаптағы жай ғана шаң-топырақ.

— Енді, жаттығудағы шексіз азап ақыр соңында «ұрыс кезіндегі дененің тұрақты жағдайына әкеледі», — деп Женька әзілмен жауап беріп, «айыппұл және зардап шегушілерге» арналған бөренеден тұруға тырысты.

Бірақ өзінің тәлімгерлік уағызын аяқтамағаны анық, әкей қолын Женьканың иығына қойып, бұрынғы орнына қайтадан шегеледі. Бұл екі метрлік алып жігіттің «кіндігіне дем алғаннан» гөрі, Иоанн әкейге жоғарыдан төменге уағызын айту анағұрлым ыңғайлы еді.

— Олай деме, олай деме... Адамда ең бастысы — Құдайы Рух. Аптыққан тән емес, міне сол шын күштің қайнары. Сеніміңді осыған арта біл...

— ... ал өзің қателік жасама (немесе қапы қалма), — деп Женька Иоанн әкейдің сөзін лезде тоқтатты да, қайтадан тұруға тырысты.

Бірақ Вано оны «темір» қолдарымен қайта отырғызды. Әкей басын шайқап және келген Сэнсэйге қарады. Қария даусын салып, өзінің сүйікті «о» әрпіне екпінін беріп, сөзін айтты:

— Жоқ, қазіргі жастарың қандай өзі? Істері де, сөздері де? Біздерде жас болдық, бірақ осылай ақымақтық жасаған емеспіз! Үнемі ақыл сұрайтынбыз: «Бұны жасауға болады ма, мынаны жасауға болады ма?» деп.

Сэнсэй мен Володя әкейге қарап жымиды.

— Мен ақымақ таудай бұлшық етке емес, жан дүниендегі Құдайы Рухқа үміт ет деп езбелеп отырсам, — деп Иоанн әкей Женькаға насихатын жалғастыра берді. — Ол болмаса сен — жоғалтушы, тәннің сілімтігісің!

— Мен ба жоғалтушы?! Мен ба тәннің сілімтігі?! — деп Женька наразы болды да, арық әкейге қарама-қарсы өзінің алып денесімен орнынан тұрды.

Күлкілі жағдай бақылап тұрғандардың күлкісін тудырды. Вано Женьканың шыныққан алып кеудесіне қарады да, жақтырмаған көзқарасымен өлшеп, қолын сілтеп айтты:

— Жай, әлсіз! Бұл да күш пе?! Сүйек салынған жай ғана үрілген қапшық. Үрлесен болғаны — ұшып кетеді. Міне қазір саған тоқтаусыз дұғамен жиналған шын Құдайы күшті көрсетемін.

Осы сөздерінде Иоанн әкей көрсете сұқ саусағын көтерді. Кейін қыр көрсетіп денесінің үстіңгі бөлігін жалаңаштай бастады. Көрермендердің алдында аянышты көрініс пайда болды: құдды бухенвальд (бухенвальдских застенков) зынданынан шыққандай арық поп. Денесінде тіпті бұлшық етке ұқсайтынның өзі болмады. Бозарған поп денесінен тек ерекше жуан сіңірлер ғана көрінеді және бұл оны селқос (салақ) қожайынның ашыққан сиырына ұқсатады. Бірақ маңызды болған бұл факт және ерекше жуан білегі, шынтақтағы, иықтағы іріленген буындарына тек нағыз профи ғана назар аудара алды. Ал қалғандары үшін табиғаттың осындай аз тамақтанған мүсәпіріне тезірек жейтін бір нәрсе беріп, аяушылық сезімін ғана тудырды. Тіпті ұрысқа дайын болған Женьканың өзі іркіліп, осындай аяқпен жүрген «мүрдеге» қарап, қайнаған буын тарқатты.

Тағдырын сынап көргісі келген біртүрлі әкейге барлығы жасырусыз күлкімен қарады. Байғұс саусақпен түртсең болғаны ұшып кететіндей көрінді. Бар болғаны он екі сағат ішінде барлығына дос болған Иоанн әкейге жаны ашығандықтан ба, әлде құрметтен бе белгісіз, ешкімнің жақындауға дәті бармады.

— Қанекей?! — деп Әкей бүйірін таянып, кеудесін жалғыздықта биік көтеріп күтіп тұр. — Кім өзін күшті санайды? Шығындар. Мейлің екеу, мейлің үшеу, тіпті сегіз болсаңдарда бәрібір. Рух Күші — бұл ұлы күш. Ол бұдан да зорын жасай алмақ.

Жігіттердің жүздеріндегі жанашырлық пен аяушылықты көрген Сэнсэй, Иоанн әкейге көмекке келді:

— Қанекей, қанекей, еш ұялмандар, сенімі аздар. Әкей «зорын жасайды» десе, демек «зорын жасайды».

Сэнсэйдің «рұқсатымен» халық кішкене қозғала бастады. Ваноның спаррингке салмақты ниетін көрген Женька Сэнсэйге келді де, бір деммен өзінің наразылығын білдіруге лексиконында керекті сөздерді таппай, әкей жаққа қарай бірнеше рет қолын сілтеді.

— Сэнсэй, енді не істемек?! — деп оның аяушылық танытқан сөздері естілді. — Мен оны абайсызда мертіктіруім мүмкін, күнә арқалағым келмейді... Менің соққым...

Және керекті сөзі аузына түспей, Женька Иоанн әкейдің кеудесінен анағұрлым үлкен жақын ағашқа аяғымен күшті «Йоко» соққысын бағыттады. Күшті соққыдан ағаш дірілдеп, жоғарыдан құрғақ бұтақтар құлады.

— Енді не істемек?! — деп сұрағын қайталады.

Женьканың демонстрацияларына мүлдем бей-жай қараған әкей, пірәдарлық даусымен гибратты сөзін айтты:

— Балам, адамның рух күші тәнде емес, оның рухында. Әнекей, Иса жеміс бермеген інжір ағашына түкіріп еді, ол солып қалды. Ал сенің күш сымағыңнан тек бұталар ғана құлады.

— Жарайды, — деп өзінің шындығын іспен көрсеткісі келіп Женька шіренді.

Ваноға да дәл осы керек еді. Ол лезде жадырап, алаңдағы жар салушы секілді жұртшылықтың қызығушылығын оята бастады.

— Ішкі рух күшін өзіне тағы кім байқап көргісі келеді? Немене, тек жалғыз мынау ма? — деп әкей Женькаға саусағын шошайтты. — Осындай құдіретке жалғыз адам ұрыс алаңында жауынгер емес... Қанекей, тағы біреулерің шығындар, кім батыл... Алғашқы және соңғы рет қана көрсетемін, сондықтан өздеріңді толықтай көрсетуге ұсыныс тастаймын.

Әркім сөзін өзінше қабылдап, жігіттер жымиды да, шын төбелеске қарағанда көбінде күлкі үшін, арық пірәдарға өздерінің кандидатураларын ұсына бастады. Ал Сэнсэй құпия жымиды да, кейін әзіл-шыны аралас ескерту жасады:

— Көріңдер, бірақ естеріңде болсын: көз алдамшы. Сіздерге толық күшпен жұмыс жасауға кеңес беремін, — және мысқыл әзіл үнімен сөздерін қосты: — бұл сіздерге соңғысы болмас үшін.

Осы анекдотқа қатысу үшін ақыр аяғы сегіз ниет білдіруші Ваноны қоршай екі-үш метр ара қашықтықта тұрды. Әкейге қарама-қарсы позицияны Женька әдейілеп таңдаған. Бір жағынан Иоанн әкейдің оны спаррингке шығару қолынан келді. Бірақ, басқа жағынан жігіт шыныменде әкейге жаны ашыды. «Өзінің қандай күшке тап болатынын ол тіпті де білмейді», — деп Женька ішінен ойлады. «Қайнаған ыстық жерлерде болған үш спецназ, оның үстіне біздің жігіттер. Арыстанның аранына өзі шапқаны несі? Бұл жерде оны бір-ақ соққымен үгітіп жібереді... Бір-ақ соққымен?!»

Осы кезде Женьканың басына «тамаша идея» келе қалды. Ол «қамқор рыцарьды» ойнаймын деп шешті — бірінші болып Ваноға шабуыл жасап және оның басқа шабуыл жасаушылардың соққысынан, сәйкесінше мүмкін болатын «көптеген травматизмнен» сақтап, қарапайым әдіспен жерге жатқызу. Ал жерде жатқанды ұрмайтыны белгілі. Осындай ойынан шабыт алған Женька барлығына дайын екенін көрсетіп, ұрыс тұрысына тұрды. Және ұзақ ойланбастан Ваноға бірінші болып атылып, әкейді жерге жатқызатын

(Женька бұған мүлдем шүбә келтірген жоқ) кеудесіне жұдырықпен соққысын бағыттады. Бірақ жағдай басқаша болып шықты!

Иоанн әкей алдыға аяқтарын қойып, еркін тұрды. Соққы сәтінде оның арық денесі тез әрі дауыл кезіндегі қауырсын секілді бір шетке жеңіл қозғалды. Жүз келіден асатын жігіттің күшін бойына жинаған Женьканың қуатты соққысы, арық әкейдің кеудесіне бірнеше миллиметр жетпей қауып өтті. Осы сәтте Иоанн әкейдің сіңірі ерекше ісінді. Және атылған оқ секілді Ваноның оң қолы «қоңырау» соққысына ұқсас ашық алақанымен күшті жауапты соққысын Женьканың кеудесіне бағыттады. «Қамқор рыцарьдың» денесі барлық физика заңдарына қарамастан, арық әкейдің қолдарынан емес, Женька тура тәуліктік кешігумен келе жатқан қатты жылдамдықтағы теміржол локомотивімен соғысқандай, ұшып кетті. «Қамқор рыцарь» Вано бағыттаған жаққа құлап үлгерместен, осы сәтке дейін күліп тұрған басқа ұрыскерлер лезде Ваноның қарсы шабуылына әрекет етті. Дұрысы түрлі экстремальды жағдайларға жылдар бойы жаттыққан олардың милары. Түпсана лезде жағдайды бағалап және сол бойда эмоцияны тұйықтап, өзінің қауіпсіздігі үшін өзін-өзі қорғаудың рефлексін іске қосты.

Әкейге барлығынан жақын оң жақта Стас тұрды. Сондықтан Ваноның көрсете жасаған қарсы шабуылында оның аяғы лезде «Маваши» соққысымен ұшқан. Бірақ Стастың аяғы енді көтеріле берген сәтте, Иоанн әкей отырды да, қабыланның ептілігіндей жеңілдікпен Стастың тірек аяғына сол аяғымен қуатты шалу тәсілін жасады. Жігіттің аяғы аспаннан келіп, арқасы жер иіскеді. Бірақ жігіт лезде қауіпсіз ара қашықтыққа аунап, өз-өзіне келіп жағдайға баға беру үшін тоқтады. Құлауынан есін жинаған тәні де төбелеске анық асықпады. Сондықтан Стас ғаламат спаррингті бүге-шүгесіне дейін қарауға ұйғарды. Таңқалған көздері әлсіз әкейдің ерекше түрленген сценасынан көздерін алмаған Женька да, жақын шөп арасынан тырбаңдап көтеріліп жатты.

Бұл кезде Вано қалғандарын әдемі жайғастырды. Аяқтары үймелей қозғалған денелер арасынан кезекпен жылтылдады. Стастан кейін ұрыс шеберлерінің үшеуі бірнеше секунд айырмашылығымен, осындай құлаудың бар ғажабын өздері көру болмаған ниеттерімен, жалпы ұрыс алаңынан ұшып жатты.

Андрейге Ваноның шабуыл екінінен бірнеше рет епті жалтару қолынан келді, бірақ оның да себебі, шабуылы нақты өзіне бағытталмағаннан болар. Осындай жеңіске деген елес үмітпен шабыттанған жігіт, жан ұшыра шабуылдады. Ваноның беті ашық болған қас-қағым сәтті ұстап алып, Андрей бар күшін салып аяғымен «Мае Гери» тіке соққысын жасады. Бірақ әкейдің денесі маятник секілді лезде шайқалды. Вано сол бойда өзіне келе жатқан аяқты қолымен жоғары қағып, қимылының жылдамдығын күшейтті. Және тепе-теңдігін жоғалтқан жігітке арқамен «асықпай» жерге түсуге мүмкіндік берудің орнына, Вано жігіттің құйрығынан аяғымен теуіп, оның еркін-вертикальды ұшу траекториясын, бұталар арасына торпеда секілді еріксіз-горизонтальды ұшуымен алмастырды. Өзінің «секеңдеуімен» әкейдің зығырын шығарғаны анық.

Осы ұшу демонстрациясы кезінде қалған Костя мен Руслан бір-бірімен келіспестен Иоанн әкейден әрі қашып, салмақсыздықтың осындай сезімін бастарынан кешірмес үшін әрі қарай тағдарларымен ойнамады. Шаруасын тәмәмдаған Иоанн әкей, қарады да оларға саусағымен ымдады:

— Мархабат, ізетті болыңыздар...

Ал олар жымия жауап қатты:

— Жоға әкей, рақмет. Біздер таң атпай причастие (христиандық діни рәсім) жасап алдық...

Осы сөздерімен олар жалпылай күлкі тудырып және сәйкесінше шиеленісті жағдайды босатты. Атмосфера Иоанн әкейдің де, өздеріне арық (немесе тентек) әкейдің «Құдайы күшін» сезініп көргендердің де бітпес әзілдері мен жақсы көңілді әңгімелеріне қайтадан толды. Барлық ұрыс шеберлері тігінен тұрып, осыншалықты тез ұрыс туралы таңқалысып айтып жатқанда, Иоанн әкей қайтадан «камуфляжды» киімін киді. Әңгімеге қосылып, саусағын аспанға көрсете нұсқап, көп мәнді сөзін айтты:

— Міне көріп тұрсыздар ма, Жаратушыға қызмет, Құдайға сену біздерге қандай күш беретінін...

Кейін күлді де, Сэнсэйге көз қиығын салып сөзін қосты:

— ...Және әрине Сэнсэймен ұзақ жылдар достықтың.

«Сэнсэймен ұзақ жылдар достықпен» байланысты түрлі қызықты оқиғаларды естеріне алып, халық тағы бір рахаттана күліп алды.

Осыдан кейін Ваноның ұжым алдындағы абыройы одан әрмен жоғарылай түсті. Әсіресе ол Женька алдында шексіз ұлғайды, осындай естен кетпес ұшу бақытынан ол әкейге қалай жағымпаздануға болатынын білмей дал болды. Ендігі жігіттің айтуы бойынша «жолдарымыздағы ең керемет әрі қолайлы көлікке» айналған әкейдің джипын да жуып беруге ұсынысын айтты. Осындай сұлу темір тұлпардың иесімен толық бір түн кірлеп түнегені жарамайды-мыс. Дұрысы оны бірден тап-таза жарқыраған күйге келтіру керек. Көрер көзге де жақсы, демалуда жеңіл болмақ. Женьканың осындай «жүрек жарды» ұсынысына Иоанн әкей аса бір қатты қарсылық білдірген жоқ, алайда қуланған жымыиысымен оған үнсіз кілтін берген.

Женька алдымен көлікті жаңа орынға қойды, жері тегіс және өзенге де алыс емес жерге. Кейін «пірәдардың итаршысы» (лакей попа), «немене пірәдарлыққа өту үшін шашынды сыпыруға дайындалып жатырмысың» деген жігіттердің әзілімен асығып-әбігерленіп шелекпен суға жүгірді. Бірақ Женька тек жымыиомен ғана жауап қайтарды. Ол джиптың іші-сыртын мұқияттылықпен, махаббатпен жуғаны соншалықты, құдды бір Иоанн әкейдің көлігін жууды күні бойы армандағандай.

* * *

Ұжым өздерінің шығыс ұрыс өнерімен желіктерін басқан кезде, қоюланған ымырт та түнге ауысқан. Кешкі астан соң алау жанында тығыз жайғасып, барлығы түрлі шөптен жасалған шайларын асықпай рахаттана ұрттап, ләззаттарын созып отырды.

Жеңіл жел есіп тұрды. Аспанда шашылған жұлдыздар жарқырайды. Жылы от (алау), тәнді сергітер ауаның қарағайлы хош иісі және жұлдыздардың көз тұндырар әдемі жарқырауы, түтінді-механикандырылған қала қорабы өркениетінен тірі табиғат кеңістігіне шыққан көп адамдардың ерекше әлемді сезіну құбылысын тудыратыны анық. Осындай тұнық түнде жанған отқа, біресе жарқыраған түнгі аспанға көз тастап емін-еркін отырып, әңгімелесу жағымды болды.

— Неткен әдемілік, — деді Татьяна аспанға қарап. — Жұлдыздар сондай жарқырап тұр, соншалықты көз тартады...

Қыз баласы өзінің таңқалысын айтып үлгерместен, оның таңғажайып әлеміне өзінің өзгермес логикалық ақылсымағымен Костя килікті.

— Бұның себебі біздердің суға жақын отырғанымызда. Оның үстіне өзінің иллюминациясы бар қала да алыста. Ауа да сиретілген (немесе таза, разряженный воздух). Сол себепті жұлдыздар осындай жылтырауда.

Андрей күнк етіп, мысқылдауын жібермеді:

— Ну, блин, ойлау анатомияң бар болсын! Бұл жерде поручик (кіші офицерлік шен) Ржевский болса, сені баяғыда-ақ дуэльге шақырып, аяғымен бетіңнен қойып қалар еді. Саған бикеш жұлдыздар туралы, ал сен ауаны айтып қуасың.

Ұжым күлді. Жан-жақтан Костяға мазақтаулар мен әзіл-оспақ әңгімелер құйылып, ол өзінің сүйікті нақыл сөздерін айтып әрең жалтарды және бұл одан әрмен күлкі толқынын тудырды. Ақыр соңында осындай сөз ағынына шыдай алмаған жігіт, осы «жанжалдың» қоздырғышы Андрейге әзілмен жабыса кетті.

— Мінекей, үнемі осылай! Француздық комедиограф айтпақшы: «Және ол мені барша жерде қақты! Өткір оқтарының нысанасы сияқты». — Досына кінәлағандай көздерімен қарап, ыңғайсыз жағдайлардан шығу үшін жиі қолданатын өзінің сүйікті тақпағын айтты:

— Мырзасы, сөзге дүлділ екенінді білеміз.

Миыңыз да мақал мен мәтелге толы.

Бірақ, ендігі осы да жетер? Дұрысы ойлаңызшы өзіңізді ғана.

Және мені тапсырыңыз өзімнің тағдырыма.

— Енді бұл жерде не айтасың? — деп Андрей қолын жайды. — Бір ғана сөз — дипломат! Ерекше құлшыныспен жүгіретіндей оның алысқа сөзбен ұшыратыны үшін, мен оны сыйлаймын.

Бұл сөздерге Женька езу тартты да, әкей жаққа көз қиығын салып:

— Иә, бүгінгі осындай кеш, кез келген адамнан шебер дипломатты жасайды, — деді.

Барлығы қайтадан күле жөнелді. Күлкі басылған кезде ұзақ үзіліс орнады. Халық қайтадан жанған алау мен түнгі аспанға көз тастап үнсіз отыр. От алауы сықырлай жанған бұталардың әуезді үнімен еліктере билейді. Осындай жалын ұшқындары бұралған күйіндей ауаға көтеріліп, қараңғылық кеңістігінде өздерінің ессіз «па» (хореографиялық термин) қадамдарын жалғастырды. Және бұл оларды өздерінің қайталанбас сәттерінде өмір сүрген көптеген кішкене жұлдыздарға ұқсас етті.

Аспан жарықтарына көз тастап отырған Николай Андреевич тыныштықты бірінші болып бұзды:

— Жұлдыздар шыныменде ерекше... Ой толғатсаң айналамызда өздерінің жеке өмірін кешетін, түйісіп, бөлініп, қирап жатқан қаншама әлем, қаншама галактика бар... Бір жерлерде алапат катастрофалар болып жатса, енді бір жерлерде жаңа формалар (өмір) дүниеге келіп жатыр. Және осы бар өмір орасан зор Ғаламда үнемі қайнап жатады. Осындай айтып жеткізе алмас массалар, көлемдер, секундына бірнеше жүздеген километр аса қатты жылдамдықпен қозғалған галактикалар, жалпылай айтқанда осы барша алпауыт процестер, еріксіз сұрақ тудырады: осындай миллиардтаған жұлдыздар фонында біздер кімбіз? Тіпті, жарқыл да емес (немесе қас-қағым сәт те емес)... Бірақ сонда да біздер осы қайнаған өмірді ұғынамыз. Және тек ұғынып қана қоймай осы алпауыт объектілердің өмірге келуі мен өлу процестерін танып, зерттейміз. Біздерге осы дүниенің құлып оймасынан бір көзбен ол жаққа қарауға рұқсат етілгендей сезім қалады, микроәлемге де, макроәлемге де.

— Ал неліктен жалғыз көзбен? — деп Руслан күле сұрады.

— Қалай неліктен? — деді Костя әзілдеп. — Басқалары қалай өмір сүретініне біздің қызығушылығымызды қанағаттандыру үшін. Бұл дегенің мәңгілік «тұрғын үй мәселесі емес пе»!

Николай Андреевич күлді де, сөзін айтты:

— Егер бұл тек «тұрғын үй мәселесі болса» адам санасы үшін анық мәселені мұқият растаған біздерге формулалар мен сандар арқылы осыншалықты егжей-тегжейлі ақпарат берілмес еді деп ойлаймын. Бұл жерде басқа сұрақ орынды шығар: «Не үшін?» Өзімізге қатысты аса маңыздыны, өз болмысымызды, өз табиғатымыз туралы бір нәрсені түсінсін дегені айдан анық...

Иоанн әкей басын изеп сөздерімен келісті.

— Құдай бәлкім өзінің құлып оймасын біздерден жасырмайтын болар, табиғатымызды білгендіктен өзіміз Оның жасампаз заңдарына терең еніп, осылайша олардың орындалуына сүйеніп, пенделеріне Оның мінсіз жасампаздығының қатысушылары болуы үшін. Інжілде, қасиетті Апостол Иаковтың 1-тарау, 25-тармағындағы алқалы жиылыстың жолдауында (соборном послании) осындай тамаша жолдар бар: «...Кімде-кім кемел заңға, бостандық заңына терең бойлап, сонда қалатын болса, ол ұмытшақ тыңдаушы емес, жұмысты орындаушы болғандықтан, іс-әрекетінде берекелі болады». — Және нақыл сөзін аяқтап, сөздерін түсіндірмемен толықтырды: — Дұрыс іс жасаушы бақытты.

— Иә-ә-ә, — деп Николай Андреевич ойлана созды, кейін есіне бір нәрсе түскендей сергектеніп, Сэнсэйге қарады: — Айтпақшы, менің ерекше пациентім болған, астроном. Әйелі басқа еркекке кетіп қалуы себебінен әдеттегі депрессивті жағдай. Сол ғалым өзінің күйін жұлдыздардың өмірімен салыстырып біршама қызықты жеткізді. Және бастысы өзінше жасырынған түрде болса да, ол шын мәнінде жалғыздық психиканың иллюзиясы,

оның ойдан шығарғаны, себебі объективті түрде адам социумның ортасында болатыны туралы түсінікте болды. Және жалғыздық сезімі түптеп келгенде көбіне сол жағдайға икемделе алмағаннан пайда болады. Осы ой толғауларын астроном өзінің кәсіби тілінде қызықты интерпретациялады. Ол егер жұлдыздарға қарайтын болсақ, олар бізге жалғыз объект секілді көрінеді деп айтты. Бірақ шындығында бұл жай ғана көзіміздің (тудырған) иллюзиясы, себебі тіпті заманауи телескоптардың өзі осындай жұлдыздан үш жүзден бес жүзге дейінгі жұлдыздарды айыра алады екен.

— Жәй, ештеңе де емес, — деп білгішсінген Женька қолын сілтеді. — Егер заманауи микроскоппен мынаған қарайтын болсақ... — Саусақтары Иоанн әкейге қарай бағытталып еді, бірақ көздері біртүрлі қараған әкейдің көздерімен түйісіп, Женька лезде саусағының бағытын қарама-қарсы бағытқа, Стас отырған жерге бұрды. — Міне күдікті мына субъектіні қарасақ, ол жерден не кездеспейді дерсің! Бүргелердің, микробтардың және әртүрлі ұсақ паразиттердің барлық түрлерінен тұратын тұтас бір Ғалам.

— Ұсақ паразит сенің өзіңсің! — деді Стас сөзін дарытпай. — Бұл қарапайым көзге де көрініп тұр...

Бар ұжым қайтадан күлді. Және күлкі басылған кезде Николай Андреевич жалғастырды:

— Енді бұл адамдар мен жұлдыздардың көп ұқсастығы бар жаратылыстар екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді. Адамдар секілді жұлдыздар да топтасып — шоғырланып «өмір сүреді», бір-біріне өзара тартылыс күшімен байланыста болады. Және ең қызықтысы адамдар социумы секілді оларда да көбіне бинарлы жүйелер кездеседі...

— Қандай, қандай? — деп қайталай сұрады Виктор.

— Екілік жүйе, — деп ендігі Сэнсэй түсіндірді. — Бұл ортақ масса центрінде айналатын екі күн секілді.

— Иә, — деп растады Николай Андреевич. — Әлгі астроном, бұл өте тұрақты жүйелер деп айтқан... Және екіліктен басқа тағы үштік, төрттік, бестік жұлдыздар да бар екен. Алайда екілікке қарағанда олар аз кездеседі. Және әрине өзінің жағдайымен салыстырып ол үштік жұлдыздарға ерекше назарын аударды. Үштік жұлдыздар тұрақты өмір сүре алмайды екен. Және неліктен екенін білесіз бе? Екі жұлдыз жай ғана үшінші денені лақтыра салады, ал өздері ұзақ уақыт жақын қашықтықта тұрақты айнала береді екен.

— Механиканың табиғи заңы, — деді Сэнсэй иығын көтеріп. — Үшінші дене қалған екеуінің қозғалысына кедергі келтіреді және әдетте бұл осындай жүйенің ыдырауына әкеледі.

— Таңқаларлық заңдылық және бастысы адам социумымен көп ұқсастығы бар, — деді Николай Андреевич.

— Енді бұл социумға қалай қарағанға байланысты, — деп Сват күле сөздерін қыстырды. — Әсіресе үштікке. — Әйелге қатысты болса — бір бөлек, нәзік сұрақ, дауласпаймын. Ал егер еркектер ұжымында болса... Оларда кейде соншалықты тұрақты жүйе пайда болады, әсіресе үшеуіне арналған ойлау процесінде. Осындай өзара тартылысқа тіпті таңқаласың. Және бастысы: төрттікке болмаса бестікке ойлау емес, дәл осы үштікке, артық та емес, кем де емес.

— Ақылдың тұтастығы секілді бір нәрсе пайда болып, ойлануда жеңілірек, — деді күлкімен Богдан.

— Дұрыс, — деп Олег растады да нақтылай айтты. — Төрттік — бұл енді артық, бір бірлікке көп.

— Ең қызығы ол жерде де солай, — деп Николай Андреевич барлығымен бірге күліп, аспанға нұсқады. — Оларда да төрттік, бестік жұлдыздар тұрақсыз ұжым екен. Және ыдыраулары да анағұрлым тезірек. Бұл дегенің табиғаттың бір заңдылығы әсер етеді деген сөз. Осындай бірге тұрушылық, өмір сүрулерінде жұлдыздар арасында көп мәрте құрылып, ыдырайды екен. Пациентім түсіндіргендей жұлдыздар да өз серіктестерін үнемі ауыстырып отыруы мүмкін. Яғни, мысалға тығыз жұлдыз шоғырларында, түрлі «ұжымдарға» жұлдыз өмірінде алты ретке дейін қосыла алады екен...

Женька Иоанн әкейге жымысқылана қарады.

— Әкей, бұл дегенің аспандағы ойнас емес пе. Шіркеу қайда қарап отыр?

Иоанн әкей «ақылды» түр жасап жұлдыздарға қарады да, пірөдар даусымен жариялады:

— Балам, барлығы Құдайдың еркімен.

Айтқан сөзі отырғандардың күлкісін тудырды.

— Бұл да шындық, — деп Николай Андреевич көңілді басын изеді де, Сэнсэйге қарады.

— Жалпы айтқанда менде пациент емес, депрессивті клиенттеріміз үшін психологиялық дәлелдердің (аргументтердің) толық бір көзі болды. Салыстырған талдауларымен мені қызықтырғаны соншалықты, онымен әңгімеден кейін өзім де ғылымға қызыға бастадым. Ол тіпті маған астрономия туралы кітаптарды да әкеліп берді.

Сэнсэй күлді де, әзілмен сұрады:

— Мен түсінбедім, кім-кімнің пациенті болған?

— Енді кей кездері медицинада осындай казустар болып тұрады, — деп әзілін психотерапевт күлкімен қолпаштады. — Білесің бе, кейбір дәрігерлер былай деп шер тарқатады: «Кей кездері сондай «талантты» псих жолығып, кірпік қағып үлгерместен сені өзінің жағдайына оп-оңай түсіреді».

Ұжым қайтадан гүрс етіп күлді.

— Енді сол кітаптардан менің нені оқығанымды білесің бе?! — деп Николай Андреевич өзінің алған әсерін екпінді айтуын жалғастыра берді. — Қарапайым жұлдыздар шоғырына қарағанда жүз, екі жүз, мыңдаған жұлдыздардан тұратын күрделі жұлдыздар жүйесінде, өзара байланыс мүлдем басқаша жағдайда болады екен. Жұлдыз ендігі әрбір көршісін сезінбейді. Ол жалпы өрісті сезініп және жеткілікті бір қалыптылықпен қозғалады екен. Яғни, көршілерінің ықпал етуі бірқалыпты болады (немесе азаяды, тегістеледі).

— Міне осындай тұрақты ұжымдар галактикада жиі кездеседі, — деді солай болуы керектей Сэнсэй.

— Мінекей! Мен осыған назарымды аудардым. Барлығы адам қоғамындағы секілді. Көпшіліктің психологиясымен дәлме-дәл! Өйткені шын мәнінде масса адамның жеке даралығын басады, яғни көп жағынан мүлдем өзгеше адамдарды теңестіріп және өздеріне келуші адамдарға жаңа қасиет (мінез) береді. Тіпті Лебон бойынша алып көрелік. Массада жеке тұлғаның қандай басты айырмашылығының көріністері болады? Біріншіден, анонимдік, саналы тұлғаның жоғалуы. Екіншіден, интеллект пен рационализмнің төмендеп, бейсаналық (немесе санасыздық, ойланбаушылық) тұлғаның басым болуы. Үшіншіден, массаның ойы мен сезімдерінің бір бағдарлануы. Және ең бастысы — өздеріне таңылған идеяны дереу іске асыру керек деген нұсқауды тұлғада қалыптастыру. Барлығы жұлдыздардағыдай секілді деп айтсақ болады.

Бірақ бұл да соңы емес. Мені цифрлар қызықтырды, осындай күрделі жұлдыздар шоғырындағы жұлдыздардың саны. Себебі адам қоғамында да осыған ұқсас байқалады. Және тек адам қоғамында ғана емес, жануарлар әлемінде де. Биологтардың жануарлардың мінез-құлқымен салыстырудағы бұқаралық психология тақырыбына қатысты қызықты жұмыстары бар. Деректерді талдау арқылы ғалымдар адамдар ұжымының оңтайлы санын есептеген — жүз елуден көп емес. Және бұл сан түрлі қауымдастықтарға қолданылған, аңшы, терім терушілер (собирателей) тайпаларынан бастап, шіркеу, әскери, қызметтік ұжымдарға дейін. Ал барлығы биологтардың павиандар мен шимпанзелердің мінез-құлқын бақылауынан басталды, бұл кезде ми қыртысының көлемі, атап айтқанда, маңдай және самай бөлігі мен жануарлар үйірінің мөлшері арасында оң корреляция анықталған...

— Ал корреляция дегеніміз не? — деп кәсіби тілді толық түсінбеген Виктор Николай Андреевичтен сұрады.

— Енді, бұл өзара байланыс, өзара тәуелділік... Сонымен тәжірибиеде маймылдарды бақылаған. Шамамен елу шақты маймыл топтасып өмір сүрген. Үйірдің мүшелері бір-бірлерімен таныс болған. Онымен қоса олар тіпті түрлі қарым-қатынасты да қолдап отырған: достасқан, жауласқан, өзінше бір одақтарды құрған. Бақылау нәтижесінде ғалымдар хомо сапиенс миының көлемін ескере отырып, адамдар ұжымына осы санды шығарған — жүз елу адамнан көп емес! Және егер қауымдастық үлкейсе, онда адамдар

өздерін бөтен сезіне бастайтынын анықтаған. Яғни, шын мәнінде олар ұжымның ішінде не болып жатқанын, барлығына қарау қабілетінен айырылған. Ол даралығынан айырылып, ал кейін түрлі топтарға ыдыраған. Және бастысы осындай ұжымды басқару мүмкін емес болады. Демек бұл нені білдіреді? Көмекшілер қажет дегенді. Сәйкесінше автоматты түрде билік аппараты дүниеге келеді... Сондықтан жұлдыздарға да, адамдарға да ортақ дүние көп.

— Табиғи жайт, — деді салмақты үнімен Сэнсэй. — Бұл материя әлемі. Және оның заңдары микроәлемге де, макроға да таралады. Материяға белгілі бір саналы ұйымдасу, тірі қалудың белгілі бір заңдары мен өмір сүрудің шектеулі мерзімі тән (құбылыс). Материяның басы бар да, соңы (ақыры) бар. Сондықтан жұлдыздар мен адамдардың бір-біріне осыншалықты ұқсас болуы таңқаларлық емес.

Сэнсэй кішкене шыбықты алып отқа тастады.

— Және тек адамдар ғана емес басқа тірі әлемде де солай. Мінекей, мысалға ең болмағанда құмырсқаларды алып көріңіздер. Олардың өмірлері, инфраструктуралары да ұйымдастырылған. Жаңа колониялар құрады, әркім өзіне берілген функцияны қатаң орындайды: біреулері азық табады, басқалары күзетеді, үшіншілері желдету жұмысымен айналысады, төртіншілері жаңа шахталар қазады, бесіншілері соғысады. Араларында кішігірім ұрылар, паразиттер, арамтамақтар, «құл иеленушілер де» бар. Яғни, сол баяғы иерархия, сол баяғы ұйым... Осыған ұқсас егер масштабты қарайтын болсақ, галактикада да бар. Бір-бірінен материяны, планеталарды тартып алады, бір-бірлерін «жұтады», соғысады, тарқасады. Және адамзатта өзін осылай ұстайды... Тіпті кішкене ұжым ішінде біреуі көшбасшы болуға ұмтылады. Екі көшбасшы сыйыспайды. Бұл әрқашан конфликт.

— Шындық, — деп келісті психотерапевт.

— Сондықтан материяның аты материя. Бірақ осындай бөлектікке (жеке-даралыққа) қарамастан деп айталық, барлық материя бір-бірімен тығыз байланыста болады.

— Қандай мағынада? — деп Андрей түсінбеді. — Бұл дегенің мен қандай да бір жұлдызбен немесе алыс галактикада өмір сүретін микробпен байланыстымын дегенді білдереді ме?

— Иә, — деп кезекті ағашын отқа тастап, Сэнсэй жай жауап берді.

Андрей таңырқап қабағын көтерді.

— Гравитационды өріс деген түсінікпен таныс па едің? — деп Сэнсэй Андрейден сұрады.

— Енді...

— Оның қасиетін заманауи адамзат әлі зерттеген жоқ... Ал гравитационды өріске аса үлкен жылдамдық тән құбылыс, егер онымен жарық жылдамдығын салыстыратын болсақ, бұл заманауи ракетамен, әлсіз кәрі тасбақаны салыстырғанмен бірдей. Гравитационды өріс үшін ара қашықтық деген түсінік жоқ, есесіне лезде орын ауыстыру деген бар. Негізгі элементі По бөлшегі болған осы жалпы гравитационды өрістің арқасында, сенің мұрныңның ұшындағы әрбір атом, күннің әрбір атомымен, басқа планеталармен, жұлдыздармен, тіпті сен айтқан алыс галактикадағы қайдағы бір өмір сүретін микроб атомымен байланысты болады... Себебі материя, энергиясының қайта құрылуымен үнемі түрленіп отыратын, үлкен ағза секілді...

— Әрине, жүздеген миллиард жұлдыздары бар аса үлкен шексіздікті қандай да бір ағза түрінде елестету қиын, — деді түнгі аспанға көз тастаған Володя.

— Қайтесің енді, — деді Сэнсэй. — Мысалы біздің басымызда да дүниеге келген сәтінен бастап тұтанатын миллиардтаған жүйке клеткалары өздерінің галактикаларын құрады. Әрбір секунд сайын бас миында шамамен жүз мың химиялық реакция жүреді. Және осыған клеткалардың бірінде «қоныстанған» микротіршілік иесі қандай да бір кварк позициясынан қарайтын болса, ол үшін мида түсіндіруге келмейтін, белгісіз шексіздік болып көрінеді. Бұл қалыпты... Біздің санамыз өте шектеулі. Оның үстіне осындай зор тәндік формасымен, өзін әлемдік эволюцияның «кіндігі» санайтын, эгоизмге толы хайуани «Мені де» тыным бермейді. Ал ақиқатында осындай үлкен ағза үшін біз кімбіз? Жәй ғана баяғыда-ақ сөнген жұлдыздардың шаң-тозаңы.

— Қандай мағынада? — деп Сват түсінбеді.

— Тикелей, — деді Сэнсэй. — Сенің ағзанның не екендігі туралы бір рет болса да ойланып көрдің бе?

— Енді, қалай? Бұлшық еттер, сүйектер, қан...

— Тереңірек үңіл, — деді достарша Сэнсэй. — Бұл орташа статистикалық есеппен 65% оттегі, 18% көміртегі, 10% сутегі, 3% азот, ал қалғандары 1% пайыздан төмен белгілі бір химиялық элементтердің жиынтығы.

— Ал сүйектер ше?

— Сүйектерге не болды? Сүйектерде толған химия, минералды тұздардың өзінше бір «депосы». Кальций, фосфор, магний. Және тағы отызға тарта микроэлементтер. Әрине сол баяғы су, әйгілі H₂O. Мысалы біздің галактикадағы жұлдыздар неден тұратынын (құралатынын) ойлап көрші? Кең таралған элементтердің бірі сутегі мен гелий болған сол химиялық элементтерден... Мен айтып кеткенімдей, жалпы материя массасы болады. Белгілі бір күштердің, жиынтықтар мен комбинациялардың арқасында, ол түрлі материалды объектілерге түрленеді. Мысалы жұлдыз аралық газдан, конденсация арқылы үнемі жаңа буын жұлдыздары, ал ондағы бар шаңнан сол химиялық элементтер жиынтығынан – планеталар түзіледі. Сол жұлдыздардың жарығы немен қамтамасыз етіледі? Көміртегі, азот, кремний, темір және сол сияқты ауыр элементтердің ядроларындағы синтез процесі кезіндегі ядролық энергияның бөлінуімен. Ал жұлдыздар өмірлерін аяқтаған кезде, олар жұлдыз аралық ортаға өзінің көп бөлігін қайтарып, оны ауыр элементтермен қанықтырады. Әдетте барлық дерлік химиялық элементтерді шығаратын ғаламат жұлдыз (сверхновых звезд) деп аталатын орасан зор жарылыс болады.

— Менделеев кестесіндегі барлығы ма? — деп сұрады Олег.

— Енді, былай айтайық, осы уақытқа дейін адамзат әлі ашпаған элементтерді қосқандағы толық кестені... Және тағы да бөлінген газ, жұлдыздар, планеталардың жаңа буынына және ондағы өмірге қайтадан құрылыс материалына айналады. Осылай біздің Күн жүйеміз, Жердің және әрине біздерді құрайтын заттар, бұрынғы өмір сүрген жұлдыздардың құрамында көп мәрте пайдаланылған.

— Ақиқатты айтып тұрсың, ұлым, — деді Иоанн әкей. — Өйткені Інжілде Құдай адамды *топырақтан* жаратты және жүзіне үрледі. Және адам рухы тіріге айналды деп айтылған.

— Өте дұрыс. Сондықтан егер адам өзінің өмірлік күші — прананы, яғни «өмір демін» өзінің Хайуани негізіне, өз дүниелігіне ысырап етсе, өкінішке орай топыраққа айналады (шаң-тозаңға) (осы сөздің толық мағынасында). Ал егер оны өзінің рухани жетілуіне пайдаланса, бұл жерде мүлдем басқа заңдылық — рухани әлемнің заңдылығы іске қосыла бастайды. Бұл уақыт өте адам материясы жерге тыңайтқыш болмайды деген сөз емес. Тән — рухани субстанцияның жетілуі үшін жай ғана қабыршақ және кез келген материя секілді ол да өлім дәмін татады. Бірақ осы қабыршақтың өмір сүріп тұрған кезінде ішінде ой күші, рух (жан) және «өмір демінің» синтезі болса, ендеше мүлдем жаңа рухани болмыс дүниеге келеді, қаласаңыздар материя заңдары әсер ете алмайтын мәңгілік Тұлға деп атасаңыздар болады.

Сэнсэй үнсіз қалды. Және осы кезде әңгіме барысында жақ ашпаған Валера кенеттен сұрағын қойды:

— Шын мағынасында өмір дегеніміз не?

Сэнсэй оған мұқият қарады да, қарапайым жауап қайтарды:

— Бұл жай ғана **эзоосмос — энергияның ішкі серпілісі** (Это всего лишь **эзоосмос — внутренний толчок энергии**).

Осындай жауаптан кейін естігендерін ой елегінен өткізгендері анық, барлығы бірнеше уақыт үнсіз отырды. Кейін Костя естірте талдай бастады:

— Бірақ, егер өмір жай ғана энергия серпілісі болса, ендеше ол өте көп болуы керек, оның ішінде саналы да (разумной). Бірақ әзірге саналы өмір үшін қажетті жағдайы бар, тіпті біздің Жер секілді планета да табылмады емес пе. Демек ақылдылық жағынан біздер шыныменде жалғыз болғанмыз.

— «Көңіліңді қалдыруға» тура келеді, — деді Сэнсэй әзілмен. — Біздікі секілді планеталар — миллиард! Және осындай от жанында отырып аспанға қараушылар да миллиард. Бірақ бұл ештеңені білдірмейді.

— Ендеше олар неліктен біздермен байланысқа түспейді?

Есіне күлкілі жағдай түскендей Женька күліп жіберді:

— Ал оларға өздерінің әлеуметтік «қырманында» өмір сүріп және үнемі «қыңқылдап», «сыңсылаған» осындай «гумноидтармен» байланысудың не қажеті бар? Қандай еспе әңгіме тарағанын білесің бе? — Женька еңкейді де, құдды бір аса құпия ақпаратты айтқан сыбайластар секілді сыбырлады: — Жерде Ғарышпен байланысудың болмауы, ол жақта саналы өркениеттердің бар екенін түпкілікті растайды деп айтады.

Осындай «гумноид» маманға қарап жігіттер қарқылдай жөнелді.

— Жоқ, еш әзілсіз, — деп Костя мұрнына түскен көзілдірігін дұрыстап, наразылық танытты. — Ғарышта қайдағы саналы өмір болсын, егер көбінде ол жақта шаңнан басқа ештеңе болмаса?

— Басқа планеталарда ғана емес, тіпті ғарыш кеңістігінде де саналы (ақылды) өмір бар, — деді Сэнсэй. — Әрине оттегі керек, демалатын біздің формада болмайтыны түсінікті. Өмір үшін бастысы — бұл энергетикалық серпіліс, яғни эзоосмос. Ал өмірге серпілісті, мысалы жылу энергиясы, сол баяғы электромагниттік, гравитационды өріс және сол сияқтылар бере алады. Және өмір пайда болады, бірақ биологиялықтан өзгеше. Тек біздің санамыз ақылды тірі ағзалардың құрылыс жиынтығы (блогы немесе материалы) ретінде аминқышқылдары ғана бола алады деп ойлауға үйреніп қалған. Және осы қабылдаудан басқаны жай ғана көргіміз де, мойындағымыз да келмейді. Ал аминқышқылдары ше? Бұл «кірпішің» ғарышта шашылып жатыр, ал не болды? Бұл әлі де ешнәрсені білдірмейді. Өздігінен аминқышқылдары — саналы тіршілік иелері қоныстанған «үйден» біршама алыста. Бұл «үй» формасын құру керек жай ғана «кірпіш».

— Ал альтернативті өмір қалайша көрінеді? — деп Костя түсінбей сұрады.

— Енді, мысалы сәйкесінше интелектісі бар, планетадан тысқары, ғарыш аралық кеңістікте өмір сүретін ақылды тіршілік иелері бар. Олар үлкен территорияларды толтырады. Бұл саналы тіршілік иелерінің үлкен популяцияларының бірі... Оларды құрайтын нәрсені адамның сөз түсінігінде материя деп те атауға болмайды. Біздің жердегі салыстырулармен олардың «клетка» (жасуша) деп аталатындары (аминқышқылдарына тіпті де тұспалдамайтын) конустардың (колбочек), цилиндрлердің пішініне ұқсайды. Бірақ олар қосылған кезде, өз формаларын өзгертеді. Бұл жекелеген бөлшектер. Олардың құрылымы біздікіне қарағанда анағұрлым ұйымдасқан әрі жоғары... Өзінің қалыпты күйінде бұл тіршілік иесі аса ұзын емес. Бұл оның «жасына да» тәуелді. Олардың көлемі бірнеше миллиметрден бірнеше метрге дейін өзгеруі мүмкін. Бұл тіршілік иесі тыныштық күйінде болған кезде, ыдырап және сыртқы әлеммен қосылып кетеді. Ал орын ауыстырған кезде ол жай ғана жинақталады, бар болғаны осы... Негізінде бұл тіршілік иелері кез келген планетаға ене алады.

— Немене, біздікіне де ме? — деп Руслан таңғалды.

— Әрине. Тек біздерде оларды көзбен көру қиын, әрине заманауи құралдардың көмегімен болмаса. Себебі олардың жылдамдығы мүлдем басқаша... Олар бірнеше бөлікке ыдырап, бірақ сонымен қоса ыдыраған күйінде энергетикалық деңгейде өмір кеше алады, ал қажет жағдайда қайта жинақталады. Параллельді әлемдерге оңай өтеді...

— Енді, осындай саналы тіршілік иелері болса, олардың бар екенін біздер қалай да сезіну керек емеспіз бе, — деді Костя.

— Олай емес. Олардың жылдамдығымен біздер жай ғана қиылыспаймыз, сол себепті оларды сезіне алмаймыз. Бірақ олардың қозғалысын тіркеу негізінде мүмкін. Біздің атмосфераға кірген кезде, олардың жекелеген «клеткалары» (жасушалары) қосылады. Қозғалыс кезінде олар айналасы ет тартқыштың сояуышы секілді көрінетін спиральға оралған сопақша денені еске түсіреді (они напоминают нечто вроде продолговатого тела, вокруг которого навита спираль, напоминающая шток у ручной мясорубки). Осы сәтте

қазіргі заманғы құрылғылармен оларды тіркеу мүмкін болатын шығар, бірақ түсірілім қатты жылдамдатылып әрі фокустандыру сол объектілерде болуы шарт. Ал басқа жолмен... Негізінде олар ешқандай энергия бөлмейді. Алатын жылуды өздеріне жұмсайды. Егер жылу энергиясының таралу спектрін анықтайтын болсақ: олардан кейін температура төмендейді, мысалы сол күн сәулесінде, себебі «жұту» процесі жүреді, онда олардың шоғырлануын көруге болады.

Кішкене ойланған Костя қайтадан сұрағын қойды:

— Ал бұл тіршілік иелері ненің арқасында қозғалады?

— Гравитационды өрістермен жылжудың (сырғанаудың) арқасында. Олар гравитацияны қозғалыс үшін пайдаланады. Қозғалыстары спиральдің айналуына ұқсайды. Мысалы біздің атмосферада олар ауада айналғандай көрініс тудырады. Бірақ шын мәнінде олай емес. Бұл бұрамалы қозғалыс біздің магнит өрісімен байланысты.

— Ал оны ұстап алуға болады ма? — деп байырғы-аңшылық инстинктісі оянғаны анық, Андрей өзінің «жабайы идеясын» айтты.

— Ұстап алуға? — деп Сэнсэй күлді. — Енді бұл торсыз балық аулаумен пара-пар.

— Неліктен?

— Себебі барлығы оңай емес. Біздің атом аралық, корпускулярлық жасушалық ара қашықтықтар біз арқылы осы тіршілік иелерінің өтуін сезіну үшін тым үлкен. Біз олар үшін тура бостық секілдіміз.

— Бұны қалай түсінуге болады? — деп Иоанн әкей қызыға сұрады.

— Енді қалай... Адам, дұрысы оның тәні түптеп келгенде қандай? Бостық. Егер біздердің тәнімізге, микроғарышымызға зер салатын болсақ, онда біздің молекулаларымыз, атомдарымыз бен электрондар бір-бірінен үлкен ара қашықтықта екенін көреміз. Және олардың бөлінуіне әрі қарай тереңдеген сайын, бостықта соншалықты көбірек бола түседі. Адамда бостық 97,7% құрайды. Және осы бар бостықты алып тастайтын болсақ — ендеше адамнан бар қалатыны, бейнелі түрде айтатын болсақ ине көзінен өтеді... Бұл жағдайда олармен кездесе (немесе жолыға, қиылыса) алмаймыз, себебі бұған екі фактор кедергі: атом аралық ара қашықтық және уақыт үдеуі. Мен айтып кеткендей олардың эзоосмосы басқа жиелікте жұмыс жасайды. Сол себепті олармен мүлдем жолықпаймыз. Бұл параллельдер парадоксы қазіргі физикамен әлі зерттеліп, сипатталмаған.

— Мен бір нәрсені дұрыс түсінбегендеймін, — деді Андрей.

— Енді мысалы ретінде сіздерге осының барлығын айтып жатқан кезде, біздердің тәніміз арқылы оның ішінде сенің де тәнің бар, миллиардтаған нейтрино өтті, дұрысы ұшып өтті. Және сіз оны тіпті де сезінген жоқсыз. Ал нейтрино, үш По бөлшегінен тұратын осы тіршілік иелерінің «қабыршағынан» (колбочек) айырмашылығы, бес По-дан тұрады. Осының барлығына қоса біздер өзіміздің тіршілік етуімізде белгілі уақыт ағынында белгілі жылдамдықпен қозғаламыз, — деп Сэнсэй асықпай түсіндірді. Ал бұл тіршілік иелері барлық жерде бола алады, себебі еркін жылдамдықтарын үдете алады. Ал біздер олар секілді жасай алмаймыз. Себебі жай ғана өз уақытымыздан шыға алмаймыз, бұл жерде шектеуліміз. Өйткені ауысу (өту) үшін... былай айтайық, біздер басқа уақытқа немесе параллельге өзіміздің бар астрал, психикалық (менталом) және сол сияқтылармен өту үшін, ішкі энергетикалық потенциалымыздың үдеуі (жылдамдығы) қажет. Міне осы деңгейде жылдамдату болуы шарт. Сол кезде қозғаламыз. Бірақ тағы да қалай қозғаламыз? Бұл жерде жоғалып, анағұрлым жылдам уақытта пайда боламыз. Дегенмен әлгі әлемде болған кезде, ұқсас параллельге түсеміз. Яғни, сол теңізі, аспаны, күні бар, бірақ біздермен өмірде еш жолықпаған (қиылыспаған) мүлдем басқа әлемде (өзінің жиілік сипаттамасында) оянуымыз ғажап емес. Мысалы қазір заманауи ғимарат тұрған жерде, ол жақта шөл дала немесе орман болуы мүмкін.

— Иә, әлем біз ойлағаннан өмірге анағұрлым бай, — деді Николай Андреевич, — және оны тануда біздер әлі тым алыста жатырмыз.

— Әрине, көп нәрсені білмейміз, — деп Сэнсэй келісті. — Адамзат балабақшадан шығып, мектеп табалдырығын енді ғана аша бастады деп айтсақ болады. Себебі ғылым

қарқынды дами бастағаннан бері қанша уақыт өтті? Трансформатор мен электромагнитті индукцияны ойлап тапқанға небәрі 160 жылдан астам уақыт өтті, шамамен 60 жыл бұрын атом ядросы бөлінді, 30 жыл бұрын көпіршікті жады бар компьютерлер пайда болды... Бұл дегенің қарапайым білімдер және адамзаттың жасын ескерсек күлкілі мерзім! Сантүрлі әлемді танудың жай алғашқы қадамдары...

Ал тіршілік формалары шыныменде өте көп! Егер адамдар үлгерсе алса параллель парадоксын да зерттей алады. Ол жерде қиын ештеңе жоқ. Жай ғана... Енді егжей-тегжейлі тоқталмай-ақ қоялық. Қысқасы қиын түгі де жоқ, заманауи технологиялардың дамуымен бұл біршама мүмкін — параллельді әлемге өтіп және ол жақтан сәйкес интелектісі бар саналы тіршілік иелерін табу. Адамдар үшін қауіпті микробтары бар Марстан іздеудің не қажеті бар, егер дәл жанымызда болса? Өмір толып жатыр. Түптеп келгенде Ғалам — өмірдің кең көрінісі мен алуан түрлілігі болған өмірдің өзі емес пе.

Айналаға баяғыда-ақ түннің салқындығы түсіп, жанған оттың да жылуы біршама сезіліп, жағымды бола түскен.

— Ал, Нирванаға кіру, бұл сонда не? — деп сұрады Стас. — Бұл біздің уақыт циклының шекарасынан шығу ма? Басқа параллельге кіру ме?

— Олай емес. Бұл параллельдер, уақыт пен кеңістік шекараларынан шығу. Материалды Ғаламнан (немесе Ғаламдардан) шығу... Себебі егер түбіне дейін бойлап, адами формадағы өмірдің не екендігін талдасақ не болады? Бұл рухани субстанцияның материяның жоғары молекулалық конгломераттарының ауыспалы формасында уақытша болуы. Былай айтсақ болады, ішкі жемістің жетілуі үшін (ішкі жемісі рух) өзінше бір сыртқы қабыршағы. Бұл жеміс осы уақытша-кеңістік қабыршағында жай ғана өзінің қабыршағын — ауыстырады. Рухани жетілген адам өлмейді, ол қайтады (оралады, кетеді).

Адам рухани бүршік жарған кезде, ол кім екенін және қайда түскенін ұғынады. Біздің Ғалам жай ғана материалды параллельдердің бірі. Онда тағы да бірнеше параллель болады. Олардың барлығы қызықты, барлығына қоныстанған. Және бұл жерде ешқандай тылсым жоқ, барлығы заңдылық. Ондағы кез келген параллель материалды және өз уақытында, өз жылдамдығы мен өзіне тән материяның сан-алуандығымен өмір сүреді. Ал материя шекарасынан рухани деңгейге шығу... бұл енді біршама құнды. Бұл Құдай шынайылығына өту. Нақты айту болмаса түсіндіру өте қиын, себебі ассоциативті қабылдауы бар материалды санамызбен біздер шектеуліміз... Бірақ материалды әлемнің арғы жағында анағұрлым қызықты өмір бар.

Және кез келген адам Құдай шынайылығына өте алады, себебі бойында сол шынайылықтың бір бөлшегі — оның рухы бар. Бірақ парадокс мынада, материяға батуымен адамдар өздерінің мәңгілік-рухтарын ойдан шығарылғанға балап, ал елес қабыршақ-тәндерін шынайылық деп қабылдайды және осыны өмір деп есептейді.

— Мен дұрыс түсінбедім, қалайша тән елес бола алады, егер мен оны біршама сезіне алатын болсам? — деп Валера абдырай сұрады.

— Сенің тәнің — өмірлік энергия — прана түріндегі қысқа импульс алған, жай ғана бағытталған толқын. Импульстан кейінгі уақытынан толық сөнгенге дейінгі жылдам өтуін — осы аралықты сен өмір деп атайсың. Бұл тым тез өтетін мерзім. Артыңа бұрылып үлгерместен өмірің қалай өтіп кеткенін білмейсің. Әңгіме сенің осы өмірді жүру барысында қалай пайдаланатыныңда, өзіңе бірілген ішкі серпіліс күшін қалай жұмсайтыныңда?

— Мен оны қалайша рациональды жұмсай аламын, егер менің өмірімде болып жатқан оқиғалар маған байланысты болмаса? Әрбір күн сайын жаңа «геморрой», езгілеген толы мәселелер.

— Есіңде сақта: барлығы өзінде (өзіне байланысты)! Іштей өзгерсең, айналаңдағы әлем де өзгермек. Материалды мәселелер — бұл уақытша құбылыс, өзінше бір сынақ секілді... Сен ойларың қаншалықты материалды екенін және ол сенің назарыңның (зейініңнің) күшін қаншалықты пайдаланатынын тіпті де елестете алмайсың. Егер назарыңды жаман ойларыңа — какодемонға берсең, ендеше кешіріп қой, «геморройың» созылмалы кезеңке өткеніне өзің кінәлісің. Ал ойларыңды жақсы жаққа бұрғаныңда, яғни жақсы ойларыңның орталығы

агатодемонға, сен ішкі түрленуің мен Жаратушы саған назарын аударып, көмекке келгендей айналандағы әлемнің өзгеруіне таңқалар едің. Бұл (жаныңда) Болуының айтып жеткізе алмас сезімі. Сен өзінді қоршаған барша айналана үлкен Махаббатта болғаныңда, Құдайға Махаббатыңды бергенде, Оның бір бөлшегі болған сенің рухың оянады. Ал рухың оянған кезде, бірінші кезекте өзің өзгересің. Ал өзгерсең, демек тіпті өзің армандамаған мүмкіндіктер мен мүлдем басқа шынайылық ашылады...

Бар ұжымды еріксіз үнсіз қалдырған бұл әңгіме, басталғаны секілді кенеттен үзілді. Сэнсэй сөзін аяқтаған кезде, жанған от қана бұзуға дәті барған тыныштық орнады. Барлығы өздерінің құпия ой әлемдеріне еніп, үнсіз отырды. Бұрынғы қызыл алаумен лаулағанын еске түсіргендей от алауы да өше бастады, біртіндеп сөніп, күлге айналды.

Сағат түнгі екі шамасы. Жеңіл ескен желдің де басылғанына біраз болған. Балық бұрынғыша қармаққа ілінбей, қармақ қоңыраушалары еш дыбыс шығармады. Сэнсэй жарығы бар сағатына қарады да:

— Ал қалай, осындай тыныштықпен таңғы балық аулау алдында аздап ұйықтап алуға ұсыныс жасаймын, — деді.

Виктор күмәнданды:

— Меніңше қазір халық ұйқыға кетсе кейін бесте тұруы неғайбыл. Бұл жерде де не қалды дейсің...

— Қорықпа, ешкім ұйықтамайды, мен жауап беремін, — деді Иоанн әкей қулана жымып. — Балықшы бар ұжымымызды өзінің қоңырауымен оятатын менде керемет оятқыш бар.

Сэнсэй досына қарады да, жымыды.

— Бастысы сенің оятқышың бұл жердегі балықтарды шошытпаса игі.

— Енді бұған кепілдік бере алмаймын, — деді Иоанн әкей мысқылмен.

Осы сөздерін айтып арттарынан шашылған балық құрал-саймандарын жинап, біртіндеп тарқаса бастады.

Валера жақындаған кезде Сэнсэй бөренеден алыс емес жерде ұқыпсыз тасталған біреудің қармағын жинап жатқан. Ол қолшаммен жарық түсіріп қармақ бауын жинауға көмектесті. Жігіт анық бір нәрсе туралы сұрағысы келді, бірақ батылы бармады. Қиналып тұрғанын көрген Сэнсэй жайдары сұрады:

— Сенің бір нәрсе сұрағың келіп тұр ма?

Валера сәл ұялыңқырап, кішкене үзілістен соң:

— Ал... Құдай шыныменде бар ма? — деп сұрады.

Сэнсэй оған мұқият қарады:

— Ал сен жауапты естуге дайынсың ба? Бұл сенің өміріңді айналдырып жіберуі мүмкін, — деп кішкене үнсіз қалды да, кейін сөзін қосты: — Егер саған бұл жай ғана қызықты болса, осы тақырыптағы әдебиеттер қазір толып жатыр, ал да оқи бер. Әнекей, пірәдарда отыр, жаман емес сұхбатшы.

Валера Сэнсәйдің көздеріне мұқият қарады.

— Бұл мен үшін жай қызығушылық емес. Сенен жауапты естуге дайынмын.

— Иә, — деп Сэнсэй нақты жауабын айтты. — Жаратушы бар.

* * *

Атқан таңға орнын беріп, түн біртіндеп сиіле бастады. Қараңғылықты бозала түс басқан. Ол тура көркем суретпен күн сайын жаттыққан шебер көмекшісі секілді алдымен табиғаттың жалпылама картинасының жеңіл нобайын жасаса, ал кейін өзінің қарапайым қарындашымен әрбір ұсақ-түйегінің суретін мұқият салуға кірісті. Біртендеп картина қанығып, көлеңкелі бола түсті. Көп ұзамай жұмысқа атқан таң болған суретшінің өзі кірісті. Дайын эскизді сантүрлі түстер гаммасымен бояды. Құстар да әдеттегі таңғы репертуарларына салып, айналаны әуезді әндерімен толтырып жатты. Және осындай

жағымды мелодия арасынан, ұйқысынан оятып жіберген оюдың ақыруына ма, әлде бақыруына ма ұқсаған түсініксіз дыбыс шығып, шошынған құстар лезде тыныштала қалды.

Ал жағдай былай болды... Женька ұйықтайтын қапшықта жиырылып, денесі қандай да бір ыңғайсыз күйде болғандай біртүрлі сезімнен оянады. Көздерін ашуға тырысқан, бірақ көрусіз түнекті ғана көрген. Ұйқы кезінде адамға қандай елес көрінбейді дейсің деп, ешнәрсені түсінбей ұйқылы ояу басқа жағына ауағысы келген. Бірақ оның орнына Женьканы бірнәрсе қатты ұстап тұрғандай, түсініксіз тырбандауы болады. Осы кезде түпкілікті оянуы демекші, санасы дүрбелеңмен іске қосылған. Кенет жігіт қолдары байлаулы, көздері таңылған, ал аяғындағы ұйықтаған қапшығы бірнәрсеге қатты байланғанын түсінеді. Және бастысы аяқтары жоғары көтеріліп, басы мен арқасының жоғарғы бөлігі түсініксіз бір жұмсақ нәрсеге сүйенген.

Женьканың ұйқысы лезде ашылды. Осындай аяқ астынан болған тұтқын жағдайынан өзін босатуға тырысып қарқынды қимылдай бастады. Әрбір қимыл-қозғалысында басының астындағы «көпшігі» отырғандай, барған сайын төмен түсе бастады. Ол аз болғандай еш себепсіз Женьканы агрессивті тістей бастаған, қытығын келтіріп беті мен мойнында ұсақ жыбырлаушылар пайда болды. Ақыр соңында байлаулы қолдарымен тәтті ұйқыда қайдан шыққаны белгісіз көзіндегі таңғышты шешу мүмкін болған кезде, өзінің қорқынышты жағдайын көрді. Аяқ жағындағы ұйықтайтын қапшығы, қозғалған сайын тартыла түсетін түйінмен байланған екен. Ал жіптің өзі «алаңқайдағы ең жақсы ағаштын» жуан бұтағына байланған, басы үлкен құмырсқа илеуіне сүйенген. Босауға тырысқан Женька илеудің жоғарғы жағын еріксіз қопарып, туған үйлерін бүлдірушіге қаптаған кішкене әскерлер дереу шабуыл жасаған. «Кешегі одақтастарын» бетінен қағуға тырысып, жігіт байлаулы қолдарын сілкілеген, бірақ онсыз да «жақсы емес» жағдайын нашарлатып алды.

Мүлгіген табиғат тыныштығында «шеше» туралы да, осылай әзілдеуді ойлағандар нақты қандай мекен-жайға, қандай бағытқа кететіні туралы таңдаулы трилогия естілді. Құдды бір ПВО сиренасы секілді «аюдың ақырғаны» барша лагерді аяғынан тік тұрғызды. Кенеттен үзілген ұйқыларынан көздері ашылмаған жігіттер біреулері шатырдан, енді бірі көліктерінен секіріп шығып жатты. Бұл кезде ептіліктің шеберлігін және шыныққан пресін көрсетіп, Женька байлаудан шығуға тырысты. Ойлары бұл істі спецназ жігіттерінің ісі деп қарқынды «күнәға» батып жатты. Осыншалықты қиын түйінді шебер байлау, әлгі «диверсанттардан» басқа кімнің қолынан келеді? Енді әкей емес шығар?! Оның үстіне өзіміздің ұжымнан (Сэнсэйлік) ешкім бұл іске бармас, мүлдем басқа адамдар және басқаша қарым-қатынас.

Бір қызығы көмекке спецназшылар (арнайы жасақ сарбаздары) бірінші келді. Женьканың босауы екі жақтың да қайнаған эмоциясына толы болып, барша лагер жиналды. Николай Андреевич пен Сэнсэй келді. Кейін Вано қосылды, бір қызығы басқаларына қарағанда түрі — ұйқылы-ояу емес, сергек. Бұл жерде не болғанын түсіну үшін Сэнсэйге бала кезінен бірге өскен досына қарау жеткілікті болды. Жымиды да, жақтырмағандай басын шайқап, көзін басқа жаққа аударды. Женьканы барлығы коала қонжығы секілді күлкімен ағаштан түсіріп, ал Володя жігіттерінің бұған еш қатысы жоқтығын әзілмен айтып жатқанда, барлығы түпкілікті оянды. Ең қызығы уақыт кеше кешкісін Иоанн әкей «ұйқыдан оятуға» уәде еткен тура таңғы бес болғандығында еді. Бұл таза сәйкестік деп Вано асығыс ақтала бастады. Жалпы әбігер басылып, әркім өзінің таңғы жаттығуымен (серуенімен) шұғылданған кезде, Женька айтып жеткізе алмас таңғы ұйқыдан оянуының барша «әсемдігімен» қоса, өзінің «тәтті ұйықтайтын жерінен» (ұйықтайтын қапшығы) құм шекерді көреді. Осы кезде ең қымбатты тұлғасына болжаусыз шабуыл жасаушы, қитұрқы ойдың авторы және орындаушысы кім екенін түсінді. Бір минут кідірместен Женька «шаруасын шешуге» аттанып кетті. Іскерше бүйірін таянып Ваноға келді. Бұл кезде Вано жағалауда құрал-сайманын ретке келтіріп, жүресінен отырған (сидел на корточках). Женька кешегі ұшуын есінен шығармай, абайлап әкейден бірнеше ара қашықтықта тоқтады.

— Сонымен, бұл сенсің бе?! Маған «тәтті таң» ұйымдастырған осында екен! — деп прокурор секілді Женька айыптай айқайлады.

— Сені тыңдап тұрмын, ұлым, — деді Иоанн әкей өзінің қайталанбас жымыысымен.

— Сенің қалайша дәтің барды?! Мен өз кінәмді түсініп, адал әрі бар ниетіммен өз «күнәмды» жудым емес пе, ал сен... Бұларың құмырсқалар ғой! Таза жыртқыштар! Ал егер олар менің құлағыма, мұрныма кіргенде не болар еді?! Олар,.. олар мүмкін... — деп Женька наразылығын білдіретін сөзін таба алмады. — Миымды жеп қояр ма еді! Міне солай!

— Миыңды?! — деп Иоанн әкей таңқалды да, жайдары айтты: — Балам, уайымдама, бұл саған қауіп төндірмейді. Ал егер күнәңді жуып-шаюға келер болсақ... — осы кезде Ваноның көздерінде көңілді от жарқ етті. — Енді, өзің қалап тұрсаң...

— Мен бе?! Мен...

Женька сұрақтың мәнін түсініп үлгерместен Иоанн әкей адымдарымен тез қасына келді де, наразы болып тырысып тұрған жігіттің қолын епті ұстап алып, айкидо ұрыс өнерінің элементтерін пайдаланып ауада жеңіл лақтырды. Женьканы лақтырғаны соншалықты жағалаудан бірнеше метрге ұшып, суға гүмп етті. Салмақты қап секілді жігіт өзенге ауыр құлап, құлауы жай су шашырауларымен емес, толық бір «цунами» секілді болды. Судан шошына басын көтерген кездегі алғашқы айқайы:

— Не үшін?!

Иоанн әкей күлді де ешнәрсе болмағандай жауап берді:

— Міне көріп тұрмысың балам, менде қарыздар болмадым. Аяғыңнан басыңа дейін қасиетті сумен шомылдырдым.

— Инквизитор! Рухтарды батырушы! Су салқын емес пе. Бұл жерде тозақтағыдай...

— Тозақтағыдай?! Шын тозақпен салыстырғанда бұл далбаса балам. Ол жақта кейбір тырбандап «суда жүзгіштерді» не күтіп тұрғанын тіпті де елестете алмайсың... — деп Иоанн әкей мысқыл әзілімен қорқынышты сөзін айтты.

Бұл сцена барлығының күлкісін тудырды. Ал Сэнсэй тік жағадан лайланған суға қарап басын шайқады:

— Ал міне, соңғы балықты шошытып жібердіңдер. Бүйткен балықшыларың бар болсын...

* * *

Таңғы уақыт керемет болды. Жақсы, тыныш ауа райы. Барлығы жақсы, тек бұрынғыша үлкен балықтар қармаққа ілінбеді. Иоанн әкей мен Женька үнемі бір-бірінің қытығына тиюмен болса да, бір қызығы жағалаудан балық аулауға қатар отырды. Женька іші пысқаннан оған көмектесіп, қармақ ілмегіне балыққа арналған «деликатестерді» ілді. Бұл іспен шабыттты айналысқаны соншалықты, тіпті орманнан түрлі қоңыздар, өрмекшілер мен шырышты құрттарды тасып, ерекше өнерін көрсетті. Суға түрлі қармақ жемін лақтырып, балықтарды қанша азықтандырса да, нәтиже болмады. Тек майшабақтар ғана қапты. Ерікті-еріксіз болсын, бірақ осы таңда түрлі орман тәттілерімен олар балықтар үшін шыныменде асқазандарының мерекесін ұйымдастырды. Ақыр соңында Женька Иоанн әкеймен бірге ұсталған барша ұсақ балықтардың салтанатты түрде «күнәларын» кешірумен аяқталды. Оларға судағы өмірлік жолдарында тегін жем ілінген ілмек жолықса қалай қармаққа ілінбеу керектігі және өздеріне ауыр еңбекпен азық табуы туралы өсиет сөздерін айтты. Кейін Женьканың қандай да бір көңілді әнді ысқыра айтуымен балықтарды қайтадан суға жіберді.

Балық аулауға қызығушылықтары басылып, Женька мен Иоанн әкей балықшыларға арнап түрлі ойындарын ойлап таба бастады, бұл барша ұжымды түпкілікті мезі қылды. Ал бұл істен де жылыққан соң, бір-біріне тиісіп, жаңа әзілдерді шығарып жаттықты. Және әрине бұл істе Иоанн әкей ерекшеленді. Оның тырысуының арқасында Женька күні бойы өзінің бутербродтарында және басқа асында Ваномен білдіртпей салынған құмырсқаларды табумен болды. Жалпы айтқанда олардың «тұлға аралық қайшылығына» карамастан бір-бірлерін толықтырып отырды. Тіпті Сэнсэй де оларды әзілмен «Эзоп рухының екі бөлігі» деп атады. Мүмкін біздің заманымызға дейінгі өзінің VI ғасырында ежелгі грек диуанасы

(юродивый) мысалшы, алыс болашақтағы өзінің рухының осындай болжамға келмес реинкарнациясы туралы айтса сөзсіз таңқалар еді.

Қас-қағым сәтте күнде зымырап өте шықты. Түс кезінде-ақ барлығы Валерадан үлгі алып, ұйымшылдықпен от үшін бұталарды жинай бастаған. Алаңқайға жақын орман территориясын осы «қоқыстан» өздері де білместен тазалады. Нәтижесінде құрғақ бұталар мен бөренелер тау боп үйілді. Түскі астан кейін лагерь біршама босап қалды. Спецназшылар Володямен бірге балығы көп жерлерді іздеу үшін өзен бойын барлауға кеткен және жақын арада келмейтіндіктерін айтқан. Ал Валера қалуға ниет білдірген.

Володя жігіттерінің балыққа деген «аңшылықтары» анық күшті болды, себебі ұжым кешкі асты аяқтағаннан кейін де олар келмеді. Спецназшылар кеткен бағытта Володяны іздеп, бір жағынан алыс «жолдарды» балық қабуға тексеріп, Валера жағалау бойымен жүруге шешті. Хабарын Сэнсэйге айтқан. Валера кеткен соң Женька толық бір «жасақ» жоғалғандығы туралы мақтанышпен айтты:

— Мінекей! Өздерімен мені ала шықпады, адасты да кетті.

Бұл сөздеріне Ванос бірден жауап қатты:

— Қайта сенсіз олардың оралуға мүмкіндіктері көбірек болады.

Женька күлкілі езу тартып және бұл клоунадасы жігіттердің кезекті күлкісін тудырды.

Айтпақшы, кешкі ас кезінде-ақ Женька асаған әрбір тамағын кедендегідей тәртіппен сантиметріне дейін аса мұқият тексеріп, отырғандардың күлкісін келтірген. Бірақ бақытына орай «дұшпан диверсанттары» ол жерде болмай шықты. Ал қазір шай ішу кезінде ол біршама босаңсып та қалған. Бізде қырағымыз дегендей қарсы отырған Ваноса жігіт жеңімпазша пандана қарады. Женькаға кесемен шай ұсынған кезде, ол тіпті Иоанн әкейдің кезекті қақпанына түспес үшін, шайын қантсыз ішуге ұйғарды. Настядан хош иісті ыстық сусынды алып, кесесінде қалқып жүрген шамаларды көрді де, жымып жұмсақ үнімен айтты:

— Тәк, қыздар, шайды кім қайнатты? Қаттырақ қайнату керек еді. Мінекей, шай қалдығы қалқып жүр.

— Сен не, Жека? — деп Татьяна таңқалды. — Пакеттегі шай емес пе.

Осы сөздерде Женьканың жымысы су сепкендей басылды. Ол өзінің «шай қалдықтарына» мұқият қарай бастады. Стас та оның кесесіне қызығушылықпен қарап, кейін күлкімен айтты:

— Бұл құмырсқалар, құмырсқалар.

— Қап! Бірақ қалай?! — Женька қыздардың осындай арандатуға бармайтынына нық сенімді болды. Ваносың жымысқылған көзқарасына таңқала қарады да, тек содан кейін ғана қасында тұрған шәйгүмге көзі түсті. — Қап! Саған дауа жоқ екен! Халықаралық конвенция сені көрсе жылайтын шығар! Бассыздық, мен Біріккен Ұлттар Ұйымына арызданатын боламын! Мен Рим Папасына хат жазамын!

Осылай Женька жарты сағат бойына әзілмен наразылығын айтты, айтқан әрбір «арыз» мәтіні, Ваносың ішек-сілесін қатыра күлдіретін комментарилерімен қатар жүрді. Бұл жұптың осындай бітпес әзілдерінен тіпті кейбіреулерінің іштері ауырды. «Ресми хаттарды» жазу процесіне, Сэнсэймен әңгіме уақытын ұтымды пайдалануға тырысқан Николай Андреевичтің араласқаны жақсы болды. Оның үстіне ойландырған тақырыптар туралы «бөтен көздерсіз» ашық әңгімелесудің реті келді. Әрине Ванос болды, бірақ ол артық сұрақ қоймады. Оның үстіне Сэнсэй де оның қасында еркін сөйлесуге қымсынбады. Кезекті әзілге халықтың қарқылдап болуын күтіп, Николай Андреевич әңгіме бағытын епті (әдепті) бұра бастады.

— Жоқ, шыныменде біздің спецназ қайда жоғалды?

— Тіпті кешкі астан да бас тартса, мүмкін тамаша бір жерді тауып алған шығар, — деп тәтті нанды аузына бірінің артынан бірін тығып, Виктор болжамын айтты.

— Иә, егер балық қабатын болса, барлығын ұмытып кетесің. Уақытқа толық селқостық, — деп Николай Андреевич әзілдеді. — Айтпақшы, уақыт жайында. Осы туралы сенен толық сұрағым келіп жүрген, — деп Сэнсэйдің назарын аударды. — Менде қазір уақыт

түсінігі субъективті деңгейде мүлдем дерлік жоғалатын, әсіресе медитациядан кейін, кезеңдер жиі болып жүр. Осындай эффект болады... кристаллдай сананың таза күйі деп айтар едім. Жұмыс жасау мүмкіндігі аса көтеріледі. Әсіресе медитациядан кейін қағаздармен жұмыс жасағанда, қолыңда, дұрысы басыңда толық кітапхана және барша қажетті ақпарат сананың бетіне жеңіл шығатындай сезім қалдырады.

Негізінде уақыт феномені бұрыннан мені қызықтыратын. Және сұрақтар да жиналып қалыпты. Енді ресми бөлігімен барлығы түсінікті: ғылымда уақыт белгілі бір процестердің өлшеу бірлігі ретінде қолданылады. Философияда — бұл материя күйі, құбылыстардың ретімен өзгеру формасы екені түсінікті. Оның кеңістікпен үзіліссіз байланыста екені анық. Және уақыттың әмбебап қасиеттері — ұзақтығы, қайталанбауы және қайтымсыздығы, ал кеңістіктің қасиеттері — созылықтылығы (протяженность), үзіліс пен үздіксіздік бірлігі екендігі де белгілі. Осының барлығы түсінікті секілді... Бірақ түптеп келгенде... Меніңше, біздердің уақытты қалай өлшейтінімізбен, оны шын мәнінде қалай өткізетініміз арасында орасан айырмашылық бар секілді. Санамызда өз даусы үшін күресетін бірнеше уақыт қабылдау (сезімі) болатындай көрінеді. Бірі — уақыт ережелерінің дәлдігі мен сандық көрінісін негіздеуге тырысатын ғылыми. Басқасы — осы ережені бұзуға ұмтылатын әлеуметтік. Үшіншісі мысалы медитация кезіндегі секілді, уақытты субъективті қабылдау эффектісімен байланысты. Төртіншісі стрессті жағдайлардағы өзінің феноменімен таңғалдырады. Осыған байланысты саған толық бір серия сұрақтарым бар. Бірақ алдымен шын мәнінде уақыттың өзі не екенін білгім келеді?

— Уақыт? — деп Сэнсэй басын шайқады да, айтты. — Үлкен тақырыпты қозғап тұрсың... Негізінде сен дұрыс байқадың, уақыт — бұл біршама салыстырмалы ұғым. Уақыт туралы көптеген ой-пікірлер (пайымдар), кімнің, қандай жүйемен санағанында және бұл құбылысты не үшін бақылағанына байланысты. Егер оны өз көрінуінде шыныменде қарайтын болса, онда уақытты былайша бөлуге болады:

1) **шын уақыт (истинное время)**, Аллат күшіне тікелей байланысты; егер естеріңізде болса, бұл әлемдегінің барлығы (мейлі материя, мейлі энергия болсын) оның ішінде уақыт та бар, сіздерге ендігі айтып берген Аллаттың арқасында өмір сүреді;

2) **ғаламдық уақыт (глобальное время)** (немесе абсолютті уақыт) — Абсолют масштабында материяның пайда болуынан толық жоғалуына дейінгі уақыт кезеңі;

3) **объективті уақыт** — Жердің өз осі мен Күнді айналу уақытымен анықталатын, яғни тең уақыт интервалында физикалық процестердің тұрақты қайталануымен, біздерге таныс уақыт санағы (есебі) — секундтар, сағаттар, айлар, жылдар;

4) **субъективті уақыт** — әрбір индивидің уақытты жеке қабылдауы.

Бірақ сен бұл процестерді жақсырақ ұғыну үшін, дұрысы саған бұл уақыт түсінігін бейнелі демонстрациямен түсіндіріп берейін. — Сэнсэй балалардан сіріңке қорабын сұрап алды да, бір сіріңкені шығарды. — Міне қара. Осы сіріңкенің алауы тұтанғаннан бастап түбіне дейін жануы барша материяның пайда болу және жойылу процесі деп елестетейік. Мен осы сіріңкені алғандағы қозғалыс сәті, оны қорапқа апарып, тұтану үшін күш салып, сіріңке тұтанып және оның толық жануы — осының барлығы бейнелі айтатын болсақ, ғаламдық масштабта **шын уақыттың** ағысы, яғни материяның құрылу және жойылу процесі кезіндегі Аллат күшінің пайда болуынан жоғалуына дейінгі сәті. Адами қабылдауда бұл уақыттың осы шағы болмайды, яғни тек өткен мен болашақ қана.

Ғаламдық уақыт — бұл алғашқы тұтану сәтінен сіріңкенің толық жануына дейінгі уақыт қозғалысы. Және бар процеске дұрыс сипаттама беру үшін сіріңкенің күкіртті басы вертикальды жағдайда тік емес, төменге қарай бағытталған болуы керек. Жанған алау жылдамдықтары түрлі екендігіне назарларыңызды аударыңыздар.

Сэнсэй сіріңкені жағып күкіртті басы жоғары тұрған кездегі тегіс, баяу жалынды көрсетті де, лезде сіріңкенің күкіртті басын төмен айналдырды. От алауы жоғары көтеріліп, сіріңке ағашын тез өртей бастады. Күйіп қалмас үшін Сэнсэй жалынын бірден сөндірді.

— Осы сәтті тоқтатайықшы, — деді жымия. — Осындай төменге қараған жағдайда жалынның өртеп үлгерген жерлеріне назарларыңызды аударыңыздар. — Сэнсэй сөнген

сіріңкені отырғандарға бере бастады. — Енді жалпақ тілмен айтатын болсақ ғаламдық масштабта да осы процесс жүреді. Үдеген жылдамдықтағы кеңейіп жатқан Ғалам сөзсіз ғаламдық уақытты жылдамдатады, алайда шын уақытқа еш әсер етпейді. Қазіргі физикада уақыт туралы мынадай аксиома бар: барлық жағынан бірдей құбылыстар бірдей уақытта болады. Ғаламдық уақыт адам түсінігі үшін салыстырмалы, себебі бұл процестің логикалық бағасы материалды ми құрылымдары арқылы өтеді. Сондықтан қазіргі ғылымда ғаламдық (абсолютті) уақытты өлшеуге болатын табиғатта ешқандай шынайы физикалық процестер жоқ деп саналады. Осыған байланысты уақыт ағысы (немесе өтуі) санақ жүйесінің жылдамдығына байланысты деген постулат бар.

— Бұл қалай? — деп Андрей түсінбеді.

— Енді, жаңа айтып кеткенімдей уақыттың өтуі туралы пайымдаулардың көбісі, осы процесті қандай санақ жүйесімен бақылағанға байланысты. Мысалы ұзындығы бір километр болған экспериментальды алып көлемдегі сіріңкені елестетіңіз. Ал сіз — бақылаушысыз (яғни біздің жағдайда санақ жүйесінің нүктесі), жану процесін зерттеу үшін сіріңкеге параллель орнатылған көтергішке немесе алып көтермелі кранға орналасқан.

— Ага-а-а! — деп Женька ойды «ұстап алып» армандай айтты: — Мен типа каска киген, үстімде өрт сөндіруші киімі бар, ал қолымда өрт сөндіргіш.

Жігіттер күлді, Ал Стас Сэнсэйге әзілдеп мұңын шақты:

— Жоқ, мынаумен тіпті ойша да эксперимент жасау мүмкін емес! Мен үстіме ақ халат киіп, жанымда жас сұлу ассистенткам бар деп ойлай бергенім енді ғана еді, қолында өрт сөндіргішімен мына кір-қожалақ менің жарық фантазмагорияма еш ұялмастан кіріп келді!

— Міне, міне! — деп Костя да қоштады.

Ұжым күлді.

— Енді бұл қабылдаудың жеке сұрағы, — деп Сэнсэй әзіл-шыны аралас айтты. — Енді былай, елестетіп көріңіздер, жану процесі басталып және алау (біздің салыстыруда дүниеге келіп, кеңейе бастаған Ғаламды білдіреді) төменнен жоғарыға кетеді. Егер сіздің көтергіштегі қозғалыс жылдамдығы жанған от жылдамдығымен бірдей болса, ендеше сіздің қабылдауыңызда уақыт салыстырмалы қозғалыссыз болып көрінеді. Ал сіз жанған отқа қарағанда жылдам қозғалсаңыз, онда өртену уақыты баяулайды. Егер сіз от жалынына қарағанда баяу қозғалсаңыз, уақыттың жылдамдағанын көретін боласыз.

— Түсінбедім?! — деп Костя таңқалды. — Ал неліктен мен өзімнің қабылдауымды бағдарға аламын, неге мысалы секундомерді қолданбасқа?

— Қап, жерге жабысқан ойыңмен сен шәрке бар болшы! — деді Женька күліп. — Секундомер қайда, ғарыш қайда! — Осы сөздерінде жігіт жерге, кейін жұлдызды аспанға басын көрсете изеді.

Барлығы қайтадан күлді. Оған Сэнсэй жауап берді:

— Күлкі күлкісімен, бірақ кейбір мағынасында Женька дұрыс айтады. Секундомер дегеніміз не өзі? Уақыт аралықтарын секундтармен өлшеуге арналған құрылғы. Ал секунд дегеніміз ше? Бұл жай ғана шартты өлшем бірлігі. Оның анықтамасы осы сұрақта ғылым танымының өсуімен көп мәрте өзгертіліп отырған. Заманауи секунд анықтамасы 1967 жылы қабылданған. Қазіргі уақытта адамдар секунд интервалын, цезий атомының белгілі бір толқын ұзындығының сәулелену кезеңдерінің белгілі бір саны сәйкес келетін уақыт аралығы деп атайды. Бүгінде осы негізгі СИ (Бірліктер Жүйесі) бірліктерінің ішіндегі ең дәлі деп саналады. Бұл жерде тағы не айтуға болады?! — Сэнсэй соңғы сөзін екіұдайлы мағынада айтты. Кейін кішкене үнсіз қалып, сөзін жалғастырды: — Сіріңкенің жануы мысалымен объективті уақыт, — бұл өртену кезінде болатын физико-химиялық процестердің уақыт сәті. Ал енді субъективті уақыт — осы процесс бөлшегінің уақытты жекелей қабылдауы.

Бірақ ғаламдық уақыттың жылдамдығы үнемі артып отыратындықтан, объективті уақыт та сәйкесінше жылдамдайды. Алайда объективті уақытты адамның субъективті позиция тұрғысынан қабылдауы өзгермейді, яғни тәулігіне 24 сағат болғаны қала береді. Уақыт парадоксы пайда болады: бір жағынан уақыт жылдамдап, адам бұны сезінеді. Дүйсенбіде

ұйқыңнан тұрып үлгерместен сенбі болып қалды деп айтпақшы. Ал басқа жағынан, физика позициясынан объективті уақыт тұрақты болып қала береді, мен жыл, ай, күн, сағат, секундты меңзеп тұрмын. Және осы барша уақыт феномені бірінші кезекте, кеңістік секілді уақыттың да материяның ажырамас сипаттамаларының бірі екенімен байланысты. Егер материя болмаса, уақыт та, кеңістік те болмас еді. Оның үстіне кеңістік секілді уақыт та гравитациямен өте тығыз байланысты.

— Гравитациямен? — деп Николай Андреевич таңқала қайта сұрады.

— Иә. **Уақыт, кеңістік пен гравитация — По бөлшегі энергиясында көрінетін Аллат-тың қасиеті (свойства). Материалдық әлем пайда болуының алғашқы себебі дәл осы Аллат. Және По энергиясының алдыға ішкі серпілісі уақытты тудырған.** Бүгінде уақытқа орасан зор тығыздықтағы, орасан зор энергия деп анықтама беруге болады... Және уақытта, гравитация мен кеңістікте барша материалды әлемге тән. Материалды емес әлемде немесе рухани, Құдай шынайылығында, қалағандарыңызша атаңыздар, яғни осы әлемнің арғы жағында уақыт, кеңістік, гравитация деген түсініктер мүлдем жоқ.

— Ал ол жақта не бар? — деп Виктор қызыға сұрады.

— Түсінесің бе, шекараның арғы жағындағыны логикалық түсіндіру негізінде мүмкін емес. Неліктен? Себебі адам миы материалды, ол шектеулі. Және ойлары да материяның нәзік құрылымы болғанымен бәрібірде материя болып қала береді. Әр заманда рухани ұстаздар: «Сенімде бол» (Верь) деп неліктен айтқан? Себебі адам санасы ол әлемді толыққанды сезіне алмайды. Ол егер өз агатодемонын іске қосса, таза сенім деп аталатынмен еш қарсылықсыз сене алады; болмаса жақсы жаман ойлары арасында теңселіп тұрса, гипотеза ретінде қабылдай алады; немесе көптеген күмәнімен какодемон толқынында болса, мұның барлығын фантастика деп санайды... Бірақ шекараның арғы жағындағыны ішкі деңгейде біршама шын сезінуге болады. Бұл үшін рухани жетілудің белгілі бір деңгейіне жету қажет.

— Ал Шамбала шекараның арғы жағында, уақытсыздықта ма? — деп Стас сұрағын қойды.

— Иә. Сондықтан ол жерде біздің түсінігіміздегі өткен шақ та, болашақ та жоқ.

Пайда болған үзілісті уақыт туралы өзіне қызықтырған әңгіме бағытына Николай Андреевич қайта бұруға тырысты.

— Ал әлемнің айналы бейнесі бар ма? Өйткені ол шыныменде болса, ендеше уақыттың физикалық бағытталуы туралы айтуға болады, бір жаққа да, қарсы бағытқа да. Кем дегенде, материя мен антиматерия туралы дәлелдер табылды. Және егер уақыттың айналы эффектісі (зеркальный эффект времени) дәлелденсе, уақыт машинасын да жасау біршама мүмкін деп ойлаймын.

— Уақыт машинасын? — деп күлді Сэнсэй. — Бұл болжамың жай ғана болжам болып қала беретінін айтқым келеді, одан артығы емес.

— Бірақ неліктен?

— Себебі материалды объектілер үшін уақыт машинасын жасау мүмкін емес. Неге екенін түсіндірейін. Материалды әлемде уақыт бір векторлы өтеді, яғни материяның пайда болуынан бастап жоғалуына дейінгі сәтке дейін бір бағытта қозғалады. Өйткені материалды әлем сол баяғы бір уақыт циклына — шын уақытқа бағынады. Әрине материалды әлемнің сан түрлі және онда көптеген параллельдердің болуы түсінікті. Бірақ осы барша параллель түрлі жиелікте орналасқанымен, алайда... шын уақытқа тәуелді. Яғни ол жаққа кеңістікке ауыса аласың. Материалды объектілер үшін кеңістікте лезде орын ауыстыру біршама мүмкін. Бірақ сол ғаламдық уақытта басқа жиелікке ауысасың.

— Тоқтай тұр, бұл қалай? — деп Андрей түсінбеді. — Бұл жерде тіпті жердің бер шетінен екінші шетіне ұшақпен ұшсаң да, бәрібір уақыт айырмашылығы болады емес пе.

— Сенің айтып отырғаның, субъективті адами уақыт түсінігіне жатады. Бұл қас-қағым. Ол туралы тағы да сөз қозғаймыз... Айтпақшы қас-қағым сәт туралы. Түптеп келгенде бар алуан түрлілігіне қарамастан шын мәнінде материалды әлем өмірінің шын уақыты, жай ғана

қас-қағым сәт, одан артығы емес. Ол біздер үшін миллиардтаған жылдарға созылған. Ал шындығында бұл уақыт өте шектеулі. Шексіздік пен мәңгілік сөздерінің шын көрінісі тек арғы жақта, шекараның арғы бетінде, Құдай шынайылығында ғана, бірақ материалды әлемде емес. Арғы жақ үшін материалды әлем — өзінің басы мен аяғы бар белгілі бір жарқ (вспышка) ету секілді. Материалды әлемді — шөл даладағы күнге қызған құмға түскен су тамшысы ретінде бейнелі салыстыруға болады. Пайда болмай жатып, лезде буланып жоғалады. Дегенмен шын мәнінде ол жай ғана бір күйден екінші күйге ауысады. Бірақ құмда болған сол қас-қағым сәт, мысалы ол тамшының электрон заряды үшін, — «шексіз Ғаламның» тұтас бір ғұмыры секілді.

— Демек, анти-уақыттың болуы мүмкін емес пе? — деп Николай Андреевич нақтылады.

— Өте дұрыс.

— Ал бөлшек пен антибөлшектің болуы ше ?

— Бұл материя заңын бұзбайды. Өйткені олар сол бір уақытта өмір сүреді. Бөлшектер де, антибөлшектер де салмақ мөлшеріне және басқа да физикалық қасиеттерге ие. Тек кейбір сипаттамалары, мысалы электр заряды болмаса магнитті сәті, белгі бойынша қарама-қарсы. Бар болғаны осы. Тіпті болашақта ғалымдардың ашатыны да, әрине егер сол болашаққа осы өркениет жете алса, жалпы уақытпен емес, жиеліктің өзгеруімен байланысты болады.

— Ал жарайды, ендеше адам реинкарнация процесі кезінде кез келген жердегі уақытқа, оның ішінде өткен шаққа да түсе алуының себебі неде? Бұл сенің айтқандарыңа кереғар.

— Бұл жерде кереғарлық ештеңе жоқ. Адами парадокстың да мәні осы жерде. Адамда сырттан, яғни Құдайдың шын әлемінен себіліп, материяға кіретін рух бар. Негізінде барша түсінік бойынша дәл сол рух, шын антиматерия. Ал адамдар «антиматерия» деп атайтын қалғандарының барлығы, жай ғана По энергиясының түрленуі. Адамның өмірлік энергиясы прана бітіп, тұлғасының салған ізі бар рухы, материалды әлемнің шегінен материалды емеске, яғни уақытсыздыққа өтеді...

— Ал тұлғаның салған ізі бар деген қалай?

— Бұл қызықты сәт. Тұлғаның салған ізі, әрине бейнелі салыстыру. Бірақ бұл адам бар ғұмырында өзінің алаңдаулары, жады, сезімдерімен құрған сол ішкі болмысты білдіреді. Және ең басынан бастап өмірінің соңына дейінгі әрбір сәтін таспалаған жадысы (есте сақтауы). **Бар ғұмырында адам болу неліктен өте маңызды? Себебі егер «осы жерде» сенің таңдау еркің болса, ой жағынан да, іс жағынан да, ал «ол жақта» өзіңнің таңдауыңа лайықтыны аласың.**

Енді былай, адами ұғымда «өткен шақ» түсінігі бар, себебі осы шақта болып біздер субъективті ойлаймыз (талдаймыз). Ал **өмір, шын мәнінде эзоосмоспен шартталған (немесе эзоосмостан туған) қас-қағым сәттердің тізбегі, яғни осы шақтағы По энергиясының үнемі ішкі серпілісі.** Шекараның арғы жағында өткен шақ, болашақ деген түсініктер жоқ. Біздің рухымыз қайта туылуға кеткен кезде, яғни уақытсыздықтан материалды әлемге шыққанда, біздер өткен шақ немесе болашақ деп оның көрінуін жеке қабылдаған осы шақтың көп қабатты шынайылығына тап боламыз. Бар болғаны осы. Сондықтан рух (жан) біздің түсінігімізде жаңа тәндерге еніп, «уақытты кезе алады» (кататься во времени). Бірақ кез келген материалды объектілер үшін бұл қол жетімсіз. Онымен материалды әлемде болуы мүмкіннің барлығы осы шақтағы По энергиясының түрленуімен байланысты.

Сэнсэйдің сөздерін қайтадан ойша айналдырған болуы керек, Николай Андреевич өзімен сөйлескендей тыныш талдай бастады:

— Яғни адам қаза тапқан кезде...

— Айтпақшы, әрбір өлім бір-біріне ұқсамайды, — деп қосты Сэнсэй. — Менің айтқаным дәл сол адамның өмірлік күші — прана біткен кезде болады. Және әркімде әрқалай. Бұл жерде барлығы субъективті уақытқа байланысты және жас шамасы рөл атқармайды. Біреулерінде прана бала кезінде, басқаларында — орта жаста, ал үшіншілерінде — кәрілік шағында таусылуы мүмкін. Маңызды емес. Бастысы, кейін рух

қайта туылуының циклына өтеді. Бірақ өлімі мезгілсіз болып адамның пранасы әлі толық болған, мысалы оны зорлықпен өлтірген немесе ақымақтықпен өз-өзіне қол жұмсайтын жағдайлар да болады. Міне осы кезде рухы өзінің астралы, нәзік сыртқы қабыршағымен өлген тәннің жұмсалмаған пранасымен қайта туылуға кетпей, осы жерде, осы уақытта, осы өмірдің нәзік материалды деңгейінде қалады. Былай айтсақ болады... бұл субъектіні адамдар «елес» деп атайды. «Сізге де емес, бізге де емес» деген күйде біршама ұзақ сенделумен болады, адам тәнде өмір сүргеннен анағұрлым ұзақ уақыт. Себебі материалды тәнсіз прана өте баяу жұмсалады. Бұл созылған қорқынышты жағдайдан рух тек прана таусылып және нәзік тәні бұзылғанда ғана босай алады. Сондай-ақ бұл болмыстың тәнде өмір кешкенінде жинаған оның уайым-қайғысы да көп есе күшейетіні маңызды екенін айта кеткен жөн. Және осындай жеке күйзелісімен елестік бар «өмірін» өткізуіне тура келеді.

— Жаман перспектива, — деп Андрей күңк етті.

— Түсінікті іс, — деді Сэнсэй. — Ал уақытты адамның субъективті сезінуі, көбінде салыстырмалы. Неліктен? Себебі микро және макроғарыштағы болып жатқан бар процестер, болып жатқанға адами оймен баға беретін, адами көзқараспен қабылданады. Ал ой, естеріңізге сала кетейін, бірінші кезекте өзінің қабылдауында бәрібірде шектеулі болған материалды мида дүниеге келеді. Адамдарға тек өмір сүруге және қоршаған әлемді тануға ыңғайлы болу үшін, адамзат уақыт туралы өзінің түсінігін көп жинады. Бірақ күнтізбеден бастап салыстырмалы қателігі бар секундтарды бөлуге дейінгі барлығы шартты түсініктер. Мысалы тірі тіршілік иелерінің ішкі биоритмінің сантүрлілігін талдайтын хронобиологияны алып көрелік. Онда әрбір ағзаға уақыт түсінігі салыстырмалы...

— Енді негізінде иә, — деп Николай Андреевич келісті. — Егер адамды алып қарайтын болсақ, оның әрбір ағзасы өзінің жиелігінде, өзінің тербеліс периодымен жұмыс жасайды: секундтың оннан біріне тең бас миының тербелісі, алты секундты дем алу циклы, секундты негізгі жүрек ритмы және сол сияқтылар...

Женька бұл сөздерді естіп, сол бойда күлді:

— Міне, міне... Мен Стасқа үнемі айтатынымын: «Сен адам емес, ағзалардың кездейсоқ жиынтығысың» деп. Ал ол маған сенбейді. — Және досына қарап: — Ақылды адамның айтып тұрғанын естимісің?.. — деді.

Женьканың қаламбурсына бәрімен бірге күлген дәрігер, бұл әзілге өз сөзін айтты:

— Бұл тек бір қарағанда ғана әрбір ағза өзінің «кездейсоқ» тербеліс процесінде секілді көрінеді. Әрбір ағзада компьютердегі орталық процессор секілді барша организмнің жалпы жұмысын синхрондайтын өзінің басты «тербетіп-уақыт бағдарлайтыны» («колебатель-времязадаватель») болады.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй басын изеп, нақтылады: — Бірақ тағы да осы барша секундты тербелістер де салыстырмалы. Егер сыртқы жағдай немесе психологиялық фактор қарқынды әсер ететін болса, ішкі уақыт баяулап немесе жылдамдауы мүмкін, дұрысы ең бірінші кезекте адамның эзоосмосы баяулап, жылдамдығын арттырады. Ал кейін сәйкесінше ағзаның да жұмысы баяулап, үдей бастайды. Мысалы стрессті жағдайларда.

— Павлов жазғандай: «Орталық жүйке жүйесіндегі уақыт есебінің негізі, қозу мен тежелудің өзгеруінде жатыр», — деп Николай Андреевич сөзін қосты.

— Иә. Сондықтан уақыт — салыстырмалы түсінік, әсіресе биожүйеде. Барша адамдар, өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер түрлі уақытпен өмір сүреді, түрлі жылдамдықта қартайды. Қарапайым сөзбен айтсақ, әркімнің өз прана қоры бар, сондықтан биологиялық сағаттары да әркімде әртүрлі жылдамдықта. Сәйкесінше материя объектілерінің уақытты қабылдауы да біздерге сан түрлі.

— Өз жылдамдығымен? — деп Руслан қайталап сұрады. — Бұл қалай?

— Енді, мысалы екі мыңнан төрт мың жылға дейін өмір сүретін сол баяғы жидекті тисс, реликті ағашты (реликтовые деревья) алып қарайық. Басқа ұзақ өмір сүретін ағаштар секілді ол да баяу өседі, есесіне ұзақ өмір сүреді. Немесе тасбақалар. Олардың көп түрі жүз жасқа дейін өмір кешеді. Мысалы құрлықтағы тасбақалардың реакциясының жылдамдығы біздерге қарағанда екі-үш есе аз. Егер сен олардың жанынан жаяу жүріп өтсең, жобамен 50

км/сағатпен қасыңнан мотциклист өткендей, оларға да жылдам өткендей боласың... Немесе шыбынды алып көрелік. Оның біздерден мүлдем өзгеше жеке уақыт циклы бар тіршілік иесі ретінде қабылдаймыз. Есептеу бойынша бір жарық күн шыбын үшін жобамен біздің күнтізбелік бір ай мерзіміндей. Біздер ол үшін айтып жеткізе алмас баяу тіршілік иесіміз. Ал неліктен? Себебі шыбынның өмір жылдамдығы адам өмірі жылдамдығымен салыстырғанда анағұрлым үлкен. Сәйкесінше реакциясының да жылдамдығы айтарлықтай жоғары... мысалы Женька қолымен оны ұстаймын дегенше, ол барша табандарын (все лапки) қанаттарымен тазалап, қауіптің қайдан келе жатқанын және бұл баяу тіршілік иесі қолын қойғалы жатқанда қай жер қауіпсіз екенін анықтап үлгереді. Және секундына ондаған рет қанаттарын қағып, асықпай ұшып кетеді.

— Мен садист емеспін ғой, — деп Женька өзіне-өзі араша болды да, Иоанн әкейге көз қиығын салып жалғастырды: — кейбіреулерге қарағанда, саусақпен көрсетпей-ақ қоялық. Мен табиғатты жақсы көремін!

Бірақ қолына қонған масаны көрді де, еріксіз шапалақпен салып қалды. Жігіттер күлді.

— Көрініп тұр, — деп күлді Ванно.

— Тек бұл жігіттің тағдыры солай, — деп қолындағы маса қалдығын лақтырып, Женька ақталды.

— Қызықты, ал ұзақ әрі бақытты ғұмыр кешіп бір күнде дүние салу деп айтпақшы өз уақытыңды басқаруға болады ма? — деп армандаған Руслан сұрағын қойды.

Костя қарқылдап, мысқылмен:

— Неге болмасқа? Осындай жағдай тіпті тарихта да бар. Әнекей, Помпейде барлығы ұзақ, бақытты өмір кешті... және барлығы бір күнде қаза тапты, — деді.

Ұжым Русланға әзілдерін жаудырып, сюжетті дамытып тағы бір мәрте күліп алды. Бес минуттық күлкі басылған кезде, Сэнсэй сөйледі:

— Адамның көпке мүмкіндігі бар. Ғұмыр кешуінде өзінде бар мүмкіндіктерді тіпті де пайдаланбайды деуге болады. Дегенмен экстремальды жағдайларда мен айтып кеткенімдей олардың көрінісін байқай алады. Оның ішінде уақытқа да қатысты: субъективті уақыт қатты үдеп, ал объективті уақыт керісінше баяулайды. Көбінде бұл феноменмен қауіпті мамандық иелері жолығады: ұшқыштар, жарысушы жүргізушілер (гонщики), каскадёрлар және сол сияқты. Ерекше экстремальды жағдайларға тап болып, шыныменде уақыттың баяулап және осы уақыт аралығында жағдайды дұрыстау үшін мүмкін болғанның барлығын жасап үлгереді. Ал бұл күйден шыққан кезде бірер секундта әдеттегі өмірде жасай алатыннан ондаған есе көп жұмыс жасағанын байқайды.

— Ал бұны немен түсіндіруге болады? Осы сәттерде прана көбірек жұмсала ма? — деп Николай Андреевич өз болжамын айтты.

— Иә. Психикалық энергияның қатты лақтырылуы қуатты пранының шығуын тудырады, бұл өз кезегінде адамның эзоосмосына әсер етеді. Бұл жағдайда ол жылдамдығын үдетіп, сол себепті адам қас-қағым сәтте қалыпты жағдайына қарағанда анағұрлым көп нәрсе жасайды... Осындай күйді аса қиын жағдайларға тап болған қарапайым адамдар да басынан өткізеді. Сондықтан «өмір көз алдымда лезде өте шықты» деген сөз жайдан-жай айтылмаған.

Осы жерде, біздер болған уақыт аралығында уақыттың жалпы толқыны болады... Немесе түсіну жеңіл болуы үшін дұрысы былай айтайық, біздер белгілі бір жылдамдықпен қозғалып келе жатқан, өмірдің белгілі бір көлігінде отырмыз. Және тек көргенімізді ғана көреміз. Неліктен? Себебі біздің атомдар белгілі бір жылдамдықпен қозғалады. Егер олар бірнеше рет жылдам жұмыс жасай бастаса, бұл біздер тезірек өлеміз дегенді білдірмейді, тек көргендеріміз жоғалып, мүлдем басқаша бейне мен картина пайда болады. Өлшемдер (измерение) толып жатыр және бұл жерде таңқаларлық ештеңе жоқ.

Әңгімеде кішкене үнсіздік пайда болды. Бір нәрсе туралы ойланып, кейін Николай Андреевич сұрады:

— Ал кеңістіктегі орын ауыстыруға келсек... Сенімен телепортация туралы әңгімеміз есімде, бірақ шынымды айтсам, бұл өмірде қалай болатынын әлі күнге дейін шын елестете алмаймын...

— Дұрысы, сене алмаймын де, — деп Сэнсэй жымысымен сөзін дұрыстады (өз атымен атады).

Дәрігер тыжырайды. Сэнсэймен әңгімеде осындай сұрақтан қашқаны анық.

— Дұрысы феномен негіздері өзіме түсінікті болуы үшін, — деп Николай Андреевич сытылды да, ойларын жинақтап әрі осыған байланысты сұрағын біршама нақтылау үшін, ұялықырап назарын түсірді.

Және осы кезде мүлдем күтпестен дәл қасымнан дерлік Сэнсэйдің әзіл үні жоқ емес даусы естілді:

— Негізін, деймісің? Негізі, әрине жақсы шаруа (іс). Тек одан бұрын сенім болуы керек...

Николай Андреевич таңқалып бұрылды. Қалай келгені түсініксіз, жанындағы бос орында ештеңе болмағандай Сэнсэй отыр.

— Дұрыс, — деген Сэнсэйдің тағы да даусы естілді, бірақ бұл жолы дәрігер бұрынғы ара қашықтықтан естіді.

Тек осы кезде ғана Николай Андреевич Сэнсэйдің екеу болғанын көрді. Біреуі өзіне қарсы орнында жайғасқан, ал екіншісі біршама шынайы, ет пен сүйектен демекші, Николай Андреевичтің жанындағы бөренеден отырды.

— Бұл не гипноз ба? — деп басына келген ойды айтып психотерапевт таңқалды.

Екі Сэнсэй бір мезгілде күлді.

— Одан да сорақысы, — деп жанында отырғаны қорқынышты құпияны айтқандай сыбырлады: — Бұл тұлғаның екіге бөлінуі... Оны сіздерде қалай атайтын (ұлықтайтын) еді?

— Шиза ма? — деп алыс емес жерде отырған, таңқалысы кем болмаған Виктор, екінші Сэнсэйден көзін алмай автоматты айта салды.

Екінші Сэнсэй үнсіз күліп селкілдеді. Ал Николай Андреевич аздап басын шайқап абдырағанын басу үшін өз-өзін қолға алуға тырысып, өзіне ме, әлде Викторға қарап айтты ма белгісіз:

— Егер осының барлығын сен көрсең шиза, ал барлығы көрсе...

Осы кезде мүдіріп, қайтадан екінші Сэнсэйге мұқият қарады.

— Жоқ, бұл гипноз емес, гипноз емес, — деп қарсы отырған Сэнсэй оны тыныштандырды.

— Хм, гипноздан басқа ешнәрсе жоқтай, — деп біріншіге екінші Сэнсэй қарады. — Мінекей, білімді күні бұрын беру дегеніміз... Бірден жаңа дулығаны ескі дамбалмен долбарлау (шамалау) басталады.

«Клонының» осындай трактовкасына бірінші Сэнсэй жымыды да, Николай Андреевичке сабырмен түсіндіре бастады:

— Шын мәнінде бұл жерде барлығы соншалықты оңай. Кеңістік гравитациямен, гравитация уақытпен байланысты. Ал барлығы Аллат әсерімен үздіксіз байланыста... Бұл құбылыс ең қарапайым іргелі (немесе фундаментальды) заңдармен сипатталады...

Көрген көзі мен естіген құлағына аса бір қатты сенбегені анық, Николай Андреевич біресе мына Сэнсэйге, енді бірде екінші Сэнсэйге түсіне алмай қарады. Ал Женька болса үйдегі қаймақты жалаған мысық секілді осы уақытқа дейін асап отырған тосабына тіпті шашала жаздады. Осындай «приколдан» таңқалған көзін алмай, тура дәл қазір жоғалып кетеді деп қорыққандай, Стастың жайлап бүйірін түртті:

— Тыңдашы, мені шымшып көрші...

Көргенінен өзі де шок алған Стас досының өтінішін жақсылап орындағаны соншалықты, Женька үстіне ыстық су құйылғандай атып тұрып, тосап салынған банканы төңкеріп тастады.

— Ай! Сен не, есіңнен ауысқансың ба?!

— Сен өзің сұрадың емес пе, — деп Стас иығын көтерді.

— Енді бұлай емес! Міне қара, қалай көгерткенінді, — деп төгілген тосапқа қарап ашына айтты: — Блин! Қанша жақсы ас ысырап болды!

Бірақ тосап жайында қалды, себебі келесі сәтте Женьканың назары екінші Сэнсэйге толық ауысты. Қаншалықты біртүрлі болса да, отырғандардың назарын аударған осы кішкене күлкілі инцидент кезінде, екінші Сэнсэй жоғалмады. Және кейін халық өзін «оятуға» қанша әрекет жасағанымен, Сэнсэй бір орында қала берді. Бұл кезде абдыраған Викторды Женька ығыстырып, екінші Сэнсэйдің қасына отырды да, ештеңе ойлап таба алмастан оған қолын созды.

— Сәлем.

— Сәлем, — деп қолын қатты қысып, екінші Сэнсэй күліп жіберді.

Алтын құймасына қарағандай Женька оған мұқият қарады да, триллерлік сыбырлауға дейін даусын түсіріп, күмәнмен айтты:

— Сэнсэй, бұл сенбісің? — және бірінші Сэнсэйге бұрылды да, сөзін қосты: — Бұл...

Ол екінші Сэнсэйге қатысты сұрақтарын мимикасымен «телеграфтай» (телеграфировать) бастады. Барынша салмақты жеткізгісі келгенімен, бәрібір күлкілі болып шықты. Бұл «телеграмма» жолданған бірінші Сэнсэй де, Женька сұрауға тырысқан екінші Сэнсэйде көздерінен жас аққанша күлді. Ал Женька дыбыссыз хабарламасының шифры шешілмегенін көріп, онысын айтуға тырысты.

— Ал сені...әлгі... ұстап көруге... болады ма.

Бір нәрсені болса да айтуға шамасы болмай бірінші Сэнсэй басын изеді. Женька екінші Сэнсэйдің абайлап бицепсін ұстады. Ал ол күлкіден көз жасын сүртіп:

— Міне көріп тұрсың ба! Ал сен оларға жоғарғы (ұлы) заңдар туралы айтқың келді. Олар бұған дайын дегенді қайдан шығардың? Жеке өз басым дәстүрлі бағытты өзгертуден (смены традиционной ориентации) басқаны көріп тұрғаным жоқ.

Екінші Сэнсэй үмітсіз қолын сілтеді. Осы сәтте өзінің оң қолына сенбегендей, Женька егіздің екінші қолын сол қолымен ұстап көргісі келді. Бірақ осы кезде екінші Сэнсэй пайда болғанындай лезде жоғалды. Сондықтан жігіттің алақаны ауаны қапты. Осындай күтпеген жәйттен Женька тіпті абдырап, айналаға күлкілі көрінген алақандарын қосты.

Николай Андреевич бірден екінші Сэнсэй отырған бөренеге қолын қойды.

— Ал керек болса, жылы, — деп дәрігер қатты таңқалды.

Бұны естіген қалған жігіттер де орындарынан тұрып сол жылуды ұстауға тырысты. Тек Сэнсэй мен Вано ғана өз орындарында қалды. Иоанн әкей тіпті де қимылдамастан отырып, болып жатқанды салмақты түрімен бақылады.

— Сэнсэй, сен мұны қалай жасадың?! — деп Андрей таңқалды.

— Жәй, — деп Сэнсэй қолын сілтеді. — Ұмыта салыңдар.

— Қалай ұмыта салыңдар?! Қалай ұмыта салыңдар?! — деп осыншалықты естен тандырған көріністен оянып, Женька наразы болды. — Түсінесің бе, ақиқат үшін мен өзімнің жарты бүйірімді мына жауызға бердім, — деп ол Стасқа басын изеді, — өзімнің «тұлғамды» тәтті рахаттан айырдым, — ол төңкерілген тосап банкасын нұсқады, — тіпті аз болғанда басымды жоғалта жаздадым! Және осының барлығы ұмыта салу үшін бе?!

Бірақ Сэнсэй күліп, тек әзілмен ғана жауап қайтарып отырды. Жігіттердің осындай реакциясын бақылағаны анық, бір нәрсе туралы түсіндіру ойынан айнығандай. Бірнеше уақыттан кейін барлығы біршама өздеріне келген соң, Николай Андреевич сөз бастады:

— Жоқ, шыныменде Сэнсэй... Сырт көзге ақымақтар секілді көрінгенімізді түсінемін. Бірақ сонда да егер пенделік әлсіздігіміздің бір минуты бізді осыншалықты маңыздыны білуден айырса, өкінішті болмақ.

— Және тек біздерді ғана емес... — деп кенеттен барлығы үшін Настя сөзін қосты.

Сэнсэй сөйлегендердің көздеріне мұқият қарады да, кейін мақұлдағандай жымыш:

— Енді осылай болса, дегендеріңіз болсын, — деді.

Барлығы көңілденіп, ыңғайлырақ отырды.

— Сен бұл құбылысқа байланысты қандай да бір заңдылықтарды айтқансың, — деп Николай Андреевич есіне салды.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй растап, ендігі жақсылап түсіндіре бастады: — Адам үшін кеңістікте лезде орын ауыстыру — бұл қарапайым дүние. Және бұл жерде қазір ғалымдар бас қатырып жүрген жылдамдықтың (немесе үдеудің) еш қатысы жоқ. Тек телепортацияны үйрену қажет. Ал ол үшін уақыттың жалпы заңдарын білу шарт. Сол кезде адамдар үшін телепортация, мысалы бүгінгі электр жарығы секілді қалыпты шынайылық болады. Өйткені Эдисон жарық шамын ойлап тапқанда, бұл көптеген адамдарға мүмкін емес дүние еді. Бірақ кейін өнертабысы қалыпты болғаны соншалықты, бүгінде біздер қараңғы бөлмеге кіріп жарықты қосқанда, электр қуаты не дегенге тіпті де бас қатырмаймыз. Ал шын мәнінде адамдар әлі күнге дейін электр қуатының не екенін білмейді, себебі оларға жалпылай ғана түсініктер берілген. Бірақ осыған қарамастан, осындай күшті ыңғайлап әрі оны сәтті пайдаланып жатыр. Және жалпы ақпараттық желісі бар компьютерлерді жасауға дейін жетті.

Енді былай, қазір мен айтатын бұл құбылысты анықтайтын шын уақытқа қатысты. Оны білуші кез келген жаңа Эдисонның, уақыт феномені туралы түсіну қолынан келеді... Сонымен уақыт, жоғарыда айтып өткенімдей, Аллат қуатының По энергиясының бір бөлшегіне айналуының нәтижесінде пайда болған орасан зор энергия, ол өз кезегінде По эзоосмосын тудырды. Уақыт тек бір бағытта өткен шақтан болашаққа жүреді. Ол гравитациямен тығыз байланыста. Уақыттың таралуымен гравитацияда таралады. Уақыт себеп-салдармен сипатталады. Себебі мен салдары арасында кеңістік-уақыт нүктесі болады немесе осы шақ. Ол себебіне де, салдарына да жатпайды. Алайда дәл сол арқылы себептің салдарға түрленуі болады. Әзірге түсінікті ме? Енді ең маңыздысы. Уақыт жұмысының принциптерін қарайық. Уақытты тудырған По энергиясының алғашқы серпілісінде, осы шақтан болашаққа энергия серпілісі болған, яғни осы шақтан салдарына, бұл уақыттың бір векторлығын анықтайды. Уақытты іске қосқан сол По бөлшегінен гравитация элементтері пайда болады. Себебі гравитациялық күштер арқылы осы шаққа тартылады, осылайша гравитационды өріс пайда болады. Және дәл осы сәтте ішкі По серпілісінің арқасында, яғни уақыт жасаушы По эзоосмосымен, осы шақтан болашаққа серпіліс жүреді. Яғни себебі уақыт энергиясының қозғалысына өтеді. Және процесс кезінде материя тығыздығына байланысты уақыт энергиясының тұрақтылығы сақталады. Егерде, мысалы уақыт энергиясы болмағанда сәйкесінше гравитацияда болмай, біздің Күн баяғыда-ақ жанып (өртеніп жоқ болып), магнитті өрістер өмір сүре алмайтын, атомдар өз электрондарын ұстап тұра алмас еді және сол сияқты. Қарапайым тілмен айтсақ уақыттың осындай эзоосмосы көрінуінен сыртқы да, ішкі де материя сақталады...

Осы кезде отырғандардан алыс жерде аяқ астынан Сэнсэйдің сыңары қайта пайда болды. Ол жақын жердегі бұтаны отқа лақтырды да, кейін ештеңе болмағандай Сэнсэйдің әңгімесін толықтыра бастады (солай болуы керектей).

— Иә, бірақ уақыт өзінің жалпы сипаттамаларынан басқа әрбір пайда болған материяда даралық (жеке) қасиеттерін де көрсететінін айтуды ұмытпа. Қай жерде уақыттың тығыздалу процесі жүрсе, сол жерде сөзсіз гравитацияның да тығыздалу процесі жүреді. Біртіндеп уақыттың күші де ұлғаяды. Материалды әлемде По энергиясынан кейін, уақыт пен гравитацияны ең қуатты энергиялар деп санауға болады. Және гравитация, материяның эволюция процесі кезіндегі уақыттың эзоосмосқа (предэзоосмический) дейінгі күйі болып табылады. Гравитацияны өткен шаққа байланысты уақытты құрайтын бөлшектерінің бірі деп атауға болады. Ал осы шақ дегеніміз ішкі серпіліс тудырған, яғни эзоосмос, По энергиясының көрінген сәті.

— Уақытқа асимметриялық қасиет тән екенін де ұмытпаңыз, — деді Женьканың артында тұрған үшінші Сэнсэй. Барлығы таңырқап бұрылып жатқан кезде, ол қолдарын жігіттің иығына қойды. Күтпеген жағдайға Женька селк етіп, өзінің реакциясын байқап, көзін қысып әрі ескі достарша иығынан қаққан қасында тұрған Сэнсэйге қауіптен көз қиығын салды. — Иә, иә, досым, уақыттың асимметриялығының арқасында барлық материалды өз уақытын аяқтап, жаңа материалды формалар үшін қайта түрленуге кетеді. Эзоосмостың арқасында энергия бір формадан екіншісіне ауысады.

Ол айтып жатқан кезде Женька қатты қорыққан аю секілді көздерімен қарады. Жігіт баяу басын бұрды да, иығында қолы тұрған Сэнсэйге назарын салды. Женька тіпті дем алмағандай көрінді. Осы кезде қараңғылықтан төртінші Сэнсэйдің даусы естілді.

— Енді, осындай серуендеу басталған екен, — деді де, жанған отқа азық-түлік шатыры жағынан келіп, қолында ұстаған тәтті нанын аузына салды, — ендеше оларға жарық жылдамдығын да айтыңдар. Осындай Тортила тасбақасына адамдардың таңқалуын қашанға дейін бақылауға болады?

Төртінші Сэнсэй өзінің осындай әзілмен салыстыруына күліп, Ваного жақындады да, достарша тәтті нан салынған қорапты ұсынды. Ваного бір тәтті нанды алды да, абдырап ізетпен басын изеді. Бірақ тәтті нанды жемей, құдды бір жәдігер болғандай қолында ұстады. Оны көрген Сэнсэй күлемін деп шашалды. Жақын жерде минералды су бөтелкесін таппай, Ваноның қолындағы кесені асығыс алып, суыған шайдан бір-екі жұтым жасады.

— Рақмет, — деді де, кесені иесіне қайтарды.

Ваного қайтадан басын изеді.

— Иә, оларға жарық жылдамдығы туралы айтып берші, — деп екінші Сэнсэй сұрады.

— Ол туралы баяғыда-ақ білулері керек еді, — деп үшінші Сэнсэй де келісті. — Әйтпесе бірге бірді көбейте алады, бірақ екіге екіні көбейтуге келген кезде күштері жетпейді... Әлгі 1972 жылы «үлкен дәлдікпен» жиеліктің квантты стандартымен вакуумда жарық жылдамдығы «жобамен» 299,79x10⁶ м/с деп есептеді де, осымен тынышталды. Бұл дегенің анекдот, әлі күнге дейін бұл жылдамдықты физикалық әсерлердің максималды жылдамдығы деп санайды! Оларға шын мәнінде олай емес екендігін айтшы.

— Енді, сіздер осылай санасаңыздар, — деп Сэнсэй иығын көтерді. — Мархабат... Бүгінде жарық жылдамдығын уақытпен байланыстыру, шыныменде дұрыс емес. Жарық гравитационды өрістердің арқасында таралады. Фотонға үдеу беретін алғашқы серпіліс, жарық жылдамдығынан айтарлықтай жоғары. Жарық жылдамдығының қозғалысы жай ғана жарықтың физикалық қасиеттерімен анықталады. Ал гравитация болса жарыққа жылдамдық беріп оны қолдайды, өзіне фотондарды тартады және осылайша оны эзоосмосқа тартады. Егер уақыт позициясынан қарайтын болсақ, онда жарық секіріспен қозғалады, уақыттың өту нүктесінде баяулап және кейін жылдамдығын үдетеді. Бұл гравитация жарық жылдамдығынан үлкен екенін дәлелдейді. Гравитация және эзоосмоссыз жарық бір орында тұрар еді және жарықтың алғашқы лақтырулары да болмайды. Оған себебі сәйкес. Ал себебі салдарға өткенде, осы шақ нүктесімен өтеді, яғни уақытша ішкі серпіліс. Бұл процестің барлығы өткен шақтан осы шаққа алғашқы тартылыс күшімен шартталған (анықталған), ал эзоосмостың арқасында — болашаққа, яғни салдарына.

Сэнсэй үнсіз қалды және оның бейнесіндегі сұхбаттасушылар жоғалды.

— Ең қызығы заманауи физикада гравитационды өзара байланысты, әсер етуші күштердің арасындағы ең әлсізі деп санайды. Бұл жерде материалды денелердің гравитационды өзара байланысы мензелген, мысалы жолдағы кірпіш немесе ғарыштағы планета. Бұл жердегі бар күлкілісі көптеген сантүрлі теорияға қарамастан, шын мәнінде гравитацияның не екендігін бірде-бір адам түсінген жоқ. Бірақ өз бағасын беру керек, таза теориялық тұрғыдан болса да гравитация бөлшектерден тұратынын есептеп шығарды, тіпті оларға атау да берді — гравитон. Бірақ гравитон не екендігін ешкім білмейді. Және бұл кейбір халықтардың тарихында дәл сол гравитон тек айтылып қана қоймай, оның физикалық қасиеттері де біршама толық жазылғандығына қарамастан. Гравитон басқа емес, дәл сол По бөлшегінің өзі. Осы бөлшектерден мен айтып кеткенімдей барша Ғалам тұрады. Мысалы сіздер білетін нейтрино бес По бөлшегінен тұрады. Және дұрыс пішімдегі бес бұрышты жұлдыз формасында. Айтпақшы нейтрино арқылы айтарлықтай деңгейде Аллат көрінетіндіктен, оны көбінде екіұдайлы мағына берген бес бұрышты жұлдыз түрінде бейнелеген: әйелдік негіз символы және Аллат ретінде. Дегенмен түптеп келгенде бұл бір дүние (нәрсе).

— Тоқтай тұр, Сэнсэй, айтарлықтай деңгейде Аллат көрінеді дегені қалай?! Мен түсінбегендеймін?! — деді Николай Андреевич.

— Білесің бе, нейтрино басқа элементарлы бөлшектер деп аталатындардан айтарлықтай деңгейде өзгеше. Біріншіден, нейтриноның массасы болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін. Гравитационды өрістер, магнитті немесе электромагнитті өрістермен өзара байланысқа түсе алады және түспеуі де мүмкін. Онымен қоса нейтрино жарық жылдамдығымен қозғала алады, бірақ баяулап және траекториясын өзгертетін қасиетке ие. Және заманауи физика тұрғысынан ең фантастикасы, нейтриноның мүмкіндіктері оның шексіз ара қашықтықтарға лезде орын ауыстыра алатын қабілетінде.

— Бұл қалай? — деп Женька сұрады.

— Қарапайым. Гравитационды өрістермен өзара әрекеттесіп, нейтрино бір күйден екінші күйге ауысады. Былай айтайық, бөлшек күйінен қатаң анықталған жиелігі бар энергия күйіне және онымен қоса гравитационды өрісті «қоздырады», мысалы біздің күн жүйеміз белгілі бір нүктесінде, ол басқа галактиканың гравитационды өрісінің белгілі бір нүктесінде жауапты қоздыруды тудырады. Және осылайша уақыт жоғалтпастан және кеңістіктен тәуелсіз осы жерде нейтрино жоғалады және сол жерде дәл қазір пайда болады. Физиктер айтпақшы уақыт пен кеңістікте «құрт қуыс» (червоточина) тудырады.

— Ал керек болса! — деп жігіттер таңқала айтты.

— Табиғи, дұрысы нейтриноның физикалық қасиеттерін пайдаланып, адамдар да кез келген ара қашықтықты аз энерго шығынымен және ешқандай уақыт жоғалтусыз еңсере алмақ.

— Енді, шынымды айтсам, фантастика секілді естіледі, — деп Николай Андреевич шүбә келтірді.

— Енді, шындығына келсек, — деп Сэнсэй алғашқы сөзіне акцент жасады, — ендеше жүз жыл бұрын атом бомбасы да фантастика болған... ал нейтриноға келсек, мен тіпті көбін айтайын: нейтрино болмаса, өмірде болмас еді. Сіз көріп отырған әлемді құруда нейтрино орасан зор рөл атқарады. Айтпақшы ол да Аллат секілді тұтас уақыт бірлігіне ие — 11 минут 56,74 секунд.

— Міне саған элементарлы бөлшек! — деп Женька таңқалды. — Элементарлыдан (қарапайымнан) не қалды сонда?

— Тек атауы ғана, — деп Стас әзілдеді.

— Қалай айтсам екен. Негізінде «элементарлы бөлшектер» термині алғашында физиктер айтпақшы материяның алғашқы кірпіші болған қандай да бір абсолютті элементарлыны білдірген, дұрысы меңзеген. Алайда 1960 жылдары ішкі еркіндік дәрежесі бар және кварктардан тұратын ұқсас қасиеттері бар жүздеген адрондар ашылғаннан кейін жаңа термин ойлап табылды — құрлымсыз, «құрамдас бөліктерге бөлінбейтін» міс деген бөлшектерді, лептондар, кварктер және басқа да элементарлы бөлшектерді білдіретін «фундаменталды бөлшектер» (фундаментальные частицы). Дұрысы физиканың нәзік тұстарына терең бойламай-ақ қоялық, сіздерге қызықты болуы неғайбыл. Бірақ жалпылай түсінік болуы үшін қарапайым мысал келтірейін. Қанекей электронды алып қарайық. Барлығы біледі деп үміттенемін?

— Олай болмағанда! Әрине білеміз, — деп Женька мақтана айтты. — Бұл кішкентай-кішкентай теріс заряды бар, иттегі бүргелер секілді атом айналасында жүретін бөлшектер.

Барлығы күлді. Ең болмағанда қайнаған басында осындай болса да түсінік болғанына шүкір етіп, Сэнсэй қолын сілтеді де жалғастырды:

— Сонымен, тегі Томсон болған ағылшын физигі 1897 жылы ашқан алғашқы элементарлы бөлшек электрон болды. Ал бірінші ашылған антибөлшек (античастица) пазитрон еді. Бұл электрон массасы бар бөлшек, тек оң электр зарядына ие. Позитрон 1932 жылы америкалық физик Андерсонмен анықталды. Ал атомның электрондық құрылымы оның қасиеттерін, соның ішінде химия үшін маңызды атомның химиялық қосылыстар түзу қабілетін анықтайтынын білесіздер деп үміттенемін.

— Иә! — деп Женька мақтана жауап берді. — Және иттерде, бүргелерде айналасын электрон қоршаған атомдардан тұрады. Электрондардың саны қайсысы ит, қайсысы бүрге екенін анықтайды!

Жігіттердің күлкісімен Сэнсэй басын изеді:

— Әрине мысал томпақтау, бірақ мәнінде электрондардың маңыздылығына нұсқайды. Сонымен, заманауи физиктердің пікірінше электрондар негізгіге (фундаментальным) жатады, яғни құрлымсыз бөлшектерге. Бірақ шын мәнінде электрон 13 По бөлшегінен немесе гравитоннан тұрады. Гравитон таза гипотетикалық бөлшек болғандықтан және тәжірибе жүзінде дәлелденбеген, бірақ теориялық тұрғыдан есептелген және По бөлшектерін белгілеу үшін ең қолайлы болғандықтан, таза гипотетикалық түрде біз барлық «іргелі» (фундаментальных) бөлшектердің ішінде шынымен де негізгі тек гравитон екенін сенімді түрде айта аламыз. Қалғандары 3, 5, 7, 12, 33, 70 және сол сияқты По бөлшектерінен тұрады. Және По бөлшегінің бірдей санынан тұратын көптеген «негізгі» (іргелі, фундаментальный) бөлшектер, бірақ түрлі формалар мен заряд белгілерінде болады, сәйкесінше осы материя театрында түрлі рөлдерді ойнайды. Оған мысал электрон мен позитрон. Екеуі де 13 По бөлшегінен тұрады, бірдей спиральды формаға ие. Айырмашылықтары бірі теріс сыртқы заряд, «сол спираль» және ішкі оң потенциалға ие болса, ал басқасы тек керісінше — сыртқы оң заряд, «оң спираль» және ішкі теріс зарядқа ие.

Сэнсәйді тындап отырған Николай Андреевич, әдеппен айтты:

— Мен әрине физик емеспін, дауласпаймын. Бірақ менің есімде электрон шыныменде теріс зарядқа, ал позитрон — оң зарядқа ие еді. Спиральды форма туралы ештеңе айта алмаймын, көрмедім. Бірақ Сэнсэй, сен қандай ішкі потенциал туралы айтып тұрсың, бұларың элементарлы бөлшектер емес пе? Бұл жерде сені толық түсінбедім...

— Сенің түсінбеуіңе мен кінәлі емеспін, — деп күлді Сэнсэй, — Бор кінәлі.

— Ал оның бұл жерге не қатысы бар?

— Бор? — Ал бұл кім? — деп сұрады Руслан.

— Осындай дат физигі болған, ол өз заманында, нақтырақ 1912 жылы ядро айналасындағы электрондардың қозғалу мәселесін, оларға стационарлы орбита деп аталатынды беру арқылы шешуге ұсыныс айтқан (қозғалысында электрон энергия жоғалтпайтын орбитамен).

— Е-е, ал бұл жігіт нендей бөлеге қалды? — деп сұрады Женька бітпес әзілімен.

— Сабыр ет, досым, сабыр ет, — деп Сэнсэй күлді де, әрі қарай жалғастырды: — Шындығында барлығы қазіргі ғалымдар ойлайтыннан анағұрлым қарапайым. Мысалы біздің планетамыз Жер сыртқы теріс зарядқа және ішкі оң зарядқа ие, ал Күн сыртқы оң зарядқа және ішкі теріс зарядқа ие. Жер мен Күн гравитационды өрісте орасан зор жылдамдықта барша Галактикамен бірге қозғалады. Бұл сіздерге түсінікті болу үшін кемеден мұхитқа лақтырылған екі гантельмен мысал келтірейін. Қалың мұхит суларынан өтіп, гантельдер су молекуларымен өзара байланысқа түсіп, түрлі буырқанулар мен құйындылар жасайды. Осылай Күн мен Жер де қалың гравитационды өрістен өтіп, оның буырқануы мен құйындысын тудырады, осылайша электромагнитті өріс тудырып, бұл өз кезегінде қозғалыстағы денелердің ішкі потенциалына сәйкес сыртқы зарядты тудырады. Яғни, егер ішкі потенциал оң болса, онда сәйкесінше сыртқы заряд теріс болады, электрон мен Жердікі секілді. Дәл осы ішкі потенциал мен сыртқы зарядтың айырмашылығы, Күн айналысында планетаға «стационарлы» орбита жасайды, бұл ядроны айналатын электрондарға да солай. Әйтпесе объектілер жай ғана жабысып немесе шашырап және ешқашанда «стационарлы» орбиталары болмас еді. Сыртқы заряд ауытқитындықтан және тұрақты емес болғандықтан, яғни ішкі потенциалдан айырмашылығы тұрақты болғандықтан, ол, яғни сыртқы заряд, тұрақты ішкі потенциалдың қатысуынсыз «стационарлық орбиталар» жасай алмайды. Ішкі потенциалға кварктан бастап жұлдыздарға дейінгі барлық материалды объектілер ие, әйтпесе олар материалды бола алмас еді. Дәл осы ішкі энергия материалды объектіге сипаттама береді. Мысалы, таза гипотетикалық бірдей массасы бар планета мен жұлдызды алып, оларды бұзатын болсақ, жыртатын болсақ делік, онда планета аз ғана қиратқыш энергия шығарады, ал жұлдыз планетамен салыстырғанда орасан зорын. Осындай нәтиже егер электрон мен позитронды «жыртса» орын алады. Бірақ

сіздер түсіне алатын ең жақсы мысал, атом бомбасы шығар. Заттың аз көлемінде аса қуатты жарылыс болады. Яғни атомның теріс потенциалы босайды. Сондықтан қорытындылай келе дат физигі Бор ішінара дұрыс болғанын айтқым келеді, бірақ тек ішінара (бұл электрондардың стационарлы орбитасына қатысты) және бұл сұрақтың көбінде қателесті. Зарядталған электрон энергиясын жоғалтады, бірақ эзоосмос есебінен ішкі потенциалын калыпқа келтіреді.

Ал классикалық механика заңдарына бағынбайтын, атомды микробөлшектер жүйесі ретінде қарайтын атом құрлымының квантомеханика теориясы, абсолютті актуальды емес. Бір қарағанда неміс физигі Гейзенберг пен австриялық физик Шрёдингердің дәлелдері сенімді көрінгенімен, егер оларға басқа көзқарас бұрышында қараса, тұжырымдары тек ішінара дұрыс екенін, ал жалпылай алғанда екеуі де дұрыс емес екенін көресің. Әңгіме мына жерде, біріншісі электронды бөлшек ретінде, ал басқасы — толқын ретінде сипаттады. Айтпақшы корпускулярлы-толқынды дуализм де актуалды емес, себебі бөлшектің толқынға және керісінше өтуін ашпайды. Яғни ғалым мырзаларда шолақ (мардымсыз) бірнәрсе шығады. Шындығында барлығы өте оңай. Негізінде болашақтың физикасы өте оңай әрі түсінікті екенін айтқым келеді. Бастысы сол болашаққа жету. Ал электронға келсек, ол тек екі жағдайда толқын бола алады. Бірінші — бұл сыртқы заряд жоғалғанда, яғни электрон басқа материалды объектілермен, сол атомдармен өзара байланысқа түспегенде. Екінші — осмос алдындағы күйде (в предосмическом состоянии), яғни оның ішкі потенциалы төмендеген кезде.

— Айтпақшы, ішкі потенциал туралы. Сэнсэй, ол кез келген материалды объектіде бар деп айтқансың. Ал адамда? — деп Николай Андреевич қызыға сұрады.

— Олай болмағанда! Адам үшін бұл жай өмір энергиясы емес, анықтаушы (негізгі) фактор. Ол кім: Адам немесе ойлана алатын хайуан?! Әңгіме мынада, басқа материалды объектілерден айырмашылығы, адам өзінің ішкі теріс потенциалын (қиратқыш) оңға (жасампаз) айналдыра алады...

— ...А және басқа материалды объектілерді басқара алады, — деп екінші Сэнсэй пайда болды. — Мысалы, біз теріс ішкі потенциалы бар оң зарядталған бөлшектерді біршама епті және өте ықыласпен пайдаланамыз. Айтпақшы бұл шын мәнінде не екенін және оны біршама тиімді пайдалануға болатынын мүмкін оларға айтармыз?

— Сен электр қуаты (электричество) туралы айтып тұрсың ба? — деп үшінші Сэнсэй сұрады және ақымақша-таңқалған тыңдаушылардың жүздеріне қарап әзілмен айтты: — Бұл оларды қатты қызықтырады деп ойламаймын. Оның үстіне қазір мені үш экземплярда көруге мүмкіндіктері болғанмен салыстырғанда ол жай далбаса. Дегенмен шындығында...

Сэнсэйдің екі фантомы да аяқ астынан пайда болғандай лезде жоқ болды.

— ...Дегенмен шындығында, — деп ешнәрсе болмағандай Сэнсэй, үшіншінің әңгімесін жалғастырды, — бұның барлығы өте оңай және әрбір адамға қолжетімді, электр қуаты (электричество) секілді және ешқандай физика заңдарын бұзбайды.

Ұзақ тыныштық орнады. Егер жанған от қасында отырған бұл ұжымға біреу қараса, қандай да бір тоқтап қалған уақытқа тап болдым деп ойлаушы еді. Көпшілікке толық түсінікті емес, ал кейбіреулер үшін мүлде түсініксіз ақпараттарды айтпағанда, осындай таңқаларлық әсерден кейін халық өз ойларын мұқият жинауға тырысқаны анық. Тіпті осы ұжымның «дұрыс ойлайтыны» Николай Андреевичте ұзақ үзілістен кейін Сэнсэйге сұрағын қойды:

— Қазір не болды? Электр қуаты мысалында қалай компьютер жасау керектігін айттың ба?

Сэнсэй жымыды да, әзілмен жауап қайтарды:

— Жоға, бұл шамды жасаудың алғышарты ғана.

— Ну, блин, сенде қатырасың! — деп егіздерге ме, әлде барша естігеніне таңқалды ма, Иоанн әкей шыдай алмады. — Қаншама жыл өз талантыңды жасырып жүргенсің! Әрине, менде ақылдымын, бірақ осындай деңгейге дейін?!

Виктор шайының қалдығына қарады да, абдырып иығын көтерді.

— Сэнсэй, мен бір нәрсені түсінбедім, — деді өз даусына құлақ түргендей Виктор. — Ал бұл көп бөлінуді қалай түсінуге болады?

— Барлығы қарапайым, егер ойларыңның ағатодемон тазалығына ие болсаң, — деп Сэнсэй біртүрлі мұндана айтты, құдды еңбегі лайықты бағаланбағандай. Бірақ бұл жасырын сезімінің қас-қағымы еді, себебі әрі қарай сергек даусымен жалғастырды: Өйткені осы Аллат энергиясының арқасында По бөлшегі түрленеді. Ал По өздеріңіз білетіндей, барша материяның құраушысы... Бірақ, жігіттер, бұл ой тазалығына бірінші жету қажет. Какодемондарыңыз бен ағатодемондарыңыздың потенциал айырмашылығымен құрлық тасбақасы секілді алысқа кете алмайсыздар. Яғни, біздер алғашқыға қайта ораламыз...

Бірақ әрі қарайғы сұрауларды қарасақ, ұжымды көбінде орын ауыстыру техникасы қызықтырған екен. Бұл дүрлігуді Сэнсэй көңілі түсе бақылап, осындай демонстрация жасағанына ендігі өкінгені анық:

— Бұл «електегі кереметтердің» (чудеса в решете) бәрі — бос сөз! Сіздерге сан мәрте айтқанмын және тағы да қайталаймын: тұлға үшін Адам болу, ішкі сенімі мен Жаратушыға деген махаббатын өсіру анағұрлым маңызды. Міне осыны айт! Бұл назар аударуға тұрарлық... Адам, шын мәнінде, — бұл рухани болмыс, барша материядан тыс...

— Жоқ, Сэнсэй, тек логикалық түсінуді қалаймыз... — деп Андрей ақтала бастады да, жарты сөзінде мүдірді.

— Мәселенің барлығы осында және тек сіздердің ғана емес, барша адамзаттың, — деп Сэнсэй күрсінді. — Неліктен діндер көп, неге үнемі дау-дамайлар, ұрыс-керіс пен бір-бірін айыптау? Себебі адамдар рухының интуициясынан логикалық ойлауын алдыға қояды... Барлығын тек түсіндірулер, логика арқылы қабылдайды. «Мен мынаны көріп тұрмын. Мынаны көріп тұрған жоқпын. Мен көлік келе жатқанын көріп тұрмын. Егер оған қарсы шықсам ол мені қағады. Ең жақсы дегенде — травматология». Осыны түсінеді. Розеткада тоқ бар. Ал электр тоғын көрмейді. Бірақ ол жерге саусағын тықса, тоқты көрмегеніне қарамастан өзін тоқ соғатынын біледі. Бұл логикалық түсіндіру... Ал Құдайды ол логикалық түсіндіре алмайды. Бұл оның логикалық санасына сыймайды, себебі оның санасы шектеулі...

Неліктен ішкі Махаббат пен абсолютті Сенімсіз адамға Құдайға келу мүмкін емес? Себебі санасында рухани өмірін материалдықтан бөлмейінше, руханиятын алдыға (біріншіге) қоймайынша, адам тіпті Құдайдың бар екенін түсіне алмайды. Ол көп оқуы, әдемі сөйлеуі, мүмкін жасырын тек материалды өмірді қалап, өзіне жоғары рухани тұлғаның маскасын киіп ойнауы мүмкін. Парадокс неде екенін білесіз бе? Адам Құдайды қандай да бір түсіндіруге келмейтін құбылыстар мен оқиғаларда (жағдайларда) көреді. Ал логикалық түсіндіре алмайды. Және адам: «Міне Құдайдың ғажабы!» деп саңқылдап, басын жерге соғып, діни экстазға түседі. Бірақ экстазы қалай бітсе, солай Құдайын ұмытады. Ол қайтадан Құдайды сезіне алмайды. Сол себепті адамзаттың Құдайға қатысты бар мәселесі, адамның шын ниетімен Оны сезініп, түсінуді қаламайтынында. Неліктен Жердің түрлі бұрышында рухани кемелдікке жеткен санаулылар өздерінің ізбасарларына — «сенімде бол да, қадамыңды бас» деп айтқан? Себебі таза сенімсіз Құдайға келу мүмкін емес. Аз ғана күмән барлығын өлтіреді.

Адам миы Жаратушының бар тұтастығын сезінуге қауқарсыз. Бұл жерде еш күмән жоқ сенім керек. Күмәнсіз сенім туған кезде, адам өзінің хайуани негізін шынжырға байлап, рухани жағынан кемелге айналады. Неге екенін қайдам, бірақ адамдар мұны өте қиын санайды. Дегенмен шын мәнінде еш қиындығы жоқ. Бар қиындығы қарапайымдылығында. Жай ғана арам ойы бар бұл материяны әрмен лақтыру керек. Кеден секілді жаман ойларды санаңның территориясына жібермеу. Ал материя табиғатында сені үнемі соққылап, түртіп, барлығы далбаса, қараңдар әдемі орамасында қандай әдемі конфет деп айқайлаумен болады! Және кей кездері дәмінен боқтық сезінсең де маңызды емес. Бастысы көзге көрінгені, егер оған сенсең өзінді қандай тамаша өмір күтеді деген, сен үшін «объективті» «шынайылық» иллюзиясын жасау. Бұл қалыпты. Мен оны Люцифердің кәсіби жұмысы деп айтар едім. Бейнелі түрде айтатын болсақ, ол жақсы бағдарламашы ретінде адам үшін

рухани жолында көптеген материалды азғырушы-лабиринтері бар ойынды жасады. Бұл ойынды кім жеңсе, Құдайға жетілген күйінде келе алмақ. Және Люцифер адамдардың көбі өзінің виртуалды шынайылық материясын Құдайдан да қатты жақсы көргеніне кінәлі емес. Өйткені бұл ойында адамға жеңіс үшін басты қаруы берілді — ой күші мен таңдау еркі. Және өміріндегі таңдауы үшін бар жауапкершілік адамның өзінде. Ол өзіне материяға құл өмірді таңдаса, өзіне толық «game over» жеткенше, реинкарнациясында дөңбекшумен болады. Ал еркін әрі Махаббатпен шын өмірді сүргісі келсе — материя лабиринтінен лайықты шыға алады.

Мәні неде? Адам рухани қаншалықты көтеріле алса, соншалықты ұйымдаспаған (немесе нашар ұйымдасқан) материалды субстанцияларға жағымды әсер ете алады. Өйткені шын тәубаға келу (немесе тәубе ету) — адамның бұл иллюзия ойынын тоқтатып және рухани әлемнің заңдарымен шын өмір сүру. Егер сен рухыңның әлсіздігінен шын өмірді сүре алмасаң, ең болмағанда Адам деген атқа лайықты ойынды таңда.

Сэнсэй үнсіз қалды. Осы кезде қараңғылықтан басқан қадамдардың даусы естілді. Барлығы жағалауға қарады. Жалғыз қолшам сәулесі түнделетіп келе жатқан жүргіншіге жағалаудың соқпағын жарық қылып келеді... Жанған отқа Валера келді. Женька арқасынан жүк түскендей дем алды. Біршама қоңыр салқын түн болғанына қарамастан, Валера маңдайынан терді сүртті.

— Володяны көрер емеспін. Жағалау бойымен шарлап шықтым... Олар қайда кетті екен?

Сэнсэй сағатына қарап, басын шайқады:

— Ай Володя, қатырады! Жігіттер демалуға келген, ал ол оларға жергілікті жермен кросс ұйымдастырған болар.

— Мүмкін олар адасып кеткен шығар? — деп Руслан болжамын айтты, бірақ күліп тұрған үлкен жігіттерге қарап мүдірді.

— Угу, спецназ адасты. Бұл таза анекдот, — деді Стас мырс етіп.

— Ал неліктен олай болмасқа? — деп Женька сөзді іліп әкетті. — Мен Сусанин бола алады екенмін. Ал Володяның қай жері кем? Ол мені барлық жағынан «пересусанил». Мен екі-ақ сағат сенделтім, ал ол таза бес сағатқа жоғалды.

— Алаңдама, Женька, сенен біреудің аса қоюы екіталай. Сен бізде эксклюзивсің! — деп күлді Виктор.

— Дәл, — деп Стаста сөзін қолдап, Женькаға әзілдеді. — Жартылай өткізгіштің табиғатта сирек кездесетін экземпляры.

— Иә, Мұса секілді емес, — деп Иоанн әкей жымыды. — Халық «даналығын» білесіздер ме? Мұса қырық жыл еврейлерді шөл далада алып жүрді, бірақ бәрі зая кетті. Ал біздің Сусанин бір-екі күнде өз ісін бітірді.

Күлкі толқыны ұжымда қайта басталды.

— Жарайды, жарайды. Келесі сапарда бұл әзілдеріңді ұмытпаспын. Тек уақыт беріндер! — деп Женька әзілмен сес көрсетті.

Осы сөздерімен ол бөренеден тұрып, жанған отты айналып жүре бастады. Вано астыртын бақылап отырды. Бұл кезде Николай Андреевич бір нәрсе туралы Сэнсэймен тыныш сөйлесіп жатты. Женька жүрді, жүрде де, кейін тоқтап, өзіне ұлы ойшыл-комбинатордың маскасын кигендей. Ақыр аяғы мазалаған ойын айтты:

— Енді қол қусырып отыра береміз бе?! Сусанин бауырымызға көмектеспейміз бе! Кенет, ол шынымен де гвардиясымен қатты күш жұмсап қойса...

Ешкіммен ақылдаспастан Женька энтузиазммен отқа үлкен үш құрғақ бұтаны лақтырып, супер от алауын жасауға кірісті. От алауы өзі болжағаннан анағұрлым тез тұтанды. Осындай қатты от жалынынан барлығы лезде атып тұрып, қауіпсіз ара қашықтыққа жан-жаққа қаша бастады.

— Қап, тура балабақша! — деді құлаған оттан әрең жалтарған Сэнсэй. — Женька! Қап, зиянкес! Несіне өртедің?

Осындай күтпеген жағдайдан Женьканың өзі де абдырап, бірақ қолымен жасағанын әдеттегідей ақтап, сабырлық сақтауға тырысты.

— Құрғақ отын босқа қалатын болды ма? Таңертең бәрібір де кетеміз. Осындай тау боп үйілгенді өртеуге үлгермейміз. Ал былай күлі орман үшін тыңайтқыш ретінде пайдалы, оның үстіне дабыл ретінде жаман емес от жалыны.

— «От жалыны!» — деп Вано оны келемештеді. — Бүйткен түрің... бар болсын. Бұл пионерлік отпен кімге дабыл бергің келеді? Ұшатын тарелкаларға ма?

— Ага! — деп Женька таңқалған түр жасап, ғарышқа «үмітпен» қарады. — Ақылды бауырларымызға.

Жігіттер күлді, Сэнсэй Женька жаққа қолын сілтеді. Ал Вано болса онымен келісіп:

— Дәл, дұрыстауға келмейді, — деді.

Осыдан кейін екеуі де жанған алаудан әрірек кету үшін бұрылды да, Николай Андреевичпен әңгімелерін жалғастырды. Женьканың ісі ұжымды кішкене топтарға еріксіз бұзды. Барлығы үлкен бұталардың негізгі массасы қашан сөнетінін шыдамсыздана күтті.

Жанған от тау боп үйілген ағашты қатты ашкөздік алауымен жұтуда. Тірі болмыс секілді үлкен от бағанасы мыңдаған жарқыраған жалынмен құтырған биінде, жоғары көтерілді. Қараңғы орман фонында олар үлкен шұғыла тудырып, ерекше көрінді.

Барлығы ештеңе емес еді... Бірақ осы сәтте жаңа ғана таңқалдырған бар көргенді бір толқынмен лезде басқан, ерекше оқиға орын алды... Валера Сэнсэйге жақындады. Бұл кезде Николай Андреевич ынтамен бір нәрселер туралы айтып, ал Вано мен Сэнсэй оны мұқият тындап тұрған. Бірақ жүзіне қарағанда өте маңызды болғанды айтуға оқталып Валера Сэнсәйдің жанына тоқтаған кезде, Сэнсэй оған өзі бұрылды. Көзқарастары түйісті.

— Валера, бір нәрсе сұрағың келіп тұр ма?

— Иә, — деп ол нық жауап берді.

Қасында тұрғандар демдерін іштеріне тартып, тапжылмады. Валера Сэнсәйдің көздеріне ашық қарады. Мүмкін әдеттегідей көз астымен емес, көзқарасы ашық болғаннан ба, әлде от жалыны тым жарық болды ма немесе қандай да басқа бір себептен бе, бірақ Валераның жүзі өзгерген. Ол қандай да бір айтып түсіндіре алмайтын, мінсіз бет келбетіне ие болған. Әрі қарайғы айтқанына, әрбір сөзіне өз рухының бөлшегін салғанын көбісі түсіне алмағандай.

— Мен жай ғана адам екенімді ұғынамын. Бірақ мен **Оны танығым келеді.**

— Оған барар жол қиын да оңай. Ал сен дайынсың ба?

— Мен жолды білмеймін, бірақ сен қайда көрсетсең, сонда барамын.

Жанында тұрған Иоанн әкей шыдай алмай мысқылдай айтты:

— «Сен қайда көрсетсең, сонда барамыны» несі? Ал егер ол саған суға бар десе? Немене, барасың ба?

— Суға барамын, — деп Валера Сэнсәйден көзін алмай, сенімді айтты.

— Ал суға жарайды, — деп Иоанн әкейде қоймады. — Ал отқа ше?

— Отқа да барамын, — деп Валера бұл жолы да сенімді айтты.

Және осы кезде барлығы үшін кенеттен Сэнсэй алдыға қолын көтеріп, отқа нұсқады да:

— **Бар,** — деді.

Валера үнсіз бұрылды да, мүлдем қорқынышы жоқ адамдай жанған алауға беттеді. Алғашқыда Вано жігітті күліп бақылаған, бірақ жігіт отқа жақындаған сайын, еріндері дірілдеп, жүзінен күлкісі сап тиылды. Валера жанған бұтаны аяғымен ығыстырып, алаңсыз отқа кірді. Құдды бір бұл жанған от емес, түннің салқын ауасы болғандай. Көрүшілер шок болды деп айтсақ, ештеңе айтпағанмен бірдей. Олар болып жатқан оқиғаның шынайылыққа жанаспайтын сезімінен туындаған нағыз хайуани қорқыныш пен үрейді бастарынан кешірді.

Вано, Николай Андреевич пен Стас, бірінші болып Валераны құтқаруға қимыл жасай бастады. Бірақ Сэнсэй Валерадан көзін алмай, ишарамен оларды тоқтатты.

Бұл кезде алау ерекше жарық жалынмен жарқ етіп, Валераны тығыз сақиналы қоршады. Таңқаларлық, бірақ оның киіміне де, өзіне де ештеңе болған жоқ. Уақыт тоқтағандай. Валера Сэнсэй жаққа қарай баяу бұрылды. Жанары бұрынғыша сенімді әрі ашық. Айналасындағы болып жатқанның барлығына бей-жай қарағандай, абсолютті тыныштығын сақтады. Осы сәтте, бұл сценаны бақылап тұрғандар сезіне алмаған, мүлдем басқа

«тылсымды» сезініп, көргендей. Олар от жалынына оралған баянсыз тәнді ғана көре алды. Сэнсэй қолын көтеріп, отты бағанадан жігітті үнсіз кері шақырғанша бар жоғы бес-он секунд өткен болар. Бірақ бұл барша көрушілерге толық мәңгілікке созылғандай. Осындай ғажап көріністі көріп, болып жатқанның шынайы, шынайы еместігі бастарында араласып, өз шекарасын аяусыз өшіріп жатты.

Валера оттан шыға бастады. Тура ерікті тұтқынды жібергісі келмегендей жалын артынан созылды. Жігіт еш жарақатсыз шықты. Ол үнсіз Сэнсэйге келді. Осы кезде «ұлы құпия» деп аталған орын алды. Бұл жағдайдың кездейсоқ куәгерлері Сэнсэйдің жанында тұрған төрт адам болды: Николай Андреевич, Вано, Анастасия және Стас. Валера келген кезде, Сэнсэй алақанын ашып, түсініксіз иероглифтер жазылған ерекше ақ түсті тасты ұсынды. Ерекше жарықпен сәуле шашуынан оларды анық қарау мүмкін болған жоқ. Және бұл жарық жылтылы бір ағынға құйылып, біртүрлі сезімді тудырды, сәуле жазудан (таңбадан) емес, ішінен, көрушінің көзінен шыққандай. Валера ақ түсті тасты алды да, қызығушы көздерден алақанымен жапты. Барлығы ешнәрсе болмағандай өз орнына қайта келді. Тек, айтып жеткізе алмайтын оқиғадан шашылған от пен естен танған ұжым ғана қалды.

* * *

Тыныштықта топырлаған дыбыс естілді. Алаңқайға ентіккен спецназшылар жүгіріп келді.

— Тьфу! — деп Володя маңдайынан терін сүртті. — Ал біздер шатыр өртеніп жатқан болар деп, өртке ұшып келсек. Осыншалықты отты не үшін жақтыңдар?

Әдеттегідей өзін-өзі ұстауын жоғалтпай, Иоанн әкей Володяға бұрылды да, жауап берді:

— Барлық наразылық мына есерсоққа, — деп Женькаға басын изеді. — Аздап басы теппей қалады. Бүгін адреналин дозасы шамадан көп болғаны анық.

— Қап, есерсоқ! — деп Володя күлкілі наразы болды. — Немене, отқа бензин құйды ма? Осылай орманды да өртеп жіберу алыс емес.

Бірақ әдеттегідей ақталу үшін бірде-бір сөзін айтпай, мұнысымен Володяны шын таңқалдырған Женька, жаңа ғана көргеніне қатты таңқалып тұрды. Володя басқаларының жүзіне қарап, түсінбей сұрады:

— Бұл жерде не болды?

— Жәй, әдеттегідей, — деп Николай Андреевич автоматты жауап берді.

— Енді «әдеттегідей болса», «әдеттегідей». Володя әрі қарай сұрамады. Егер қажет болса, өздері-ақ айтады. Және Сэнсэйге жақсы жаңалығын айтуға асықты.

— Біздер балық мол жерді таптық! Әнекей, көріп тұрсың ба, табан балығын, тіпті шортанды да ұстап алдық! — Володя балықтарын мақтана көрсетті. — Бұл жерден алыс емес, өзенмен төменге қарай бес километр. Қанекей ертең сол жақта таң атқызайық, ал кейін үйге.

— Жақсы, — деп Сэнсэй ештеңе болмағандай спецназшылардың олжасына қарады. — Тек ұйықтап танды жіберіп алмас үшін, ертерек жату керек.

Сэнсэйдің соңғы сөздері Женьканы электр зарядымен соққандай, ұзақ мелшиген күйден шығарды. Ол жымысып тұрған Вано жаққа қарай қарады да, қатты үнімен айтты:

— Жоқ, мен ертеңге оятқыш болмаймын! Тіпті бүгін ұйықтамаймын...

Өзінің аса наразылығымен қайтадан барша ұжымды күлдіртіп, қайнаған эмоциясына барлығының назарын аударды. Осы шуыл кезінде Валера білдіртпестен жағалауға кетті. Жалғыз қалуды қалағаны анық. Бұл кезде болған оқиғаның куәгерлері, қайта оралған адал тыңдаушыларын тауып, жаңа ғана көргендерін айта бастады.

Сэнсэй темекісін тартып, Николай Андреевич пен Ваноның қасында тұрған. Жігіттердің болған феномен туралы барша өтініштеріне жай күлімдеп, табанды үнсіз тұрды. Бұл оларды одан әрмен қызықтырды. Бөренені жанған оттан әрі апарып, ұжым отырды да, түсіндіруге келместі ұғынуға тырысып, өздерінің нұсқаларын айтуға кірісті.

— Қалайша бұлай болуы мүмкін? — деп Руслан қолдарын сілкіледі.

— Енді жанған шоқ үстімен адамдар жүреді емес пе, — деп оны Андрей сендіруге тырысты.

— Иә, шоқ үстімен жүреді, ал мынау...

— Жоқ, тоқтай тұрындар, — деп олардың сөзін Женька бөлді. — Шоқ түсінікті, ол жерде күл изолятор болады. Ал бұл жерде?

— Бұл дегенің мүмкін емес! — деді Руслан.

— Неліктен мүмкін емес? — деді осындай сұрақтарда әдеттегідей тұлғасына жалпы назарды аударғысы келген Костя. — Фиджи аралының аборигендері... Бұл Тынық мұхитының оңтүстік-батыс бөлігіндегі аралдар, — деп өзінің географиядағы білімін мақтана түсіндірді. — Қысқасы, сол аборигендер тіпті бірнеше жүздеген градууста қайнаған лава бөліктерінде өздерінің дәстүрлі (жоралғы) биін билейді екен. Және осындай ыстыққа қарамастан тіпті табандарындағы терілері де еш зақымданбайды. Бұл дегенің лава емес пе! Ал мынау жай ғана от.

— Енді жай ғана болса, кіріп көрсенші, — деп Руслан кекетті.

— Мен не, ақымақпын ба? — деп Костя шаптықты. — Маған таза ауада жаман емес.

— Мүмкін ол медитация күйінде болған шығар? — деді Виктор болжамын айтып.

— Ал ол, мұның не екенін біле ме екен? — деп Андрей мырс етті.

Барлығы болған оқиғаның мәнін түсінуге тырысқан Володяға қарады.

— Жоқ, енді мен оған «Лотос гүлі» туралы жазғанмын, — деді ол. — Бірақ осындай ауқымдыны...

Бұл кезде ұжымнан алыс емес жерде жігіттерді тыңдап тұрған Сэнсэй, Николай Андреевичке қарады. Ол Сэнсэйді сөзсіз түсініп, дауласып жатқандарға қосылуға асықты. Бөренеге отырып, тағы бірнеше адамға ойын айтуға мүмкіндік беріп, кейін дискуссияға епті еніп кетті.

— Мұның барлығы далбаса, жігіттер, — деп Сэнсэйдің сөздерімен бастады. — Барлығын ғылыми жағынан түсіндіруге біршама келеді. Бар мәні психиканың мүмкіндіктері мен физиканың шынайлығында жатыр. Жігіттің бұрындары да жат қылықты психикасымен мәселелері болған. Және оның отқа кірер алдында, Валерадан қандай да бір сыртқы әлемнен алшақтығын, эмоционалды көріністерді байқамағанымызбен, отқа кірер алдында есіңгіреу күйін (шоковое состояние) сөзсіз басынан өткізгеніне біршама сенімдімін. Бұл қанға адреналиннің қарқынды түсуін тудырған. Ал кейбір жағдайларда адреналиннің әсері ұзақ әрі көп мөлшерде терлеуді тудырады. Мүмкін өткізген стресінен оның ми қыртысы аймақтарында бір мезгілде тежелу және белгілі бір қозулар (тітіркенулер) болуы мүмкін. Ал бұл өз кезегінде гипоталамустың температура реттегіш орталықтарына әсер етіп, олардың жұмысының өзгеруіне әкелген. Нәтижесінде гипергидроз, — қысқасы, қатты тершендік болған. Енді, осы рефлекторлы жол естеріңде ме? — Николай Андреевич отырғандарға қарады. — Гипоталамустан сопақша миға, одан әрі кеуде және бел омыртқалары жұлынының нейрондарына, шекаралық симпатикалық тізбектің түйіндері арқылы тер бездеріне өтеді. Және бұл қарапайым терлеу емес, мен жоғарыда айтқанымдай, су компоненттерінің басым болуымен гипергидролиз орын алған. Жоғары температуралы ортаға енуі салдарынан, кейін қарқынды булану және өзінше бір қорғаныс қабаты пайда болған. Және ол отта тек бірнеше секунд қана болғанына назарларыңызды аударайын. Осы уақыт ішінде қорғаныш қабатының толық булануы жүрген. Ал егер сәл ұзағырақ болса, онымен барлығымен болатын жағдай болар еді...

— Иә, логикаға біршама сыйымды, — деп тыңдаушының рөлін ойнай Вано да қолдай кетті.

— ...Ал енді жалынның өзін және оның қабат-қабат температуралық режимін құрамдас бөліктерге бөліңіз. Және барлығы өз орнына келеді...

Николай Андреевич болғанды «ғылыми көзқараспен» түсіндіріп жатқанда, орнынан жүгіруге тырысып, Женька белсенді қыздырына бастады. Сырт көзге көп отырып, сол

себепті аяқ-қолын сермегендей көрініп, барлығы Николай Андреевичті тыңдап, аса қатты назар аударып қоймаған.

— ...Жану процесі үш компоненттің белгілі бір қатынасында ғана жүреді: бос оттегі, жанғыш материал және жылу көзі болған кезде. Өздеріңіз білетіндей, жану — бұл көп мөлшерде жылудың бөлінуімен бірге жүретін күрделі, жылдам жүретін химиялық түрлендіру (немесе айналу). Жану физикалық процестермен тығыз байланысты. Атап айтқанда, массаның энергияға, нақтырақ айтқанда жылуға ауысуы сәйкесінше гидро және газодинамикалық заңдылықтармен сипатталады. Жанудың негізі дәл химиялық түрлену, яғни заттың кейбір молекулаларының ыдырауы және басқаларының түзілуі екені түсінікті. Біздің жағдайда химиялық реакциялардың жүру заңдылықтарын, олардың механизмін, жылдамдығын ескерейік... Жалпы, химиялық физика туралы аздап түсініп көрейік, атап айтқанда, оның бір тарауы — химиялық кинетиканы...

Николай Андреевич онсыз да баяу ойлайтын жұртшылықтың алдында жану кезіндегі атомдар мен молекулалардың өзара әрекеттесуін түсіндіріп жатқанда, Женька қыздырынуын аяқтады. Физикалық күш салудан денесін тер басқан. Жігіт өзіне қарап риза болғандай күлді де: «Ал енді адреналин онсызда жеткілікті», — деді. Және батылдықымен отқа жақындады. Шалбарының бір балағын тізеге дейін қайырып, кроссовкасы мен шұлығын шешті де, ойланбастан аяғын отқа тығып алды. Женьканың «кузьканың анасы» деген айқайымен аяғын лезде тартып алғанына жарты секунд та өтпестен айналаға өртенген қылдың жағымсыз иісі таралды. Өзінің ессіз ісімен бастапқыда барлығын үрейлендіріп, кейін күлкіге қарқ қылды. Әсіресе жасаған ессіздігіне Вано жақсылап күліп алды.

— Андреич! Сенің бар теорияң — фуфло! — деп жиналғандардың күлкісін Женька айқаймен басуға тырысты. — Мен терледім, адреналин аста-төк, ал бірақ аяғымдағы жүнді өртеп алдым! Осындай екі түрлі аяқпен енді жағажайға да (пляж) шыға алмайсың. Бұл айырмашылығын байқап көр деп аталады! Ал қыста ше? Енді менің мына аяғым тоңады емес пе! Ал бәріне сен, Андреич кінәлісің!

— Оның не кінәсі бар? — деп Иоанн әкей Николай Андреевичке араша түсті. — Ол барлығын дұрыс айтты. Сен аяғыңды отқа тықпастан бұрын, ең болмағанда ақылды адамдармен ақылдаспайсың ба. Сенде, қызған кезде қаныңдағы CO_2 және O_2 ара қатынасы қышқыл-негіз балансымен бірге өзгерген. Оның үстіне бүгінгі аққан теріңнің (пот) құрамы мүлдем басқаша. Онда су мен натрий хлоридінен басқа, жанғыш, құрамында оттегі бар НСООН органикалық қосылысы үлкен мөлшерде.

— Немене-немене?! Ал бұл не тағы? — деп Женька таңқалды.

— Қалай не? Қаныққан монокарбон қышқылы (Насыщенная монокарбоновая кислота).

— Түсінбедім.

Иоанн әкей түсіндіруден шаршағандай басын бүйіріне иіп, күлімсіреді де, сөзін рахаттана созды:

— Құмырсқа қышқылы-ы-ы...

Ұжым қатты күлкіге ерік беріп тіпті ағаштар дірілдегендей болды.

— Қап... сені... сені ме! — деп Женька өткір сөздерін әрең тыып, қысыла айтты. — Маған ертерек ескерте алмадың ба?!

— Сенің бос басыңда қандай жел қаңғып жүргенін мен қайдан білейін? Отты өзің жақтың, өзің күйдің, ал кінәлі мен бе, — деп Вано күле жауап берді. Кейін тыныштандыратын даусымен: — Ештеңе, ештеңе етпейді, енді арамызда шайырланған торай секілді жүресің, — деді де, артынша мысқыл сөзін қосты: — Құмырсқамен толтырылған!

— Мен айттым емес пе — Инквизитор! Құмырсқаларыңмен мені шаршатып біттің!

— Шаршаттың?! — деп Вано таңқалған түр танытты. — Токтай тұр, қымбаттым, түн әлі алдыда.

Осы сөздерімен көпшіліктің түпкілікті көңіл-күйін көтеріп, оларды Женькаға қатысты өзінің «құмырсқа стратегиясы» және тиісінше, түнгі шытырман оқиғалар туралы ойларына толығымен ауыстырды. Ақырында рахаттана күлкіге тойған жұртшылық, таңғы балыққа

жақсылап ұйқыларын қандыру үшін жатақтарына тарқасты. Тек жанған от қасында, көз іліндірмеймін деп Ваноға сес көрсетіп, Женька жалғыз отыр. Оған Вано күлкімен жауап қатты:

— Ал, қанекей-қанекей. Менің тәтті, тыныш ұйқымды қоры.

Анастасия күнделігінен

*«Осындай қысқа уақыт аралығында екі рет бастан өткерген кереметті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мен ішкі жан дүниемде әлі де өмір сүріп жатқан ерекше сезімді жоғалтып алудан қорқамын, сондықтан оны күнделігіме жазуға асығамын. Таңғажайып ішкі еркіндік, шексіз Махаббат, **Оның жанында болуының керемет шынайы сезімі... Валера түсінді, ол ашылды. Бұл шыныменде рухың дірілдеп, иллюзия жоғалатын Нағыз (Шын) Өмір. Оның шынайылығында еш кедергі жоқ. Азаттықтың шексіз сезімі, жарық нұр және Онымен бір болудың таңғажайып сезімі! Адами тілдің соншалықты жұтаңдығы және Оның шынайылығын суреттеуге мүмкіндіктің жоқтығы қандай өкінішті! Бірақ онымен (немесе оның ішінде) қас-қағым сәт болу — қандай керемет! Бұл ешнәрсемен салыстыруға келмейді! Бұл шынымен де Адамның, өзінің шын Үйіне оралуының ұлы бақыты!!!»***

2 Бөлім. Жасырын шынайылық

Жабыраңқы, жаңбырлы күз де келді. Қайнаған жасыл желектің мұхиты өзінің ала-құла қанық түсін, қыстың жаршысы салқын жел алдында ауыстырып, қоштасу бал маскарадын жасаған. Күндер де барған сайын күннің шуағымен адамдарды қуантуын сиретіп, сұрлылығына көбірек енген. Адамдарда ауа райымен үндесіп, күнделікті тіршілік мәселелерімен көшеде жабырқаңқы қозғалады. Қуанышқа, демалысқа толы жаздың шуақты күндерінен кейін, барлығы баяғы қалпына қайта келген.

Женька ақ түсті есікті қақты. Тек қағып қана қойған жоқ, барабан соққандай дүрсілдетті, кейін Николай Андреевичтің кабинетіне кірді.

— Дәрігер, сізге болады ма? — деп жігіт күлді де, күлкі үшін көздерін қылилады (мұрнына апарды).

Николай Андреевич күнделікті жазуын доғарып, келушіге қарады да:

— Кіре бер, кіре бер, үмітсіз пациент! — деп күлді.

Ол үстелінен тұрып, Женькамен амандасып ишарамен креслоға отыруға шақырды. Алғашқыда жігіт сыпайы отырған, бірақ жұмсақ көпшіктің мамықтығына енген сайын, креслоға құлап, аяғын айқастырды.

— Эх, бұл жер жақсы екен, — деді кең, таза кабинетті қарап. — Тыныштық. Сапырылыс та жоқ... Қанша қаласаң, сонша демала бер.

— Немене, біздің мекеме ұнап қалды ма? — деп күлді Николай Андреевич. — Ендеше не сұрағы бар?! Саған апталық демалысты ұйымдастыра аламын. Қаласаң әнекей, ерекше буырқанғандар жатқан көрші палатаға жайғастырайын. Көңілді, қызықты және ең бастысы сенің темпераментіңе дәл келеді. Ал қандай «интеллектуалды әңгіме айту» десеңші! Наполеонмен бір палатаға... тағайындай аламын!

— Ну, Андреич, сенде қатырасың! Мені, славяндардың сүйіктісі, азат Сусанинді — қайдағы бір француздың палатасына?

Екеуі де күліп алды.

— Ал, не үшін қоңырау шалдың? Телефонмен бір нәрселерді айтып, трубканы қоя салдың, — деді әзіл үнімен психотерапевт.

— Мынадай бір шаруа болып тұр... Менің бір танысымның (досымның) қарындасымен кішкене дұрыс болмай тұр. Нақтырақ, барлығы мүлдем дұрыс емес. Енді ғана он беске толған. Ал ол кенеттен еш себепсіз өлгісі келген. Бір апта ішінде өзіне екі рет қол жұмсауға ұмтылған. Отбасы қызды жалғыз қалдыруға қорқады, тіпті мектепке де жібермейді. Кезекпен қасында отырады... Және ең бастысы, қыз біртүрлі деп... тіпті айта алмайсың. Сымбатты, жақсы оқитын, әзілді де түсіне білетін дұрыс қыз сияқты. Ал осындай пәле басында қайдан жүр? Жұмбақ.

— Мүмкін, бақытсыз махаббат шығар?

— Олай емес секілді.

— Ал тұқымында (әулетінде) психикалық ауруға (есіріп ауырғандар) шалдыққандар болған ба?

— Мен қайдан білейін? Болмаған сияқты, — деді де, Николай Андреевичке көңілді қарап, жігіт қулана сөзін қосты: — Бұл жерде өз әулетіңнің түбіне жете алмайсың. Басқаларының басындағы бөтен «шыбынды» қайдан таныын?

Николай Андреевич күлді де, әдеттегідей қолын сілтеді.

— Енді, сенімен барлығы түсінікті.

— Әркімге әрқалай, — деп Женька ауыр күрсінуімен наразылығын айтты. — Қысқасы, олар не істерлерін білмей дал: қыз баланы психиатриялық диспансерге жатқызу керек пе, әлде жоқ па. Қазір жақсы дәрігер іздеуде. Мен сізге келуге кеңес бердім, менің ұлы таныстығым үшін демекші. Адамдарға көмектесу керек емес пе.

Николай Андреевич жігіттің ауылбай акцентпен айтуына күліп:

— Енді солай болса, демек көмектесеміз, — деді. — Оның үстіне сенің ұлы таныстығың үшін...

Женька қыз баласын жақындарымен дәрігердің қабылдауына қашан әкелетінін келісті. Қолжазба дәптеріне уақыты мен күнін жазып, Николай Андреевич арқасынан жүк түскендей демалып, салмақты айтты:

— Мен сенімен бір нәрсе болған шығар деп ойласам...

— Жоға, менде барлығы дұрыс, — деп Женька риза түрімен күлді де, мақтана сөйледі:
— Менің денім сау!

— Дені сау адам болмайды. Медициналық тексерістен өтпегендер болады, — деп Николай Андреевич Женьканың көздеріне мұқият қарап, жұмсақ үнімен нақтылады.

— Сенде бір, Андреич! — деп жігіт креслода қипақтап, езуін керді. — Сенімен байланыссаң болғаны! Сен мені қазір шизиктарға жазарсың.

— Ал бұл жерде шошынатын не бар, барлығымызда шизофренияның өскіні болады. Бастысы не білесің бе?..

— Не?

— Оған су құймау.

Женька күлді.

— Ал рақмет дәрігер, сіздің кеңесіңізді ескеремін... өз ағашыма.

Олар қайта күліп, осы көңілді толқында Женька қоштасуға асықты.

* * *

Алина бар-жоғы он бесте болатын. Он бес жаста... Бұл мемлекет тарихы үшін қаншалықты аз уақыт десеңші! Және әлемді жеке тануында қаншалықты үлкен көрінеді, әсіресе бұл әлемдегі өмір сүрген алғашқы он бес жылың болса... Тіршіліктің отбасылық қабықшасының арғы жағында, адам ағынымен жүріп жатқан өмір өзенінде, қаншама жаңалық ашылады, алда әлі қаншама құпиялар күтіп тұр. Бұл өзен алыстан қандай әдемі көрінеді, оның қозғалысын отбасылық панадан бақылағанда қандай тартымды! Тезірек оған сүңгіп, көптен күткен өз тәуелсіздігің мен сенімді салға (плот) қол жеткізіп, осындай қызықты саяхаттан тек бақытты сезініп, осы өзенмен уайымсыз жүзу. Толған қиял және шынайылыққа шын ену тәжірибиесінің толық жоқтығы...

Жастық шақ өзінің қайталанбас әсемдігіне ие, әсіресе нәзік гүлдерін енді аша бастаған сәтінде. Алина басқа құрбы-құрдастары секілді сымбатты қыз баласы. Оған да осы жастағы көптеген қыздарға тән қызығушылық жат болған жоқ. Ол да барлығы секілді, бар күшімен, әдеттегі жасөспірімнің қолданатын жиынтығымен тобырдан дараланғысы келді. Махаббат майданы әзірге жастардың сүйікті эстрада жұлдыздарына махаббатын ашық білдірумен және мектептегі атақты жігіттерге іштей құпия тамсанумен ғана шектелді. Реті келсе құрбылары алдында «отбасылық қарым-қатынасты» көрсетуге тырысқан сыныбындағы кейбір қыздардың жігіттері болды. Бірақ барлығынан бұрын қыздар осы ара қатынастарын құрбыларының алдында айтуды жақсы көретін. Осындай тақырыпта өзін қалай көрсетуді білмей, Алина басқа қалада тұратын жігітім бар деп барлығына айта салған. Теңізде танысыпты-мыс, ол әскери борышын өтеп келген, өзінің бизнесі бар, бауырымен бірге азық-түлік дүкенін ашқан. Жалпы айтқанда қыз баланың қиялы салғанның барлығы, осы бозбаланың бейнесінде көрінді. Ал шынайы болуы үшін, Алина мектепке «бозбаладан» келген хатты тасумен болды, әрине хатты ағасының жазуын (қолтаңбасын) көшіріп өзі ойдан шығарды. Ал сол ағасының әскери альбомынан жасырын алған оның фотосымен, ол тіпті де айырылыспай, ыңғайлы болған кез келген сәтте сүйіктісіне нәзік сезімін көрсетті.

Бірақ, бір сәтте өмірінде барлығы өзгерді. Мектепте жоғары сыныптың жаңадан келген баласы пайда болды. Есімі — Влад. Іш пыстырарлық сұр мектептерінде жұмбақ, тартымды тұлға ретінде көптеген қыздардың назарын бірден тартты. Қыздардың көбі тіпті онымен ауырып қалды. Бұл жүрек ауруы Алинаны да айналып өтпеді. Құрбысы Марина екеуі оның ізін көлеңкеше аңдумен болды. Жақсы қасиеттерінен бөлек, жігіт заманауи музыканы да жақсы білді. Сондықтан оны мектептегі дискотекаларды өткізу үшін диск-жокей ретінде

алады. Алина және Марина секілді адал жанкүйерлерінен бөлек (көптен бері), көбі үшін жергілікті кумирге айналады.

Влад әдеттегі көшбасшы. Қыздарды оның сыпайылығы мен ересек адамға тән мінез-құлқы таңқалдырды. Ол тек өзі үшін ғана емес, ұжымы үшін де тұра білді, сол себепті балалар арасында құрмет пен абыройды тез жинады. Мектепте ол туралы толық бір аңыздар тарай бастады. Тіпті мұғалімдердің өзі онымен басқаларға қарағандай емес, біртүрлі ерекше, құрметпен сөйлесетін, оған дипломат немесе саясаткер мансабын болжаған. Көзқарасы мен мәнері, сөйлеуінде қандай да бір құпиялық, ересек тәжірибие болды, бұл оны құрбы-құрдастарынан даралап, оған ерекше құпия тартымдылық берді.

Алина мен Марина олардың қыдырымпаз ұжымының тұрақты мүшелері болып қалды. Олар өздерінің кумирлерін ұлықтап, егер ол бақталасына назарын сәл көп аударса, бір-бірлерінен жасырын қызғанды. Влад түрлі қыздармен кездесті. Бірақ бірде, кезекті құрбысымен ренжісінен кейін, Алина үшін ерекше көрінген жағдай болды. Влад өзінің қызы болу туралы ұсынысын жасады. Басына түскен осындай бақыттан, Алина естен тана жаздады. Себебі ол бұл туралы армандап, арманы орындалуы үшін барлығын қиюға дайын болды. Бірақ кейінірек оның уһілеген, бейкүнә сүйелері түріндегі бақыты алысқа созылмады, қыз баласы өзіне ақтық формуладай қабылдаған бар болғаны «бір ай, бес күн». Бозбала түсіндіруге өзін қатты қинамай, басқа қызбен кездесе бастағанда, барлығы бір күнде құлады... Және кіммен?! Өзінің ең жақсы құрбысымен. Марина «ұлы махаббат» үшін Алинамен бар қарым-қатынасын тоқтатып, оның кезекті сүйіктісіне айналды. Қыз бала үмітсіздіктен депрессияға түсті. Бір қуантарлығы сынып жетекшісі жасөспірімдермен көп жыл жұмыс жасаған тәжірибиелі ұстаз болатын. Қыздың жағдайын көріп, оған мектептегі іс-шараларға қатысты түрлі тапсырмаларды жүктей бастады. Қоғамдық жұмыс пен жаңа ұжым біртіндеп Алинаның назарын жүрек мәселелерінен алып, осының арқасында қыз бала депрессиядан жақсы шықты.

Бірақ өмір — болжамға келмейді. Бірде Алинаның жан жарасы азды-көпті жазыла бастағанда, өзі үшін күтпеген жағдай орын алды. Бір күні Алинаға көздері жасқа тұнған... Марина келді. Оныменде Алинаның тарихы қайталаныпты, бірақ ушыға аяқталған. Жанында Владты ұстау үшін Марина құрбысынан да тіпті әріге кетіпті, өзінің қыздық намысын құрбан еткен. Бірақ бұл оқиғадан төрт күн өткен соң, оған Владтың көңілі аяқ-астынан сөнген. Сол кеште Марина құрбысымен барынша ашық болды. Ол құрбысынан кешірім сұрап, Влад төсектегі тәжірибиесіздігінен кеткені анық деп өкінумен болды. Марина өзінен қашып кеткен махаббатын тоқтаусыз жоқтаумен жылады. Және сезімге берілген Алина да көз жасын тия алмады. Бірақ кезіндегі Маринамен достығын үзгеніне емес, жоғалтудың бар ащы дәмін есіне алып еңкілдеді. Екі құрбы бір-бірін кешіріп, жоғалтып алған бақыттарын естеріне алып жылап отырған кезде, аяқ астынан телефон үні естілді.

Қанша біртүрлі болса да бұл Влад болды, Маринаның қазір Алинамен бірге екенін қалай білгені түсініксіз. Бірақ одан бетер таңқаларлығы оның сөздері еді. Влад осылай жасағаны үшін екі құрбыдан кешірім сұрады. Ол өкініп, екеуі де өзіне қатты ұнайтынын айтып сендірді, кімді жақсы көретінін өзі әлі білмей жүр екен: Алинаның жанында Маринаны, ал Маринаның қасында — Алинаны ойлайды. Екеуі де өзіне жақын жандар-мыс. Он минут әңгімеден кейін құрбылар ендігі Владты сүйсіне тыңдап, құлақтары трубкаға жығылды. Жүректері дірілдей қағып, жанарларында бұрынғы бақыттың жарқылы көрінді. Бұл сәтте Влад өзінің кінәсін жуып, достасу үшін қыздарды үйіндегі кешкі сауыққа шақырды. Осы әңгімеден кейін Алина мен Марина бақыттан қуанғандары соншалықты, қыздардың бақытты үні планетаның басқа бір шетіне жететіндей естілді.

Көптен күткен жұма күні құрбылар ең сәнді, ең жақсы киімдерін киіп, кешкі сауыққа барды. Владтың үйінде жиырма шақты жастар, қонақтардың көбі қыздарға таныс болмай шықты. Барлығы біршама қызықты әрі тартымды көрінді. Себебі бөтен адамдарға әрбір адам өзі туралы ең жақсы әсер қалдырып әрі тек жақсы жағынан көрсеткісі келетіні белгілі. Бірғақты жағымды музыка ойнап тұрды және біршама көңілді болды.

Қонақтар арасында Катя есімді жоғарғы сыныптың бір қызы болды. Влад мектепке келгенге дейін ол қыз аса бір қатты ерекшеленбеген. Есімін Марина — «сұр тышқан» деп атайтын. Бірақ «мектеп радиосының» алып қашпа әңгімесі бойынша, дәл осы қыздан Влад мектептегі «коллекциясын» жинаған. Қазір оны тану мүмкін емес. Ұсқынсыз үйректен ол тіпті аққуға емес, сұлу пантераға айналған. Мектепте оны Кэт деп атай бастады. Қоңырауда жанында тұру үшін балалар бәсекелесіп, мектеп ауласында бір-бірлерімен ұстасатын (төбелесетін, жанында кім тұратынын шешетін). Мектептің бар еркегі оған бірден назар аударғандай әсер қалдыратын. Бұрындары Кэт бойында болмаған қандай да бір талғампаз тартымдылық пайда болған. Бұрын қыздың сабақ үлгерімі де нашар болатын. Ал қазір қайдан шыққаны белгісіз, құдды біреу көрінбес кілтімен жадындағы қазынасын ашқандай. Жалпы айтқанда онымен таңқаларлық өзгерістер болып, Влад туралы мектепте фантастикалық аңыздар тарайды.

Владтың сауық кешінде әдеттегі жасөспірім қыздардың бақталастығына қарамастан, Кэт өзін біршама қарапайым ұстады және бұл Марина мен Алинаға ұнап қалды. Кэт басқалары секілді Владтың мойнына асылған жоқ, ал негізінде сауық кеші жанкүйер жігіттерсіз өтті. Бұл кейбір деңгейде оның мүмкіндігін басқа қыздар фонында теңестірді.

Бұл кеште Кэт Марина мен Алинаға өзі келіп, ешқандай мұрын шүйірусіз қарапайымдылықпен, жақын танысты. Ал екі сағат өткенде құрбылар оған жан сырларын айтып, өздерінің ең құнды қыздық құпияларымен бөлісіп жатты. Өз кезегінде Кэт те оларға біршама қызықты дүниелерді айтып, Владты қол жеткізе алмас биікке көтерді. Және сөз арасында оларға, Влад кірген анағұрлым кішкене адамдар тобы туралы да айтып қалды. Бұл отбасыдан да үлкен. Ол шеңберге кірген адам, оның мүшелерімен мәңгі туыс болып және оларды ешқандай күш ажырата алмайды екен. Қыздардың қызығушылығы оянды. Қыздар жақсы көретін Влад өмірінің құпия беттерін ашуды және өздеріне сол «адамзат қоғамындағы элиталардың элитасына» кіруді қатты қалады. Бірақ Кэт олардың ниетін біршама күмәнмен қабылдады, ол жерге кіру өте қиын, сынақтан өтіп және өздеріне айтылғанның барлығын жасауға дайын болу керектігін баяндады. Бұл құпиялық одан әрмен құрбыларды қызықтырып, олар еш кідірместен келісімдерін беретінін айтты. Кэт олар үшін керекті жерге өз сөзін айтатынын уәде етті, себебі оның ойынша олар «жақсы өмірге лайықты, керемет қыздар» болды. Алғашқы хабарды осы жексенбіде әкелуге уәде беріп, кездесетін жерлерін келісіп алды.

Марина мен Алинаның бақыттан бастары көкке екі елі жетпеді. Сауық кешінен біршама кеш қайтып, жол бойы Владты қаншалықты жақсы көретіндерін және тек мәңгілік бірге болу, оның махаббаты үшін барлығына дайын екенін айтып келе жатты. Кэт туралы тақырыпты ерекше шабытпен айтты, қалайша осындай сұр тышқан жігіттер арасында ханшайымға айналды. Және қандай да бір құпия отбасыға адалдығының арқасында осылай болды деген бір пікірге келді.

Алина тоғыз қатарлы пәтерде, Марина — көрші жеке тұрғын үй секторында тұратын. Көтеріңкі көңіл-күймен құрбылар Алина үйіне де жетті. Жұлдыздарға қарап, кенеттен бала кездеріндегідей бұл ертегі жұлдыздар әлемін жақсырақ көру үшін, тоғыз қатарлы үйдің шатырына шығуға шешім қабылдайды. Бұрынғы «аспан асты» орындарына көтеріліп, жұлдызды аспанды қарап аздап отырды да, Кэт секілді мықты болып, бақытты ғұмыр кешеміз деп армандай бастады. Ақыр соңында олардың әңгімесі Владқа қайта ауысып, оның тартымды келбеті, мықтылығы, кейін істеріне, құрбылардың шын махаббатына соңына дейін сенбегені туралы болды. Және осы кезде аяқ астынан Марина оған және құпия отбасына деген адал махаббаттарын өліммен дәлелдеуді ұсынды. Құрбылар өлген кезде, барлығы олардың Владты қаншалықты жақсы көргенін түсінеді-міс. Ал Влад екеуінің ешқайсысы қолына түспегеніне қынжылып, жасаған ісіне өкінетін болады. Бір-бірін барған сайын сөздерімен күйдіріп, құрбылар ерекше шаттық күйінде бір-бірінің қолдарынан ұстап, ернеуге батыл жақындай бастады. Алина өз өмірін ең жақсы құрбысы және олардың «ұлы махаббаты» үшін беретінін салтанатты айтты, Марина да шаттана Алинаға сол сөздерді

айтып, достықтары мәңгілік болатынын қосты. Осы сөздермен ернеудің шетін басып, қоштаса сүйісті де...

Күшті ер адамның қолдары оларды артқа қарай лақтырып жіберді. Құлау мен ауырсынудан қыздар құдды оянғандай. Кенет олар, алдарында үрейленген Алинаның ағасы, тіпті әдепсіз (боқтықпен) айқайлап жатқанын анық естіді. Ауырсынуларынан ба, әлде жігіттің айқайынан ба, бірақ аяқ астынан қыздар шыныменде он екіде бір гүлдері ашылмаған жастық шақтарында, ӨМІРЛЕРІНЕН шыныменде айырылып қалуға аз қалғандарын түсінді, соңғы уақытта «ақыры бақытты болған» ӨМІРЛЕРІНЕН. Өздері жарытып түсіндіре алмаған істерін жасауға шақ қалғанын түсінуден денелері түршікті. Бұл кезде оларға не болды? Егер жігіт дәл уақытында келмегенде...

Ағасы үйге келе жатып, қарама-қарсы жақтан Алина құрбысымен келе жатқанын байқаған. Достарымен қоштасып жатқанда екі қыздың кіреберіске (подъезд) кіргендерін көрген. Жігітте арттарынан кірді. Жанып тұрған нұсқағышына қарағанда Лифт тоғызыншы қабатта тоқтаған. Мүмкін қыздармен басқа да үй тұрғындары кірген болар деп басында бұған қатты мән бермеген. Бірақ қарындасы мен құрбысының бес минут, он минут өткенде үйде болмауы, үй төбесі мен шатырды қарау керек деген мазасыз ойды салған. Олармен бірге лифтіге кімнің бірге кіргенін бір құдай біледі... Және бұл тексерісі кейін босқа емес болып шығады.

Қыздардан кем емес үрейленген жігіт оларды ернеу шетінен лақтырып, ұзақ саудаласып жатпады. Жағаларынан ұстап үйге қыздарды сүйреп әкелді. Бұл оқиғаны естіп Алинаның ата-анасы есіңгіреп қалды. Әрине, Алинаға бәрінен де көп тиді. Бірақ Маринаның ата-анасына хабарламай, Алина ағасы жеке тұрғын үй секторындағы үйінің қақпасының алдына дейін апарып тастаумен шектелді. Демалыс күндері біршама тыныш өтті, бірақ Алина ағасы және ата-анасының бұйрығымен үй қамақта болды. Өзіне қол жұмсау сипатындағы өзіне жат мінезінен, осындай ақымақтықтан өзінде үрейлі болды. Және ішкі жан дүниесінде туыстарының арасында қамақта болғанына тіпті қуанышты еді. Осы күндердің барлығында анасына үй шаруасында көмектесті. Жексенбі күні кешкісін сабақтарын жасап, кітаптарын сөмкесіне салды да, тыныш ар-ұятымен ұйқыға кеткен.

Жексенбіден дүйсенбіге қараған түн ортасында, Алина аяқ асты қатты бас ауруынан оянып кетеді. Осындай кезде анасы ауырсынуды басатын «цитрамон» ішкенін көрген. Алина анасын оятпай, жай ғана таблетка ішемін деп ойлаған. Ол дәрі қобдишасын алып басқа дәрілер арасынан сол ауырсынуды басатын дәріні іздеді. Және осы кезде жексенбі күні Кэтпен кездесуге уәде бергенін қорқынышпен есіне түсірді. Бұл кездесу соңғы жағдайларға байланысты басынан мүлдем шығып кетіпті. Алина қатты торығуға түсіп, өзін тоқтамай кінәлады: «Мен бұл туралы қалайша ұмыттым?! Кэт кездесуге жаңалықтарымен келген шығар. Мүмкін «құпия отбасымен» келісу қолынан келген шығар. Ал мен оны лақтырып кеттім! Бұл Кэттің өзі емес пе! Мектепте барлығы менен теріс айналып, мені аластатып жіберу оның қолынан келеді!» Осындай қорқыныш пен үмітсіздік толқыны Алинаға құйылып, қатты уайымнан барлық таблеткаларды ретсіз аша бастады. Абдыраған қыз толған ақ түсті домалақ таблеткаларға қарады. Амалсыздықтан барлығын бірден жұтып, өмірінің барша қиындығын лезде тоқтатып және ендігі ешқашан-ешқашан азапқа түспейтіндей өз өміріне қол жұмсағысы келді. Ол ас бөлмеден су алып, барлық таблеткалар мен ұнтақтарды стаканға төге бастады. Бірақ жанған жарық пен күдікті тырсылдар анасын оятып жібергені анық.

— Сен не істеп жатырсың?! — деп Алинаның артынан кенет келген анасы айқайлап, қызға жабысты.

Лай ерітінді құйылған стаканды лақтырып, қызы асығыс аузына сала бастаған таблеткаларды күшпен дерлік түкіруге мәжбүр етті. Бірақ Алина бәрібір кішкене бөлігін жұтып үлгерген. Шешесінің айқайына әкесі мен ағасы жүгіріп келді. «Жедел жәрдем» келіп асқазанын жуамын дегенше, неге екенін өзі білместен анасы Маринаның ата-анасына қоңырау шалды. Отбасының барлық мүшелерін оятқан телефон даусы, дәл уақытында болған екен.

Уайымын айтып, Алинаның шешесі Маринамен бәрі дұрыс па деп тексеруді өтінген. Осындай түнгі мезгілде қызымен не болуы мүмкін деп таңқалған Маринаның анасы, сонда да қызының бөлмесіне барған. Бірақ есікті ашқан кезде сілейіп қатып қалады: қорқыныштан аяқтары дірілдеп, тамағында жүрек айнытар түйір пайда болады. Маринаның анасы алдында сұмдық көрініс: қызы терезе жақтауының тұтқасына байланған шұлықта (чулки) ілініп (мойнымен), жан ұшыра дірілдеп жатыр. Қызды тұзақтан (немесе дардан) уақытында алып, өмірін әрең сақтап қалды. Кейін белгілі болғандай, Алина бар таблеткаларды жұтқан минуттарда, Марина да асылуға тырысқан.

Алина анасымен телефон арқылы сөйлесу барысында Маринаның шешесі, қыздардың өздеріне қол жұмсауларының бірінші еместігін естиді. Сөзден сөз шығып, уақытылы соғылған қоңырау үшін рақмет айтудың орнына, бір-бірлеріне дөрекі айыптаулар құйылды. Маринаның шешесі қызына дәл сол Алина ықпал етті деп санады, себебі оның ойынша қызы ешқашан мұндайды ойламайтын. Жалпы айтқанда барлығы жиі болатындай, толық түсінбей жатып, әйелдер бір-бірлерімен айқайласты.

Қыздың у ішуге талпынысынан кейін, ата-анасы Алинаның психикалық саулығы туралы қатты ойланып, жақсы дәрігерлерді іздей бастайды.

* * *

Белгіленген сағатта Женька психотерапевт кабинетіне Алина мен отбасын алып келді. Николай Андреевич олармен танысып, мұқият тыңдап шықты және әрбір мүшесімен оңаша сөйлесті. Қыз баласымен ұзақ сөйлесті, оны тексеріп көрді. Алинаның жағдайы біршама қылыпты болды. Ешқандай психикалық ауытқу мен патологияны дәрігер бойынан таппады. Психикасы жасына сай болды. Қыздың отбасы да жақсы. Қандай да бір әке-шешесімен қиын қарым-қатынасы да жоқ. Мектепте жақсы оқиды, көпшіл, мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысушы. Оның тәртібіне мұғалімдер шағымданбаған. Жалпы айтқанда көзге көрінер себебі болған жоқ. Әрине, осындай жасаған жат қылығы үшін, қыз баласында қорқыныш болды. Қызды тыңдаған Николай Андреевич, оның жақсы өмірлік позицияда тұрғанына барған сайын сенімді болды. Қыз баласының бір нәрселер туралы толық айтпағаны сезіліп тұрды, бірақ бұл құпиялар, әдетте кейінгі сөйлесулерде анықталатын. Толықтай қарағанда Алина біршама қалыпты көрінді. Психотерапевт тіпті ата-анасына пациенттерімнің барлығы осындай сүйкімді, өмірсүйгіш болса ғой деп те әзілдеді.

Қызды өз-өзіне қол жұмсауға итерген анық себепті таппады. Психотерапевт бірінші жағдайда мінез-құлық жағдайындағы ауытқуды аффект күйінің көрінісі ретінде қарастырды, яғни ми қыртысының қызметін уақытша тежеу салдарынан ерікті бақылауды жоғалтумен бірге жүйке-психикалық қозу. Ол мұны жасөспірім миының табиғи даму процесімен байланыстырды. Екінші жағдайда қыздың депрессиялық күйінен туындаған аутоагрессияның көрінісі байқалды. Сол себепті Николай Андреевич антидепрессанттарды қабылдауды, сондай-ақ психотерапия курсынан өтуді ұсынды.

Отбасы аздап тынышталып, үйлеріне кетті. Дәрігер бәріне ұнаған, соның ішінде өзінің сыпайылығы, әзілі және пациентті мұқият тыңдауымен Алинаға да. Ата-анасы осындай деңгейдегі маманға өздерінің кіре алуы неғайбыл екендіктерін айтып, осындай таныстық үшін Женькаға алғыстарын айтты.

Кешкісін Алинаның анасы барлығының одан әрмен көңіл-күйлерін көтеру үшін, тіпті отбасылық, мерекелік кешкі асты да ұйымдастырды. Алина бұл идеяны «уралап» қолдап, анасына көмектесе бастады. Ас әзірлеу барысында бір-бірімен қалжыңдасып, анекдоттарын да айтты. Анасы дастархан әзірлеп жатқан кезде, Алина соңғы тағамды жасауға кіріскен. Бутербродтар жасап, пышақпен нанға май жағып жатқан. Және осы кезде аяқ астынан қайтадан рецедив болады. Анасы ас бөлмесінен шыға бергені сол еді, Алина құдды бір сыртқы әлемнен бірнеше секундқа ажырағандай, сол бойда қолдарының тамырын кесті. Осындай болжамға келмес іс-әрекеті отбасы мүшелерін айтып жеткізе алмайтын

есеңгіреуге қайта әкелді. Қызды дереу таңып, тыныштандыратын дәрі берді де, анасы Николай Андреевичке қоңырау шалды.

Бұл кезде дәрігер кезекшілікте болған. Қыз туралы хабар оны да қатты таңғалдырды. Жағдай өзі ойлағаннан біршама күрделі болып шықты. Осындай «перспективасы жоқ пациенттен» басқа дәрігерлер орнында болса әрмен қашар еді, бірақ Николай Андреевич емес. Ол уақыт жоғалтпастан әріптестерімен қызды көрші психиатриялық бөлімге дереу жатқызу туралы келісіп, жеткізу үшін көлікті де ұйымдастырды. Алинаны жеке палатаға орналастырып, қасына күтуші қойды, ұйықтататын укол салды.

Түнгі кезекшілік тыныш болғанымен, Николай Андреевич таңға дейін кірпік қақпады. Ол кабинетіндегі суицидология, психология, социология, психиатрия бойынша мүмкін болған барша әдебиетті ақтарып, болған жағдайды түрлі жағынан бірнеше рет талдады. Бірақ, кәсіби маман ретінде өзін қанағаттандырған жауапты таба алмады. Тек жалғыз тапқаны, қыздың ата-анасымен бұрынғы сөйлескен кезін ойланып, анасы туралы ақпаратқа аса мән бермегенін анықтады. Оның қызға белгілі бір әсері болған. Әкесімен әңгімесінде, ол әйеліне соңғы кездері жаңадан пайда болған қандай да бір секташылардың келе бастағанын айтқан. Олар онымен бірге Інжілді, қандай да бір брошюраларды оқып, әңгімелерін жүргізген. Анасы үй шаруасында, бос уақыты бар адам. Ал әкесі әйелінің бұл қылығына жақсы емес қараған. Ол өзін православ санаған. Демек, қыздың көзінше ата-анасы арасында дау-дамай болуы мүмкін. Және бұл оған жаман әсер еткен. Ал мүмкін бұл «бауырлар» оның санасын улап үлгерген болар. Оның үстіне қыздың да жасырғаны бар. Не болса да бұл жағдайды талдап, тағы бір мәрте ата-анасымен сөйлесу қажет. Жоқ дегенде бұл жағдайда ерекше назар аударатын басқа себепті психотерапевт таппады.

Өзінің «жұмыс» медитациясын жасап, Николай Андреевич Алинаға барды. Қыз тыныш ұйқыда, ал күтушісі ұйқымен күресіп қолында кітапты ұстап отыр. Күтушіден жағдайды біліп, болған оқиғаны ойланып Николай Андреевич Алина кереуетінің қасында бірнеше уақыт тұрды. Және осы кезде жаңа ғана медитация күйінде болғанынан ба, әлде интуитивті сезімінің арқасында ма түсініксіз, қыздан қатты жағымсыз өрістің шыққанын анық сезінді. Тіпті өзі де біртүрлі болды. Николай Андреевич бір кездері өзіне Сэнсэй үйреткен «қорғанысты» автоматты қойып үлгерді. Ол күтушінің жағдайын білді. Бірақ жасы келген әйел әдеттегідей жауабын айтты: «Шыдауға келеді» (терпимо). Палатадан шығып, Николай Андреевич одан әрмен алаңдады. Қызбен бір нәрсенің дұрыс болмағаны анық. Интуитивті деңгейде болып жатқанның шын себебі, бұл құбылысты түсіндіруге тырысқан қарапайым себептердің арғы жағында жатқанын түсінді. Бұл жағдай тез арада Сэнсэйдің консультациясын қажет етті. Сэнсэй офісіне телефон соғу үшін, Николай Андреевич таң атқанын күтті.

Бірақ таң атқанда Сэнсэйдің кешеден бері қаладан басқа бір жаққа кеткені анықталды. Әдеттегі әдістеме сұлбасымен әрекет етуге тура келді. Николай Андреевич қызбен психотерапевтикалық және медикаментозды жұмыстан бөлек, әріптестерінен қосымша тексеріс өткізуді сұрады, ЭКГ, ЭЭГ, бас миына МРТ жасау және қызды невропатолог, окулист, терапевт дәрігерлерге тексерту (көрсету). Алинамен жағдай Николай Андреевичтің өзін қатты қызықтырды, бірінші кезекте ғалым ретінде. Ал әңгіме мынада, соңғы кездері осындай жағдайлар облыста біршама кең таралды. Тура соққан толқындай қалаларда, көрінулі еш себебінсіз балалар мен жасөспірімдердің суицидін толық бір сериясы өткен. Бұл жағдайды пайдалынып, Николай Андреевич біршама дені сау балалардың осындай түсініксіз «балалар індетінің» жұмбағын шешуге жақындауды мақсат етіп әрі мүмкіндігінше суицидальді мінез-құлықты іске қосатын механизмді (пусковой механизм суицидального поведения) анықтауға тырысты. Алинамен болған жағдай, зерттеу үшін дәл керектінің өзі болды.

Қыздың осындай күйзелісті (аффект) іс-әрекетінің мүмкін себептерін ойланып, Николай Андреевич Иоанн әкейге қоңырау шалуға шешім қабылдады. Өзара аман-саулық сұраудан кейін, Николай Андреевич сұрады:

— Сэнсэйдің қашан келетінін білесің бе? Шұғыл қажет.

— Нақты білмеймін, бірақ жақын арада келемін деген. Не асығыстық?

— Мына жақта сенің «құмырсқалы балаң» бір мәселені мойныма ілді...

Вано күлді.

— «Құмырсқалы бала»? Ол үнемі сау басына сақина тауып жүреді. Ал не жағдай болып қалды?

Николай Андреевич қыздың тарихын қысқаша баяндап берді, өзінің сектаның әсер етуі туралы нұсқасын айтуды да ұмытпады.

— Сен білесің бе, дәл осы жерде қыздың ішкі қақтығысы жатқанына неге екенін білмедім, бірақ сенімдімін, — деді психотерапевтті мұқият тыңдаған Иоанн әкей. Қазір осындай жаңадан пайда болған секталар саңырауқұлақша қаптады. Адамдардың психикасына қиратқыш әсер етулерінің жаман салдарын әрең шешіп жатырмыз. Және барлығы жастарға көз тігуде. Сен деструктивті бағыттағы қанша діни ұйымдардың пайда болғанын елестете алмайсың! Күннен-күнге оңай емес! Өздеріне тарту және мүшелерін ұстау үшін сананы психологиялық манипуляциялау техникаларын қарқынды қолданып жатыр. Барлығы өз отарының ойлары, сезімдері, мінез-құлқын толықтай бақылау үшін, бұрмаланған уағыздарымен халықтың миын улауда. Ал шын мақсаттары пенделік (немесе дүниелік) — басшыларының заңсыз баюы мен билігі, тіпті белгілі бір ұйымдардың халықтың құлдық санада қалуына мүдделі болуы. Мінекей, осылайша барлығын зомбилап жатыр. Ал жасөспірімнің миын бүлдіру не тұрады? Олардың үлкендермен де сыйластығы шамалы, ал мұнда балалар... Олардың тәжірибиесіздігі, ақпаратты білмеуін пайдаланып, қалағандарынша алдап жатыр. Айтпақшы қыз бала шоқынған ба?

— Иә, екі жыл бұрын шоқындырған.

— Бұл жақсы... Олай болса шиелініс болуы тіпті де мүмкін! Қызды дәстүрлі православиямен тәрбиелеген, біршама жасқа келген кезінде шоқындырған. Ал осы кезде әлгілер... келе қалды, өздерінің ойларын таңа бастаған. Және кімге? Анасына. Мүмкін, осы кезде қыз сынған болар. Сен әкесі дәстүрлі христиандық позициясында қатты тұрады деп айттың емес пе.

— Иә. Барынша анықтағанымда, бұл тақырыпта отбасында қыздың көзінше бірнеше жанжалдар болған. Әкесі қызым шоқынған, сондықтан ол қайта шоқынбайды деп айтқан. Ал анасы брошюр оқып бұл адамдармен кездесуден еш жамандық көрмеген. Айтпақшы әкесі әйелін зомбилап жатыр деген сөзді бірнеше рет қайталады.

— Міне көріп тұрмысың! Егер анасын зомбилауға тырысса, әлгі «бауырлар» қызға да бір нәрселерді таңуы мүмкін...

— Ата-анасы қыз ол адамдармен сөйлеспеді деп айтады. Алайда... Алина соңғы кездері өзін біреу басқаратындай көрінеді деп айтқан.

— Басқарады?! — Иоанн әкей кішкене үнсіз тұрды да, кейін айтты: — Идея бар! Қанекей психотерапевтикалық процедура (шара) ретінде қыздың және отбасының алдында жын шығару діни рәсімін (обряд экзорцизма) өткізейік!

— Шайтанды қуу? Сенде айтасың!

— Ал сен асықпа, жақсылап ойлан. Себебі бұл қыз баласы үшін жақсы психологиялық демеу (жәрдем). Егер ол өзін біреу басқарады деп сенсе... Ал біздер сол жынды шығарып, Шіркеудің арқасында құтқарылды деп иландырамыз. Оның үстіне сеанста ата-анасы да болып, үйлерінен жалған әдебиеттерді алып тастайды... Қарасаң, қызда тынышталып, психикасы да өз орнына түседі.

— Негізінде біршама мүмкін. Ал неліктен сахналаймыз, неге шыныменде өткізбеске?

— Көріп тұрсың ба, қыздың бойында жын бар екенін дәлелдеу өте қиын. Және сәйкесінше діни басшылықтан бұл діни рәсімге рұқсат алуда оңай болмайды. Ал сахналау (ойнату) қыз үшін жаман емес психологиялық қолдау болмақ. Ақыр аяғы егер ол ата-анасымен дұғада болса, еш зияны жоқ, қайта керісінше отбасыларында үйлесімділіктің болуына септігін тигізеді. Онымен қоса қыз баласы анасы христиандықтан ешқайда кетпегенін және отбасы бұрынғыша екенін көреді.

— Енді жақсы, мүмкін шыныменде көмектесетін шығар... Ең болмағанда бір нәрсе жасау керек. Қызды үнемі ұйықтататын дәрімен ұстай алмайсың. Мен ата-анасымен сөйлесейін. Егер келісім берсе, байқап көрейік.

Осыған тоқтасты.

Келісілген күні Иоанн әкейдің шіркеуіне Женька, психотерапевт және қыз отбасымен толық құрамда келді. Иоанн әкей барлығын жылы қарсы алды, оның ішінде аздап білінер-білінбес жымысымен Женьканы да. Ал Женька осындай іс шараны еш жібере алмады, оның үстіне бұл Иоанн әкейдің қызметіне байланысты болса. Бірақ сонымен бірге жағдайдың күрделілігін Николай Андреевичпен мұқият түсіндіруден кейін, пірәдарды бірінші рет көріп тұрғандай өзін біршама байсалды ұстады. Және айта кету керек, бұл күні жігіт өзіне Иоанн әкей кейпіндегі мүлдем басқа адамды ашты.

Әкей өзінің шіркеулік көмекшілерімен бірнеше сағат тоқтамастан дұғаларды оқыды. Оның даусы жай қойылған ғана емес, өзінің интонациясы мен күшінде жаныңды терең тербейді. Бұрынғы психология саласындағы кәсіби даярлығы бар екені көрініп тұрды. Тіпті бұл процедураға күмәнмен қараған Женька да, қатты еніп кеткені соншалықты, тіпті тізерлеп шоқына бастады. Ақыр соңында қызды қасиетті сумен бүркіді. Бұл процедура барлық келушілерге үлкен эмоционалды әсер етті. Николай Андреевич Иоанн әкеймен қоштасып:

— Иә, таңқалдырады... осындай акустика, осындай жарық... Көріп тұрмын, қыз трансқа дерлік түсті. Әрине антидепрессанттар әсерінен де әлі толық арылмады. Дегенмен бұл эффектін күшейту қажет... Ал негізінде, жарайсың! Айтарға сөзім жоқ!

— Барынша тырыстық, — деді кішіпейілдікпен Иоанн әкей.

— Шынымды айтсам, осылай болады деп еш күтпедім, тіпті өзімнің жанымды тербеді... Құдай қаласа, қызға көмектесетін шығар.

— Барлығы Құдайдың еркінде, — деді Иоанн әкей.

* * *

Осындай психологиялық процедурадан кейін Алина үйіне кетуге сұранды. Николай Андреевич емханадан шығуға қажетті құжаттарды рәсімдеу үшін, жоқ дегенде бірнеше күн керек деп, әріптестерімен сөйлесуге уәде берді. Ал шындығында осы күндері дәрігерлерге қызды қатаң медициналық бақылауда ұстауға тапсырма берген, бірақ тексеріс нәтижесі қызға дәрігерлердің аса бір қатты алаңдаушылығын тудырмаған. Бірақ сонда да өзінің интуициясына көбірек сүйенген Николай Андреевич қызды емханадан шығарып жатқанда ата-анасына қызды ерекше бақылауда ұстауды айтқан. Себебі статистика бойынша суицидті әрекетінен кейін адам үшін алғашқы үш ай барынша қайталану тұрғысынан өте қауіпті кезең.

Ата-анасы психотерапевттің кеңесіне құлақ түріп, үйде жақсы атмосфераны жасады. «Керек емес әдебиеттердің» барлығын жоқ қылды. Кешкісін, тамақ ішіп болып, Алина тыныштандыратын дәрісін ішті де, анасымен бірге ұйықтауға жатты. Әкесі мен ұлы ас бөлмеде шахмат ойнауға отырған. Түнгі кезекшілік әкесіне тиді. Кезекті партиясын аяқтап, ұлы ендігі ұйқыға кеткелі жатқан, бірақ аяқ астынан ояңған Алина дәретханаға шықты. Ұйқылы-ояу даусымен неге ұйықтамай жатқандарын сұраған. Олар жатқалы жатырмыз деп жауап берді. Әкесі мен ұлы бақылаған. Қыз ешнәрсе болмағандай дәретханаға барды да, есінеп кері қайтты.

— Ал болды, мен ұйқыға, — деді әкесіне. — Ертең жұмысқа ерте тұру керек.

— Жақсы, — деп әкесі басын иді.

Алина бөлмесінен өтіп бара жатқан ағасы, қарындасы балконға барып, ернеуінен еңкейіп жатқанын қорқынышпен көрді. Еш ойланбастан жігіт тұра жүгірді. Қыз төменге қарай домалай бастаған сәтте киімінен әрең ұстап үлгерді. Салбырап тұрған қарындасын қинала ұстады. Қыздың ұйықтағанда киетін жібекті киімі қолынан тез сытыла бастады. Айқайлап

әкесін көмекке шақырды. Осы кезде қыз ұйқысынан оянғандай, көз алдындағы бас айналдырар қараңғы тұңғиықты көріп, жан ұшыра шыңғырып жіберді. Құтқарылу үшін тырбаңдады, салдарынан киімі ағасының қолынан жылдам түсе бастады. Енді болмағанда — өкінішті жағдай болар еді. Ұйқысынан оянған анасы жүгіріп келді, артынан әкесі де жетті. Барлығы күш салып қызды құтқарып қалды.

Оқиға санаулы секундтар ішінде болды. Бірақ отбасы қатты стресстен, бірнеше уақыт өз-өздеріне келе алмады. Тек көршілерінің жабайы айқайына оянып, ұйықтап жатқан азаматтардың тыныштығын бұзған іс-әрекеттеріне наразы болған телефон соғулар, бір қызығы отбасын аздап сабасына түсірген. Қызға ұйықтататын дәріні беріп, ата-анасы мен бауыры таңға дейін көз ілмеді. Үмітсіздікпен Алина жанында отырып, бастарына түскен қайғыны ойлаумен болды: «Енді қалай өмір сүрмек?»

* * *

Болған оқиғаны естіген Николай Андреевич, қыздың отбасынан кем емес есеңгіреді. Бірақ өз эмоциясын тез қолына алып, бұл мәселені талдауға бар жан тәнімен қайта кірісіп кетті. Практикасында осындай жағдай бұрын соңды болып көрмеген. Бұл жағдай еш түсіндіруге келмеді. Адам ешқандай психологиялық ауытқу мен патологиясыз, ешқандай себепсіз, оның үстіне антидепрессанттардың әсерінде болып осылай оп-оңай суицидті іс-әрекет жасау?! Бұл енді тым артық!

Николай Андреевич фактілерді көбірек салыстырған сайын, тіпті ескі болжамдарын да дәлелдеу қиынға соқты. Әр түрлі және түсініксіз. Статистика бойынша бұл жағдай жалғыз еместігін білді. Өздеріне қол жұмсағандардың тек үштен бірі ғана психикалық ауытқуы мен психикалық патологиясы бар адамдар, ал қалғандары, яғни жартысынан көп жағдайларда, олар біршама дені сау адамдар еді. Және егер бұрындары Николай Андреевич бұл жағдайларды уақытша депрессия, өмірлік қиындықтар, адамдардың жеке дүниетанымына жатқызса, бірақ Алинамен болған жағдай оны өзінің ескі шешімдеріне басқаша қарауға мәжбүр етті. Он бес жастағы қыздың қандай қалыптасқан дүниетанымы болсын? Дұрысы толық жоқтығы болар. Николай Андреевич осы жағдайдың басты себебін ашып, қалыпты, есі дұрыс адамдарды өз-өздеріне қол жұмсауға итермелейтін сұрақты шешемін деп ойлады. Ал диагнозы қойылса, қажетті терапияны да таңдау оңайырақ.

Қыз бала қайтадан емханаға түсті. Түрлі психологиялық тәсілдер мен амалдарды көріп, Николай Андреевич гипнозға шешім қабылдады. Шешім қабылдады, себебі адам психикасының жеке механизмдеріне кері әсерін тигізетіндіктен, мұндай тәжірибеге теріс көзқарас танытқан Сэнсэймен гипноз туралы салмақты әңгімеден кейін, Николай Андреевич гипнозды өте сирек қолданатын. Бірақ бұл жағдайды шығар жолы жоқ мәселе деп санады. Оның үстіне осындай қиын мәселе бойынша ақылдасатын Сэнсэйді қалада болмады...

Сендіру арқылы Николай Андреевич Алинаны гипноз күйіне енгізіп, алғашқы суицид жасау сәтінен бастап барлығын еске түсіруге бұйырды. Естігені оны маман ретінде таңқалдырды. Әдетте сырттан алынатын бар шынайы ақпарат, түпсана деңгейінде тіркеледі, егер бейнелі түрде айтсақ, сол жерде компьютердің жады (қатты) дискісінде сақталады. Бұл ақпараттардың көбі саналы анализді айналып өтеді. Адам әңгімесінде қандай да бір ұсақ-түйекті есінде сақтай алмауы мүмкін. Бірақ түпсана, егер оны ақылды басқара білсе, барлығын бүге-шегесіне дейін қайта еске түсіреді, оның ішінде ұсақ-түйекті де.

Николай Андреевичтің тапқаны тіпті таңқаларлық болды. Шынайы іс-әрекет картинасының орнына, қыздың түпсанасы қандай да бір қабылдаудың иллюзиялы картинасын көрсетті. Таңқаларлық, бірақ түпсанасы тіпті шатыр шетінде тұрғанын тіркемеген. Алина кішкене өзен қасында тұрыпты-мыс. Артынан күшті өрт қаумалап, ал

алдында әдемі, тыныш, жайлы алаң тұрған. Және кішкентай осы өзенді секіріп өтсе болғаны...

Николай Андреевич қатты таңқалды. Өйткені егер тіпті адамның санасынан ақпаратты кетіріп тастаса да, бәрібір терең түпсана деңгейінде, жадының жоғалған «файлдары» қалады. Ал бұл жерде, шынайылық жазылатын әлгі сана тереңінде, ол толықтай өзгертілген. Демек, осы қол жетпес түпсананың тереңіне мүлдем басқа ақпарат енгізілген және осының салдарынан қыздың өзін-өзі сақтау инстинктісі бұғатталып, түпсана мүлдем басқа режимде жұмыс жасаған. Демек оның санасы барлығын мүлдем басқаша қабылдаған. Ол иллюзияны шынайылыққа бағалаған. Әйтпесе тоғызыншы қабатта қайдағы өзен болсын?! Сәйкесінше, болған жағдайды (немесе шынайылықты), Шығыста бұл көзді шын «мен» деп, ал бізде «рух» деп атайтын түпсана деңгейінен де тереңнен іздеу керек.

Николай Андреевич Алинаның басқа да суицидті талпыныстарын тексерді. Тек улану жағдайында ғана қыздың түпсанасы куәгерлер, қыздың өзі сипаттаған картинамен сәйкес келді. Бұл жерден айтарлықтай ешнәрсе байқамаған. Әдеттегі жағдай — мазасыздық, дүрбелең, ауыр депрессия және сананың «туннельдік» тарылуы жағдайында өз-өзіне қол жұмсауға тырысу. Ал қалған жағдайлар толық жұмбақ. Жалпы картина қорқынышты көрінді. Жақсы көңіл-күйде болған Алина кенеттен есте сақтау қабілетінен айырылып, есепсіз (бейсаналық) өз-өзіне қол жұмсауға барған болып шықты. Және бопсалау немесе өзінің тұлғасына назар аударту үшін суицидті сахналау (инсценировка) емес, өліммен аяқталатын өз-өзіне қол жұмсау. Суицидті әрекетінің шын іске қосушы механизмі қандай?

Бұл тақырыпқа Николай Андреевич тереңдеген сайын, сұрағы да көбейді. Медициналық әдебиеттерден де толған сұрақтар, тек болар-болмас жауаптарды жолықтырды, бірақ онда да тұрпайы физиологиялық деңгейде ғана. Бұл мәселеде ғылым адамдардың өз-өздеріне қол жұмсаған батпағынан, мүмкін себептерінің тұманынан көзсіз сипалай өткендей сезім қалдырды. Әрбір жүрісін абайлап басып, жағдайды зерттеулері бір жақты болжам мен ойлардан тұрды. Адам психикасының осындай аса құпия құбылысына жауап іздеуінде, көрусіз тұман арасында Николай Андреевич өзін адасқан жолаушы секілді сезінді. Өз зерттеулерінде тұйыққа тірелді. Николай Андреевич бұл мәселеде жарық көре алатын тек Сэнсэй деп болжам жасады. Бірақ ол кетіп қалған. Және Николай Андреевич адамның шын «менін» оятып, диалогқа шақыратын Сэнсэйдің сана күйін өзгертетін «аса маңызды» «исключительного исключения» техникасын пайдалануға шешім шығарды.

Сол күнді Николай Андреевич жай емес, адамзат тарихындағы дәуірлі жаңалық ашылған күн деп санады. Сэнсэйдің арнайы техникасын қолдану арқасында Алинадан естігендері, адам Болмысының өлімге дейінгі және өлімнен кейінгі жаһандық түсінігін ой елегінен өткізуде қатты таңқалдырды.

* * *

Сэнсэй жұмысқа шыққан бірінші күні-ақ, Николай Андреевич өзінің «ғаламат ашқан жаңалығымен» офисіне ұшқан. Ол Алинамен болған бар тарихты толық түсіндіріп, қыздың суицидті әрекетінің іске қосушы механизмдерінің шын себебін іздеуі туралы да айтты. Сэнсэй әдеттегідей үнсіз, мұқият тыңдап отырды. Тек бір-ақ рет біртүрлі сөзін айтты: «Түсінікті, қыз ашылған». Психотерапевт гипноз арқылы өзінің тәжірибиесі туралы әңгімеге келген кезде, Сэнсэй жақтырмай басын шайқады.

— Иә, мен түсінемін, түсінемін, — деп Николай Андреевич жасаған ісін асығыс ақтай бастады. — Бірақ менде басқа шығар жол болмады. Оның үстіне, кейін белгілі болғандай, бұл тырысуым босқа болмаған...

Қыздың жоқ шынайылықты түпсанамен қабылдауына тоқталып, Сэнсэйдің техникасын қолдану арқылы жасаған өзінің басты ашқан жаңалығын шабытпен айта бастады.

— Сен түсінесің бе, мен екі орасан зор жаңалық аштым. Таңқаларлық, бірақ факт! Біріншіден, түпсананың «қара жәшігін» (чёрный ящик) қайта кодтауға (перекодировать)

болады екен. Ал қазір түпсананың терең қабаттары тіркейді де, ол мәңгілікке солай қалады деп саналады. Яғни, егер түпсананың жоғарғы қабаттарында ақпаратты кетіру мүмкін болса, гипнозбен алмастырып, ал терең түпсана қабаттарында бұны жасау тіпті мүмкін емес. Ол ұшақтағы «қара жәшік» жазуы (тіркеуі) секілді жұмыс жасайды. Біздің тәжірибемізде жалпы анестезиямен жасалған оталар кезінде адамдар ес-түссіз жатқан жағдайлар болды, бірақ кейін гипноздың әсерімен олар дәрігерлердің ота кезінде жасаған және айтқандарының бәрін дәл қайталады. Негізінде түпсананың бұл «қара жәшігін» қайта кодтау мүмкін емес деп саналды. Ал бұл жерде! Қыздың терең түпсана қабаттары жоқ шынайылықты берді. Демек, қайта кодтау мүмкін болғаны!

Бірақ мұның барлығы екінші жаңалықпен салыстырғанда дым емес. Адам Тұлғасы өлімнен кейін шыныменде сақталады екен, дұрысы кейінгі реинкарнация және кейінгі өмірлерінде! Бұл дегенің бірінші кезекте реинкарнацияның бар екенін дәлелдейді! Бұл адамзат үшін дәуірлік жаңалық болуы мүмкін! Өйткені депрессияға түскен көптеген адамдар өзінің өмірлік мәселелерінен жанын құтқаруды өлімнен іздейді! Ал өлім, ең болмаса өз-өзін өлтіруді алып қарайық, құтқармайды керісінше барлығын одан әрмен қиындатып жібереді. Және бастысы мұны адамдар терең түпсана деңгейінде сезінеді. Міне өлім алдындағы қорқыныштың қайда жатқаны! Түпсана деңгейінде адам өзіне қол жұмсау — құтқарылу емес, керісінше, кейін бір нәрсені дұрыстауға абсолютті мүмкін емес ішкі дағдарысты одан әрмен асқындыру екенін сезінеді.

Басында Николай Андреевичті сабырлы тыңдап отырған Сэнсэй, әңгіме «қара жәшік» туралы болған кезде қысылып, дәрігерді мұқият тыңдай бастады.

— Қыздың шын «Мені-мен» сөйлесу мені қатты таңқалдырды! Тағы осындай бірнеше дәлелдер болса — бұл феноменнің ғылыми ашылған жаңалығы туралы да айтуға болады. Ойлап көрші, рух туралы бұл білімдер адам өмірі мен тұтас адамзат қоғамын қалай өзгертетінін?! Бұл дегенің өлімнен кейін Тұлға өмір сүруін жалғастыра беретініне ғылыми дәлел емес пе!

— Так, стоп! — деп Сэнсэй шабыттана айтып жатқан психотерапевттің сөзін қатты кесті. — Осымен байланысты ғылыми жаңалықтар және осы техниканы пайдалану туралы сенімен бір кездері сөйлескен сияқты едік.

— Мен барлығын жақсы түсініп тұрмын! Мойындаймын, бұл техниканы пайдаланбаймын деп уәде бергенмін. Бірақ солай болып қалды... Ал мына жерде осындай жаңалық ашылды! Бұл дегенің... Бұл білімдер бағасыз құнды! Сен осы жаңалық әлемді қалай төңкеретінін түсініші...

— Бұның әлемді төңкеретіні анық. Тек қай жағына, бұл туралы ойланып көрдің бе?

— Қалай «қай жағына»? Әрине жақсы жағына.

— Жақсы жағына? Қоғамдағы какодемон доминациясында ма? Осы білімдердің құндылығын санаулылар ғана түсінеді, ал қоғамға әлі уақыты келген жоқ. Және саған бұл туралы бірнеше рет айтқанмын. Әр нәрсенің өз уақыты бар.

— Бірақ бұл адамдар үшін, халық үшін соншалықты маңызды емес пе. Сондай пайдалы...

— Пайдалы? Халық үшін? Ал сен өзіңнің докторлық диссертацияңмен қаншалықты көп пайда әкелгеніңді есіңе түсір? Жазып үлгерместен, құпия қылды. Дегенмен ол жерде маңызды білімдер жоқ дерлік. Ал сен халық үшін дейсің... Барлығы өз уақытымен.

Сэнсэйдің дұрыстығын түсініп, Николай Андреевич ауыр күрсінді. Бірақ ең маңыздысын айтпағаны есіне түсіп, әңгімесін жалғастырды:

— Иә, негізгі білуге болатындар... Бірақ барлығын ретімен айтайын. Қыздың шын «Мені» деңгейінде диалог жүргізе бастағанда, менімен көп емес уақыт бұрын Калужская облысында өмір сүрген ер адамның Тұлғасы сөйлесті. Ол 1979 жылы қырық сегіз жасында қаза тапқан. Жүрегіне сәтсіз ота жасаудан. Инженер болған. Барлығы секілді стандартты сұлбамен ғұмыр кешкен: балалық шақ, мектеп, әскер, институт, үйлену, балалар, жұмыс. Тіпті жаңа тәнде болса да өткен өмірінің ұсақ-түйегіне дейін есінде. Өлімнен кейінгі сезімдері, реинкарнация кезінде және ендігі өмірі туралы көп нәрсені айтып берді. Әрине, бұл ақпараттар мені естен тандырды!

Сэнсэй жымыды да, ендігі біршама жұмсақ үнімен:

— Алаңдама, абдыраған жалғыз сен емес. Оған да әңгімелесу айтып жеткізе алмас құбылыс.

— Солай ма? Әңгімені плёнкаға жазбағанымға өкінемін... Ол маған өлімнен кейінгі өткізгенін айтып және өмірді мүлдем басқаша түсініп, бағалай бастағанын да қосты. Бірақ түсінуі тым кеш келген, себебі ендігі ешнәрсені қайта дұрыстай алмайды. Жаңа тәнде болып парадоксалды жағдайды сезінген. Бір жағынан мәңгілікпен, аса үлкен рухани күшпен жақындығын сезінген. Және өткен өміріндегі ойлары мен жасаған істерінен туындаған тоқтаусыз азаптан құтылу үшін, сол Құдайы күшке енгісі келеді. Басқа жағынан өзін жаңа тәндегі жаңа Тұлғаның ішкі бақылаушысы секілді сезінеді екен. Және жаңа Тұлға, яғни Алина сол баяғы қателіктерді жасағанын қорқынышпен бақылайды. Бірақ еш ықпал ете алмайды. Жаңа Тұлғаның жаман ойлары мен істерінің басым болуынан, азабы бірнеше рет еселенеді екен. Айтуынша бұл біздер тозақ деп атайтын күй.

— Бұл берісі ғана, — деп Сэнсэй иығын көтерді. — Егер бұл Тұлғаны тереңірек қазатын болса, кем түспес азаптағы алдыңғы реинкарнация Тұлғасын да табуға болады. Ал оның астында өзінің азап шегушісі тағы жатыр. Және осылай кете береді.

— Қызықты, қызықты... Ал мұны қалай түсіндіруге болады?

— Әрине, түсіндіруге болады. Бірақ түсінесің бе, егер қазір саған өзіңнің ғылыми тілінде түсіндірсем, сенің түсіне қоюың екіталай.

Николай Андреевич жымыды да күрсінді.

— Бұны білемін. Бірақ оған таласып та тұрғаным жоқ. Сен маған қарапайым тілде түсінікті қылып айтып берші.

Енді Сэнсэй күліп жіберді.

— Түсінікті қылып деймісің? — Кішкене ойланды да, кейін әзілмен айтты. — Ал жарайды. Елестетіп көр, рух — бұл аналық жасуша (яйцеклетка), ал сперматозоидтар — реинкарнациядан кейінгі тәндегі Тұлғалар. Өмірі кезінде Тұлға, ал біздің жағдайда сперматозоид аналық жасушаға жақындайды. Бар ғұмырында айналасында сенделіп, бірақ ұрықтандыра алмайды. Осылай өзінің өмірлік күшін сарп еткен байғұс, жанында қалады. Былай айтайық, солған, өзінің толық кемшіліктерінің жиынтығымен Тұлға түрінде. Реинкарнация болады. Кейінгі Тұлға-сперматозоид сол рух-аналық жасушаға ұмтылады. Бірақ бар өмірінде материалды бағытқа қозғалып, құйрығымен тырбаңдайды. Және рухани аналық жасушаны ұрықтандырудың орнына, өзінің энергиясын эгоизміне (тәкаппарлығына) сарп етеді. Өмірлік күші бітіп, тозақтан да ауыр болған сезімдік азаптың әлгі кемшілік тарихы, бұл Тұлғамен де қайталанады. Қайтадан реинкарнация. Үшінші сперматозоид аналық жасушаға ұмтылады. Ұрықтандыруға тырысуы тағы сәтсіз болады. Және әрі қарай осылай кете береді. Белгілі бір кезеңнен кейін, егер Тұлға-сперматозоидтардың ешбіреуі рух-аналық жасушасын ұрықтандыра алмаса, рух жанындағы сезімдік комплекстері бар барлық солған (кепкен, құрғаған) сперматозоидтар, жай ғана құртылады.

— Ал аналық жасуша?

— Кейбір мағынасында ол да солай. Себебі ұрықталмаған рух-аналық жасуша, егер өзінің функциясын орындай алмаса кімге керек? Сол себепті ол да басқа күйге аннигиляцияланады. Өйткені түптеп келгенде мақсаты қандай? Тұлға өзінің Махаббат күші, таза Сенімімен өзінің рухына қосылу. Бұл не үшін? Себебі ұрықтанырылған кезде мүлдем жаңа қасиеті бар рухани болмыс — періште келеді деп айтсақ болады. Міне, сол болмыста бейнелеп айтқанда, мәңгілік рух пен қуатты өмірлік күш гендерінің қасиеті шын мәнінде көрінеді. Әрине, мұның барлығы өте дәрекі әрі тым қарабайыр айтылған. Бірақ біршама түсінікті деп ойлаймын... Жалпылай алғанда, барлығы химиядағы секілді — егер болып жатқан процестерді біліп әрі екі түрлі химиялық элементтерді епті қоса білсе, ендеше аса үлкен энергия қоры бар субстанция, қасиеті жағынан мүлдем басқа бір зат шығады.

— Химия — бұл әрине жақсы мысал. Бірақ дұрысы физиологиялық деңгейде тоқтайық. Бұл қаншалықты күлкілі болса да, шыныменде біршама түсінікті, — деді Николай

Андреевич күлкімен. — Менің сұрағым келген, егер адам сол рух-аналық жасушаға өмірінде рухани енсе (жақындаса), бірақ мысалы өмірінде үлгермесе? Ол кезде не болады?

— Түптеп келгенде әрбір адамның ғұмырында рухты ұрықтандырып, жаңа болмыс болуға өз мүмкіндігі бар. Бастысы — өз мақсатыңа жетуді қалау, жаман ойлары мен күмәндарынан бас тарту және бір ғана мақсатқа зейінін қою: өзінің Рухани негізінің ішкі Махаббатын өсіру... Егер адам рухани жолында баяу, бірақ сенімді жүрсе, бейнелі түрде айтсақ, рухтың-аналық жасуша қабығы Тұлғаның қысымына беріле бастайды. Тіпті сол «сперматозоид» ұрықтандыруға үлгермей, руханиятқа жүрер жолында кішкене саңылау жасаса, келесі «сперматозоид»-Тұлға оның орнын басады. Оған бұрынғы бауырына қарағанда сәл жайлы жағдайда жұмыс жасау бұйырады. Яғни туылған сәтінен бастап жақсылық басым, бойында мейірімділік көбірек болады.

Әнекей балаларға қараңыз. Отбасында екі сәби дүниеге келеді. Бірдей тәрбие жағдайында біреуі өзімшіл, ашушан, барлығын өзіне тартқысы келетін, айналасындағы қайғыға бас ауыртпайтын болып өседі, ал екіншісі мейірімді, жомарт, адамдарға ашық болады. Міне саған, алдыңғы Тұлғаларының жұмысының көрсеткіші. Азда болса мейірімді болу үшін, бірінші балаға бар ғұмырында жақсылап тер төгу керек болады. Яғни дөрекі айтсақ, какодемон гаражынан шығу үшін. Ал екіншісі рухани жолда өзінің агатодемонның Махаббат күшімен күшейте алады. Және өзінің өмірлік межесінен кейін, әркім ғұмырында не ексе соның жемісін көреді.

— Иә... Шыныменде әлгі шын «Мен» «күйініштің ащы жемісі» туралы айтты. Жан азабын азайтатын жалғыз нәрсе, жаңа Тұлғада Сенім мен Махаббат күшінің серпілісі болған кезде. Бұл ол үшін жай ғана жеңілдеу емес, қиналысы уақытша басылатын азап шегушінің тәтті ұйқысы секілді екен. Бірақ жаңа Тұлға өзінің жаман ойларының орталығын іске қосқан кезде, азабы қайта басталады.

— Өте дұрыс. Сол себепті адамдар өмірінде Руханияттың, агатодемон доминациясының маңыздылығы әрқашан айтылды, — деп косты Сэнсэй.

Сэнсэй тағы да бір нәрсе айтатын шығар деп Николай Андреевич мұқият тыңдады, бірақ әңгіме жалғасын ақыры естімегесін:

— Егер шекараның арғы жағында өздерін не күтіп тұрғанын адамдар білсе, онда осындай қателіктерді жібермес пе еді. Ал бізде қалай? Әулиелер ұрпақтан-ұрпаққа «Сенімде болыңдар!» деп айтумен келеді, ал барлығын күмән билейді.

— Дәл солай. Ал Сенімде күмән болмауы керек! Күмәндану тек Хайуани әлемде мүмкін. Бірақ Рухани әлемде, салмақты (маңызды, күрделі) энергиялар әлемінде, кез келген күмән ғаламдық салдарға әкеледі.

— Иә... Біздің жағдайдағы ең қызықтысы! Осы ішкі бақылаушы мүлдем басқаша картинаны көрген екен. Қыз балаға түпсанасының терең қабаттарында шынайылықты өзгертіп, қандай да бір жаман қуатты күш қысым жасаған. Және осы күш санасын билеп, суицид жасауға итермелеген.

— Күш деймісің... — деді Сэнсэй жүзі қатқыл тартып.

Ол бірнеше уақыт үнсіз отырды да, кейін бір нәрсе туралы айтқысы келген, бірақ офиске жігіттер жабыла кіріп келді, Сэнсэй тыныш даусымен айтты:

— Жарайды, шешімін табармыз.

Сэнсэй қызды қашан көруге келетінін Николай Андреевичпен келісіп, келген ұжымнан жаңа хабарларды естуге ауысты.

* * *

Николай Андреевич Сэнсәйді клиника алдында сыпайы қарсы алып, емхана комплексінің шимайланған лабиринтімен жолсерік (гид) секілді алып жүрді. Ақыр соңы терең депрессиямен азап шеккен, потенциалды суицидниктер жатқан палатаға, керекті бөлімге келді. Психотерапевтпен бірге Сэнсэй емхананың ұзын дәлізімен ойға батып келе жатқан. Николай Андреевич қыздың соңғы тексеріс нәтижелерін айтып келе жатты.

Палаталардың бірінің есігі айқара ашық болды. Бұрышта кереуетте сақал-мұрты өскен, орта жастағы ер адам есік саңылауына немқұрайлықпен қарап жатты. Палата жанынан өткен Сэнсэй кенет тоқтады да, пациенттің көздеріне қарап, лезде оған бұрылды.

— Қайда? Бізге әрі қарай, — деп Николай Андреевич Сэнсэй қателесті деп ойлап, түсінбеді.

Бірақ Сэнсэй сөздеріне еш мән бермеді. Ол палатаға мақсатты кірді де, науқастың жанына отырды. Таңқалған Николай Андреевич артынан ерді. Ер адам бұрынғыша есік саңылауына мелшиіп, келушілерге тіпті де қарамады.

— Иә, бұл жерді қашаннан бері тепкілеп жүрсің? — деп Сэнсэй ер адамға бұрынғы танысындай сұрағын қойды.

— Екі ай болып қалды, — деп қасында тұрған Николай Андреевич ол үшін жауап берді. — Үшінші суицидке оқталуы. Ауыр депрессия. Мүлдем байланыс жоқ. Осылай күні бойы жатады...

Бірақ Сэнсэй психотерапевттің сөздерін тіпті де елемегендей. Кенеттен ол біртүрлі өлең жолдарын айта бастады:

— Туылмаған болу ең үлкен сый,
Егер көрсең күннің жарығын —
О, туған жоқтығыңның тірегіне
Қайтар жолмен тез оралғын.

Высший дар нерождённым быть,
Если же свет ты увидел дня —
О, обратной стезёй скорей
В лоно вернись родное небытия.

Бірінші өлең жолдарынан-ақ науқастың көздері жарқ ете қалды. Ол басын ерекше келушіге бұрып, өлеңді аяқтай берісімен таңқала айтты:

— Софокл?! Сізде бұл ежелгі грек драматургын оқыдыңыз ба?!

Сэнсэй құпия жымыды.

— Пікірлес адамды кездестіру жағымды, — деді өз-өзіне айтқандай науқас шаттанып. Осыдан кейін қайнаған сөздеріне еріксіз басты. — Бұл жерден, екі мың жыл бұрын шығармашылықпен айналысқан адамның осындай баға жетпес өлең жолдарын естимін деп ойламадым! Таңқаларлық! Мен оларды енді ойлай беріп едім. Қандай шыншыл сөздер десеңші...

— Бірақ, оның басқа да сөздері есімде: «Егер адамға қызмет қылмаса, ақыл қаншалықты қауіпті», — деді Сэнсэй байқампаздықпен.

— Ах, «ақылды»... қоя беріңіз... Ақыл (Сана) — адамның сыйы да, қарғысы да. Франсуа де Ларошфуконың сөздері есіңізде ме: «Ақыл әрқашан жүрек алдауының құрбаны». Оны мен түсінбегенде? Адамдар үнемі басқаның ақылын кемсітуге тырысады. Бірақ қолдарынан бұл нашар келеді. Міне сол кезде оған қудалауды бастап, қатыгездікпен кек алады. Және тек өлім — оның құтқарушысы! Цицерон секілді: «Өлім жамандықтан тазартады, бірақ жақсылықтан емес» («От зол удаляет смерть, а не от благ»).

— Інжіл, Екклесиаста 9-тарауы 4-өлеңінде мынадай жазба бар: «Тірілердің арасында болғанға әлі үміт бар, себебі өлі арыстанға қарағанда тірі итке жақсырақ».

— Үміт?! Үміт жай ғана бос дыбыс, — деді ер адам мұңдана. Және кенет өзінің бар қайғысын төге бастады. — Мені ешкім түсінбейді, достарым да, әріптестер де, туыстарым да! Ендеше өмір сүрудің не қажеті бар? Біреулердің жолы болғыш, ал маған тек ыңғайсыздықтар қалады? Мүмкін, мен басқаларынан нашар болармын. Егер әлем маған дұшпан көзімен қараса, әрі қарай не үшін өмір сүрмек керек? Егер қасымнан ол да кетсе... Өмір мен үшін мәнін жоғалтты. Сіз, жүректі ауыртқан азапты мен секілді сезіне аласыз ба? Ішімнен жегідей жеп, жыртқан сол ауырсынуды? Өмір мен үшін — азап. Және ешкім, ешкім де бетімді қайтара алмас... Менің өлгім келеді.

— Сенің өлгің келеді ме? Ал сен бұл өмірде не жасадың? Ал қазір өлдің делік, әрі қарай ше?

— Азап шекпеймін.

— Азап шекпеймін?! Ол жақта өзіңе тыныш болады ма? Ол жақта өзіңнің зұлымдығың мен ауруыңның қоймалжыңынан шыға аламын деп ойлайсың ба? Аңқау пенде! Ол жақта одан әрмен жаман болмақ. **Өйткені қазір бойыңда басым болған, ол жақта еселенеді. Бұл жерде сенің МҮМКІНДІГІҢ бар, ал шекараның арғы жағында таңдауыңның жемісі қалмақ. Не ексең, соны орасың...**

— Мұның барлығы софистика. Артында бостық болған жай сөздер. Мен ұйықтаған кезде, маған жақсы. Оянған кезде жаман. Мәңгілік тыныш ұйқыға кетуді қалаймын және сол жақта маған жақсы болады. Ал сенің сөздерің — жай ғана сөздер.

— Жай ғана сөздер?! — Сэнсэй қолын алды да қатты тартып қалды. — Ендеше шынайылыққа кеттік.

Сэнсэйдің осы қимылында ер адам талып қалғандай. Тәні селкілдеп, басы көпшікке өмірсіз құлады.

Барлығы жоғалды. Тек шексіздік пен шексіз еркіндік санасын толық билеген. Барша жақтан беймаралдық пен тыныштық үйлесімді еседі. Неткен рахат! Тән жоқ, мәселе жоқ, азап жоқ. «Бұл мүмкін жұмақ шығар! Мен ақыры еркінмін!» — деген ария санасының тереңінен естілді. Бірақ кенеттен қайдан екені белгісіз әуезді дыбыс естілді: «Аңғал пенде, сен еркінсің бе?!»

Қорқынышты бір нәрсе болды. Осы ләззат күйінде қалу ниетіне қарамастан, еріксіз қарсы тарта бастады. Қандай қуатты тартылыс! Біреу санаңды керіп, саған өте ұқсасқа жалпайтып жатқандай. Жан түршігерлік азаппен өткен өмірдің барша негативі қайта пайда болды, дүниелік соңғы минуттардағы фрагменталды емес, қатты, жаппай, құдды өмір бойы қандай да бір қорқынышты, азапты қоймалжыңды бастан өткізу, жеккөрушілік, зұлымдық пен қорқынышқа шоғырланғандай.

«Ескі азаптарым қайта оралғаны ма?! Бірақ, Құдайым-ау олар қаншалықты ауыр, төзуге келмес! Жанды жегідей жеген азап аса ауырлықпен жанишиды!» Үмітсіздік пен үрейдің, зобалаңның тұншықтырған сезімі. Болып жатқан процестің қайтымсыз ушыққан трагедиясы. «Бірақ бұл не? Мүмкін емес... Өмірлік күш мүлдем жоқ! Ал азапты қалайша басуға болады?!» Жанды жыртқан аса қатты ауырсыну сезімі және бір нәрсені өзгертуге өмірлік күштің бір тамшысының да болмауы!

Қар көшкініндей қорқыныш күшейіп келеді. Жанның азабы еселеп артуда. «Бірақ тірі кезінде осыншалықты ауыр болды ма? Жоқ, жоқ... Мүмкін емес... Бұл менің астымдағы, кішкене қабыршақ-Тұлғалардың — азабы! Бірақ неліктен маған осыншалықты азапты?.. Бұл менің өзім емес пе! Бұл жамандық қалай езгілейді дерсің, одан қандай азап шығып жатыр... Мен бұны көтере алмаймын, мен ендігі көтере алмаймын! Мен ендігі шыдай алмаймын!»

«Мен қайдамын? Қызық... Азап жібергендей, бірақ рух азабы қалған. Рух?! О, Құдайым-ау, ол тіптен жақын екен! Мінекей, тура жұқа сабын пленкасындай, нәзік қабыршақта дірілдеп жатыр. Оның мәңгілігі мен тыныштығының сыбдыры қалайша анық сезіледі десеңші... Ол соншалықты жақын әрі алыс! Шын үйіңе деген шексіз сағыныш! Ал өзіңнің туған мәңгілігіңе шомылып, барлық азаптан мәңгілікке құтылу үшін өмірлік күштің бір тамшысы жетпейді... Бұл сезімдік контраст қаншалықты сезіледі десеңші... Жоқ, рухта азап жоқ, ол жерде — Жаратушы, ол жерде — тыныштық, азапқа орын жоқ. Азаптың барлығы менде...»

Сәбидің қатты жылаған даусы естілді. «Мен қайдамын? Шыныменде сәби тәніндемін бе?! Жаңа тәнде?» Бірақ бойын билеген қуанышы лезде ауырлық пен қысымға ауысты. Сәбидің тәнін құрысу басты. «Бірақ бұл қаншалықты ауыр десеңші! Бұл не?!» «ДЦП-ның ауыр формасы... — деп ақ халат киген ұзын бойлы адам, сәбиге

еңкейіп жатқан әйелге жаңғырықпен айтып жатыр. «Олай болуы мүмкін емес! Церебральды балалардың сал ауруы?! Олай болуы мүмкін емес!» Қатты құрысу қауқарсыз сәби тәнін қайта құрыстырды.

«Қандай қорқынышты ауырсыну! О, Құдайым, не үшін? Жамандық тым көп?! Тепе-теңдік таразысында менің тамышым қалайша соңғысы болған? Мен не істеп қойдым! Өткенім үшін қандай қорқынышты құн! Мен қандай ақымақпын, бар зұмырымды өзіме, жеке Эгома тұйықтаппын! Және енді не болмақ? Анық санамен өмір бойы осы қорғансыз тәнде қамалу ма?! Мен не істедім?! Өзімді-өзім құрттым, өмір сүрудің одан бетер қиын жағдайына өзімді айдадым. Мен өзіме одан бетер азап әкелдім.

Ал рух қаншалықты жақын десеңші... О, Құдайым, кешіре гөр!!! Сен жанымда әрқашан болған екенсің, ал мен... Кешірші!!! Сенің баға жетпес сыйың — Өмірді қалайша ақымақ әрі мәнсіз шашқанмын, Сенің Мәңгілігіңе шын еркіндікке аз да болса жақындау үшін, игі істерді қаншалықты аз жасасағанмын... Өмірдің өткізген әрбір секунды қаншалықты құнды десеңші... Құтқарылатын Мүмкіндікті жіберіп алу қандай ұят әрі ауыр...

Күш пен мүмкіндіктер қайтусыз өткен шақта қалса, енді маған не естеу қажет?! Осы шақта сол баяғы өзіңнің ақымақ қателіктеріңді азапты көру ғана, тек ендігі жаңа Тұлғамен қайталанған, оның күшейген зұлымдығы (ашуы) бойында тұтқында болған Тұлғалардың азабын одан әрмен ушықтырады. Ал олар өз кезегінде оның азабын күшейтеді. Өмірлік күші жоқ болмыс болу, қандай қорқынышты! Барлығын сезінемін, уайымдаймын, өзімнің ішімдегі жаңа Тұлғадан азап шегемін, ал ешнәрсені өзгерте алмаймын... Тура шегеленген шеңбер секілді, мен өзімнің ақымақтығыммен өзімді қуып тыққан, ендігі мені мәңгілік өртейтін, тамұқ шеңбері... **Өлім, ауырсынудан (қайғы-мұңнан) құтқармайды екен, ол тек Өмірінде сен жинаған «ішіндегіні» ушықтырады. Құдайым! Кешірші мені... Егер кешіре алсаң кешірші...**»

Осы шын тәубе ету сәтінде қандай да бір құдіретті және күшті негіз оның болмысын мүгедек сәби тәнінен тарта бастады. Бұл материядан әрең алынып, қайтадан шексіз еркіндік пен жеңілдік сезімі пайда болды. Бірақ өз болмысыңның дәрменсіз бақылаушысы болудың қорқынышы сақталды.

Көрінбес қуатты біреудің қолы оны қайта басқа тәнге тыға бастады. Бірақ қандай бақыт десеңші — бұл оның өз тәні! Ол өмір иісін сезінді, кереуетке құлап және бойында жастық қаны буырқанған сау тәнімен қосылды. Және бұрынғы өмір толықтығына қайта ие болған осы таңғажайып бастан кешуі, санасын билеп алды. Ол кенеттен арқасынан аса ауыр жүк түскендей ұғынды, ол ТІРІ, өзінің тәнінде және оның қолдарында өмірдің жасампаздық күші. **Және ең бастысы, өзінің рухы үшін, таңдауларының тұтқыны болып, шексіз ауырлық көріп жатқан өзіндегі Тұлғаларды босатуға әлі де мүмкіндік бар. Бойында ӨМІР сүруге деген, адамдарға, өзінің рухына пайдалы ӨМІР сүруге орасан зор ниеті (тілегі) оянды. Махаббат үшін сүю және барша тіршілікке Махаббатымен өмір сүру!** Осыны ұғынып, ол тек қуаныш ғана емес, бойында өздерінің тамұқ қабыршағында мәңгілік азап шеккен, мөлдір қабырғасы арқылы оның құтқарушы Рух кемесіне жабырқай, өкінішпен қарағандар үшін де шаттанды. Өзі капитан болған сол құдіретті құтқарушы кемеңіз, Жаратушының мәңгілігіне бағыт алып қозғалғанын сезінді.

Ер адам көзін ашты. Ол қолдарын ұстап тұрғанға қарады. Оның көздерінен Ұлы Нұрдың жарқырауын байқады, сәулелерінде рухының жарқылы шағылысқан. Алдында Кімнің тұрғанын көрді, осы сәтте өзіне берілген МҮМКІНДІК түріндегі Құдайдың берген сыйын толық түсінді. Өмірінде алғаш рет барлығын толық сыйдырған шын бақытты сезінді. Оны айтуға сөз таба алмай, өзіне Жолды Көрсетушінің қолын рақметімен қатты қысты. Ол да сөзсіз түсініп, шын ниетімен қолын алып, құдды бір капитанға бақытты жүзуін тілегендей.

Бұл үнсіздік сәтінде, сөзбен айтып жеткізуге болмайтынның барлығы айтылды, өйткені бұл рухтардың шын сөйлесуі еді.

Ер адам кереуетінен тез атып тұрып, пакетке өзінің қандай да бір заттарын салды да, палатадан шығар есікке тұра ұмтылды.

Ал Николай Андреевич минутты ессіздік күйінде пациетпен не болғанын түсінбей, артынан айқайлады:

— Эй! Тоқта! Сен қайда?

Ер адам бұрылып, бақытты жанарымен қарады да, дәрігерге асығыс оралды. Оның қолын рақмет айтқандай қысып, сөзін айтты:

— Дәрігер, өмірімде әлі қанша нәрсе жасап үлгеруім керектігін сен тіпті де елестете алмайсың! Дәрігер ӨМІРДІҢ не екенін сен білмейсің! ӨМІР сұр, дәрігер!

Осы сөздерін айтып палатадан атып шықты. Аяқ астынан түрленген пациентіне таңқалған Николай Андреевич абдырап Сэнсәйге қарады.

— Онымен не болды?! Санитарлар!

Сэнсәй жымыды да, оны тоқтатты:

— Керек емес. Ол жай ғана сауықты.

Олар дәлізге шығып, тез кетіп бара жатқан ер адамның артынан қарады.

— Мен бәрібір ештеңе түсінгенім жоқ, не болды, — деді әлі де түсінбей тұрған Николай Андреевич қобалжып.

Жауап ретінде Сэнсәй құпия жымып, Омар Хайямның өлең жолдарын оқыды:

— Жәдігөйлер деседі,

Жұмақ пен тозақ дүниенің шеңбері.

Көзім жетті үңіліп жан дүниеме.

Жұмақ пен Тозақ — рухтың екі бөлігі екеніне.

Ад и рай, утврждают ханжи,

Есть круги во дворце мироздания.

Я ж, в себя заглянув, убедился во лжи.

Ад и рай — это две половинки души.

— Түсінбедім... — Николай Андреевич Сэнсәйге сұрақ көздерімен қарауын жалғастыра берді.

— Қысылма, дәрігер, — деді де, Сэнсәй иығынан достарша қақты. — Бастысы, сенің пациентің түсінді.

— Ал бұл жерде Омар Хайямның не қатысы бар, — деп психотерапевт иығын көтерді.

— Енді, бұл жерде Омар Хайямның нақты қатысы жоқ, — деп Сэнсәй жайдары жымыды.

* * *

Сэнсәй мен дәрігер палатаға кіргенде Алина олармен амандасып, біршама сергектеніп қалды. Сэнсәй отырды да, онымен еркін әңгіме бастап, білдіртпестен Алинаның мәселесіне ауысты. Бірнеше уақыт өткенде қыз тек өмірі туралы ғана емес, тура ішінен ашылғандай өзін осы сәтте не уайымдататыны туралы барлығын ақтаруға тырысты.

Николай Андреевич кезекті рет Сэнсәйдің әңгімені жүргізуіне таңдай қақты. Ол түрлі жастағы адамдармен еркін сөйлескені сонша, адам ашық диалогқа түсіп қана қоймай, ең нәзік тақырыптарды да үлкен ықыласпен талқылады. Адам өз мәселесін айтып қана емес, сонымен бірге үлкен жеңілдік, қанағаттану, тіпті өзінше бір тыныштықты сезініп, Сэнсәй сөздерінен түсіністікті ғана емес, ең бастысы, өзін уайымдатқан сұрақтарына анық әрі қарапайым жауаптарды алды. Бұл диалог барысында сөздер аса маңызды емес, қандай да бір ішкі сөйлесудің көрінбес жібі болғандай Николай Андреевичте сезім болды. Өзі де осындай әңгімелерде бақылаушы ретінде болып, рухани көтерілістің түсініксіз сезімін

басынан кешірген. Өзінше бір игілік, Сэнсэйдің өзінен есіп және ол жанындағы адамдарға жақсы әсер еткендей.

Міне қазір де Сэнсэй Алинамен сөйлескенде, Николай Андреевич Сэнсэйдің шын терапиясы бейсезімділік деңгейде жүргенін түсінуінен сезінуі көбірек болды. Қыз баласы Сэнсэйге өзінің шытырман оқиғалары, жүрек ісі мен жас махаббаттың азабы (айтпақшы, бұл дәрігерге осыншалықты толық айтылмаған еді) туралы толық айтып жатқан кезде, Сэнсэй оның көздеріне мұқият қарады. Николай Андреевич бұл кезде Сэнсэйдің көздері үнемі өзгеріп тұрғанын байқады, ол жай қарап емес, көрінбес бір нәрсемен күрескендей.

Әңгіме аяқталған кезде Алинаны айтпағанда тіпті Николай Андреевичтің өзі бір түрлі түсініксіз жеңілдікті сезінді. Арқасынан ауыр жүк түсті деп айтпақшы. Осы сәтте дәрігердің ендігі қызбен барлығы жақсы болады деген түсіндіруге келмес ішкі сенімділігі пайда болды, дегенмен медициналық скептицизмге толы санасы, пациенттің аман-есен сауығуына бұрынғыша күмәнданған.

Олар палатадан шыққан кезде, психотерапевт сұраған:

— Ал қалай?

— Сен не туралы айтып тұрсың? — деп Сэнсэй өз ойларынан оянды.

— Қыз қалай?

— А-а-а... Қорықпай шығара берсең болады.

— Тыңдашы, бұл сенің қолыңнан өте жақсы келеді екен! Егер пациенттердің тәубе еткен уақыттарын есептемесек, он минут ішінде — екі дені сау пациент. Әлгі вертебрологиянды тастасаңшы! Қане, бізге кел! Ойлап көрші, елге қандай пайдалы болмақ?!

Сэнсэй күлді.

— Міне адамдар! Барлығыңа біреу келіп, сендер үшін барлығын жасау керек. Ал өздеріңе немене қиын ба?

— Статистикаға қарасақ, қиын, — деп күлді Николай Андреевич.

— Хм, статистика бойынша...

— Енді сандар әлемді басқарады емес пе, — деп Николай Андреевич әзілдеуге тырысты.

— Қателесесің. Олар тек әлемді адамдардың қалай басқаратынын көрсетеді, — деп Сэнсэй салмақты сөзін айтты.

— Ол да дұрыс, — деп жымиды Николай Андреевич. — Сонымен қызбен шын мәнінде не болды? Біршама қалыпты бала еді. Суицидті іске қосушы механизмі қандай болған?

— Саған ғалым ретінде қызықты ма? — деп Сэнсэй біртүрлі сұрады.

Николай Андреевич аздап абдырап қалды.

— Жоқ, енді неліктен... Практикалық психотерапевт ретінде де. Қазір аутоагрессия, суицид, әсіресе балалар арасында қаншалықты өткір мәселе екенін сен тіпті де елестете алмайсың. Алинамен болған өкінішке орай соңғы кездері тым әдеттегі жағдай болып кетті. Жақсы отбасыларынан шыққан, болашаққа жарқын жоспарлары бар, жақсы көңіл-күйдегі қалыпты балалар, аяқ астынан өмірлерін өздері қиып жатыр. Және бұл жерде медицина қауқарсыз секілді.

Ал біздер немен емдеп жатырмыз? Дәстүрлі тәсіл — психофармакотерапиямен... Және егер нақты объективті қарасақ, ендеше психофармакотерапияның жетістігімен суицидті белсенділік деңгейі аса бір қатты өзгерген жоқ. Пациент таблетканы жұтып, уақытша симптоматикалық жақсаруды алғаннан не пайда? Себебі осының салдарынан дәрігер периодты түрде немесе өмір бақи емдеуді қажет ететін, ауруы асқынған (созылмалы) науқасты алады. Білесің бе, біздерде дәріде отырған науқасты кәсіби сленгте қалай атайтынын? «Озверин». Өйткені дәрі-дәрмектің жоқтығынан емделушілер, дәрі-дәрмекті үнемі қабылдай бастағанға дейінгіден де қатты ашуланады. Мазасыз күйді жақсылап еңсеру үшін жаттығу, бойыңнан сенімділікті ояту керек, осы күйді еңсеру үшін ерік күшінді аямау. Әрине, таблетканы жұта сап алдамшы жеңілдік пен иллюзиялы қорғанышты алу оп-оңай. Бірақ таблетканың әсері біткеннен кейін адаммен не болады, бұл сұрақ. Себебі қиындықтары ешқайда кетпейді. Міне осылайша сұрақтары жауапсыз қалады... Бірақ қазір аутоагрессивті мінез-құлықты, дәрісіз тәсілдер терапиясы ретінде физиотерапияны

қолданып емдеуге тырысып жатыр. Алайда суицид жағдайлары бірібір азаяр емес. Және әңгіме арғы дүниеге кеткендерде емес. Бұл жерде осындай талпыныстарын жасауды жалғастыра берген адамдарда. Себебі бұл дегенің нағыз эпидемия!

Иә, бұл мені ғалым ретінде де алаңдатады. Бірақ қызығушылықпен емес. Сенің есіңе сала кетейін, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сәйкес, ғасырымыздың екінші жартысынан бастап өз-өзін өлтіру, өлім себептері арасында төртінші орынға шыққан және соңғы он жылдықта өсу тенденциясымен. Бір жылда планетада алты жүз мың адам өз-өздеріне қол жұмсап өледі екен... Ал постсоветтік кеңістік мемлекеттерінде ше?! Біздер суицидті белсенділік жоғары мемлекеттер тобына кірдік. Мұндай жағдай қашан болып еді? Өткен ғасырда-ақ Ресейде үлкен аймақтарда тек бір-екі суицидтен болған... Ең бастысы, зейнеткерлермен қатар жастары отыздан қырыққа дейінгі халықтың еңбекке жарамды бөлігі қаза тауып жатыр. Және көбінде суицидті талпыныстарды жастар жасауда — он сегізден жиырма тоғызға дейінгі. Бірақ жүрекке қаяу түсіретіні, соңғы жылдары бестен он төрт жасқа дейінгі балалар арасында өздеріне қол жұмсау санының қатты өскені және суицидке ұзақ уақыт дайындалу да сирек емес. Бұл енді мүлдем аномальды, түсіндіруге келмес процесс! Сол себепті суицидті іс-әрекеттерінің шын себебін білу маған өте маңызды. Сөзіме сен, егер мен себебін біліп, ең болмағанда сол бірнеше адамдарға көмек қолын соза алсам, ендеше өмірімді босқа өткізбедім. Сондықтан сенің біліміңді тек маған ғана емес, бұл білім көмектесетіндерге де Құрмет деп білемін.

Сэнсэй Николай Андреевичтің көздеріне мұқият қарады.

— Жақсы. Бірақ саған айтатыныма дайын бол, бұл сен ойлағаннан анағұрлым күрделі (ауыр).

* * *

Шыныменде, Сэнсэйдің айтқандары Николай Андреевичті естен тандырды. Психотерапевт бірнеше күн естігендерін ой елегінен өткізіп, өз-өзіне келе алмай жүрді. Бұл ақпарат қоғамдағы жаппай өзін-өзі өлтіру мәселесінің жасырын бетін көруге ғана емес, осы зұлымдықтың тамырын түсінуге мүмкіндік берді. Дәрігер кейбір пациенттерінің сырқат тарихынан біртүрлі жағдайларды алып, талдай бастады. Және бұл анық көрінгеніне айтып жеткізе алмас таңқалды. Көп нәрсе түсінікті болды. Белгілі бір өмір кезеңдерінде көптеген адамдардың өзіне қол жұмсау туралы жасырын тілек-қалаулары (ниеті, ойлары) — әрқашан олардың тілек-қалаулары емес екен және олардың айналасындағы кейбір «тұлғалар» үшін соншалықты құпия ой да емес болып шықты.

Николай Андреевич тіпті жастық шағындағы жағдайды есіне алды. Жасырып қайтеді, студенттік жылдарында барлығы құлдилап және болашақ өмір мүлдем мәнсіз көрінген кезеңі болған. Ол кезде болашақ дәрігер шыныменде өзіне қол жұмсауға оқталды деп айтуға болмайды. Жоқ. Бірақ өмірлік тұрақты оптимизміне қарамастан, бұл ойы жабысып, басында еріксіз айналумен болған. Эх, бұл ақпаратты сол жылдары білсе... Қайғылы салдарға әкелетін езгілеген ойлармен осындай ауыр, азапты қарсыласу болмас еді. Ол кезде өзін күтпеген жағдай аман алып қалды, кенеттен пайда болып назарын өзіне аударған бақытты жағдай деп айтуға болады... Бірақ ол шын мәнінде кездейсоқ болды ма? Дұрысы, жазмыш (Скорее, провидение)...

Өткен күндердің болған оқиғаларын талдап, Николай Андреевич осындай қауіпті ой неліктен соншалықты жабысқақ болғанын және өзіне шын мәнінде өлім тілеп, кімнің «дәмді ас жегісі» келгенін түсінді. Жағдай да үрейлі болды, егер бұрындары осындай жаман субъектілермен кездесу сирек болса, ал бүгінде құжынаған олардың қара істері толып жатты. Бар ауырлығын, бұл мәселенің қоғамға қауіптілігі мен ғаламдығын түсініп, Николай Андреевич Сэнсэймен болған әңгімесін Иоанн әкейге қысқаша баяндап берді. Естігеніне таңқалысы аз болмаған ол, өз кезегінде бұл хабарды Сергейге айтқан.

Сергей, Сэнсэй мен Ваноның досы болды. Ол өзінің рухани болмысын жетілдіру ғана емес, бірақ бүгінде қанша біртүрлі естілсе де, Отанының тағдырына да бей-жай қарай алмайтын, Сэнсэйге жақын кішкене адамдар тобынан еді. Жасы отыздар шамасында. Сырт келбеті қарапайым ер адам, ешқандай ерекшелігі жоқ. Бірақ өзінің жастық жылдарына қарамастан, Сергейдің әскери істе үлкен тәжірибиесі болды. Өзінің жасында біршаманы көріп және басынан көпті өткізіп, бір кездері тіпті өз өмірінің мәніне де сенімі қалмайды. Бірақ Сэнсэймен естен кетпес кездесуі, оның тек дүниетанымын өзгертіп қоймай, өмірдің қуатты импульсін береді және бастысы — өмірінің мәнін.

Шексіз Отанының адал патриоты, жүрегінде адамдарға көмек қолын созып және Құдайға қызмет етудің орасан зор тілегін сезінеді. Осындай ақпаратқа Сергей бей-жай қарай алмады. Николай Андреевич, Вано және Сергей үшеуі жиналып — бұл мәселе туралы Сэнсэйден толығырақ сұраймыз деп шешім қабылдайды, алғашқы ауыздан естіп және бұл жағынан ең болмаса өздері өмір сүрген қалаларына аз да болса көмектесуді ойластыру үшін деп айтпақшы. Үштік жұмыс күні аяғында Сэнсэйдің медициналық офисіне келді.

Барлық медперсонал мен пациенттер ендігі тарқасқан. Сэнсэй достарын кабинетіне шақырды. Олардың өтінішін тыңдап, креслодан тұрды да әрлі-берлі жүрді:

— Сіздер қандай күрделі, рухани ауыр еңбекті сұрап тұрғандарыңызды тіпті де елестете алмайсыздар.

Николай Андреевич иығын көтерді.

— Қиындықта артқа шегінетін біздер ме?

— Иә, қайда шегінеміз, артымызда Москва! — деп Сергей жымия сөзін қосты.

— Артқа шегінер шыныменде жол жоқ, — деп Иоанн әкей ауыр күрсінді. — Бұл зұлымдық соншалықты кең жайылыпты! Әр саңылаудан кіріп жатыр. Егер біздерде барлығы секілді бұған айкезбелеп селқостықпен қарасақ, ендеше адамдарды ұйқысынан кім оятады, өздерінің немқұрайлығымен өлім шыңырауына бара жатқандарын кім айтады?

Сэнсэй бірнеше минут ойланды да, отырғандардың әрқайсысына мұқият қарады, олардың тұлғаларына байланысты барлық «иә» мен «жоқты» салыстырғандай. Және ақыр соңында сөзін айтты:

— Жарайды, сіздердің айтқандарыңыз болсын...

Үштік сергектеніп, бір-біріне көңілді қарады. Ал Сэнсэй кабинетінде қайта жүріп, креслосына ыңғайлырақ отырды да, әңгімесін бастады:

— Ал сонымен мәселені түсіну үшін, оны ішінен зерттеу керек... Адамдардың өте көп сырқаттары, кенеттен болған депрессивті күйі, суицидке ұмтылу (оның ішінде біздің сұлу Сусанин тап болған жағдай да бар), өз-өзін өлтіру, жазатайым оқиғалар, кісі өлтіру, көбінде Кандук айналасының әсер етуінің салдары болып табылады...

Кандук дегеніміз кім? Жер шарының әр бұрышында оларды түрліше атайды. Адамдар арасында жүретін ең қорқынышты вампирлер туралы барша ертегілер (қорқынышты әңгімелер) — Кандуктардың зұлымдығымен салыстырғанда баланың әңгімесі. Негізінде қасқыр-адамдар (немесе құбылғыш бейне, оборотень), жалмауыз-обырлар, вампирлер мен қансорғыштар туралы ырымшыл түсініктердің негізі жоқ емес. Халық фальклорында вампирлер (қансорғыш, қанішер), табыттарынан шығып тірілердің қанын соратын өлілер түрінде көрсетілген. Айта кету керек, бұл әңгімелер мен ертегілердің ішінде көбісі ойдан шығарылса да, бірақ ақиқаттан алыс кеткен жоқ. Қандуктар шынымен де толық рухани жойылуға, яғни түпкілікті өлімге ұшырайды. Бірақ белгілі бір уақыт кезеңдерінде олар саналы түрде жаңа тәнде қайта туылып, адамдардың пранасымен қоректенеді.

— Прана, прана... — деп Иоанн әкей күбірледі. — Бұл өмірлік күш пе?

— Иә. Мен сіздерге бір кездері айтқанымдай, прана — ұрықталған сәтінде адамның алатын өмірлік күші. Оның саны жалпы айтқанда адамның өмір жасын анықтайды. Яғни өмір ағынында прана жұмсалып және біткен кезде адам дүние салады. Ол автономды мүлдем толықтырылмайды десек болады, бірақ өте қуатты және әсер етуші күш, сонысымен құнды.

— Дәл, — деп Иоанн әкей басын изеді. — Есімде, таныс түсінік...

— Енді былай, Кандук адамдардан прананы ұрлап, оны тек «азық» ретінде ғана емес, тәннен тәнге саналы туылуға да күш ретінде қолданады. Бейнелі түрде айтатын болсақ, өзінің «аккумуляторына» қуатталу және өз құрбандарына үстемдік етуді беретін далбаса тылсым фокустарына да пайдаланады. Кандук — жай адам емес. Дұрысы өзінше бір паразитке айналған, бұрынғы адам. Бұл қалыпты. Руханият пен хайуанидың қосылған жерінде, мысалы бізде, Жер шарында, адам түріндегі осы қосылысқа паразит болатын осындай мақұлықтар (оңбағандар) болады... Бұл ластық материяның тойымсыздығы мен ашкөздігіне табынады деп айтуға болады. Дегенмен Кандуктар және оның айналасы түптеп келгенде Люцифер жүйесіне еш қатысы жоқ. Олар «біздерге де, сіздерге де жоқ» деп айтпақшы бейтарап аралық мақұлықтар. Әдетте олар өте сақ әрі жасырын әрекет етеді.

— Сен «олардың айналасы» деп айттың... — деп Сергей нақтылады. — Демек, олар жалғыз жүрмейді?

— Әрине. Кандук көмекшілерінің болуына тікелей мүдделі. Біріншіден, бұл ол үшін тегін «азық» — олардан біртіндеп өзіне алатын, адам пранасы. Екіншіден, бір тәннен екінші тәнге өту кезінде өзі жинаған прананы толықтыру үшін... Олар өздеріне үш шеңберлі көмекшілерін жинауға тырысады. Бірінші шеңбер — Лембои. Бұл жақын адамдар. Оларды материалды тәндегі «мәңгілік өмірмен» таныстырып, пранамен энерготолтыру техникасын ашады. Тек бастысын айтпайды — олардан өзіне аз-аздан прананы алатынын және материалды тәндегі өмірлері мәңгілік болмайтынын. Лембой өз кезегінде өзіне толтыру үшін екінші шеңбер — Клохтундарды жинайды. Ал олар біршама массалы, үшінші шеңбер — Изныль-ды жинайды. Және бұл адамдар Кандуктың иерархия сатысында қаншалықты төмен болса, оларды соншалықты эксплуатациялап және өздеріне билік еткен білім де аз беріледі. Нәтижесінде бұл барша тобыр Кандук үшін өзінше бір энергия жинаушы ретінде қызмет етеді, мен айтып кеткенімдей, Лембои да пайдаланатын прананың конденсаторы іспетті. Және өткізген өмірлерімен Кандук үлкен жаста болса (көп өмір сүрсе), өзінің тіршілігін қолдау үшін соншалықты көп прана керек болады.

— Сонда Кандуктың шын мақсаты мен ниетін тек Лембои ғана біледі ме, яғни бірінші шеңбер. Ал қалғандары білместен жай ғана пайдаланылады, — деп Вано өзіне тұжырым жасады.

— Өте дұрыс. Және ескі тәннен жаңа тәнге өткенде, Лембоилардың белгілі бір санын жинауда ерекше құлшыныспен жұмыс жасайды, яғни ескі тәнінің биологиялық өлімі алдында...

— Қызық, ал осы Кандуктың, яғни Кандуктың рухы бар ма?

— Бар, ол бұрынғы адам емес пе. Бірақ әрбір қайта туылумен ол барған сайын кішірейе береді. Өңгіме мынада, кандук өзінің рухын... енді сіздерге түсінікті болу үшін былай айтайық, көлік құралы ретінде пайдаланады. Яғни өзінің жинаған пранасымен оған күшпен жабысып, қайта туылу процесін саналы басқарып, сәби тәніне өтеді. Олар паразит секілді «жабысып», сәбидің өмірлік күшін жұтып және оны өз энергиясымен алмастырады. Тіпті сәбидің туылғанына сегізінші күн болғанда да, яғни сәби тәнінде өз рухы болған кезде де оған еніп, тысқа шығарып тастауы мүмкін.

— Демек олар саналы қайта туылады екен ғой... — деп Николай Андреевич ойлана айтты.

— Иә. Кандуктың толықтай жады, эмоциясы, өткен өмірлерінің тәжірибиесі сақталады...

— Ал сәби тәнінде болғанда да айналасынан прананы ұрлауды жалғастыра береді ме?

— Кандук қайта туылып, сәби тәнінде болған кезде, Лембоилар өздерінің шеңберлерінен жиналған пранамен оны «азықтандырады», өздері арқылы энергия оған кететінін тіпті түсінбейді. Олар прананы өздеріне жинап жатырмыз деп ойлайды.

— Тоқтай тұр, ал оларды бөлетін ара қашықтық ше? Менің түсінуімше олар Қожайындарының қай жерде қайта туылғанын білмейді? — деп сұрады Сергей.

— Бұл жерде ара қашықтық ешқандай рөл ойнамайды. Энергиялар әлемінде барлығы кішкене басқашалау... Енді былай, жаңа тән жыныстық жетілу жасына жетпейінше, Кандук адамдармен энергетикалық байланысқа өзі түсе алмайды, бұл кезде Лембои және оның

айналасының энергия беруіне мұқтаж. Тек тәні жыныстық жетілген кезде ғана, Кандук энергияларды пайдалана алады.

— Ал оның рухымен не болады? — деп сұрады Иоанн әкей.

— Әрине жақсы ештеңеде емес. Әрбір реинкарнациясында оның рухы барған сайын кішірейе береді. Және ол кішірейген сайын, Кандукқа келесі ауысуы үшін көбірек прана қажет. Және соғұрлым ол жансыз жыртқышқа айналып, прана жеткіліксіз болған жағдайда жаман энергияның ұйыған құбыжығына айналады, яғни өзін аса қорқынышты күшпен езгілейтін өзінше бір аштық секілді.

Реинкарнация процесінен саналы өтіп жоғарғы әлемдердің бар екенін біледі, бірақ Лембои кезінде-ақ өзінің тәлімгері Кандуктың құдіретті күш пен «мәңгілік» қайта туылу туралы сандырағын тыңдап, өз еркімен кірген адами дүниенің консерва банкасынан мүлдем шыға алмайды. Ендігі адам да бола алмайды және бұл боқтықтан да шыға алмайтын жағдай туындайды. Бұл оның рухани азабын одан әрмен үдетеді. Және қайта туылумен домалап жүрген пенде де, рухы осы материя әлемінен шығып, рухани жетілудің жоғарғы сатысына көтеріліп, Жаратушының шын жасампаз күшімен қосылуға МҮМКІНДІГІ болса, ал Кандук бұл мүмкіндікті саналы таңдауымен өзінен айырған. Сондықтан Кандук материалды әлемдегі өмірінен толық ләззат алады. Бұл ол үшін бақыт. Күші жеткілікті, болашағы жоқ, сондықтан ойына келгенді жасайды. Ол құрдымға байлаулы және бұны жақсы түсінеді. Міне сондықтан әрбір сәтінен ләззат алады. Кандуктар үшін өмір — тұлғасының толық өлімі алдындағы соңғы демі секілді.

— Ал толық өлімдері сәтінде олармен не болады? — деп сұрады Иоанн әкей.

— Енді, қалай... — Сэнсэй орнынан тұрып, салқындатқыштан минералды су бөтелкесін алды да достарына ұсынды. — Ішесіңдер ме?

— Давай, — деп Николай Андреевич келісті, қалғандары бас тартты.

Сэнсэй екі бөтелкені ашып, бірін дәрігерге ұсынды. Кейін креслосына жайғасып бірнеше жұтым жасады да, әңгімесін жалғастырды:

— Он-он екі ғұмырын кешіп, бар-жоғы болмашы мың-ақ жылдай, енді мәңгілікпен салыстырғанда қас-қағым сәт, кандуктар прананы қайта өңдеу (жұту) қасиетін толық жоғалтады. Рух минималды көлемге дейін кішірейіп, кейін мүлдем аннигиляцияланады. Ал рухсыз тыңайтқыш болады деп айталық. Жалпы айтқанда оларда парадоксалды жағдай. Олар рухтың болуымен тұлға ретінде өмір сүреді, бірақ саналарында тіркелген какодемонның басымдылығы түрінде, рухтың көрінісін үнемі жаншып тастайды. Рух осы зұлымдық ұйытқысына үнемі қарсы тұруға тырысады және осыдан мақұлық айтып жеткізе алмас азап шегеді. Бірақ сонымен бірге рухсыз өмір сүре алмайды. Мінекей, Кандуктар тозақтың азабы сөзінің толық мағынасындағы жағдайда болады... Ендігі Кандук өзінің рухы үшін ешнәрсе жасай алмайды, себебі материализацияның толық процесі жүреді. Ол кезінде кім болғанын біледі, бірақ шын мәнінде ол ендігі адам да, құбыжық та, ешкім де емес... Ал прана уақыт өте өлім сырқаты кезіндегі ауырсынуды басатын таблеткаға айналады.

— Ал Кандуктарды физикалық құртуға болады ма? — деп әңгіме барысында ойланған Сергей сұрағын қойды.

— Әңгіме мынада, тәнін физикалық жайрату ол үшін үлкен сыйлыққа пара-пар, себебі осыдан кейін Кандук тәнінің жұмсалмаған үлкен көлемдегі пранасымен кезекті реинкарнациясына кетеді. Ал рухани, энергетикалық деңгейде күресу — оны шыныменде қуаттан айырудың шын мүмкіндігі.

— Ал оларды қалай табуға болады?

— Негізінде рухани деңгейде жұмыс жасау арқылы, сананың арғы шегінде. Жалпы айтқанда Кандукты және оның айналасын қарапайым адамдардан айыру өте қиын. Түрі, өмір салты барлығы секілді. Олар кез келген адам болуы мүмкін: достарың, жақындарың, туысқандар, әскерде бірге борышыңды өтеген достарың, басшылар. Оның үстіне осындай қайта туылулардан кейін, уақыт өте олар үшін әлеуметтік жағдайы қатты маңызды болмай қалады. Олар жай ғана билікке тояды. Сондықтан, мысалы, біздің жағдайда миллонер де,

тіпті көше сыпырушы да болуы мүмкін... Олар үшін бұл еш рөл ойнамайды. Құпияларын терең жасырулы ұстайды. Және қандай да бір сыртқы ерекшелігі арқылы Кандукты да, оның айналасын да анықтау өте қиын.

— Пирамидальды құрылым? — деді Сергей.

— Иә. Және қатаң иерархиясы бар. Кандуктың жүзін (бет-бейнесін) тек жақын шеңбері — Лембои ғана біледі, себебі солармен тікелей байланысады. Сәйкесінше Кандук оларды бөтеннің пранасын жұту техникасына, адамдардың санасы мен түпсанасына манипуляция жасау әдіс-тәсілдеріне, Лембоилардың өзіне адамдардың психологиялық та, энергетикалық та тәуелдікке түсулері үшін тәсілдемелерді жасауға, кодировка кілтін және сол сияқтыларға үйретеді.

— Жаман емес кілттер жиынтығы, — деп Иоанн әкей таңдайын қақты. — Әлемге үстемдік ету иісі шығады.

— Әлемдік билікке олардың түкіргені бар, — деп Сэнсэй қолын сілтеді. — Олардың басты мақсаты — аштықтарын басу, қалай атасаңыздар да өздеріңіз біліңіздер, энергетикалық болмаса праналық. Ал осы мақсатта Кандуктар шеңбері, сіздерге Архонттар атауымен көбірек таныс Деструкторлармен ортақ мүддеде қосылуы, бұл енді басқа әңгіме. Міне сол кезде адамдар үшін ауыр замандар басталады... Зұлымдық әрқашан таңқаларлық тездікпен ортақ тіл табысып, өздерінің арам пиғылдарына жету үшін бірігеді.

— Дұрыс, — деп келісті Иоанн әкей.

— Дәл осы сұрақ мені көптен бері мазалап жүрген, — деді Николай Андреевич. Неліктен рухани адамдарға қарағанда, жамандық анағұрлым тез бірігеді?

— Енді қалай? Шын рухани бірігу үшін, сол шеңберге кіретін адамдарға алдымен өз «жыртқышын» шынжырға байлау керек, яғни өзінің Хайуани негізін тізгіндеу. Ал бұл аз емес еңбек. Бұл өзіңді, ойларыңды үнемі бақылауда ұстау...

— Сен Лембоилардың өз шеңбері болады деп айттың... Қателеспесем Клохтундар (Клохтуны), — деп Сергей есіне салды да, әрі қарай талдай бастады: — Сәйкесінше, олар Лембоиларды таниды...

— Ал Клохтундар Лембоилардың ілмегіне қалай түседі? — деп Иоанн әкей сұрағымен кірісті.

— Негізінде қаржылық жағынан пиғылдары, билікті көксеу және Эголары ілінетін Хайуани материяның «ілмегі» бар «әдемі идеялары» арқылы, — деп Сэнсэй жауап берді.

— Яғни, олар психологиялық тұрғыдан идеизацияға бейім және кейіннен өз идеяларын белгілі бір бағытта алға тарта алады», — деп естігендерін психотерапевт ойлана нақтылады.

— Өте дұрыс. Клохтундар өз Лембоиларын көкке көтереді және бұл құрылымның артында Кандук тұрғанын, сәйкесінше оның шын ниетінен мүлдем бейхабар болады... Клохтундар толықтай Лембоилардың энергетикалық ықпалына түседі. Уақыт өте Клохтундар өздерінің «тәлімгерлері» жанында жеңілдікті, өзінше бір қаныққан сезімді сезіне бастайды. Және олар кейін Лембоидан алшақтауға тырысса, оларда ішкі жабырқау күйі басталады... енді, бейнелі түрде айтсақ, нашақордың сынғаны (ломка) секілді, физикалық және психологиялық толған кеселдері шыға бастайды. Шеңберге қайта оралса — барлығы өз орнына келеді...

Николай Андреевич сұрағандай басын бұрды.

— Олардың физиологиялық тәуелдігі пайда болады ма?

— Ол да бар. Егер ғылым тілінде айтсақ, идеологиялық мазмұнды стимулдармен эндорфиндік жүйені қоздыру арқылы эндоморфтық эйфорияның қалыптасуымен эндоесірткілік тәуелділік деп айту дәлірек болар. Сондықтан, егер олар Лембоиды тастап кетуге тырысса, бұл есірткіден кейінгі абстиненциямен ұқсас ауыр жағдайда болады. Осылай Лембои өзінің ізбасарларын түпсана деңгейінде кодтап, оларда Хайуани негіздің белсенділігін күшейтеді. Оларға маңызды білімдерді бермейді. Лембои тек деструктивті психотехника және адамға ықпал етудің шектеулі тәсілдеріне үйретеді.

— Қысқасы, өз мақсаттары үшін оларды шүберек ретінде пайдаланады, — деді Ванно.

— Иә. Бұл құрылымның жоғарғы жағы, Кандуктар мен Лембоилар үшін Клохтундар жартылай өткізгіштер. Оларға еріксіз таңылып және Клохтундар тіпті білмейтін негізі міндеттері, — бұл Клохтундар арқылы адамдардың какодемонын стимуляциялау арқылы, Кандуктың жақын айналасы үшін көп адамдардың пранасына жол ашу.

Сэнсәйді тыңдап отырған Сергей қолдарын кеудесіне айқастырып, Сэнсэй соңғы сөзін айтқан кезде:

— Хм, бұл үшін Клохтундар ең болмағанда билік басында немесе жоқ дегенде қандай да бір нәрсені басқарулары керек...

— Дұрыс бағытта ойладың, — деп Сэнсэй минералды судан бірнеше жұтым жасады. — Көбінде Клохтундар саяси, мемлекеттік және әсіресе қоғамдық, діни, сектандық бірлестіктер, қозғалыстар, оның ішінде агрессивті музыка ансамблдері, түрлі үйірмелердің бастамашылары, ұйымдастырушылары немесе басшылары болады... Және тіпті, мысалы мұғалімдері «шынайы еріктілер» болып еш зиянсыз көрінетін, мүлдем «жазықсыз мақсатта» шет тілін үйрету үшін арнайы басқа мемлекеттен келушілер... Клохтундар айналасына тобырды жинайды. Және бір қарағанда олар кәдімгі бейбітсүйгіш адамдар, қоғамның белгілі бір топтары арасында құрметті болып көрінуі мүмкін. Клохтундар жағымсыз тенденцияларды епті араластырып адамдардың бейсаналық (немесе түпсаналық) мотивациясымен аса нәзік ойнайды. Бірақ оларға адамдар илана бастауымен, лезде олардың ойларын какодемон доминатына аударады. Адам өзінің жаман ойларында, жамандықта ашылып пранасын шашады. Ал Лембои «құрбандар» байланысқан Клохтунның энергетикалық өрісі арқылы өзіне керектіні алады.

— Ал прана алынған адаммен не болады? «Құрбанды» қалай тануға болады? Адам өмірлік күштің жоғалғанын психологиялық жабырқау деңгейінде сезінеді ме? Немесе бұл өзін-өзі өлтіру туралы жабысқақ ойлар түрінде көрінеді ме? — деп сұрады Иоанн әкей.

— Және осындай ойлар тек ол адамда ғана емес, ол байланысқан жақын туыстарында, таныстарында да пайда болуы мүмкін. Кейде праның ұрлығы соншалықты қатты көрініп, салдары «құрбанға» аяқ астынан ауыр сырқат төгіліп, ол өмірден ерте өтуі мүмкін.

Негізінде Клохтун жұмысынан кейін «донор-құрбан» өмірінде толған сәтсіздіктер (ыңғайсыздықтар) пайда болып, ол тым ашушаң әрі күйгелектеніп одан әрмен ашыла бастайды. Көбінде «Донорлардың» өздері немесе жақындары бір сырқатпен бірінің артынан бірі ауырады. Ал кейін дәрігерлер бастарын қатырады: бірін емдесе, басқасы жабысты, оны емдесе, үшіншісі шығады. Және барлығын «өзі ойлап шығарған, басында шиза бар» деп «созылмалы сырқаты бар науқасқа» аудара салады. Ал шын мәнінде адам жәй ғана «ілемке ілінген». Бойында Кандук шеңбері тайраңдап жүр. Және ауруының барлығы түптеп келгенде праны жасанды сородан пайда болған. Өйткені ағза дабыл қағып, бар даусымен «SOS!» деп айқайлап, барынша қарсы тұрады. Міне осылай адамда «денсаулықпен бітпес мәселе» пайда болады.

— Мысалы ретінде осындай пациенттердің он шақтысын айта аламын, — деді Николай Андреевич үреймен орындықтың арқасына сүйеніп. — Сонда қалай, олардың барлығы «байланысқа түскендер ме» (ілемке ілінгендер ме)?!

— Психологиялық мәселелерімен — көбісі... Әрине, барлық ауруларды Кандуктардың ісіне жаба салуға болмайды. Ағзаның аты ағза. Материя секілді бұзылулар да оған тән. Және созылмалы аурулар да болып тұрады. Тек өзіңнің биологиялық машинанды уақытылы күту қажет, профилактика жасап, асқындырмау. Бірақ, ең бастысы Хайуани негіздің тілегіне қарамастан басында тек жақсы ойларды ұстау, жүрегінде махаббатпен, Құдайға деген махаббатпен өмір сүру. Және осының арқасында айналаңа жақсы өрісті жасау. Міне сол кезде ешбір жаман жабыспайды.

Сэнсэй үнсіз қалды. Ол минералды суын ішіп, бос бөтелкені үстелге қойды.

— Ал әлгі үшінші шеңбер... Изньль ше? — деп Сергей түнере сұрады.

Иоанн әкей мысқылмен басын шайқады.

— Бұлардың есімдері бар болсын — Клохтундар, Изныль... Изныль — бұл «изнывать» (әлсіреу, әлсіздену, сарғаю) сөзінен шыққан ба? Адамгершіліктің қурауы ма? (Чахнуть нравственно)?

— Дәл түстің! — деп Сэнсэй басын изеді.

— Мен осылай екенін білгенмін. «Чахлыки Нэвмырущие»...

Сергей Ваного сұрақ көздерімен қарады.

— Кім, кім?

Иоанн әкей оған басын бұрды да, өзінің қайталанбас (кетік) жымыясымен айтты:

— «Чахлык Нэвмырущий» — бұл украин тілінен аударғанда «Өлмейтін Кощей» дегенді білдіреді («Кощей Бессмертный»). Белгісіз дүниемен айналысқанша, ең болмағанда кешкісін заманауи халық ертегілерін оқып тұру керек.

Секундты үзілістен кейін төртеуі де дыбыссыз күле жөнелді.

— «Чахлыки» дегені дәл, — деп Сэнсэй күлкілі айтты да, қайтадан салмақты үнімен әңгімесін жалғастырды. — Сен дұрыс айтасың, Изныль халық арасына шыныменде «ауыр адамдар» деп аталады. Олар үнемі барлығы жаман, өздеріне өмір сүру қиын деп ыңылдап, үнемі бар нәрсеге көңілдері толмайды, біреуге аударуға тырысатын бітпейтін үнемі қандай да бір мәселелері болады. Олар байбалам салушылар, айқай-шуға жеңіл еріп, көбінде ұрысты өздері бастайды. Және осыдан кейін өздері айтарлықтай жеңілдеп, қарсыласы өзін толықтай соғылғанын сезінгенде, тіпті өзінше бір күштің құйылғанын да сезінеді.

— Мұндай адамдардың денсаулығы да жақсы емес шығар, — деді Николай Андреевич байқампаздықпен.

— Өте дұрыс.

— Егер алатын ештеңелері болмаса, олар Кандуктарға не үшін қажет? — деп Сергей иығын көтеріп сұрады.

— Әрине, Кандук шеңбері үшін олардың энергетикалық құндылығы жоқ, дегенмен олардан да прананы тартады. Алайда олардың таныстары, достары, туыстарының энергоөрісіне шығуға мүмкіндігі бар және өз алдына белсенді, какодемоны белсенді тұлғалар. Сондықтан Изныль, Кандук және оның айналасы үшін ыңғайлы, олар өзінің айналасындағы адамдарды стресс, депрессия, агрессияға жеңіл арандатады және сәйкесінше олардың пранасының жартылай өткізгіші. Жалпылай айтқанда осындай кішкене жаппай (немесе көп) ұрылар.

— Түсінікті, — деп созды Иоанн әкей. — Ұсақ-түйекті ұрлайды екен.

— Демек бұл ластық бір принцип бойынша әрекет етеді, — деп Николай Андреевич қорытынды жасады. — Олар адаммен жақындасады...

— ...көбіне ең жақсы достары болады, — деп қосты Сэнсэй.

— ...Адамды агрессияға арандатады, — деп жалғастырды психотерапевт. — Және адам какодемонының жаман ойлары шығуына ерсе, олар оның аурасын энергетикалық деңгейде тесіп, босаған энергия праналарын ала бастайды. Осыдан кейін адам ауырады немесе депрессивті күйге түседі.

— Бұл ең жақсы деген жағдайда, — деп Сэнсэй келісе басын изеді. — Ал ең жаманы, егер Кандук немесе Лембои тікелей әсер ететін болса, ендеше «құрбанды» өзіне қол жұмсауға болмаса саналы түрде жазатайым оқиғаға түсуге итермелейді. «Құрбанның» өлім сәтінде, адамның бар өмірлік күшін өзіне алады... Басқаның физикалық өлімі олар үшін таза ауаның бір жұтымы секілді. Басқаның ауруы — олар үшін өзінше бір есірткі болған қуатталу.

— Так, стоп, — деді Сергей сұқ саусағын көрсетіп. — Кандук пен Лембои тікелей әсер етеді деген қалай? Демек олар кей кездері өздерінің шеңберлері арқылы емес, «құрбанмен» тікелей байланысады ма?

Вано жандана қарап, ойды іліп әкетті:

— Яғни, «конспирацияны бір шетке ығыстырып, біздер аңшылыққа кеттік дегендері ме»? Ал бұл мүмкіндік...

Барлығы Сэнсэйге қарады. Ол күлді де, әзілдеді:

— Сіздермен әңгіме айту да қызықсыз, барлығын алдын ала біліп қоясыздар... Сіздер дұрыс байқадыңыздар, кей кездері Кандук егер өзінің қуат жинау шеңберін жасай алмай, праналық аштығынан болмаса өзінің ләззаты үшін «тәтті жегісі» келгеннен бе, ағаттық жасап, қоғамда көрініп қалады. Әрине, сол кезде оны анықтау оңай... Егер ол Лембоилар сияқты адамдармен байланысатын болса, Клохтундар мен Изныльдардан ауыр істерді жасайды.

— Мысалы? — деп Сергей тура бір санасында өзінің бірегей есептеуін ұстағандай, Сэнсэйге мұқият қарап сұрады.

— Енді, мысалы Кандукқа прана алу үшін кодировка жасап, тобырды жинап, оларды психологиялық өңдеуден өткізудің еш қажеті жоқ. Дегенмен бұл ол үшін мәселе емес. Оған жай ғана біреумен көзқарасы кездессе болғаны, егер адамның какодемоны басым, ашық болса, азуға түскен қояндай шаруасы бітті дей бер.

— Сен ашылған дегеніңмен, адам тым қатты қозған болмаса қабылдауы ашық немесе біреуге ашуланғанын айтып тұрсың ба? — деп психотерапевт нақтылады.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй растады. — Неліктен? Себебі осы кезде адамның «қорғанышы» әлсіреп және кез келген нәрсеге қол жетімді болады, сырттан келген «вирусқа» деп айталық. Және адам қаншалықты агрессивті болған сайын, Кандук пен оның айналасы алдында соншалықты қауқарсыз (қорғансыз). Мынадай бір мысалды талдап көрейікші: кезекте тұрғанда адамның ашуына тиеді. Ол наразы болып, күңкілдей бастайды. Және осы кезде көзқарасты сезінеді. Көбісі оның қайдан нақты шыққанын байқамайды, бірақ өздері сезінеді. Және адам ішінен тұтанғандай, қосымша серпілісі (сергектігі) пайда болады. Ол күштің келгенін сезініп, өзінің шындығын дәлелдей бастайды. Түптеп келгенде бұл шындығы ешкімге де қызықты емес. Бірақ адамдарды ұрыс-керіс, дауыстары қарлыққанша ызамен жанжалдасуға магнитше тартады. Олар да Кандук және оның итаршыларына осылайша ашылады. Ал адамдарға қаншама рет ескертілді десеңші, ешкімге жамандық тілеме, ешкімге және ешқашан деп мың рет айтылды...

— Міне, міне, — деп Иоанн әкейде растап, өнегелі сөзін айтты: — Иса сол бетінді ұрса — оң бетінді қой деп айтқан. Өзіңе, бала, қауіпсізрек болады.

Отырғандар күлді.

— Дәл... Енді былай, — деп жалғастырды Сэнсэй, — ашық адамды Кандук немесе Лембои көрген кезде — болды, әрі қарай техниканың ісі. Бір немесе екі тәулік өтісімен бұл «құрбандық» тіпті отбасы, жұмысы, қоғамдағы жақсы жағдайына қарамастан кенеттен өз-өзіне қол жұмсап өледі және өлімі анық немесе жазатайым оқиға ретінде жасырылады. Яғни дөрекі айтатын болсақ белгілі бір сәтте бұл адам естен ауысады (клинит)...

— Мамандар айтпақшы адамда бейсаналы суицидалды мінез-құлқы көрінеді, — деді Николай Андреевич.

— Өте дұрыс, — деп келісті Сэнсэй. — Көлік астына құлайды немесе терезеден секіреді және сол сияқты. Және бастысы, бұл жағдайда «құрбандық» жүз пайыз өлімге әкелетін істерді жасайды. Ал Кандук адам өлімі сәтінде оның энергетикасын қолында ұстап, пранасын толық өзіне алады... Бірақ ересек адам — бұл жай далбаса, Кандуктың прана аштығы болмаса жолшыбай кездескен «олжасы». Егер өзі аңшылыққа шықса, әдетте сәбилерге, балаларға, яғни өте үлкен прана қоры барларға аңшылық жасайды. Кандук үшін қаншалықты жас болса, соншалықты жақсы.

— Қандай лас зұлымдар десеңші! — деп Иоанн әкей шыдай алмай қынжылды. — Ешқандай жақсылық жоқ... Тіпті балаларды да азық қылудан таянбайды!

— Жағдайдың ауырлығы да осы...

Николай Андреевич ауыр күрсінді де, басын шайқады:

— Ал олар, кішкене балаларды да көзқарастарымен ұстайды ма, әлде баланың агрессиясы пайда болуына арандатады ма?

— Құдайым-ау, әлемде не болып жатыр... жындыхана дерсің, — деп Иоанн әкей тіпті басыла алмады.

— Тоқтай тұр, ал сәбилер ше? — деп сұрады Николай Андреевич. — Оларда ойды саналы тіркеу әлі дами қоймаған. Өмірінің алғашқы жылдарында тек қарапайым эмоциялар пайда болады.

— Кандук шыныменде сәбиге тікелей әсер ете алмайды, — деп жауап берді Сэнсэй. — Бірақ сәбидің айналасы — жақсы өткізгіш. Өйткені сезімдік деңгейде сәби анасымен немесе өзін күнделікті қоршаған қамқорлық жасаушы адамдармен өте тығыз байланыста болады. Сондықтан Кандук айналасындағы жаман ойлары басым бір мүшесін ұстап алады. Ал кейін, мысалы, сәбимен отбасы көлікте келе жатқанда, Кандукқа ілінген әкесі «түсініксіз себептен» жылдамдығын арттырып, қатты рөлді бұрып қалады. Осы сәтте сәбидің өлімінен Кандук өте көп таза энергияны алады.

— Міне зұлым! Және бұларды Жер қалай көтеріп жүр десеңші?! — деді Иоанн әкей.

— Немесе сәби айналасындағы біреудің қармаққа ілінгенінен кейінгі Кандук немесе Лембоидың зұлым істері туралы тағы бір мысал. Отбасы ұйқыға жатады. Барлығы қуанышты, риза, кеш бойы күліп, болашаққа үлкен жоспарлар құрады. Ал түн ортасында анасы тұрады да өзінің сәбиін өлтіреді, кейін өзіне қол жұмсайды немесе сәбиін қолына алып, көп қабатты үйдің терезесінен секіріп кетеді.

— Иә, өкінішке орай бұл сирек құбылыс емес. Мен статистиканы көрдім, — деп Николай Андреевич басын изеді. — Бұл жағдайды әдеттегі суицид деп атай алмайсың.

— Дұрыс, — деді Сэнсэй, — себебі бұл жерде Кандук болмаса Лембоидың тікелей әрекеті көрінеді. Бұл жағдай адамдар алкогольизм, нашақорлық, ауыр сырқаттар, психикалық ауытқулар (бұзылулар) салдарынан өлетін әдеттегі суицидтерден анық ерекшеленеді.

— Айтпақшы, статистика бойынша осындай түсініксіз суицид толқыны негізінде өндірістік қалаларда болады, — деді Николай Андреевич.

— Себебі бүгінгі күнде Кандуктар шеңберлерін ірі өндірістік қалаларда тоқиды және өздері де сол қалаларда қоныстанады. Егер қалада үш жүзден аса өз-өзін өлтіру тіркелсе, олардың көп бөлігі Кандуктар мен айналасының тікелей қатысуымен болғанына сенімді бола бер. Және бұл егер ластық қалада болса, көбінде кездейсоқ болмаған жазатайым оқиғаларды есептемегенде.

— Иә-ә-ә, — деп созды Иоанн әкей. — Жазатайым оқиғада суицид болғанын дәлелдеу ауыр. Құқық қорғау органдарында айтпақшы, суицидті дәлелдеуден, күдіктену оңай...

— Менің де жазатайым оқиға болып тіркелген, бірақ шын мәнінде жасырылған өзін-өзі өлтіруге көбірек ұқсаған өлім оқиғаларымен кездесуіме тура келді, — деді психотерапевт.

— Қазір кісі өлтіруді өзіне қол жұмсаумен жасыру сәнге айналды, — деп мұңайды Иоанн әкей.

Николай Андреевич толық тыңдап, кейін сөзін жалғастырды:

— Бірде облыстық ГАИ басшысымен қонақтықта бірге болдым. Ол маған көлік жүргізушілері жаяу жүргінші бөліктерінде өзін-өзі өлтірумен аз емес жолығатынын айтқан. Тіпті оларда осы жағдайға байланысты терминде пайда болған екен, «автоцид»... Бірақ сонда да бұл жазатайым оқиғалар қаншалықты кездейсоқ болғаны даулы мәселе болып қалады екен. Өйткені көп жағдайда мұны психологиялық контекстке ысыра салады: жүргізушінің назар аудармауы, жылдамдықтың жоғары болуы, жағдайды бағалаудағы қателік және көлікті мас күйінде айдау. Және көбінесе рөлдегі адамның саналы ғана емес, бейсаналық аутодеструктивті мінез-құлқының салдары ретінде анықталады. Егер жақсылап талдайтын болса, бұл жерде барлығы оңай емесі белгілі болады.

— Барлығы... оңай... емес, — деп Иоанн әкей ойлана қайталады.

Осы кезде телефон қоңырауы естілді.

— Бір минут, — деді Сэнсэй достарына.

Ол орнынан тұрып, телефонды көтерді.

— Иә... Тыңдап тұрмын... Иә... Иә... Дұрысы күннің екінші жартысында... Жақсы... Сау болыңыз.

Сэнсэй телефон тұтқасын орнына қойып, қайтадан креслосына жайғасып, әңгімесін жалғастырды:

— Міне осындай жағдай.

Сергей самайын уқалап, баяу сөйледі:

— Менің түсінгенім бойынша бұл құрылымның схемасы қарапайым. Тіпті омартаға ұқсас секілді... Кандук бал жинап және жейтін омарта Қожасы. Лембои — омартадағы аналық (матка в улье). Ұғынуым бойынша осындай омарталардың Кандукта бірнешеуі бар. Клохтундар — араларды тартатын, ұйымдастыратын, сонымен қатар Лембои мен Кандукты тамақтандыратын бал ұялары. Ал Изныль — бұл адамдар арасында «ұшып», олардың «балын» жинайтын массалы (көп) жұмысшы аралар.

— Бұлай да айтуға болады, — деп келісті Сэнсэй. — Айтпақшы, «бал» жиналатын адам, олардың бейресми терминологиясында «вязень» деп аталады, ол «тұтқын» (узник), «қамалған» (заключённый) дегенді білдіреді.

— Көңілді жігіттер, — деп Иоанн әкей ашына айтты.

— Иә, күле алмайсың, әсіресе олардың қызметімен тығыз тоғысқан кезде, — деді Сэнсэй салмақты.

— Тіпті суицидтердің статистикасына сүйенсек, бұл ластықтың тайрандауы қазір біршама жаппай орын алған, — деді Николай Андреевич.

— Өкінішке орай... Бұрындары Кандуктар бір жерде ұзақ кідірмейтін. Бір жерден екінші жерге үнемі ауысып отырған. Және олардың қоныс аударуларын негізінде анықтауға болатын. Олар пайда болған жерлерде, түсініксіз өзін-өзі өлтірулердің сериясы басталып, толқынды күшею болған. Яғни толқын эпизодты өтіп, басылып отырған. Кейін бұл дүрлігу басқа ауданда немесе қалада болады. Және адамдардан өмірлік энергияны ұрлауларын жалғастыра берген өздерінің ізбасарлары, жақын адамдарын қалдырып, өздері қоныс аударған... Ал қазір бұл «ұйымдастырушылық жұмысымен» (оргвопросами) Лембои, Клохтундар айналысады деп айтсақ болады. Ал Кандуктар әдетте ірі қалаларда қоныс тебеді. Өздерін анықтамас үшін жасырынатыны (шифрланатыны) соншалықты, оларды анықтау үшін аз емес күш керек.

Сэнсэй үнсіз қалды. Әңгімеде кішкене тыныштық орнады.

— Бірақ бұл ластық жайылған екен, — деді Ванно.

— Угу... Тым көп, — деп қосты Сергей.

— Және ең бастысы, — деп психотерапевт көбіне Ванно мен Сергейге қарап айтты, — жүз жыл бұрын-ақ Ресей өзін-өзі өлтіру бойынша Еуропа елдерінің ішінде ең соңғысы болған. Бар-жоғы жүз мың адамға үш оқиғадан келген...

Сөздерімен келісіп басын изеді де, Сэнсэй толықтырды:

— Және үшеудің біреуі ғана Кандук айналасымен арандатылған.

— Ал қазір посткеңестік мемлекеттерде не болып жатыр?! — деп Николай Андреевич қайғыра жалғастырды. — Жүз мың адамға отыз бір жағдай, ал жиырма жағдайдың өзі жоғары көрсеткіш болып табылады! Және бұл сан жылдан жылға көбеюде. Және тек көбейіп қана емес, өзіне қол жұмсаушылардың жас шамасы да жасаруда. Бұл дегенің катастрофа!

— Иә, — деп Иоанн әкей түсінгендей басын изеді. — Ал адамдар бұл мәселеден бастарын алып қашқандай көрмейді де, естімейді немесе бұл қайғы үйлеріне келмейінше оны қаперлеріне алуды қаламайды.

— Әрине, — деп дәрігер іліп әкетті. — Бұл мәселе туралы қазір суицидологияға маманданған кейбір психиатрлар ғана айтуда. Бірақ оларды кім естіп жатыр? Кеңес Одағында суицидпен байланысты тақырыптар 1985 жылға дейін айтылмағаны түсінікті. Тіпті статистикалық жұмыстарды да құпия ұстады. Бірақ сол құжаттардың өзінде елдегі суицид санының тоқтаусыз өсу фактысы айтылған. Бұны байқамау мүмкін емес еді.

— Ал 1993 жылы не болды десеңші? Ең болмағанда сол ақпаратты шіркеу каналдарынан алып қарайық. — Иоанн әкей қабағын түйді. — Бұл тұтас бір зұлматтың (мракобесия) толқуы болды! Және бұнымен ешкімнің де ісі болмады, қазірде дәл солай.

— Бірақ сол жылдары идеалдардың қирауы, бұқараның кедейленуі, қоғамдық өмірдегі стереотиптердің ұйымдаспауымен аз да болса түсіндіруге болатын еді, — деді Николай Андреевич. — Бұл жағдай әлеуметтік-экономикалық деңгейі төмен қоғамдарда әрқашан болған.

Сэнсэй келіспегендей басын шайқады да, оған қарады:

— Егер сен өзін-өзі өлтірудің статистикасын ерте замандардан бастап мұқият зерттейтін болсаң, адамдардың өмір сүру деңгейімен өзін-өзі өлтіру арасында тікелей байланысты таппайсың. — деді. Өзін-өзі өлтіру көбінде — бұл Деструкторлар қызметінің жанама нәтижесі және адамдардың санасының какодемон басымдылығына арандататын Кандук шеңберінің салдары. Саналарына жаман ойлар мен жағымсыз көзқарастарды кіргізіп, қалайтынына адамдардың өздері кінәлі. Және осыдан азап шегеді.

Өткеннің мысалдарын қозғамай-ақ қоялық, дегенмен бұл барша адамзат өркениеттерінде толып жатыр, бүгінде көруге болатынды алып қарайық. Мысалы Швейцария — әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары, әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі. Бірақ азаматтарының жайлы өміріне қарамастан, ол көп жылдан бері Еуропада өзін-өзі өлтірушілер санымен көш бастаушылардың бірі. Біздерге өркениетті өмірдің нышаны болып көрінген сол Еуропаның өзінде, өзін-өзі өлтіру, өлім себебінің кең таралған ондығына кіреді. Мен халық үшін алдамшы, ал Деструкторлар мен Кандук, оның айналасының бейберекетсіздігіне шын еркіндік беріп қойған АҚШ туралы тіпті де сөз қозғамаймын. Айтпақшы, дәл сол Америка бүгінде Кандуктар мен Лембоилардың әлемдегі негізгі паналарының бірі. Сол елде көптеген деструктивті психотехникалар жасалып, ендігі әлемнің түрлі аудандарында сынақтан өтіп жатыр.

Иоанн әкей қулана көздерін сығырайтып, саңылаулы тістерін көрсетіп күлді де:

— Әлгі «Демократия» атты шоқпар ұстаған агрессивті ханым бейнесіндегі ме? — деп сұрады.

— Ол да бар, — деп Сэнсэй жауап берді.

— Иә, бүгінде Кандуктардың тайрандауы ерекше, — деді Николай Андреевич қапаланып.

Сергей сөзімен келісіп басын изеді:

— Егер осы жерде естіген ақпаратты ескеретін болсақ, ендеше олардың пирамидальды құрылымы барша әлемде жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақша көбеюде.

— Қарай гөр оларды, бұл ластық тіпті славян жерлеріне де көз тігіпті, — деді өз ойына батқан Иоанн әкей. — Қорқуды қойған... Құйрықтарын қысатын ешкім жоқ деп ойлайды...

— Және бастысы, мақсаттары үшін еш нәрседен тайынбайды, — деп Николай Андреевич қынжылды.

— Не шындық болса, сол ақиқат, — деп қолдады Сэнсэй. — Кез келген мүмкіндікті қолданады... Адамзаттың рухани көшбасшылары, Құдайдың атын жамылып, өздерінің ұйымдары туралы қалай лепіреді дерсің! Өзіне барынша көп прана азығын тарту үшін, Махаббат, Еркіндік түсініктерін, ақиқатты қалайша бұрмалайды! Ешнәрседен жиіркенбей шайтани секталар құрады. Дәттері бармайтын ештеме де жоқ, оның ішінде рухани мақсаттар үшін ғасырлар бойы жиналған адамзат білімі де бар.

Адамдарды «көмпиттерінің» әдемі «орамасымен» тартады, мен ұйымдарының атауы, лекциялары, барша әлемде кең танылған брэндтерді қолданумен жасалған семинарларын меңзеп тұрмын. Бірақ адам олардың ілмегіне ілінген кезде, Шындық Өтірікке білдіртпестен айналып, санасын епті өңдеу басталады. Және адам өз какодемоны, Эгосының құлына айналады. Клохтундар ұйымдарына адамдарды қалай тартатынын қараңыздар! Олар адамның рухының қажеттілігінен шыққан терең сезімдерін, Хайуани негізінің ішегінде (шегінде) анық та, жасырын да ойнап, өздерінің нұсқамаларымен епті алмастырады.

— Иә, — деді Иоанн әкей. — Сыртқы «ақиқат» қабыршағы, «барлығын жақсы көру» туралы уағыздары, осы ұйымдардың басшыларына сөзсіз бағынудың артында, адамдардың түпсанасына айналған агрессия таңылып жатыр.

— Өте дұрыс, — деп растады Сэнсэй. — Тіпті Шамбала мен Беловодья есімдерін алған секталар бар. Бұл тіпті анекдот! Енді, бұл кімдерге арналған? Шамбаланың не екені туралы аз да болса түсініктері жоқ, сауатсыз тобыр мен аңқау адамдарға. Шамбала адамдар арасында ешқашан секта мен дінді құрмайды, қайырымдылық жинап, лекциялар мен семинарлар өткізу туралы тіпті үнсіз қалайын! Мұның барлығы пенделік істерінің жемісі және көп жағдайда ол ізгі мақсатта емес...

Ал Шамбалаға келсек, парадокс мынада, барша әлемдік діндерде алғашқы қайнар көзі Шамбала болған бір рухани дәннің білімдері пайдаланылады. Бірақ Шамбаланың өзі адамдарға таңдау еркін қалдырып, пенделік істеріне араласпайды. Ал егер бір кездері, бір жерде ғаламдық процестерге әсер етсе, онда бұл процесі тек жанама әсерде болады, одан артығы емес.

Сэнсэй үнсіз қалды, кейін бос тұрған креслосына қарап, құдды көрінбеген бесіншіге сөйлегендей айтты:

— Сондықтан Шамбала — бұл Шамбала. Ол шипажай, көрме залы, мұражай емес. Және кім Шамбаланы іздесе, ішкі жан дүниесіне, өзіне үңілсін. Адамдар үшін Шамбала, бірінші кезекте, — сананың арғы жағынан келетін және өзімен, өзінің ниетінің тазалығымен жұмыс жасап, агатодемон басымдығын ұстайтын, Жаратушыға Махаббаты бар кез келген адамға ашылатын таза білімдер... Сондықтан Шамбаланың атын кезекті «дін» ретінде өздерінің пайдакүнемдік мақсаттары үшін, бәлкім, «қатты ашыққаннан болар» жалған жымыястарымен ұсынған «күміс табақтан», оны сырттан іздеудің қажеті жоқ. Жай ғана ішкі жан дүниеге үңіліп, өзіңмен жеке қалып талдау: шын мәнінде сен кімсің және бұл әлемге не үшін келдің.

Ұзақ тыныштық орнады. Сергей өзінің кенеттен қойған сұрағымен тыныштықты бұзды:

— Ал адамдардың шыныменде бір кездері Шамбаланың бар біліміне толық жетуі мүмкін бе?

— Саған қалай айтсам екен... — деп Сэнсэй шаршаңқы жауап берді. — Кемелдікке жетуге адамдар әлі өте алыста... Ең жақсы деген жағдайдың өзінде, ең болмағанда адамдар сол білімдердің жүзден біріне жетсе Құдайдың бергені, әрине, егер өздерінің какодемонын жеңе алса. Сол кезде мүмкіндіктері бар. Бірақ бұл қолдарынан келеді ме, міне сұрақ... Олар ең оңай емтиханнан сүрінеді... Шамбала адамдарға қанша рет таза білімдерді беруге тырысты! Ал оларды өздерінің үрілген өзімшілдігі, шексіз өздерін сүйгіштігімен адамдар неге айналдырып жіберді? — Сэнсэй үнсіз қалды, кейін біршама сабырлы қосты: — Білім — бұл мәселе емес... Мәселе адамда, оның рухани деңгейінде... Шамбала жолды көрсетуі мүмкін. Бірақ ол жолмен ешкімді желкелеп жетектемейді, ешқашан, ешқашан олай жасамайды. Адамдар нені қаласа, соны таңдасын, қайда барғысы келсе, сонда барсын. Не ексе, соны орады.

Қайтадан үнсіздік орнады, Сергей бұл жолы да үнсіздікті бірінші бұзып, әңгіменің негізгі тақырыбына өтті:

— Мен былай ойлаймын: егер Кандуктар бойынша мәселе болса, демек оны шешетін біреулер де болуы керек...

— Айтпақшы, адамзат қоғамы үшін бұл мәселені жақсы жағынан шешуде, Шамбала қатыспайды ма? — деп Иоанн әкей сұрағын епті қойды, айналма жолдармен деп айтпақшы.

— Шамбала? — деп Сэнсэй таңқалды. — Ал бұл жерде Шамбаланың не қатысы бар, егер мәселе тұтас әрі толықтай әрбір адамның жеке және барша адамзаттың таңдауына байланысты болса? Ал таңдау еркі, сіздерге белгілі, Жаратушының өзімен белгіленген. Кандук пен итаршылары адамға тек өзі оларға «есік» ашып бергенде ғана кіре алады, яғни санасында жаман ойларына басымдық беріп, оларды кедергісіз кіргізеді. Ішкі агатодемон үстемдігімен, Құдайға және барша тіршілікке Махаббатпен өмір сүруге адамдарға кім кедергі? Бірінші кезекте сен ойларыңның иесісің және бойыңда не басым болатынын сен шешесің. Өзінің эгоцентризмі, санасында Хайуани негізінің басым болуынан осындай аралық паразиттерді туғызып және өзі осыдан азап шегеді.

Ал Шамбала үшін бұл паразитті тіршілік ешқандай қызығушылық тудырмайды. Кандуктар энергетикалық тепе-теңдікті бұзбайды, адамдардың рухына ешкім тиіспейді, ол жай ғана реинкарнацияға кетеді. Сондықтан бұл ластық Шамбала үшін, өзінің сүйікті ісімен шұғылданған адамға, көрші иттің үстіндегі бүрге секілді, — деді Сэнсэй күлкімен. — Ботхисатвалар бұл «ластық» туралы адамдарды хабардар етуі мүмкін, бірақ олар үшін бұл мәселені ешкім шешпейді. Егер адамдар қаласа, онымен өздері айналыссын. Ал енді қаламаса, сол ластықпен әрі қарай өмір сүрулерін жалғастыра берсін. Мен қайталаймын, **адам өмірі — бұл оның таңдауы және өз мәселелерін жеке шешуі.**

— Бірақ бұл Кандуктар адамдардың өмірлік энергиясын ұрлайды емес пе! — деді Вано күңкілдеп.

— Ал не болды? — деді қиналмастан Сэнсэй. — Адам үшін өмірлік күш дегеніміз не? Бейнелі түрде айтсақ, бұл бензин. Бензин бар кезде, адам көлікпен жүреді. Бензин бітсе адам шығады да, басқа көлікке отырып қайта кетеді. Яғни біреу білдіртпестен «бензинді» ағызып алғаннан рух эволюциясы тоқтамайды, тек қандай да бір уақыт кезеңінде «трассада» жүрісін баяулатады. Түптеп келгенде қорқынышты ешнәрсе жоқ. Өйткені бұл қозғалыста бастысы не? Бастысы адамның қайда жүргені. Егер ол қажетті бағытта, орталық көшелермен жүріп әрі көлігін күзететін көлік тұрақтарында қалдырса, басқа іс. Ал егер шеткі көшелермен қозғалып, көлігін кез келген жерге қойып, оның үстіне бензобағын ашық қалдырса, өзінен басқа кім кінәлі?

— Сенің де салыстыруларың бар болсын, — деп күлді әкей.

— Есесіне түсінікті, — деді Сэнсэй де күлкімен. — Сондықтан қайғыларына адамдардың өздері кінәлі. Кандуктарға тек торларын тоқып, оған олжалары қашан түсетінін күту ғана қалады.

— Ал соңғы кездері, сол баяғы статистикаға қарайтын болсақ, күтпейтін де секілді, — деп күрсінді Николай Андреевич.

— Өте дұрыс. Хайуани негізі көрінісіндегі пенделік ақымақтық, бар шекарадан асты. Сондықтан Кандуктар мен Лембоиларда аста-төк той, «еріксіз асату». Жазалаудың жоқтығынан тіпті балаларға бас салып, шектен шығып жатыр.

— Жазалаудың жоқтығынан? — деп Сергей Сэнсэйдің сөздеріне жабыса кетті. — Демек оларды жазалайтын біреудің болғаны? Егер Шамбала болмаса, бұл кім?

— Иә, бір кездері оларға қарсы шыққан жүрек жұтқандар болған...

Иоанн әкей лезде жауырынын жазып, кеудесін көтерді.

— Ал неліктен болған?

Сэнсэй оның түзелген мүсініне қарап, білінер-білінбес жымыды.

— Себебі олар қазір жоқтың қасы. Салдарынан жалпы тепе-теңдік бұзылып, барша ластық көбейе бастады.

— Ал толығырақ? — деп сұрады Сергей.

— Толығырақта болады... Бір кездері бұл адамдарды Гелиарлар деп атаған. Ерте замандардан бері ластыққа қарсы жорыққа шыққан, оның ішінде Кандук пен оның итаршылары да бар, адамдардың құпия одақтастығы болған. Және олар ластықтың өмір сүруіне аса қатты қиындықтар тудырған.

— Көрінбейтін ұрыс шебінің өзінше бір сарбаздары? — деп Иоанн әкей құпия жымыды.

— Жобамен солай, — деп күле жауап берді де, ендігі Сэнсэй салмақты сөйледі: — Гелиарлар біршама құпия әрекет еткен. Олардың күресі әдеттегі адамдардың ісіне ұқсас болған жоқ, себебі сананың арғы жағында болды.

— Арғы жағында? Бұл анағұрлым салмақты, — деп Николай Андреевич ойлана айтты.

— Әлгі зұлым күштер — өз Хайуани негізіңнен де жаман. Өйткені олар адамның қабылдау шынайылығын бұрмалайтыны, Өтірікке (Жалғанға) адастыратыны соншалықты, әрекеттерінің салдарынан шын рухани жолды іздеуде толық бағытынан адасады. Әдетте ластықпен уланған санасы, ұзақ уақыт шын шынайылықты объективті бағалай алмайды...

— Бұл анық, — деп келісті Николай Андреевич.

— Осы көрінбейтін майданда тек Кандуктар мен айналасы ғана әрекет етпейді, ол жақта басқа да ашыққан ластықтар жетерлік. Сондықтан Гелиарлардың мақсаты адамдардың өмірін тірі алып қалу ғана емес, адам өз еркімен Болмысын дамытуға таңдау жасай алуы үшін, осындай паразиттерді түпсаналарына кіргізбей, қорғау болған.

— Яғни, өз таңдауын жасау арқылы адамдарға табиғи жолмен дамуға мүмкіндік беру? — деп Сергей нақтылады.

— Өте дұрыс, — деп басын изеді Сэнсэй. Гелиарлар адамдарды рухани жолға итермеген, олардың сенімі мен таңдауына еш әсер етпеген. Олар тіпті Лембои, Клохтун, Изныльдармен вербальды байланысқа да түспей, сананың арғы жағынан әрекет жасаған, бейнелі айтқанда адамдарды артқы жағынан қорғаған. Және ең маңыздысы олардың еңбегінің арқасында адамдарда ішкі рухани жетілудің табиғи процесі болып, түрлі ластықтармен жасанды үдетіліп, қоздырылған барша ластық, қауыз секілді жойылды.

— Ал бұл жауынгерлер қалай өмір сүрген? Әлемде кім болған? — деп сұрады Иоанн әкей.

— Әлемде? Барлығы үшін қарапайым адам өмірін сүрген жақсы, ізетті адамдар болған. Әртүрлі замандарда қоршаған ортаның аса бір қатты күмәнін туғызбай, Елінің игілігіне әрекет етіп қана қоймай, өздерінің бар рухани потенциалын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін лауазымдарда (орындарда) болған. Мысалы, діннің үстем уақыттарында Гелиарлар көбінде, өмір сүрген жерлерінің дәстүрлі діні болған түрлі діни ұйымдарда жұмыс жасаған. Ал мысалы орта ғасырларда Батыс, Орталық Еуропа елдерінде, құпия рухани-рыцарьлық ордендерде жиналып, көбінде рыцарь болған. Анағұрлым кейінірек, қазіргі заманға жақын уақыттарда, жұмысы ұзақ іс-сапарлармен байланысты болған құрылымдарда қызмет еткен. Жүз жыл бұрын жаратылыстану саласындағы қандай да бір ғалым, мемлекеттік қызметкер болмаса ел аралайтын монах түрінде жасырынған, бұл оларға түрлі аймақтарда ластықпен күресуге мүмкіндік берді. Жалпы айтқанда әр заманда әртүрлі ебін тапқан. Бірақ шын мәнінде олар жай Білім адамдары болды... Және олардың шын қызметімен байланысты болмаса, қарапайым адамдардан ерекшелігі, әлеуметтік жағдайлары өздері үшін маңызды болған емес. Олар үшін ең бастысы ішкі жұмыс еді.

— Иә, Жаратушыға қызмет еткен шын Жарық (Нұр) Жауынгерлері... — деді ойлана Иоанн әкей. — Олармен тек шын игі істер жасаған нағыз Әулие әкейлер ғана салыстыруға келеді.

— Әркімнің Жаратушыға өз жолы бар, — деп Сэнсэй оған жұмсақ жауап берді. — Әулиелердің жолын кейбір мағынасында өзімшіл деп айтуға болады, себебі олар Ақіретті күтіп өз рухтарының құтқарылуына алаңдайды. Дегенмен олар игі істерді жасайды, басқа адамдарды үйретеді, тіпті олар үшін дұға да жасайды. Бірақ басқаны үйрету мен өзін шайқасқа түсу — бұл сөз бен іс арасы секілді үлкен айырмашылық. Мүмкін бұны түсіну қазір сіздерге ауыр болуы мүмкін, бірақ уақыт өте өздеріңіз мұны сезінесіздер... Әулиелердің жолы әлсіздердің жолы, бірақ қалған барша адамзаттың көп бөлігімен салыстырғанда, Әулиелерді әлсіз деп айтуға аузың бармайды. Оның үстіне көптеген тұлғаларды олай болмаса да Әулиелердің қатырына жатқызған (белгілі бір адамдар тобы Әулиелікке үміткер ретінде ұсынған адамның қайтыс болғаннан кейін канонизациялануы кездейсоқ емес және көп жағдайда айтарлықтай уақыт өткеннен кейін, сол адамды танитын ешкім тірі болмағанда). Ал шын Әулиелерге халықтың баруы тоқтамай, олардың мүрдeleri шыныменде ғажайып әсерге ие.

Сондықтан Әулие мен Гелиар жолы — Құдайға апаратын екі бөлек жол. Әркім өзі еңсере алатын жолды таңдауына құқылы. Және Гелиарлардың рухани күрес жолындағы тек алғашқы сатыларға ғана Әулиелердің жетуінде тұрған қорқынышты ешнәрсе жоқ. Тек Гелиарлар секілді осындай ерлікке (жанқиярлыққа) бару, әркімнің қолынан келе бермейді. Тіпті Гелиарларды айтпағанның өзінде, Әулиелер жолына тұратындар да аз. Гелиарлардың Әулиелерден ерекшелігі, олар Жарық пен Түнектің соңғы шайқасын күтпей, дәл осы қазір саналы шайқасқа кірген. Және өз рухтары үшін жай күресіп қоймай, миллиондаған

жандарға (рухтарға) орасан зор көмек көрсетіп, олардың табиғи рухани дамуына септігін тигізген. Бұл әрине өте ауыр жол.

— Ал бұл жолдың ауырлығы нақты қалай көрінеді? — деп сұрады Николай Андреевич.

— Енді, қысқаша айтатын болсақ... Біріншіден, Гелиарлар өздеріне адамдардың хайуани агрессиясын қарсы қойып, арандамас үшін, қалыпты өмір салтын ұстанып қоршаған ортаға қарапайым адам болуы керек. Екіншіден, Гелиар өзін үнемі сырттай ғана емес, ең бастысы, Руханияты Хайуани негізінен басым болуы үшін іштей де бақылауы күшті болуы шарт. Үшіншіден, осылардың барлығынан бөлек, Гелиар ластықпен күрескен сол жерлерде адамдардың сақшысы болу үшін, күн сайын ауыр (күрделі) медитациялармен жұмыс жасауына тура келген. Яғни, қоғамдағы қалыпты өмірін сүріп, ал шындығында, үнемі шынайылықтың арғы жағында болып жұмыс жасаған. Сондықтан бұл өте ауыр жол... Есесіне рухани жағынан айтарлықтай алға жүру болды, мен рухани сатылармен секіріс деп айтар едім.

— Иә, — деді Иоанн әкей. — Шамасы Киелі Рухтың өзі айтып жеткісіз қуантуларымен қолпаштап, арашалаған сияқты.

— Гелиарлар шын ізгі істерді жасады... Тіпті Шамбала Бодхисатвалары, оның ішінде Ригден Джаппо да, ішкі жауынгерлік ерліктері үшін оларға аса құрметпен қараған. Гелиарлар тірі кездерінде-ақ реинкарнация шеңберінен шығып, Нирванаға еркін кету құқығына ие болған. Яғни, христиандық тілмен айтқанда, олар үшін жұмақ Қақпасы әрқашан ашық болған және сол Қақпа арқылы оларды Жәбірейілдің (Гавриил) өзі шығарып салған...

Өңгімеде кішкене үнсіздік пайда болды.

— Менің түсінгенім бойынша, Гелиарлар өзара келісіп әрекет еткен, — деп Сергей қайтадан қорытынды жасады. — Ал ендеше Гелиарлардың ішкі құрылымы қандай?

— Кандуктармен бірдей десек болады.

Сергей таңғала қастарын көтерді.

— Егер қандай да бір күш болса, — деді Сэнсэй, — оған тең күш қарсы тұрып, нәтижесінде монада тепе-теңдікке түседі. Кандуктар адамзат қоғамында пайда болған кезде, Гелиарлар монаданы тепе-теңдікке түсірген және қоғамда салыстырмалы баланс қалыптасқан.

— Олардың қандай ұқсас құрылымы бар екенін мен түсінбедім? Сол сыртқы шеңберлерге бөлінумен бе?

— Жоқ, сыртқы емес. Ол жерде ішкі күш шеңберлері ұқсас. Лембоилардың Кандугы бар секілді, Гелиарлардың Этимоны болған, олардың командирі деп айтсақ болады. Этимон «ақиқатты», «негізді сақтаушы» («хранящий основу») дегенді білдіреді. Жалпылай айтқанда бұл біршама тәжірибиелі әрі рухани жетілген Гелиар. Этимон топтың іс-әрекетін координациялап, өзі басынын өткізген күрес пен рухани даму кезендерін меңгеруге көмектесіп, Гелиарларға жол бастаған. Гелиар ішінен біреуі Этимон деңгейіне жеткен кезде, егер Этимон өз жұмысын аяқтап, Нирванаға кетуге дайындалса оның орнын басқан немесе көп деңгейде адами қасиеттері мен рухани білімге ұмтылыстары жоғары лайықты адамдардан Гелиарларды жинап, өзінің тобын ашқан. Кандук айналасына он екі Лембоиды жинағысы келгендей, Этимонда он екі Гелиарды жинаған.

— Демек он екі Гелиар және он үшінші Этимон болғаны ма? — деді жандана Иоанн әкей. Дәл Иса секілді екен — он екі Апостол және Иса — он үшінші.

— Иә. Себебі осылай күш сақинасы пайда болады. Қарапайым адамдарға мұны түсіну қиын, бірақ Білім адамдары бұл туралы жақсы хабардар.

— Бірақ бұлар бір-біріне қарсы тұрушы тең күштер болса, күрестерінде бірдей энергия пайдалануы керек емес пе, — деп Сергей құмарта талдай бастады. — Демек Гелиарлар өз праналарын іске қосады. Сәйкесінше бұл өмірлік энергияны жұмсап, көп көлемде екені анық және қарсыластың күшін есептесек, Гелиарлар өз праналарын қалайда толтыру керек емес пе, әйтпесе олардың тәндері алғашқы шайқаста-ақ өлетін еді.

— Өте дұрыс, — деді Сэнсэй. — Айырмашылығы прананы толтыруларында ғана. Кандуктар мен Лембоилар көбінде адамдардың рухының дамуына мүмкіндік бермей, өмірлерін қиып прананы ұрлайды. Ал Этимон мен Гелиарлар оны қоршаған орта үшін зиянсыз түрде алады.

— Ал неліктен Кандук прананы зиянсыз толтыра алмайды?

— Себебі тек агатодемонның абсолютті үстемдігі мен какодемонның қатты бақылауы болған кезде прананы зиянсыз табуға болады (немесе толтыруға)... Гелиарлар үшін бұл өмір — тоқтаусыз күрес, ал Кандуктар үшін өмір — ләззат (рахат). Айырмашылығын байқадың ба? — Сергей басын изеді. — Міне осыдан монада құралады.

Сергей үнсіз қалды да, кейін қайта сұрады:

— Ал неліктен Гелиарлар Ордені жоғалды?

— Енді қалай неліктен? Қоғамдағы құндылық өзгерді. Өйткені Гелиарлар қарапайым адамдар арасынан жиналды. Сен қазіргі заманауи қоғамға қарашы. Хайуани негіздің айқын басымдылығы көрінеді. Адамдар руханиға қарағанда көбірек материалды қазына жинауға ұмтылады. Сондықтан Гелиар Ордендері біртіндеп құлдыраған. Жүз жыл бұрын-ақ соңғы Гелиармен адам қоғамынан тамга Прави жабылды, қаншалықты қарабайыр естілсе де, — Сэнсэй ауыр күрсінді, — бұл істі лайықты жалғастырушы, рухани ізденістегі жан табылмады...

— Шын құдайға жағымды істі, — деп Иоанн әкей көңіл білдірді.

— Өте дұрыс. Бір сөзбен айтқанда сол кезде монада тепе-теңдігі бұзылды. Сәйкесінше, қоғамда өзгеріссіз нәтижені алды.

Сэнсэй үнсіз қалды. Сұхбаттасушылар да ойларына батып, үнсіз отыр. Ақыр соңында Сергей сөзін бастады:

— Тамга Прави жасырылды деген қалай? Егер жадым алдамаса тамга (таңба, белгі), — бұл қандай да бір айрықша белгі...

— Медальон, — деп нақтылады Сэнсэй.

— Ал Прави... — деп жалғастырды Сергей ойлана, — бұл меніңше ежелгі славян терминологиясынан.

— Иә-иә-иә, — деп Николай Андреевич есіне түсірді. — Дәл. Ежелгі славяндардың космогониясында үш әлем айтылады: Прави әлемі — Нұр (Жарық) әлемі, жарқын құдайлардың, Яви әлемі — көзге көрінетін әлем және Нави әлемі — арғы қабір әлемі. Славяндар Прави әлемін ұлықтаған, сондықтан христиандықты қабылдауға дейін православ аталған деп саналады.

— Енді шындықты айтатын болсақ, бұл анағұрлым кейін Прави адамдармен құдайы дәрежесіне көтерілді, — деді Сэнсэй. — Ал Гелиарлар мен Этимондар үшін Прави... енді, сіздерге түсінікті болу үшін, жоғарғы бас қолбасшы секілді. Ол барша Этимондарды басқарып, жұмыстарын координациялады, ал өз кезегінде олар Гелиарларға. Дегенмен «басқарды» сөзі — осындай қызмет түріне дұрыс бола қоймас. Өйткені ол адамдар өзара достық немесе туысқандық қарым-қатынаста болды. Олардың ешбірі төмен болмаса жоғары тұрмады. Дисциплина ойлары мен істерінде көрінді. Тек бұл істе тәжірибелілер өздеріне көбірек Жауапкершілікті алған... Прави бақылауда ұстап және жалпы рухани желідегі іс-әрекеттерді үйлестіруге жауапты болды.

— Қай жағынан? — деп Вано түсінбеді.

— Енді, бейнелі айтсақ, Интернетке ұқсас, тек рухани нұсқада, — деп Сэнсэй жауап берді.

— Енді «Прави тамгасы жабылды» деген нені білдіреді? — деп Сергей сұрағын қайталады.

— Прави тамгасы — бұл ерекше медальон, онымен бірнеше Прави буыны жұмыс жасаған. Оның кристаллдарында өте қуатты күш жиналған. Прави тамгасы жұмыс жасағанда — ол ашық. Гелиарлар жұмыс жасағанда үнемі ашық болады. Онымен жұмыс жасау тоқтаған кезде, бұл жүз жыл бұрын болған, оны жапқан. Қарапайым сөзбен айтқанда, болашақ Гелиарлар ұрпағы үшін тамганы капсулада сақтайды.

- Капсулада? — деп Николай Андреевич таңқалып қайта сұрады.
- Сен ойлап тұрғандай капсулада емес, — деп түсіндірді Сэнсэй. — Былай айтайық, сіздер шатаспас үшін, тамга тауда, қол жетпес жерде сақталады.
- Ал таулары алыс па? — деп Сергей жымия сұрады да, лезде сөзін қосты: — Дегенмен, шынымды айтсам, керек болса әлемнің шетіне де баруға дайынмын.
- Сэнсэй жымиды.
- Тамга — бұл жай ғана құрал (инструмент). Бастысы — Шебер болуға ниет (тілек). Сергей басын изеп, салмақты айтты:
- Бар...
- ...және ол жалғыз емес, — деп жауабын Николай Андреевич толықтырды.
- Мен де сол сөзді айтамын, — деді Иоанн әкейде.
- Енді бұл ең бастысы, — деп Сэнсэй жайдары айтты. — Ал қалғандары — бола жатады.

3 Бөлім. Прави Тамгасы

(бөлім Анастасия күнделігіндегі үзінділерді пайдаланумен жазылды)

Көктем келді. Жаттығулардың бірінде келесі демалыс күндері жаттығу болмайды, Сэнсэй Николай Андреевичпен бір жаққа кетеді деген әңгіме тарады. Егер бұл әңгімеде дәрігердің есімі болмаса, оған ешкім де назар аудармас еді. Біздің ұжымның шексіз қызығушылығы Николай Андреевич Сэнсэймен қайда баратынын біліп қана қоймай, оларға жолсерік болуға сұранды. Олай болмағанда, Қырымға, тауларға Сэнсэймен баруды жіберіп алу кешірілмес еді! Оның үстіне Николай Андреевичтің айтуынша сапарларының себебі қарапайым. Ол соңғы кездері спелеологиямен қызыға бастаған-мыс, ал Сэнсэй үңгірлердің бірін көрсетуге келісімін берген.

Бірақ айта кету керек, жас буын Николай Андреевичке қосымша машақат әкелген. Біздің қиялымызда үңгірде серуендеу романтикамен ғана шектелген. Және шынайылық туралы мүлдем түсінік жоқ. Ол жерге жиналудың қатты не қажеті бар? Арқаңа сөмкенді асып алда — алдыға бас! Ал Николай Андреевич, рақмет айту керек, керек-жарақтарды дайындау мәселесіне өте байыпты қарапты. Өзінің қызметінде әскериленген тау-кен құтқару бөлімшелерімен бірнеше рет бірлесіп жұмыс істеуіне тура келген. Қаламыз шахтёрлер қаласы, барлығы бір-бірін біледі. Сонымен дәрігердің арқасында біздер жер астына түсуге қажетті барлық затпен қамтамасыз етілдік: кенеп комбинезондармен, шахтёрлік канагонка (канагонка — бұл каскаға байланатын белдеуі бар жарық қолшамы) бар каскалармен және қосымша қолшамдармен. Бұл саяхатта осы құрал-саймандар біршама қажетті екенін түсіндік.

Біздің ұжым, яғни Костя, Андрей, Татьяна және мен, тағы Стас, Женька, Володя, Виктордан бөлек, бұл сапарға Валера, Иоанн әкей мен Сергейде жиналған екен. Соңғы кездері Сэнсэй айналасында пайда болған Сергейдің айтуынша Сэнсэйдің ескі досы екен.

Қырымға көлікпен барамыз деп шештік. Жол әрине жақын емес. Бірақ түнде шыққанымыздан ба, жолаушылар үшін жол ауыр болмады.

Таңертең Қырым түбегі біздерді өзінің қайталанбас табиғатымен қарсы алды. Бұл жерлерде көктем тіптен қайнап, өзінің жасыл-желегімен айналаның кеңістігін жапқан. Өзгеріп жатқан пейзаждар көлік терезесінен бір-бірінен асқан көз тұндырарлық сұлулықпен көрінеді. Олар құдды бір алдарымызда сұлулық жарысының сайысушылары секілді. Жұмсақ климаты бұл жерде түрлі ағаштар мен тоғайлардың өсуіне мүмкіндік берген, оның ішінде біртүрлі пішімдері бар реликті өсімдіктер де бар.

Көп ұзамай біздер елді мекендердің біріне кіріп, бір үйдің қақпасына келіп тоқтадық. Сэнсэй мен Николай Андреевич үй иесімен келісті. Оның ауласында көліктерді қалдырып, шатырлар мен азық-түліктерін артқан кішкене отряд, тауға қарай қозғалды. Біршама ұзақ жүруге тура келді. Алайда сапардан тек ләззат алдық.

Айнала жасыл-желекке оранған. Кей кездері көктемгі бүршік жарған гүлдерге толы алаңқайлар да кездесті. Ал ауаны айтсаңшы — ғажайып! Таңқаларлық жеңіл, таза, тірі табиғат хош иістерге қаныққан. Бір жерінде таудың таза тынысы мен сергітер озон. Басқа бір жерінде, соққан самал теңіздің қайталанбас хош иісін жеткізеді. Ал үшінші жерде, қандай да бір гүл жарған өсімдіктердің тұтас бір эфир майларының хош иісі мүнкіп тұрды.

Біздер бет алған тау сілімінің етегі ендігі алыс емес. Алайда Сэнсэй тоқтап, орман жанындағы алаңқайға түнеуге ұсыныс айтты, себебі кеш болып қалған, ал тауда ымырт тез түсетіні белгілі. Біздер шатырымызды құрып жатқанда тіптен қараңғы болып кетті. Жолшыбай біздің жігіттер ерінбей ағаш бұталарды жинап, біздер ыстық тамақсыз қалмадық. От жанындағы кешкі отырысымыз болмады. Біріншіден, барлығы шаршады, ал екіншіден, Сэнсэйдің айтуы бойынша ертең біздерді физикалық төзімділігімізді тексеретін аз емес сынақ күтіп тұр. Сондықтан кешкі астан кейін барлығы ұйықтауға тарады.

Таң біздерді сүтті, қою тұманымен қарсы алды. Әрі қарайғы жолымызды «Ёжик в тумане» сүйікті халық мультфильмінің бас кейіпкеріндей жалғастырдық. Тауда да ауа райы болжамға келмей тез құбылады екен. Көп ұзамай тұман сиіліп, біздер бұл кезде жотаның

етегіне де таяп қалыппыз. Бірақ таудың шыңына көтерілудің орнына, Сэнсэй біздерді тау етегімен жүргізді.

Күн айтарлықтай жоғары көтерілген. Аспан бұлтсыз. Айналада әртүрлі құстар құбылта ән салуда. Және осының барлығы сұлу тау ландшафтымен қосылып керемет, көктемгі көңіл-күйімізді тудырды. Жігіттер жол бойы өз араларында тауға шығу үшін алған құрал-жабдықтарымен қаншалықты биіктікке көтеріле аламыз деп әңгімелесіп келе жатты. Ванос мен Женьканың тоқтаусыз әзілдерімен шыңдарды бағындыру туралы армандап келе жатса да, біздің кішкене отрядты бұрынғыша тау етегіне салып, Сэнсэй тауға көтерілуге асықпады.

Көп ұзамай біздер Сэнсэй «жер үсті» серуеніміздің соңғы аялдамасы деп айтқан, шығыңқы жартасқа келдік. Айналаға таңқалып көз жүгірттік. Құпия үңгірге болжамды апаратын, қиялымыз салған үлкен жартылай шеңберлі ешқандай үңгір жоқ. Тіпті саңылауда да көрінбейді! Осындай жұмбаққа қызығып, біздер жүннен жасалған киімдерімізді, оның үстіне спелеолог костюмін кидік. Бәрінен бұрын Женька тез киінді. Басқаларды күтіп, жергілікті жерді зерттей бастады. Бірақ жартастан саңылау таппай, жігіт абдырай сұрады:

— Сэнсэй, ал бұл жерде кездейсоқ «Сим, сим, ашыл» деп айту керек емес пе?!

Ол күлді:

— Шарттылықсыз өтеміз.

Киінген кезде, білместігімізден бар жағдай үшін деп алып шыққан шатыр түріндегі «артық салмақтарды» қосымша заттарды, Сэнсэй осы жерде тастап кетуге ұсынысын айтты. Біздер сұрыптауға кірістік. Кейін сөмкелерімізге тамақтарды шағын етіп дайындап, ең қажетті заттарды алдық. Ал қалғандарын үйілген таспен «жасырдық». Барлығы дайын болған кезде, Сэнсэй біршама үлкен тасқа барды да, жартас жанында ретсіз шашылып, көрер көзге көтерілмес болған тасты оңай басқа жаққа ығыстыра салды.

— Өтінемін, — деп тар жолға нұсқап, біздерді шақырды.

Біздер таңырқай қарап, бұл сыздаған қара тесікке жақындадық. Әсіресе Женька күш салды. Ол тіпті ішімен жатып, тесігіне жартылай қысылып, күлкі үшін бір-екі рет «угугу-леп» жіберді. Кейін артқа шегініп, тізерлеп отырды да комбинезонынан шанды автоматты түрде қағып, жымия мойындады:

— Иә, Вини-Пух қоянда қонақта болғанда не сезінгенін енді түсіндім.

Барлығы күлді. Ал Иоанн әкей көңілді насихатын айтты:

— Міне қомағайлық (мешкейлік) адамды қандай күнәға әкеледі! Тәніңді ақуыз, көмірсулармен тоқтаусыз тойдырып, кейін тіпті үңгірге емес, жұмақ Қақпаларына да сыймайсың...

— Ештеңе етпейді, — деп Женька өз-өзін жұбатты. — Сыймаған жерді, шабуылмен (штурммен) алатын боламыз.

— Ал сенің «сығылып өтуіңе» шабуыл жеткілікті болады деп ойлайсың ба? — деп Ванос «қарияша» көзін сығырайтты.

Күлімсіреген Женьканың жауабын жаңа күлкі толқыны басып тастады. Күліп және кішкене демалып, біздің ұжым тар жолды еңсеруге дайындалды. Сэнсэй біздерге ыңғайлы қозғалу үшін, зат салынған қабымызды аяққа қалай дұрыс байлау керектігін көрсетті. Канагонканы қосып, бірінші болып кірді. Артынан Валера кетті. Біршама тар болып көрінген өткелден екеуі де айтарлықтай епті өтті. Кейін Стас, Женька, Андрей, Татьяна және мен еңбектедім (өрмеледім), кейін қалғандары.

Алдыңғы ұрыс шебіндегі барлаушылар секілді шынтақтарымызбен тіреп, қарынмен жорғаладық. Тау тастары біздерді тығыз сақинамен қоршап алды. Түнерген жер асты біздерді жабырқаңқы үнсіздікпен қарсы алды. Тек жалғыз біздердің тырбандауымыз, комбинезон сыбдыры мен зат салынған қабымыз мүлгіген тыныштықты бұзды. Осы таудың тар өткелі шақырусыз қонақтардың мықтылығын, төзімділігі мен ұстамдылығын сынағандай.

Осындай тас қысқышқа түскенде, мүлдем басқа әлемге өтудің күшейген сезімін сезінеді екенсің. Бірнеше минут бұрын тәнің кеңдікті сезініп, табиғаттың қанық бояулары арасында,

күнге шомылған еді, құлағың құстардың әні мен ұзақ ұйқыдан оянған жәндіктердің шиқылдауына қуанған. Ал енді өзінді тура қуатты таудың көп тонналы сеңі астында, тас бұғаумен қоршалғандай сезінесің. Айнала қараңғылық. Салқын ауадан тастардың иісі шығады.

Басында қатты сезілген осындай айырмашылыққа үйрену қиын болды. Үстімізді үрейлі басқан орасан зор, аса қалың жартас астында, тағдыры табиғаттың назына байланған, өзінді кішкене жәндіктей сезінеді екенсің. Ойлар мен сезімдердің қанықтығы үдейді. Тіпті жеңіл қорқыныш қимылдатпайтындай. Бірақ сонда да қызығушылық ежелгі хайуани инстинктен басым болды. Және құпия жер асты әлемін көруді аңсау, бұл алғашқы сынақты соңына дейін өтуге сенімділік пен батылдық бергендей.

Қарынмен жорғалап жиырма бес метр және төрт аяқтап — шамамен он метрді еңсеріп, біздер толық бойыңмен тұруға болатын кішкене үңгірге шықтық. Татьяна екеуміз шығып, басқаларын күтіп тұрғанда, Женька мен Стас Сэнсэйге тар соқпақтағы ептіліктері мен сезімдерін күле айтып жатты. Бұл жағдайда бойдың үлкендігі мен дененің ірілігі мүлдем пайдалы емес екен. Абырой болғанда жігіттердің қолдары мықты болды, әйтпесе тек оларға ғана емес, бәрімізге жақсы болмас еді: себебі олардың арттарынан жорғаладық. Стас бұл өрмелеуді теріні сыпыру деп атады. Жігіттердің сөзінше кейбір жерлерде кеуде көлемін қатты кішірейтіп, осының арқасында тар саңылаулардан өту үшін демді шығарғандары соншалықты, дем алу гимнастикасының ғажабын көрсеткен. Жігіттер де жер асты әлемімен кездесудің жағымды емес минуттарын өзінше қабылдаған. Және тек олар ғана емес. Татьяна екеумізді айтпағанда, Костя, Виктор мен Николай Андреевичтің жүздеріне қарасақ, оларда естен кетпес сезімдерді өткізгені анық. Соңғы болып Володя, Сергей мен Ваносықты. Бірақ сабырлы және түрлері де бір қалыпты, оларға тар өткелдерді еңсеру — болмашы іс болғандай. Және осындай таумен күтпеген кездесуден кейін, біздің топ аздап уайымдаса, ал Ваносы мен Сергей керісінше, тентек жастық шақтары естеріне түскендей, бұдан үлкен рахат алды.

Барлығы жиналған соң, Сэнсэй біздерді әрі қарай бастады. Төбесі таяз, тас дәліздермен тізбектей қозғалдық. Елу метрден соң білінбей кеңейе бастады. Бірдей созылған қабырға жанымен бірнеше минуттық жүрістен кейін, ақыры алғашқы әдемі көрінісімен көңіл-күйімізді біршама көтерген жерге де жеттік. Алдымызда сталактиттер, сталагмиттермен безендірілген шағын зал пайда болды. Айтарлықтай таңқалдырды — жабырқаған түнек патшалығы арасында, қардай аппақ аралды көру, шөл даланың сағымындай еді.

Жігіттердің таңқалған дауыстары шығып жатты. Біздер заттарымызды тастап, табиғаттың бұл сұлулығын қызыға қарап шашырай кеттік. Үңгір төбесіне сталактиттердің ұзын сүңгілері бекітілген. Ал су тамған олардың астында, үңгір еденінде пальма діңгектерін еске түсіретін ғажайып сталагмиттер көтерілді. Сызат (жарықшак) бойымен үдірлі шашақтар түріндегі табиғаттың нәзік жұмысын қарау қызықты болды. Ал кейбір жерлерде сиқыршымен сиқырланғандай сталактиттер салбырап тұр, құдды оларға ауырлық заңы мүлде әсер етпейтіндей.

— Міне сұлулық! — деді Андрей.

Барлығы залда тамсанумен жүрді.

— Ал керек болса, қандай үлкен еңбек, — деп Николай Андреевич кезекті сталагмитті қарап айтты. — Тамшы артынан тамшы, жыл артынан жыл, мың жылдықтан мың жылдыққа. Жылына сантиметрден эволюцияның тұтас бір жылнамасы.

— Ненің эволюциясы? Үңгірдің бе? — деп сұрады Костя.

— Қырым жағалауы.

Костя сталагмитке бар жағынан қарап, көзілдірігін дұрыстады.

— Сіз бейнелі айтып тұрсыз ба?

— Жоқ, неліктен? — Николай Андреевич көрші сталагмитке қолшамын жақты. — Мынаған қара, осы жерден сақиналары жақсы көрінеді, ағаш кесіндісіндей. Бұл сталагмит өскен бүкіл кезеңде үңгірден тыс климаттың пайда болуының химиялық жазбалары. Ал бұл ақпарат оған жаңбыр мен еріген сулар арқылы жеткізіледі.

— Керемет! Ал оны сіз қайдан білесіз?

— Көп оқысаң сенде білесің.

Дәрігердің жанында тұрған Андрей сталагмитке қолын созды, бірақ Николай Андреевич оны тоқтатуға асықты:

— Оны ұстама! Егер сен жай ғана сталагмитке қол тигізең болғаны, сенің теріңнің сәл ылғалы оны көптеген жылдар бойы құртатын болады. Андрей ұяла қолын алды. — Өйткені бұл жерде орта тұрақты. Тіпті біздердің дем алуларымыз үңгір ауасының химиялық құрамын өзгертеді.

— Түсіндің бе?! — деп Костя Андрейдің шамына тиді. — Сол үшін қатып қалда, дем алма!

Өңгімені естіген Женька, лезде «өзінің ұтымды ұсынысын айтты».

— Бұл жерге кірер жолға тақтайша қою керек: «Адами дем алуға, түшкіруге және жөтелуге қатаң тиым салынады».

Қараңғылықтан Ваноның даусы естілді:

— Иә! Бұл үңгірлерді адамдардың тастағанына біршама уақыт болса да, саусақпен көрсетпей-ақ қоялық, үңгір иелерінен кетпегені анық екен. Сондықтан өзінің сұр иірімдерінде қараңғылықпен есінейді. — Және қараңғылықтан шығып, Женьканы арқасынан қақты. — Кеттік... үңгір инфекциясы.

Біздер бұл жер асты сұлулығына тамсанып жүргенде, Костя кенеттен отырып, ішін ұстап, жиі демала бастады.

— Саған не болды? — деп күйін байқаған Сэнсэй сұрады.

— Жай біртүрлі болып тұрмын...

— Мүмкін сенде кластрофобия шығар? — деді Николай Андреевич.

— Ондайым жоқ секілді еді. Мен негізінде тар жабық кеңістіктен қорықпаймын. Тек біртүрлі болып тұрмын...

— Өңгіме басқа жігіттердің де назарын аударды.

— Э-э-э, сен байқа! — деп Володя әзілмен сес көрсетті. — Танкіде ауыруға болмайды.

— Барлығы дұрыс, — деп өзіне бағытталған қолшам жарығында Костя қолын сілтеді. — Тек жайсыз сезініп тұрғаным... Қазір кетеді.

— Енді ондай болып тұрады, — деді Сэнсэй салмақты даусымен. — Кей кездері еш жері ауырмайтын адамның өзінде үңгірде жайсыз болады, әсіресе бірінші рет болса. Бұл жерде адам қиялы сондай әзілдерін жасауы мүмкін...

— Міне, міне, осылай қорқынышты да күшейтуге болады, — деп Николай Андреевич іліп әкетті, — кейін тіпті жер үстінде де табаның ұзақ уақыт жылтырап тұрады.

Жігіттер күлді. Ал Костя өзінің тұлғасына осындай назардың болғанына ыңғайсызданып, жымия көтерілді. Кейінірек жігіттер залға қайта тарқасып кеткенде, Костя Татьянаға сыбырлады да, кейін Сэнсэйге келді. Кішкене қысылды да, ұяла міңгірледі:

— Мұнда... хм... мүмкін Татьяна екеуміз осында қалсақ?.. Дұрысы сіздерді жер үстінде күте тұрамыз... Заттарды қарауылдаймыз деп айтпақшы.

— Өздерің білесіңдер, — деді Сэнсэй жымия. — Біздер жақын арада оралмаймыз. — Және ендігі салмақты үнімен сөзін қосты: — Сіздерге жоғарыға көтерілу үшін көмек керек пе?

Костя сенімсіз иығын көтерді:

— Қолымыздан келеді... деп үміттенемін.

— Тәк, түсінікті. Қазір сендерді шығарамын. — Және Ваноны іздеп, Костя мен Татьянаға меңзеп айтты. — Үлкені сен боласың. Мен балаларды жер бетіне шығарайын.

Вано жымиды да тыныш айтты:

— Немене, бітті ме? Жер астындағы романтика аяқталды ма?

Өңгімелерін естіген Сергей, өз қызметін ұсынды.

— Сэнсэй, қанекей оларды өзім шығарайын, тезірек болады. Арқанмен тізбектеліп байланамыз. Мен бірінші жүрем, қажет болса өзім тартамын.

— Дұрыс, Серёга барсын! — деп Вано іліп әкетіп, Сэнсэйге әзілдеді. — Ал сен бүгін Сусанин рөліндесің, сені сақтау қажет.

— Жарайды, — деп Сэнсэй күлді де, Сергейге қарап өтінішін айтты. — Сен бұрылыстарда абайлашы.

— Түсіндім, түсіндім.

Костя, Татьяна мен Сергей бір жіппен байланды. Барлығы дайын болған кезде қайтар жолға шықты. Осындай уақытша аялдауды пайдаланып жігіттердің бірісі тынықса, басқалары үңгірдегі сталактиттер мен сталагмиттерді тамашалауларын жалғастырды. Көп ұзамай Сергей қайта оралып, Сэнсэйге «операцияның» сәтті аяқталғанын әзілмен баяндады.

Біздің отряд әрі қарай қозғалды. Бірінің артынан бірі тізбектеле қозғалып, маған біршама жылдам жүргендей көрінді. Бұл жерге үңгірлерді қарауға келген сияқты едік, ал экскурсия реактивті ұшақ бортындағыдай деп ойладым. Сэнсэй тәжірибиелі жол бастаушыдай тобымызды сенімді бастады. Өткелдер кішкене залдармен — залдар галереямен алмасты. Жолымыз бағытын бірнеше рет өзгертті: біресе жоғарыға көтерілсек, енді бірде төменге жүрдік, ал үшіншісінде қандай да бір тар саңылаулар арқылы лезде бұрылып өткеннен кейін, маған тіпті артқа қарай жүргендей болып көрінді. Бір қарағанда тастардың тұзағы болып көрінген, өту мүмкін емес қандай да бір жерлерге кірдік. Сэнсэй біздердің аңғарымпаздығымызды қатты шаршатпай, ол жерден барлығын мүлдем байқалмайтын жолдармен алып өтті.

Кейбір жерлерде бөлме температурасы өзгергені сезілді. Бір жерлерде ауа біршама ылғалды. Осындай өткелдердің қабырғасында қолшам жарығымен су тамшылары жарқырап тұрды. Басқа бір жерде өкпек жел анық сезілді. Қиылыстардың бірінде жер асты сарқырамасының алыс шуылы естілетіндей.

Басында барынша бағытты түсінуге (тұспалдауға) тырысқанмын. Бірақ, кейін бағытты бірнеше рет өзгертіп, түрлі жаққа тараған жолдары бар қиылыстарға келгенде, менің талпынысым зая екенін түсіндім. Бірақ ең таңқаларлығы — осындай ирелеңдеген, бағыты қиын жолда, біздер байқалуы қиын қандай да бір жолаққаймен жүрдік және көбінде еңкейместен, дегенмен кей кездері сығылып, қарынмен болмаса төрт аяқтап жүрген де кездеріміз болды. Соқпақ жол лезде түскен немесе қатты көтерілген жерлерде, өзінше бір бұдырлы сатылар көрінді. Жанындағы тастар мүлдем тегіс болды. Асығыстығымыздан, бұл сатылар табиғи ма, әлде жасанды ма ақыры жарытып көре алмадым. Біздің таңқалысымызға орай біршама жайлы қозғалдық. Дегенмен мен психологиялық та, физикалық тұрғыдан да қандайда бір ауыр қиындықтарға дайындалғанмын.

Және осындай жағдайға түскен адами табиғатыма байланысты тағы бір маңызды бақылауымды жасадым. Жолымыздың ең басынан бастап, әсіресе тар саңылаудан кейін, мен үнемі қандай да бір түсініксіз қорқынышты сезінумен болдым. Нәтижесінде қимыл қозғалысым бөгеліп, мен отрядтың ортасында жүруге тырыстым, қорқыныштан көбіне аяғымның астына қарадым. Айнала маған түнерген әрі қорқынышты көрінді. Және бұл туралы қаншалықты көп ойласам, буындарым да соншалықты дірілдеді. Мен жанталаса қорқынышымның түрлі себептерін іздеп, барлығын үңгірдің бүртүрлі әсеріне жаба салдым. Өзімді ушыққан күйге жеткізгенім соншалықты, енді сәл болғанда — шығар есікке тұра ұмтылар едім, әрине, егер оның қайда болғанын білсем.

Бірақ жігіттердің әзіліне толған кезекті бес минуттық демалыс кезінде, көбісінің олимпиадалық тыныштығын, осында болуларынан ләззат алғандарын көріп, үңгірдің адам психикасына жаман әсері туралы теориям, сабын көпіршігіндей жоқ болды. Николай Андреевич тіпті уақытын босқа жоғалтпай, қоршаған қабырғалардың тау жынысын қызығушылықпен қарады. Менің қиялымды мазақ етуді күтіп тұрғандай Хайуани негізімнің ұсақ агрессорына, құйылған жаман ойларға осындай бақылауым өзінше бір соққы бергендей. Қорқыныш қызығушылыққа ауысты...

Қызық, қандай жер астынан қашқым келді екен: табиғаттың ба, әлде Иоанн әкей дәл айтқан «сананың үңгірінен бе»? Мен соншалықты неден қорықтым? Өйткені адам қайда болмасын — жер асты, жер үсті, кез келген ортада — оның қорқынышының күші

ойларында екені айдан анық емес пе. Және осындай қорқынышым мен Хайуани негізімнің ұсақ құйтырқылығына күлкім келді. Тынышталып, өз эмоцияларым мен сезімдерімді «Лотос гүлі» медитациясына жинақтадым. Және бірнеше уақыттан кейін барлығы өз орнына түсті. Жер асты әлемінің таңқаларлық жаратылысына лайықты бағасын беріп, миым да пайдалы іспен шұғылданды.

Қорқыныш шымалдығы сыпырыла салысымен, жер бетіндегі күнделікті өмірімде бар екенін тіпті де болжамаған ғажайып әлем ашылды. Көптеген ғасырлар бойы сумен шебер ойылған таңғажайып тас қоймалар мен қабырғаларға мүмкіндігінше қарап, осындай үлкен жұмыс көлеміне таңдай қақтым. Үңгірдің ішкі ландшафты сан-алуан болып шықты. Жоқ дегенде мәңгілік қараңғылықтан қолшамдарымыздың жарығына түскені ғажайып. Бұл сұлулыққа көз тастап, таңғалудың сезіміне еріп кеткенім соншалықты, жер қойнауының көрінбес өмірімен біртұтас болып қосылғандаймын.

Спелеологтарды жер асты саяхатына не үшін тартып тұратынын енді түсіндім. Бұл қайталанбас таңғалу сезімі, мүмкін адам аяғы баспаған жер асты әлемінің ғажайып бұрыштарын ашу. Мәңгілік қасиеттің таңғажайып сезімі, қиыншылықтарды жеңу ережеге айналған батыл, табанды адамдарға ғана өз қазынасын ашатын жұмбақ перде. Олардың орасан зор ерік күші мен табандылығы, шаршаған тәнді, тіпті кей кездері өмір мен өлімнің шегінде тепе-теңдікте ұстап, қайратпен алдыға жүруге мәжбүрлейді. Біздер отрядта жүріп келеміз және қандай да бір қызық толқуды бастан өткіздік. Ал егер жалғыз жүрсең? Жер асты жолдарын физикалық қана емес, ішкі жан дүниенде толық, ерік-жігерлі тұлға болу үшін қаншалықты батырлық керек? Табиғаттың ұлы құпиясы үшін бірінші кезекте өзін және қорқыныштарын жеңуге дайын, Тұлға!

Себебі үңгірлер сыртқы әлемнен дұрысынан оқшаулайды. Абсолютті тыныштығы мен көрінбес қараңғылығы, адамды өзіне, рухына қарауға мүжбүрлейді. Үңгірлер өмірімен, ішкі климатының өзгеріссіз жағдайындағы мындаған жыл тіршілігімен тіпті адамға да ұқсайды, оның екі негізділігіне (екіұдайылығына). Адамның тағдыры, жағдайлар, тәні қалай дамыса да, тәні қартайса да, оның рухы, егер ол жаққа зейінін салса сол баяғы қараңғылық, жабырқау, тыныштық және мәңгілік жалғыздық қалады. Және түпсанаңның жер асты түнегінде жасырылған сол құдайы ғажайыпқа, өзіңнен басқа ешкім кіре алмайды. Барша тіршілікке деген өзіңнің тұрақты Махаббатыңмен сен тек ішкі жан дүниендегі шын қазынаны тауып қана емес, оны қараңғылық ойларда Құдайы жолды көрсететін жарқыраған кристаллға айналдыра аласың.

Егер басқа жағынан қарайтын болсақ, сыртқы әлемнен үңгірдің мінсіз оқшаулауы, адам сыртқы әлемнен ажырап, ішкі жан дүниесіне зейінін жинақтаған медитация болмаса дұғасындағы сананың оқшаулануына ұқсайды. Сол пенделік қарбалас, дүниелік мәселелерден жеке қалу, дұға сөздері айтылатын сондай сананың тыныштығы. Таңқаларлық сәйкестік... Ал мүмкін табиғат үшін ғаламдық масштабта осындай өзгеріссіз климаты бар жерлер өзінше бір (пештің) тартпа көмейі секілді болар, сыртқы жағдайға қарамастан табиғат үңгірлерде, Жердегі алғашқы өмірді сақтай алатын, яғни өзі үшін маңызды әрі қымбаттыны. Өйткені рухани адам үшін рух қаншалықты маңызды болса, ал табиғат үшін — өмір де дәл солай. Табиғатқа тек тұтынушылық көзқараспен, осы немесе басқа бір орында Жер ана адамға не береді дегенді ғана көксеп, біздер кейде қаншама ғажайыпты жіберіп, бағалай алмаймыз. Бұл мекен табиғаттың өзі үшін ең қасиетті екеніне ой жіберетіндер аз. Және өкінішке орай, біздің жаппай өзіміз ойларымыз бен істеріміз, табиғат үшін де, адамдар үшін де салдарсыз болмайтыны анық.

* * *

Біздің отряд біршама ұзақ жүрді. Кезекті туннель түріндегі өткелді еңсеріп, көптеген аралық тастары бар үңгір залына түстік. Бұл жерде жиырма минуттық үлкен аялдама болады деп Сэнсэй хабарлады. Біреулері тасқа, басқалары зат салынған қаптарға отырып, айналаға зер салды. Женька комбинезонын шаңнан күш сала қағып жатыр.

— Енді, ё-моё, қалай жұққан! — деп жігіт наразы болып, кейін жымыды да, барлығын әзілге аударды: — Мысалы мен, үнемі екі нәрсені түсінбеймін: шаң қайдан шығады және ақша қайда кетеді?

Тыныстауға отырған Сэнсэй сөз арасында айтып қалды:

— Егер адамдар осыншалықты жалқау болмағанда, баяғыда-ақ ластықты «жұқтырмайтынды» жасар еді. Әнекей, лотос гүлі мысал, табиғаттың қолынан келді. Оның жапырақтары (гүлдері) су мен кірді жұқтырмай, өзін-өзі керемет тазалайды.

— Енді сол үшін табиғат емес пе, онда барлығы са-на-лы, — деп Николай Андреевич тасқа отырып, етігін шешуге тырысып, соңғы сөзін буындап айтты. — Ал адам көбінде химиямен ойнап, үнемі сабынды жаңартумен әлек.

— Олай болмағанда, — деп Сэнсэй күлді де, арқасын тас аралыққа сүйеп жайғасты. — Қайтесің енді, бизнестің аты, бизнес...

— Ал ластықты «жұқтырмайтын» бұл не тағы? — деп сұрады Стас.

— Жай, қарапайым дүние, — деп Сэнсэй көзін жұмды. — Пленка түріндегі қорғаныш жабындысы. Кез келген киімге қолдануға болады. Біршама ыңғайлы... Заманауи технологиялармен оны жасау да — өте оңай. Полимерді аласың да оны күмістің нанобөлшектерімен қосасың...

Аздап тынығып алу үшін Сэнсэй үндемегендіктен, әрі қарайғы сұрақтарымен ешкім алаңдатқысы келмеді.

Ол демалып жатқан кезде, біздер үңгірді араладық. Ең алдымен өзінің ерекшелігімен біздерді айрықша таңқалдырғанын айта кету керек. Үңгір көлемді лабиринтті еске түсіреді. Үңгір бұрыштарының барлығы бір-біріне өте ұқсас болды, сондықтан бір жаққа кетсең, кейін қайтар жолды ұзақ іздеумен боласың. Үңгірдің күмбезіне шағылысқан қолшам жарығына жүргендей боласың, бірақ тұйық бұрышқа қайта тірелесің. Үңгір кеңістігінде осындай бағыт-бағдарсыздықты бастарынан өткізген біздің әзілқой шеберлер де, артық қимылсыз отрядтан алыстамауға тырысты.

Бірақ жылпыс Женька әдеттегі репертуарында болды. Вано лабиринттерді қарауға кеткен кезде, оны қорқытамын деп шешкен. Тас артына Иоанн әкей кете берісімен, біздерге қол қимылымен ишара жасаған: «қазір, қорқынышты кинодағыдай бақырған дауысты естисіздер». Және бірден ізінен кетті. Күткен шуыл эффектісі болмады. Вано басқа жағынан біршама тез оралды, ал Женька жоғалды. Ақыр соңында қайдан екені белгісіз, қараңғылықтан зарлы үні естілді: «Адамдар, қайдасындар? Ау-у-у! Байланысқа шығындар. Қолшамымның батареясы отырды, даусым да. Көмектесіңдер! SOS!!! У-у-у...»

Үздіксіз шыққан Женьканың зарына Сэнсэй көздерін ашып, Сергейдің жанындағы риза болған Иоанн әкейге қарап, салмақты айтты:

— Түпкілікті адаспай тұрғанда ол жерден шығарып алындар. Әйтпесе апта бойы іздейміз.

Вано езу тартып, орнынан тұрды да үңгір төбесінің белгілі бір бұрышына қолшам жарығын түсіре бастады.

— Нұрға (жарыққа) қарай жүр, күнәсі көп ұлым...

Бірнеше уақыттан кейін бақытты күлкісімен жігіт алдымыздан шықты. Кейін күлкі үшін лезде өзін соқыр-кедей образына айналдырып, алдыға қолын созды. Өзінің «әлсіз» тәнін құтқарғаны үшін барлығына әзілмен рақметін айтып, басын изеді. Ал әкейдің алдында тіптен тізерлеп, тағзым ете бастады. «Соқыр кедей» маңдайын жерге тигізулерінің бірінде, комбинезонының балағы жыртылғанын «көрді».

— Упс! Мұндай сапасынан садаға кетсін...

Жігіттердің күлкісімен жыртығын қолымен жауып, шетке шықты да, «өзінің жапа шеккен тұлғасына бір реттік қайырымдылық көмек ретінде» менен ине-жіп сұрады. Керектісін алып, Женька өзінің тігіншілік өнерімен отырғандарды ұялтпас үшін, бұрыштың арғы жағына, көрші тұйыққа кетті. Ол жерде ұзақ отырды. Кейін электр қолшамы жарығынан түскен, шалбарын мұқияттылықпен тігіп жатқан жігіттің көлеңкесі пайда болды. Ал біздер күнделікті тақырыптарда әңгіме айтып отырғанбыз. Кенеттен Стас:

— Ал оған не болды? — деді.

Барлығы Женьканың «үйшігіне» қарады. Көлеңкеден, үстінен шабуыл жасаған түкті үлкен өрмекшіден жігіттің қолдарымен сілкіленіп жатқаны көрінді. Бұрыштан «жыртқыш жәндікпен» жан ұшыра күресіп жатқан шыныменде қарлыққан дыбыстар естілді. Стас тіпті орнынан тұрып кетті. Кейін дыбыссыз күлді де біздің назарымызбен тығырықтан (қуыстан) шықты. Жасырын ішке қарады. Күлкісін әрең тиып дыбыссыз кері қайтты. Женька көлеңке театрының трагикомедиясын қызу ойнап, жіп пен ине сұрағанда мұрнымның астынан жасырын ұрлап алған түкті жеңіл бас киімімді, үлкен көлеңкелі өрмекшіге айналдырып жіберген екен. Стас бұл туралы айтқанда, күлкілерімізді тия алмай, қайталанбас комедиантқа қол шапалақтауымызды аямадық. Женька күлкі мен овацияны естіп авантюрасы сәтсіз болғанын түсінді. Бірақ ол да еш саспастан көлеңке ойынымен «өрмекшінің» және оның «азап шеккен құрбандығын» құрметпен тағзым еткізді (бастарын игізді).

Женьканың бұл әзілі барлығына ұнағаны соншалықты, жігіттер бір-бірлерін «тірілген» арыстан, үлкен аюлармен қорқыта бастады. Және бұл сүтқоректілердің отыз-қырық мың жыл бұрын тіршілік еткені маңызды емес. Маңыздысы бейтаныс жерде естен кетпес сезімдер туғызған ойын процесі деп айтпақшы.

Әзілқойлар тіріліп сала берді. Жаңа ойындары қанға біршама адреналин құйып, сапардағы уақытты сәндеді. Дәл солай, сәндеді. Өйткені жолымыз ешқандай бір супер күш салатындай болмады. Арамыздағы кейбіреулер жасырын үміт еткен ешқандай жер асты өзендерін еңсеру, түпсіз терең шұңырауларсыз болды. Мысалы Володя өзінің сөмкесінде батпаққа киетін етіктерін бірге ала шыққан, олар міндетті түрде керек болады деп Сэнсәйді сендірген. Стас пен Женька кез келген жағдай үшін деп арқан мен құзға шығатын құрал-саймандырын ала шыққан. Ол кезде қарсы ешнәрсе айтпай, Сэнсэй қолын сілтеген. Қазір, біршама ұзақ жолды еңсеріп, осындай бар «ескі-құсқыны» арқалаған олар, керексіздігін өздері де түсіне бастағандай. Біздер жер астының қауіпті орындарын сәтті айналып өткен сияқтымыз, себебі біздің жол көбінде табиғат нұсқасында өте өркениетті болды деп айтар едім.

Жалғыз «үлкен су» тек бір-ақ рет кездесті. Кезекті шатасқан көтерілістер, түсулер мен бұрылыстарды жүріп, жыланбалық секілді ирелеңдеген тар саңылаудан сығылыса өтіп, кішкене алаңға шықтық. Дымқылдық бірден сезілді. Біздер қандай да бір көлемді кеңістікке түскендей болдық. Қолшам жарығы қараңғылықты тесіп өтіп, орасан сталактитті сұлулыққа түсті. Бұл кезде біздер жоғарыда, жартас ойығында тұрғанбыз. Астымызда шілтерлі, аппақ жиегі мен сталагмиттері бар керемет көл созылып жатты. Көл ортасында формасы лотос гүліне мінсіз ұқсас болған жеті үлкен аппақ қардай сталагмит тұрды. Егер олардың орасан зор көлемі болмағанда, оларды тірі гүл деп ойлар едік.

Түйіндер түріндегі ерекше баспалдақтары бар еңіс тас төбеден абайлап төмен түстік. Көл бойымен білінер-білінбес соқпақ көрінеді. Керемет ашық залдың ғажайып сұлулығы біздерді айтарлықтай баяу жүруге мәжбүр етті. Әрі қарайғы қандай жол болсын? Жолымызда мүмкін бұдан артығын енді көрмеспіз. Біздің күйімізді түсінген болу керек, Сэнсэй жүрісін баяулатып, осы ертегідегідей «сарайдың» бар салтанатты байлығын біздерге қарауға мүмкіндік берді. Төбеде керемет сән-салтанатпен ілулі тұрған экстравагантты төңкерілген шырақ түріндегі сталактиттер. Арасында ақ сәнді лалагүлдер түрінде үлкен гүлшоғырларында, солмайтын гүл шоқтары ілулі. Залдың қабырғалары түпнұсқалық қардай аппақ шашақтарымен және салпыншақ түйіншіктермен (помпон), ал кейбір жерлерде ақшыл перде сияқты ақ кристаллдардың өте жұқа қабатымен жабылған. Және осы сұлулықтың барлығы біздің қолшамдар жарығымен көзтұндырарлық отшашудай жарқырап, жылтырап тұрды. Барлығы шілтерлі, үлдірлі, сынғыш әрі нәзік көрінгені соншалықты, таудың жер қойнауы махаббатымен қорғалып, мыңдаған жылдар бойы мәңгілік гүлдеген бұл жұмақ бұрышына, демімді ішке тартып таңқала көз тастадым.

Бірақ өзінің көлемі, мінсіз формасымен ерекше таңқалдырған, сталагмитті лотос гүлдері болды. Қардай аппақ сұлулықтан көзінді алу мүмкін емес. Табиғаттың минералдарынан

өскен осыншалықты таңдай қақтырар таза гүлдерді, өмірімде ешқашан көрмеппін. Тобымыздың таңқалған сөздеріне қарасақ, осындай ерекше сұлулықты көру туралы ойлары, барлығында болған секілді. Осындай ғажайыпты табиғаттың жасағанына жігіттер сене алмады, бұндайды жасау мүмкін емес-міс. Бұл сөздеріне Николай Андреевич қарсылық айтты:

— Сөзсіз, бұл табиғат қолымен жасалған! Бұл лотостар субаквальды түзілімдері, су асты шөгінділер (натёчными отложениями) сияқты. Бұл табиғи процесс. Көл бетінде жұқа кальцитті қабықша пайда болады. Кейін ол су деңгейіне жетіп, сталагмитке өседі. «Ванналардың» бүйірлеріне қарай өсетін кальцит пленкасы олардың биіктігін бірте-бірте арттырады...

Дегенмен Николай Андреевичтің осындай нақты ғылыми терең түсіндірулеріне қарамастан, жеті ғажайып лотос гүлі тек табиғатпен жасалған дегенге сену қиын болды. Бірақ табиғатпен жасалмаса, басқа кіммен? Өзінің тоқтаусыз жұмысымен осындай ғажайыпты жасаған су тамшыларының бағытын кім мың жыл алдыға осылай есептей алады?!

Шынымды айтсам осындай көз тұндырарлық лотос көлінен кетуді тіптен қаламадым. Алайда осының барлығына Сэнсэй кішкене уақыт беріп, кейін әрі қарай қозғалдық. Әрине қалмас үшін артынан ердік. Қоштасар алдында бұл жер біздерге тағы бір күтпеген сюрприз жасады. Біздер бағыт алған арғы жағына жарық түсірген кезде, сталагмитті және сталактитті қараңғылықтан алып ұлы мүсіндер көрінді. Олар тура бір үнсіз лотос көлін күзетіп тұрған алып сақшылар секілді.

Біздер жақын келген кезде ортасында тұрған біреуі, Гизадағы Мысырлық пирамидалардың мәңгілік тыныштығын күзетуші, жатқан Сфинкске ұқсады. Қандай да бір себептермен барлық «мүсіндердің» ішінде ол өзінің мистикалық фигурасымен көз тартады. Қардай аппақ Сфинкс тірі елес сияқты, оның мың жылдық тыныштығының шекарасын бұзуға батылдық танытқандарды биіктігінен көру үшін, үлкен үңгірдің қабырғасынан жартылай жылжығандай көрінді. Біздің болмашы қолшам жарығы үлкендігі бес метрдей болған Сфинкс басына түскен кезде, денем түршікті. Иықтың артқы жағында сталактиттердің қосылған үлкен сүңгілері, патшалық бас киімге ұқсайды. Ал маңдайында урейге (фараондардың патшалық бас киімі) ұқсайтын ақ қарлы фигура — үрілген капюшоны бар кобра көтерілді. «Адами бет-әлпеті» анық көрінбеді және бұл біздің әсерлерімізді одан әрмен күшейтті. Бет-жүзінің осындай құпиялы «тұманды» бедері одан әрмен өзіне арбады, әрқайсымызға оның қияли бейнесін ойша салуға мүмкіндік бергендей. Бірақ құпия жүзіндегі ең таңқалдырғаны, біздер бағыттаған жарық сәулесімен ғажайып жарқыраған, оның көздері болды. Осындай жарық эффектісінің арқасында бар сталактитті-сталагмитті мүсін жер асты әлемінің сан ғасырлық құпиясын қорғаған, қандай да бір күдіретті Сақшыға айналып, тірілгендей болды.

Оның көздері барлығын таңқалдырды. Біздің отряд жасқана сыбырласа бастады. Біреулері көздерінің орнында алмаздар тұр деп санады, сондықтан осындай жарқырау (жылтырау), енді бірі сталактиттің табиғи дөңестігіне жарықтың шағылысуы ретінде қарады, ал біреулері осындай эффект тек жасанды жолмен мүмкін деп басқаларын сендірді. Бірақ Сэнсэй бұл дауда мызғымас үнсіздігін сақтады.

Біртүрлі болса да, бірақ жолымыз дәл сол Сфинкске бағыт алды. Табиғат мүсініне жақындаған сайын, мен тіпті жеңіл (ырымшыл) қорқынышты да сезіне бастадым. Біздің отряд құмырсқалар секілді оның оң табанынан өтті. Және сол табанына келіп, екінші және үшінші «тырнағы» арасында көрінбей орналасқан өте тар тесікке кенеттен бұрылды. Егер бұл үңгірде аяқ астынан өзім қалсам, түрімен түсініксіз қорқыныш ұялатқан мүсіннен, өткелді дәл осы жерден таба қоюым екіталай деп ойладым. Мүмкін осылай ойлаған шығар, сапардың әрбір мүшесі қалып қоймауға тырысып, бірінің артынын бірі жүрді. Көзқарасы жай үрейлендіріп емес, тұрған жерінде қатыратын Сфинксмен бірге-бір қалу ешкімді қуантпайтыны анық. Дегенмен барлығы мәңгілік Сақшының көздері неден жасалғанын

айтып дауласса да, бірақ шын мәнінде осы сөздерімен таңқалдырар алып мүсіннен алған өздерінің мандраждарын (дірілдеулерін) басқысы келген секілді.

Біздер Сфинкстың табаны арқылы біршама кең өткелге түскен кезде, арамыздағы біреу тіпті Сфинкс туралы аңызды, грек мифологиясындағы Сфинксті есіне түсірді. Бұл қанатты жартылай әйел-жартылай арыстан болған, Фива құздарына жақын жерде мекен еткен және өткен адамдарға жұмбақ жасырған мақұлық: «Танертең төрт аяқтап, тұсқайта — екі аяқтап, ал кешке — үш аяқпен жүреді?» Егер жауабын білмесе, жеп қойған. Жұмбақты Эдип шеше алған, ол балалық шақ, ер жеткен шақ және қарттық деп жауап берген. Осыдан кейін Сфингқа құздан секірген... Бұл аңызды қолыңа бір кесе шайды ұстап оқу — бір басқа. Ал өзің мейлі сталагмитті-сталактитті болса да, мистикалық Сфинкстен кем болмағанмен кездесудің сан түрлі сезімдерін басыңнан өткізіп, осындай психологиялық сілкінуден кейін тыңдау — мүлдем басқаша екен. Барлығын тіптен басқаша қабылдайсың, өзіңді Сфинкс жұмбағын шеше алмауы өлімінің себебі болған әлгі жолаушыдай сезінесің.

Өйткені егер тереңірек ой тартар болсаң, әңгіме Сфинкста емес, аңдаусыз соғылған адамда екенін түсінесің. Белгісіздік алдында осыншалықты үрейлі қорқынышты не шақырады? Біздің бұл құбылысқа іштей дайын болмауымыз, Хайуани негізден болған жаман бейнелерді туғызатын фантазияның қиялын іске қосатын ойларымыздың бей-берекетсіздігі. Дәл осы хайуани негіз, бұл әлемде тосқауыл жоқ орасан зор рухани күштің көзін қорқынышпен жауып, назарымызды жұтып жатыр. Яғни, аңдаусызда соғылған адам санасының *әдеттегі* басым негізін іске қосады. *Және егер ол «қарапайым өткінші» болса, яғни санасындағы Хайуани негізінің басымдылығымен, көп адамдар үшін бұл өмір — жалғыз ғана шынайылық, ал өлім — тек физикалық қана емес, «рухани да соңы» болған жағдай күтіп тұр. Ал егер орнында рухани тұлға болса, ендеше «қарапайым өткіншіге» еңсерілместей көрінген кедергі, рухани тұлға үшін мәңгілікке бастаған жолындағы жай қадамы ғана.*

* * *

Осындай таңқалдырған аппақ қардай залдан кейін, біздер қайтадан қараңғы өткелдер мен галереяларға түстік. Көз үшін тау жыныстары қайтадан қалыпты болды. Мен енді айналаға емес, аяғыма көбірек қарай бастадым. Міне, адам табиғатының тағы бір кескіні — әдеті (дағды, привичка). Біздер жер астында қанша уақыт болдық? Бірнеше сағат қана. Сапардың басында тастарға қандай әсерлер болды — үрейлі қорқыныштан, шын таңғалысқа дейін! Ал енді ше? Болар-болмас уақыт өтті, бірақ барлығы қайтадан әдеттегідей (қалыпты жағдай) көрінді, әрине, әрбір сүңгісі өнер туындысы, ұлы суретші-мүсінші Табиғат қиялының ұшуы болған әлгі карст үңгірлерін (карстовые пещеры) айтпағанда. Дегенмен егер карст үңгірлері (карстовые пищеры) біздер қозғалған бітпес лабиринттері бар тас галереялары секілді болса, тіпті аппақ қардай осындай сұлулықты біздің мінсіз емес миымыз көп ұзамай қалыпты көрсететін шығар. Ал қалыптылық ойларымызды «қайталанбас Менімізге» қайта бағыттап, әркім өзін жасырын ең маңызды санап жүз рет ойланатын еді.

Сэнсэй бастаған біздің отряд бірнеше жер асты өткелдерінен өтті. Бір жерлерде туннель тарылғаны соншалықты, біздерге қайтадан қарынмен жорғалауға тура келді. Бірақ еңбегіміздің нәтижесі күткенімізден асып түсті. Біздер біршама кең залға түстік. Дегенмен бұл жерде сталактиттер мен сталагмиттер болмаса да, бұл бөлме кем таңқалдырған жоқ. Оның беті көп уақыт бұрын кеуіп қалған сопақша (жұмырлау) көл түбі сияқты. Ортасында түсініксіз үйілген алып тік тастар.

Сэнсэй сол жағымен біздерді алып жүрді. Бүйірлік қабырғаның дәл ортасында біз шамамен үш метрге көтеріліп, жартасқа тереңірек еніп, өзінше бір лоджияға кіреберісте аяқталатын баспалдақтарды таптық. Және Сфинкс көзі табиғи немесе жасанды деп даулассақ, ал бұл баспалдақтарға байланысты ешкімнің күмәні болған жоқ. Жартас кертпешесінде (уступ) белгісіз шеберлердің жақсылап еңбек еткені көрініп тұр. Бұл жерде

ұзақ уақыт тыныстауға Сэнсэй ұсынысын айтты. Ұзақ уақыт адам аяғы баспаған сатылармен көтеріле бастадық. Бұл минуттарда біртүрлі сезімді бастан өткізесің, құдды осы үнсіз ескі тастар куәгері болған өткеннің белгісіз құпиясымен жанасқандай. Осы үңгірдің сан ғасырлық жылнамасында өзіңнің көлеңкемен жылт етіп, осы тарихтың бір бөлігі болатын секілдісің.

«Лоджияда» үлкен сатылар түріндегі монолитті тас орындықтардың үш ұзын қатары болды. Шаршағанымыздан сөмкелерімізді иықтарымыздан лақтырып, аяқтарымызды созып орындықтарға қуана құладық.

Бірақ ұзақ отыруға тура келмеді. Қолшамдарымыздың жарығы бөлмеде жылт ете қалғаны сол еді, ашылған көріністен таңқалып, қатып қалдық. Қарапайым үйілген тастар деп ойлаған қойтастар (валуны) залдың ортасында белгілі бір үлгіде орналасқан болып шықты. Және ол жоғарыдан анық көрінді, себебі монолиттердің шыңдары бірдей биіктікте кесілгендей. Сурет контурына байланысты алғашқы болжамды әкей жасады:

— Хм, дәл ортасында кермесі (перекладина) бар ескі славяндық «ж» қарпіне ұқсайды екен.

— Иә, ұқсастығы бар, — деп Сергей басын изеді.

— «Живица», «живите», «живот»... — деді әкей.

— Немене? — деп Андрей түсінбеді.

— Кириллицада бұл әріп осылай аталады, — деп түсіндірді Иоанн әкей.

— А-а-а, — деп созды ол.

— Бір сөзбен «жизнь» (өмір), — деп Николай Андреевич тұжырымын айтты.

— Ерте замандарда бұл әріп тек «жизнь» ұғымын (өмірді) білдірмеген. Бұл екі құпия (қасиет, таинства): Өмір мен Таным болған (Жизнь и Познание) Әлемдік Ағаштың өзінше бір символы, — деп әкей нақтылады.

— Иә, — деді психотерапевт, — үстінен де, астынан да. Тура Явь және Навь.

— Ал маған бұл екі тас, бір-біріне төңкерілген лалагүлдерді еске салады, — деп көргенімді айттым.

— Қандай да бір үлкен жәндікке ұқсайды, — деп Викторда өз көргенімен бөлісті.

Біздер түрлі нұсқаларды айтып жатқан кезде, Сэнсэй біздің жалпы көрініске таңқала айтқан сөздерімізге мүлдем көңіл аудармағандай көрінді. Оны жалғыз қызықтырғаны пайда болған минуттарды толыққанды демалыс үшін пайдалану ниеті болды. Ол киімнің сыртынан аяқтарын уқалап, босаңсытатын кішкене массаж жасады. Осы сәтте қойтастардан көздерін алмай, Виктор таңқала сұрады:

— Сэнсэй, шыныменде, бұл не?

— Өзің барып көр, — деп Сэнсэй аяқтарын уқалап, жайдары айтты.

Бұл идея барлығына ұнады. Отряд командирін демалуға қалдырып, төмен түсті. Алдағы шығатын көріністі күтумен адреналиннің үлкен мөлшерін алып, тіпті шаршаудың не екенін де ұмытып залды аралап, оның басты қонақжайлылығына үнсіз таңдай қағумен болдық. Екі метрлік монолиттер белгілі бір реттілікпен бірінің артынан бірі тұрды. Араларында біркелкі аралық-өткелдер болды. Тек ортасында орналасқан кейбіреулерінің өткелдері ара қашықтығымен ерекшеленді. Тастар жақсы өңделген, толық тегіс дерлік. Женька қиық төбесіне қолын созып, қолымен ұстады.

— Иә, қалай? — деп жанында тұрған Володя сұрады.

— Жылтырлатылғандай теп-тегіс... Тек шаң-тозаң ғана, — деп жігіт қолын қағып күлді.

— Жүз пайыз сенімділікпен тек бір нәрсені айта аламын: «тазалаушылар» бұл жерге көптен бері келмеген.

— Иә-ә-ә, — деп қойтастарды қараған дәрігер, ойлана сөйледі. — Осындайды жасау үшін қанша еңбек пен білім керек десеңші! Жалғыз геометриямен бұл жерде түк бітіре алмайсың.

«Ж» әрпінің екі бойлық жартысы арасында өзіндік ішкі өту жолын құрған жиналған қой тастардың ортасында тұрған Вано: «Бұларды орнатушы да керемет көркемдік талантқа ие болған секілді», — деді.

Тас сәңдері арасымен қыстырылып, оған қарай ұмтылды. Алдымыздан қолшам жарығымен түсініксіз символдар, иероглифтер, накыш, ою-өрнектер және біршама ерекше оюланған рельеф пайда болды. Ауыздарын ашып таңқалған біздің ұжым, көрші монолиттерді де қарай бастады. Көбісі жазылған екен, бірақ барлығы емес. Бұл жерде белгіленген (немесе жазылған) және бос қойтастарда қандай да бір реттілік сақталғандай көрінді.

— Математикалық кодтардың тура қайнар көзі дерсің, — деп бейнелерді қараған Сергей байқампаздықпен айтты.

— Оны қайдан шығардың? — деп Вано ректор секілді қолын арқасына қойды.

— Міне қара, қайталанатын сыналардың бірдей санын көріп тұрсың ба? Мына жерде және мына жерде... Ал ана бір бағанада көбірек. Мәндік салмағы математикалық сипатта екені анық... Шаруаның азы қалды, — деп күлді Сергей, — бар-жоғы кілтті білу.

— Хм, польшалық математик Хуго Штейнхаус айтпақшы: «Рух пен материя арасында математика делдалдық жасайды», — деп Иоанн әкей іскерше айтты, дегенмен автор фамилиясы тілге ауыр бұралған.

— Қызықты, қызықты, — деп Николай Андреевич дөңес рельефтерді қолымен сипады. — Егер бұл шыныменде математикалық код болса, ендеше... Тамаша идея: қандай да бір уақытқа байланбаған жолдау (үндеу). Және сонымен қоса оны математикалық есептеулердің бастамасын білген кез келген саналы тіршілік иесі оқи алады...

Олардың қызықты әңгімесі сол суреттерге біздің назарымызды аударды. Ол жерден айтарлықтай математикалық ештеңе әрине көрген жоқпын. Және қайталанған белгілерде болды, бірақ бұл маған ешнәрсе білдірген жоқ. Суреттер мен рельефтер анағұрлым қызықты көрінді. Оларды тас бетіне түсіргендердің өнертапқыштығы шекара білмегендей. Мұнда шиыршықтар мен үшбұрыштар, толқынды жыланға ұқсас сызықтар, бір-бірімен тоғысқан іздер, қандай да бір аса зор саусақ ізін еске түсіретін ойықтар, центрлі шеңберлер, күрделі фигуралар мен түсініксіз иероглифтер болды. Және қызықтысы, кейбір монолиттер өзінің жалпы картинасында оңашаланғандай (жекелегендей) болды. Ал басқалары, керісінше, жалпылама үлкен суреттің бір бөлігі, тас сәңдері жанында тұрған рельеф болмаса ою-өрнектің жалғасы секілді көрінді. Кейбір жерлерде, әсіресе монолиттер бұрылыс бұрышын жасаған жерлерде, суреттің жалғасы бос монолиттен кейінгі орналасқан қойтаста болды.

Бұл жерлердің біздерге қалай әсер еткені де қызықты. Келіспесек те, бірақ біздер бір монолиттен екінші монолитке әдеппен біріміздің артынан біріміз жүрдік, құдды қалып қоюға болмаса алдыға шығып кетуге қорыққандай. Дегенмен бұл жерде адасып кету мүмкін емес еді, оның үстіне қорқынышы болса да оны сыртқа көрсету біздің жігіттерге тән болған жоқ. Бірақ бұл жерде... Тек Валера, Сергей мен Вано жұбы ғана монолиттер айналасын өздері еркін аралап, суреттерді қарады. Ал қалғандары Николай Андреевичтің артынан, құдды бір экскурсиядағыдай қозғалғанын өздері де байқамады.

Осындай өзінше бір комплекстің қабырғаларын жүре қарап, айтарлықтай жеңілдікпен жоғарыға Сэнсэйге сатымен көтеріле бастадық. Монолиттерден қар көшкіні секілді құйылған әсерлерімізден, қалайша сұрақтарды қоймауға болады? Тас орындықтарға жайғасып, біздер Сэнсәйді сұрақтардың астына алдық. Бірақ ол біздің жарылған эмоциямызға күліп, тек әзілдеумен болды.

— Сэнсэй, бұл үңгірге қалай тап болдың? — деп Андрей таңғалды.

— Ал ол жақта қандай символдар бейнеленген? — деп сұрады Виктор.

— Бұл тастарды жақсылап өңдеген кімдер? — деп Иоанн әкей қулана сұрағын қойды.

— Жоқ, шыныменде, неткен біртүрлі бункер? — деп жан-жағына қараған Женька анығын білгісі келді.

— Жай, — деп Сэнсэй қолын сілтеді. — Қояндар үшін бөлме.

— Қандай мағынасында? — деп Андрей түсінбеді. — Немене бұл жерде қояндарды өсірген бе?

— Енді жобамен солай, — деп барлығымен бірге күлген Сэнсэй, жауаптан жалтара айтты.

— Угу, сенде айтасың-ау, — деп Иоанн әкей күлкімен мұрнының астынан міңгірледі.

Он минут бойы біздер Сэнсәйді бітпес сұрақтарымызбен азаптадық. Бірақ ол қалайы солдат (оловянный солдатик) секілді нық тұрып, әзілмен қорғанды. Және Сэнсәйден жөнді ештеңе ести алмаған соң, ой-пікір мен болжамдар ұрысына біздің интеллектуалды «ауыр салмақтылар» кірісті.

— Сөзсіз, бұл біршама ежелгі құрылыс, — деп Николай Андреевич өзінің нұсқасын айта бастады. — Қандай да бір ежелгі мінәжат комплексіне (древний культовый комплекс) ұқсайды.

— Бұны кімдер салды екен, қызықты? — деп сұрады Володя.

— Енді, Қырым адамдармен қоныстанған ежелгі аймақтардың бірі, — деп Николай Андреевич иығын көтерді. — Бұл жерде ежелден Шығыс Еуропа адамдары өмір сүрген. Біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықтың соңынан бастап Қырым киммерийліктермен (киммерийцами) мекенделген болуы керек. Ал біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта бұл жерлерде таврлар, кейін — скифтер өмір сүрген. Ал кейін бұл жерлерде кімдер болмады десеңші: гректер, римдіктер, готтар, ғұндар, армяндар, алан ұрпақтары, печенегтер, моңғолдар...

— Ал орыстар? — деп барлық санауларды тындаған Андрей, шыдай алмай сұрады.

— Және орыстар, 1774 жылы Қырым Ресей елінің қомқорлығына өткен кезде, — Николай Андреевич үзіліс жасап, кейін өзін қызықтырған тақырыпқа қайта оралды: — Бірақ, жоғарыда айтылғандардың ешқайсысы мұны салуы екіталай. Маған бұл комплекс анағұрлым ежелгі көрінеді...

— Келісемін, — деп Иоанн әкей басын изеп, Сэнсәйге күткен көздерімен қарады.

Бірақ ол аяқ асты пайда болған дискуссияға рахаттанып, мүлгімес үнсіздігін сақтады.

— Хм, біршама ежелгі? — деп Сергей қайталап күлді. — Анағұрлым ежелгі — бұл енді неандертальдықтар.

— Ага, тас ғасырында! — деді Володя күлкімен.

— Ал несі бар, — деп идеяны Вано іліп әкетіп, әзілмен оны дамыта бастады, — барлығы болуы мүмкін. Неандертальдықтар — ерекше халық. Әнекей, соңғы кездері біздер олардың ұрпақтары емеспіз, олар адамзаттың тұйыққа тірелген (дамымай қалған) бөлек тарауы деген айтылып жүр. Гендерінде қандай да бір салмақты айырмашылықты тауыпты-мыс. Қысқасы біздердің гомосапиенс тұқымына немере бауырлар болып келеді екен. Оларда қандай болмасын мәдениет болған делінеді. Отты білген. Айтпақшы үңгірлерде өмір сүрген. Тас қашауда да жылдам болған. Біздің сапиенс бауырларымызға келмейтін, тіпті ерекше өңдеулері де болған екен... Және неандертальдықтар Еуропаны мекендеген, — деп әкей өзінің әзіл идеясының басты аргументін айтты. — Бұл олардың Отаны.

— Сәлем айт! — деп күлкілі қарсылық үнімен Женька сөз бастады. — Ал сапиенстер қай жұмыртқадан шықты?!

— Енді әлі күнге дейін өзінің қорқынышты мутациясымен жерді таптап жүрген кейбір «ерекше зерек» сапиенстердің ата-бабалары қай жұмыртқаны *жарып шыққанын* білмеймін, — деп Иоанн әкей «жарып шыққанын» деген сөзіне акцент жасап мысқылдады. — Бұл сұмдық тәжірибиенің шын тарихын әзірге табиғат жасыруда. Ал homo sapiens-тің туған жері Африка.

— Африка?! — деп Женька өзіне күтпеген жаңалық болғандай таңқалып қайта сұрады да, жұқпалы күлкісімен сөзін айтты: — Міне қалай! Барлығыңа банан, бәріміз — негр екенбіз!

— Енді кім «негр», кім «саналы адам», — деп Иоанн әкей аздап ластау жігіттің жүзіне қарап күлкілі айтты да, кейін: — Және өзінің қаралығы мен ежелгі (реликті) даралығын жалпыға таңбауды өтінемін, — деді.

Әзілқойларымыздың осындай кезекті клоунадасына бәріміз күліп, кейін басылған кезде назарымызды қайтадан тас комплекске аудардық.

— Иә, осындай салу үшін нақты ұйымдасқан еңбек және осындай алып тастарды (сеңдерді) өңдеп, орнату үшін қажетті техника керек, — деп Николай Андреевич сөздерін қайталады. — Бұның барлығы ауқымды білімдердің болуын болжайды. Және бірінші кезекте геометрия, математика, — деп тізбектеп, Николай Андреевич саусақтарын мұқият бүгуге кірісті, — астрономияның болуын да жоққа шығаруға болмайды...

— Физиканы да, — деді Сэнсэй, дәрігерге санауында көмектескендей.

Және бұл Сэнсэйдің әзілдері арасындағы жалғыз салмақты сөз болғандықтан, барлығы қызығушылықпен оған қарады. Барлығының назары Сэнсэйді үнсіз қалдырды. Бірақ сөз айтылғаннан соң, ешқайда қашып құтыла алмайсың демекші. Алайда түсіндірудің орнына, Сэнсэй Ваного қарады да, әзілмен:

— Жергілікті қалжыңды көргің келеді ме? — деді.

— Давай, — деп ол бірден келісті.

— Анау жерге барасың, — Сэнсэй қолшам жарығымен біздер үңгірге кірген бағытқа көрсетті. — Қабырғадағы мына кішкене шұңқырларды көріп тұрсың ба? Олармен текшеге (немесе тауаша, қус) көтерілесің. Бұл жерден ол көрінбейді.

— Иә, сосын не болады?

— Көресің.

Вано досына күмәнмен қарады, қандай да бір алдауды шешкісі келгені анық және бар жағдай үшін деп күлкімен ескерту жасады:

— Ал байқа, бала!

Ол көрсеткен бағытына кетті. Біздер оның кеткенін және кейінгі тік қабырғаға біршама епті шыққанын қызыға бақылап тұрдық. Ал кейін арамыздағы кейбіреулер (Женька, Стас, Андрей және мен) төменге түсіп әкейдің қайда шыққанын қарауға ерінбеді, себебі лоджидан Вано жасырынған жартастың тек шығыңқы бөлігі ғана көрінді. Вано үңгірдің күмбезіне дерлік көтеріліп, кең балкон түріндегі біршама сыйымды текшеге түскен екен. Біздер келген кезде, Иоанн әкей ендігі қолшам көмегімен оны қарап жатты. Айтарлықтай ештеңе таппағасын иығын көтерді. Тас «ернеуге» (перила) сүйеніп жоғарыдан біздерге, Сэнсэйге естілуі үшін қатты даусымен сұрады:

— Ал сыйқыры қайда?!

Құлақ тұндырған жаңғырық үңгірге таралғаны соншалықты, біреу Ваноның қолына қуатты микрофон беріп, бар даусына қойғандай болды. Біздер тіпті еріксіз селт ете қалдық. Ал Женька жарылыс болғандай бір шетке секіріп, бұға (жата) қалды.

— Ё-моё! Ал бітті, ақыр заман келді! Әкейдің даусы тесе бастады...

Осындай акустикалық эффектіге таңқалған Вано да, айқайлап (немесе саңқылдап) жіберді:

— Ого-го-го-го!

Қуатты жаңғырық залға тарады, Женька тіпті қорқыныштан құлақтарын жапты.

— Саңырау қылмай тұрғанда бұл жерден кеттік, — деп жігіт күлкімен ұсыныс жасады.

Есте қалатыны, кері қайтқанымызда біздер әкейдің тек әндеткенін ғана емес, өзіне-өзі тыныш айтқан әңгімесін де анық естідік. Ол жердің дыбысы барша үңгірге тамаша жаңғырды.

Қайта оралған Женька бірден сұрағын қойды:

— Сэнсэй, сен немене әкейден Джельсомино жасағансың ба? — Біздер жастық шағымыздың «Джельсоминоның сыйқырлы даусы» («Волшебный голос Джельсомино») ескі фильмін еске алып күлдік. Ал жігіт күлкімен жалғастырды: — Онсыз да кейбір парасатты адамдарға күн бермейді, ал енді тіпті децибелдермен тоқпақтап жатыр.

Біздер «лоджига» ыңғайлырақ отырып, шаршаған аяқтарымызды рахаттана создық. Жиналған шаршау өзінікін алды. Осындай қанша километр жаяу жүрістен кейін тіпті таста біздерге мамық төсектен жұмсақ болып көрінді. Осы кезде Иоанн әкей балконда таңқала міңгірлеп жатты:

— Акустика деп осыны айт, түсінемін! Керемет! Шіркеуімде осындай акустикалық эффект болса шіркін...

Және ендігі қатты дауысымен қайталады:

— Естимісің, Сэнсэй? Маған осындай акустика болса...

Сэнсэйдің орнына Сергей айқайлады:

— Естіп тұрмыз, естіп тұрмыз! Тек айқайламашы, әйтпесе мына жақта бәріміз керек болдық.

— Солай ма? — деп таңқалды Ваню. — Акустика деп осыны айт...

Ол даусын қайтадан ретке келтіріп, түрлі дабыс қаттылығында байқап көрді. Өзіне көбірек ұнаған дыбыс қарқындылығының оңтайлы нұсқасына бейімделе отырып, Ваню әуезді діни дауысымен айтты:

— Слава Отцу и Сыну, и Святому Духу, и ныне, и присно, и во веки веков. А-ми-и-инь (Өкеге, Ұлға және Киелі Рухқа қазір де, мәңгі де, мәңгілік тәубе (даңқ). А-ми-и-инь)...

Даусы залға жайылып, кеңістікті өзінің салтанатты үнімен толтырды. Жаңғырыққа құлақ түргені анық әкей үнсіз қалды және риза болған ол, Қасиетті Рухқа дұғасын оқыды:

— Царю Небесный, Утешителю, Душе истины, Иже везде сый и вся исполняй, Сокровище благих и жизни Подателю, прииди и вселися в ны, и очисти ны от всякия скверны, и спаси, Блаже, души наша. (Көктегі Патша, Жұбатушы, Шындықтың рухы, Ол барлық жерде және барлығын орындаушы, Жақсылықтардың қазынасы және Өмір Беруші, кел де, біздің бойымызда кір және бізді барлық ластықтан тазарт және рухымызды құтқаршы, уа, Қайырымды).

Залға жайылған дыбыс шыныменде керемет эффектін тудырды. Иоанн әкейдің қараңғылықтан шыққан осындай қуатты дыбыс вибрациясынан, тіпті дененің түршігеді екен. Бұл дыбыс қандай да бір ішкі шабытты тудырып, дененің әрбір клеткасын дұғамен үндестіріп, жаныңды терең қозғады (тербетті). Иоанн әкей дұғасын аяқтаған кезде абсолютті тыныштық орнады. Осының арқасында соңғы сөздері әкейдің дыбыс үнін ұсақ-түйегіне дейін қайта ойнатып, санамызда жаңғырық секілді қайтalandы. Біздер арбалғандай қозғалмастан, осы ғажайып дыбыс эффектінде рахаттана отырдық. Әкейге ұнағаны соншалықты, ол толық шіркеулік қызметті жасай бастады. Интонациясын өзгертіп, біртіндеп тыныш, бір үнді дұғаларды айтуға көшті. Даусы мақпал (бархатистый), жұмсақ, тыныштандыратын үнге айналды. Мен көздерімді жұмдым. Жеңіл мүлгу санамды жаулай бастады.

* * *

— Керемет акустика! — деп ақыры «дыбыс» балконынан түскен әкей, таңқалуын тоқтатпады.

— Бұл жай ғана, — деп Сэнсэй құпия айтты да, жарығы бар сағатына қарап: — Жарайды, солай болса болсын. Тағы бір фокус көргілеріңіз келеді ме? — деді.

— Біздер басымызды изедік.

— Тек барлығы іске қосылу үшін баршамызға жұмыс жасауға тура келеді, — деп Сэнсэй біздерді одан әрмен қызықтыра айтты.

Істің не туралы екенін ашпастан, Сэнсэй сөмкеден ұзын жұмсақ шүберекті алды да, қиықтарға бөліп барлығымызға таратты. Алдағы болатын «фокус» құпиясын сақтап, біздің отрядты өзі әзілдеген «жауынгерлік бекеттерге» бастады.

— Ал, осындай қорқынышты қарумен кімдерге қарсы соғысамыз? — деп Женька күлкімен сұрады.

— Шаң-тозаң ханымына қарсы, — деп Сэнсэй күлкімен жауап қайтарды. — Бұл жерде көптен бері «тазалаушылар» болмаған деп өзің қапаландың емес пе.

— Мен бе?! — деп Женька ойнай наразы болды. — Мен жай, ойланбай айта салғам. Өйткені шаң-тозаң дегеніміз не?! Бұл қартайған ежелгінің әшекейі емес пе. Үңгірдің өткен байлығының құнды бір бөлшегі...

Әрі қарай Женька шаң түйіршігі өмірінен қайнаған тұтас бір эпопеяны жасап және сәйкесінше «осы қасиетті үңгірде қарттық шағындағы оның дербес құқықты (қол сұғылмаушылық) статусын» айтып ағыла жөнелді. Ал Володя оның отты әңгімесін күлкімен қысқаша қайырды:

— Адам жұмыс жасамау үшін нені ойлап таппайды дерсің.

Біздер комплексті шаңнан тазартудың қазір үлкен тазалығы басталады деп күткенбіз. Бірақ күткенімізге қарамастан Сэнсэй біздерді монокристаллға емес, сопақша залдың баспалдақтарына қатысты оң және сол жақтарға қойып, тастағы өзі көрсеткен жерлерді мұқият сұртуға тапсырма берді. Және балаларға қабырғадағы аймақтар тисе, ал Володя мен маған — «лоджияға» апаратын сатылар арасында орналасқан біртүрлі ойықтар тиді. Көрсетілген жерлерді қарқынды тазалауға кірісіп кеттік. Олар бір шеті белгілі бір бұрышпен жартасқа аздап шұңқырланған поднос тәрізді тегіс, дөңгелек ойыстар болды. Мен өз аймағымды шаң мен кір қабатынан тазарта бастағанда, тау хрусталына (сутасқа) ұқсас тегіс жылтыратылған кристаллды таптым. Володя, қалған жігіттерде де осылай болды. Бұл кристаллдардың барлығы автокөлік шамдарына ұқсас, өлшемдері әртүрлі болды және үңгірдің қабырғаларына түрлі биіктікте, әртүрлі бұрыштарда орнатылған. Біз оларды кірден тазалап, сол аймақтарды канагонкаларымызбен жарықтандыра бастағанда, үңгір залы көлеңкелер мен жарықтың ойынында жандана бастады. Сэнсэйдің бізге уәде еткен фокусы осы шығар деп тамсана қарадық. Бұл кезде Сэнсэй баспалдақта отырып, қандай да бір екі затты ұстап, олардың ұсақ бөлшектерін шаңнан сүртіп, бір нәрселерін дұрыстауға тырысып жатты. Мен бұл екі заттың шамасы өте көне ерекше шамдар болғанын Сэнсэй жұмысын аяқтап, олардың «білтелерін» оттықпен жағып, қандай да бір табиғи емес жарқырау тудырған кезде түсіндім.

— Ал керек болса, әлі жұмыс жасап тұр, — деп өз-өзіне таңқалып тексерді де, ежелгі «шамдарды» (лампы) сөндірді.

Барлығы өз шаруасын аяқтаған кезде, Сэнсэй біздерді «лоджияға» орындарымызға отыруға шақырды, ал Женькаға шүберектерді жинауды тапсырды. Ол қатаң бақылаушының, дәлірек айтсақ, бальзак жасындағы контролердің маскасын киіп, күлкілі монологымен бізден жазғы кинотеатрдың кіреберісіндегі билеттер сияқты шүберектерді жинай бастады.

Сэнсэй үңгірге кіреберістен алыс емес оң жағында орналасқан кристаллдардың бірінің қасына Володяны қойды. Басында ол Володяға электрлі қолшам жарығын белгілі бір бұрышпен кристаллға бағыттауға көмектесті. Көз алдымызда таңғажайып оптикалық эффект пайда болды. Айналы кристаллдан жарық бірнеше рет шағылысып, монокристаллдардың комплексін жара өтіп және... Алғашқыда қарама-қарсы тас қабырғаның оң жағында, бастарында өзінше бір скафандра киген адам фигуралы екі көлеңке пайда болды. Бұл фигуралардан бөлек арттарындағы жартылай көлеңкеден пейзаж байқалды — теңіз, таулар және үстерінде ілінулі ай ма, әлде күн бе белгісіз, енді жалпылама айтқанда ішінен жарық шашқан шеңбер. Арамызда таңқалыстың үні естілді.

— Бұл кім? Сүңгуірлер (водолазы) ме? — деп Андрей таңқалды.

— Неліктен сүңгуірлер? — деді Виктор. — Мүмкін, ғарышкерлер шығар...

— Дұрыс, ғарыш сүңгуірлері (космолазы)! — деп Женька нақтылай басын изеді.

Бұл кезде Сэнсэй Стасты Володя тұрған жаққа қарама-қарсы қабырғаға қойды. Сэнсэй Стастың электрлі қолшам жарығының басқа кристаллға түсу бұрышын реттеп болған кезде, жарық үңгірде қайтадан көп шағылысуларымен өтіп, монокристаллға кешеннің көлемді жарықтануын толықтырды. Және «экранның» сол жағында кесіртке-динозаврдың үлкен көлеңкесі пайда болды. Бірақ ең қызықтысы басының үстінде төрт үлкен шеңбер тұрды, ал олардың артында — бірнеше кіші шеңбер, бірақ ендігі күңгірт (бұлыңғыр).

Сэнсэйдің өтінішімен біздер қолшам жарығын сөндірдік. Ол ежелгі «шамның» «білтесін» (пілтесін) қайта жағып, оны Стас қолшамымен алмастырды. Динозавр көлеңкесі бұлыңғыр бола бастады. Бірақ Сэнсэй жарық түсу бұрышын реттеген болуы керек, себебі көп ұзамай көлеңке тек анық көрініп қана емес, құдды тірілгендей. Динозаврдың қозғалысы

шынайы болғаны соншалықты, ол үнгірде шыныменде болғандай әсер қалдырды. Володияның жарығын Сэнсэй тағы да ескі «шаммен» алмастырған кезде, «экранда» скафандра фигуралары тіріліп сала берді. Олар динозавр мен «аспандағы» дөңгелек объектілерге қатысты бірдеңені талқылап жатқандай болды. Осы сәтте әрине дыбыстың болмағанына өкіндік. Дегенмен көргенімізден алғашқы есеңгіреуіміз кеткен кезде, Женька аяқ астынан серуендеген үлкен шашлык туралы күлкілі әңгімесін ойлап тауып, бұл олқылықтың орнын толтырды. Иоанн әкей Женькаға қатысты «жаман ауызды орамалмен жаба алмассың» («на дурной роток не накинешь платок») деп әзілдеді.

Сэнсэй Николай Андреевич пен Ваноның ортасына жайғасып, біздерге қосылды.

— Ал, сіздерге фокус қалай?

— Керемет! — деп Виктор барлығының атынан жауап қатты.

— Өте керемет, — деп әкей басын изеді. «Білтенің» жылтылдаған оты шыныменде осындай тірі иллюзия құра алады ма? Тіпті сенгің келмейді екен.

— Иә, толқынды оптиканың оңай емес сұлбасы (сызбасы), — деп Сергей жарықтың қозғалыс және шағылысқан жолын бағалап сөзін қосты.

— Ал сіздер нені қалап едіңіздер? — деді риза болған Сэнсэй. — Ежелгі заман кейбіреулер болжайтындай соншалықты қарабайыр (қарапайым) болған емес...

Сэнсэй Иоанн әкейге көз қиығымен қарады. Ал ол жымыды.

— Көне ежелгі деймісің... Ал ол қаншалықты көне?

— Егер саған айтсам, сен бәрібір сенбейсің, — деп күлді де, Сэнсэй қолын сілтеді. — Сондықтан ауаны сандармен (цифралармен) бұзбайық деп айтпақшы. Бастысы — мәні. Ал мәні көз алдарыңызда.

Бірнеше уақыт біздер «экрандағы» тірі картинаны үнсіз бақылап тұрдық.

— Жарық пен түнектің ойыны — мәңгілік сұрақ, — деп Николай Андреевич «мәнін» философиялық байқады. — Ежелгілер, көрінетін әлем бір-біріне қарсы тұрушы екі негіздің қосылуынан пайда болған деп санайды — жарық пен түнек, мейірімділік пен зұлымдық.

— Солай айтуға да болады, — деп келісті Сэнсэй. — Біріншісі — жарық (нұр, сәуле), адам рухын дүниеге әкеледі, ал екіншісі — көлеңке, адам тәнін. Зынданға қамалған жарықтың шығуы орын алған кезде, ақыр заман келеді.

— Ал жоғарысындағы шеңберлер нені білдіреді? — деп қызығушылық танытты Володя.

— Болғанды және болатынды ұрпақтардың есіне салу және ескерту.

— Ал не болды және не болады?

— Барлығы әдеттегідей. Соңы мен басы. Әлемнің қайта жаңғыруына әкелетін құртылу.

— Ал бұл жерде бес шеңбердің не қатысы бар? — деп түсінбеді Николай Андреевич.

— Әнекей, динозавр үстінде тұрған бірнеше аспан шырақтарының бірдей уақытта пайда болуы, ескірген әлемнің опат болуының басын білдіреді. Ал жанында тұрған жалғыз «күн» — жаңартылған жаңа әлемнің басы.

— Символдарды қызықты трактовкалау, ешқашан мұндайды естімеппін, — деп мойындады Николай Андреевич.

— Әлем секілді ескі — деді Сэнсэй. — Шығыста бұл аңыз толып жатыр. Ең болмаса буддалықты алып қара. Ол жерде әлемнің қирауы от дүниені жаулап алғанда басталады деп анық айтылған. «... Жеті күн бірінің артынан бір шыққанда, судың қайнар көздері суалып, от әлемді тіпті ішінен басады. От бұл әлемнен кетіп, басқасына ауысқанда өмір келеді...» және осындай білімдер тек Шығыста ғана емес. Бұл ақпарат бар континенттегі барша халықтардың жадтарында сақталған. Мысалы майя халқының бес күн туралы аңызы бар. Онда былай делінеді: «адамдарға төрт рет күн берілді. Бірақ уақыт өтті, ал адамдар өзгермеді: олар жақсармады және көргенсіздіктері азаймады. Сол кезде құдайлар адамдарды жоюға шешім шығарды. Бірақ оларды барлығынан жақсы көретін құдайлардың бірі адамдарға соңғы мүмкіндікті беруге шешім қабылдайды. Ол отқа секіріп және қайтадан адамдарға нұрын шашып, өмір сыйлаған бесінші күнге айналады».

— Бесінші күн? — деді Сергей. — Ол қазір біздер өмір сүріп жатқан уақыт па? Енді иә, егер майя күнтізбесі 2012 жылы аяқталатынын ескерсек... көңілді тарих шығады.

— Бұл: «Барлығы сіз ойлағандай жаман емес. Шын мәнінде барлығы анағұрлым нашар» деп аталады, — деді Иоанн әкей ақырғы сөзінде.

Сэнсэй қайта күлді де, күмәндана ойнап сөзін айтты:

— Енді барлығын не үшін трагедиялы түсіндіресіздер. Мысалы, кейбіреулер бұл жай ғана «негізсіз аңыз» деп санайды.

Ер адамдар күлді, бірақ еш сөз айтылмады. Бірнеше уақыт ұжым үнсіз отырды.

— Ал қандай жігіттер өзі? — деп Сергей «ғарыш сүнгүшілеріне» басын изеді.

— О, бұл дұрыс жолдастар. Сэнсэй қайтадан сағатына қарады. — Бірақ бұл туралы тағы бірде айтып берем... Ал қалай, аз-аздан болғаны жақсы. Шегінен аспағаны жақсы демекші... Володя, Стас, отты өшіріңдер.

Біздер электрлі қолшамдарымызды жағып, жинала бастадық. Әсер алудың құйылған осындай толқыны мен ақпараттың көптігінен миымызда «толық вакуум» орнады. Және Николай Андреевич айтпақшы, барлығын ретке келтіру үшін уақыт керек болды. Біздер өз сөмкелерімізді асынып, Сэнсэйдің соңынан жартас артындағы сол жақ қабырғамен жүрдік. Оның артында екінші өткел бар екен.

Бұл біршама ыңғайлы әрі кең өткел, диаметрі шамамен екі метрдей болатын дөңгелек саңылауға кішірейіп, кейін қайтадан кеңейді. Бір қарағанда ерекше ештеңе жоқ. Жолымызда көп кездестірген өткелдердің бірі. Сэнсэй өткелді жеңіл еңсерді. Артынан ерген Валераға да бұл аса бір қиындық туғызбады. Ал қалғандарына, оның ішінде Володя, Виктор, Ваню бар осы дөңгеленген саңылауда анық тежеліп, қозғалыста кептеліс тудырды. Және осы кезде кішкене отрядымызда түсініксіз дүрбелең басталды. Аяқ астынан еш себепсіз жігіттер осы үңгірде қалып, барлығын мұқият қарау туралы тілектерін білдірді. Осындайды енді қашан көреміз, несіне асығамыз. Виктор осы жерде дұрыстап тынығып, бір жағынан жүрек жалғап алуға ұсынысын айтты. Женькада сөздерін белсенді қолдап, ұзақ уақыт бойы ішек-қарны бір-бірлеріне жұдырықтарын көрсетіп, бұл байбаламға қарны шұрылдаған түрінде наразылығын көрсетіп жатыр деп ақталды. Тіпті жол бойы жігіттің төзімділігіне тиісіп келе жатқан Иоанн әкейдің өзі таңқаларлық жеңілдікпен сөздеріне келісе кетті. Әрине бұл аялдаманы көбінде үңгір қонақжайлығын мұқият қараумен түсіндірді.

Сэнсэйді көндіруге тырысып, жігіттер сақиналы өткелден абдырай кері шегінгенде, мен керісінше қалып қоймауға тырысып, оған асығыс жүрдім. Егер жеткілікті тынығып алсам, тағы қандай демалыс керек? Бірақ сақинаға (өткелге) енді жақындай бергенімде, аяқ астынан күшейе бастаған түсініксіз қорқынышты сезіндім. Бұл шекараны аттауды қаламағаны анық, тежеді деп айтпақшы, мені құдды ішімнен тоқтатқандай болды. Мен түсініксіз үреймен кішкене артқа шегіндім және біршама жеңілдікті сезіндім. Бар ерік-жігерімді жинап, өткелден өтемін деген берік ниетіммен қайтадан сақинаға жақындауға оқталдым. Және тіпті бірнеше рет күшейген айтып жеткізе алмайтын үрейлі қорқынышты қайтадан сезіндім. Өзіммен не болғанын түсіндіруге еш күшім болмай, мен қайтадан шегіншектедім.

Сэнсэй біздердің мелшиіп тұрғанымызды бақылап, сақинаны әдеттегідей аттап, аяқ астынан сөздері бір жерден шыққан жігіттердің айтуларын тыңдап, бітпес әзілімен олардың рухын қолдай бастады. Және Сергей, Николай Андреевич пен менің арқамнан мақұлдағандай қақты. Ол кезде кездейсоқ қастарында болғандықтан солай болды деп ойлағанмын. Арқамнан қағуы жауырын тұсыма келді. Және осы кезде ерекше күштің құйылғанын сезіндім. Маған жеңіл болғаны соншалықты, тіпті барша қорқыныштарымды сыпырып тастағандай болдым. Алдымда ешқандай кедергі жоқтай, тура бойымда аса құдіретті күш оянғандай мені ерекше еркіндіктің сезімі биледі. Құлағымға Сэнсэйдің сыбырлағанын естідім.

— Ал, батылырақ...

Көзқарасым өте алмас сақинаға ауды. Және жігіттер Сэнсэйді қалуға үгіттеп жатқанда, мен қандай да бір табандылық, батылдықымен бұза-жара алға ұмтылдым. Менің қатты таңқалысыма орай, бұл жолы санамдағы өз жолымды бөгеген әлгі көрінбес, еңсерілмес

тосқауыл мүлдем болмағандай сақинадан жеңіл өттім. Тіпті сақина түріндегі осы өткелді қолшам жарығымен қарауға да шамам келді. Бұл шығу тегі анық жасанды болған мінсіз тегіс шеңбер болды. Белгісіз біреу түсініксіз тәсілмен тау жынысына шеңберді енгізіп, кейін оны алып, ені отыз бес-қырық сантиметрлі мінсіз тегіс балқытылған ойық жасағандай (науаша, желобок). Осы шеңберден кейін, әдеттегі туннельді кеңею басталды.

Шеңбер ойығынан өткен кезде, көңіл-күйім анағұрлым жақсарып қалды. Бірақ бастысы, осындай жер асты үңгірлерімен көп сағатты қажытқан сапарымыз мүлдем болмағандай, өзімді сергек әрі тамаша сезіндім. Сэнсәйді күтіп тұрған Валераға келдім. Көп ұзамай осы көңіл-күйде (осы рухта) Сергей, Николай Андреевич пен Сэнсәйдің өзі келді. Ал қалғандары Женька айтпақшы «ерекше шаттықпен», біздердің үңгірден келулерімізді күтуді шешті. Олар бірден жағымсыз өткелден әрі кетіп, залға бағыт алды. Сэнсэй олардың жалқау тәндеріне әзілдеп, соңында:

— Ал жарайды, біздерді осы жерде күтіңіздер, ақыры бір күндері ораламыз, — деді.

Туннельмен келе жатқанда, сақиналы өткелден кейінгі пайда болған ішкі еркіндік сезімі байқаусыз сиіле бастады. Жаңа ғана болған оқиғаны талдап, себебі не болғанын есіме түсіруге тырысып ойларымда мұқият айналдыра бастадым. Көңіл-күйдің осындай түсініксіз өзгерісін, тек мен ғана сезіндім бе деген ойлар қызықты болды. Артымда соңғы болып Николай Андреевич келе жатты және мен өзімнің бақылауларыммен бөлісемін деп шештім. Ол да үрей, шабыт пен күштің құйылуы болған бір-біріне қарама қарсы сезімдердің қосылысын басынын кешірген екен. Дәрігер біздер сақина аймағында орналасқан қандай да бір күш өрісінен өттік деп болжамын айтты.

Туннель тармақтана бастады. Көп ұзамай біздер ірімшіктегідей көптеген жолдары бар әрі олар бір-біріне ұқсаған, айқыш-ұйқыш лабиринтке тап болдық. Жолымызда ыңғайсыз өткелдердің болғаны соншалықты, тасты жыралар арасынан тек бір ғана адам өте алды. Және ол жерден бір ізді жүріспен шыға салысымен жаңа сюрприз күтіп тұрды — бірнеше біртүрлі тар жолдар. Бұл жерден барлығымызға Сэнсәймен бір тізбектеген арқанның көмегімен шығуға тура келді. Егер осындай сақтық шарасы болмаса, бұл тар жолдарда керек емес жаққа бұрылсаң болғаны, адасып кету өте оңай. Лабиринтте адасу қаншалықты қорқынышты деп үрейлене ойладым. Бұл жерде көптеген тығырықтарға (тұйықтарға) тіреліп амалсыздықтан емес, жалғыз үрейлі ойларыңнан-ақ өліп кетуге болады. Хайуани негізім ыңғайлы сәтті аңдығандай көрінді. Мен осындай ойларға табанды қарсы тұруға тырыссам да, бәрібір қиын әрі шырмалған жерлермен өту барысында бойымды жеңіл қорқыныш еріксіз биледі. Әрине, кейін лабиринттерден жақсы шыққан кезде, мен айтарлықтай жеңілдікті сезініп ғана қоймай, тіпті қорқынышыма байланысты кейбір таңқалысымда болды. Өйткені мен шынында неден үрейлендім? Сэнсэй мен ер адамдар жанымда болды. Айтпақшы Сэнсэй бұл жерлерде бірнеше рет болғаны анық, осы жолдармен біршама еркін қозғалды.

Біздер үңгірдің кезекті галереясына кірдік. Біртүрлі формадағы қатты шығыңқы жартасты білінер-білінбес соқпақ жол айналып өтті. Белгісіз сапарымыз әрі қарай да жалғасатын болар деп ойлағам, бірақ Сэнсэй кенеттен тоқтады. Біздерге кішкене күте тұруымызды айтып, қолшам жарығын жартасқа түсірді. Кейін оның жатық (жайпақ) еңісіне көтеріліп, үлкен тастың артында көрінбей кетті. Бірнеше минуттан кейін ауыр тасты аударғанға ұқсас қандай да бір түсініксіз шуыл шықты. Содан соң бірнеше секундқа созылған шертпек пен бірқалыпты гуіл естілді. Сэнсэй тас артынан қайта көрініп, жартасқа шығу жақсырақ жерде қолшамымен жарықтандырып, өзіне шақырды.

Барлығымыз Сэнсәйге жетіп, тас артына кірген кезде, люк түріндегі ашық вертикалды тар саңылауды (өткелді, тесікті) көрдік. Ол жерде тіпті қараңғылыққа кеткен тас сатылар болды. Біздер біртіндеп біріміздің артынан біріміз осы түбі жоқ тас құдыққа абайлап түсе бастадық. Барлығын «автопилотта» жасадым десем болады. Қайда барамыз? Не үшін барамыз? Бұл сұрақтарың осы жерде бар мәнін жоғалтқандай. Тек сенің моралды және физикалық төзімділігіңе бағытталған қандай да бір ішкі жұмыс жүргендей.

Бірнеше метрден кейін вертикалды тар өткел горизонталдыға алмасты. Ол тар болды, бірақ кейін айтарлықтай кеңейді. Дегенмен бәрібірде төрт аяқтап қозғалуға тура келді. Сергей мен Николай Андреевич шахтамен бітпес жорғалауымызға байланысты анекдоттарын айтып, әзілдеп, осылайша физикалық ауыр еңбектен ойларын бөлуге тырысты. Әзілдерінен барлығымызға қозғалу біршама көңілді болды. Кезекті бұрылысқа сүнгіп, ақырғы тура жол болуы керек, алдымыздан күндізгі жарықты көрдік.

— О! — деп күлді Сергей. — Біздер немене, тауды жара өткенбіз бе? Ал мен жер қойнауының жүрегіне жорғалап бара жатырмыз десем.

Біздер саяхатымыздың осындай күтпеген соңына күліп, соңғы секіріс үшін күштерімізді екі есе арттырдық. Жарыққа жақындаған сайын тар өткелде кеңейе бастады. Ақыр соңында толық боймен тұрып, жарыққа қозғалдық. Алайда «күндізгі жарыққа» жеткен кезде, көргеніміз біздерге әлемдегінің барлығын ұмытуға мәжбүр етті, оның ішінде қиындықпен еңсерілген жол мен шаршаған бұлшық еттерде бар, тұрған жерімізде қатырды (мелшейтті). Біздер тағдырдың бір күні осындай керемет ғажайыпты көру мүмкіндігін беретінін күтпедік, тіпті болжай да алмай қатты таңқалдық.

Алдымызда жарты шарға ұқсайтын үлкен зал пайда болды. Оның қабырғалары монолитті қара шыныға ұқсады, құдды оны біреу балқытқандай теп-тегіс болды. Бірақ ең таңғаларлығы қара залдың ортасындағы бүршік жарған (гүлденген) лотос гүлінің пішінінде жасалған керемет, қардай аппақ ғибадатхана. Ғибадатхананың диаметрі шамамен он екі метр ал биіктігі жеті метрдей. Ол ақ мәрмәрге ұқсас тастан жасалған, бірақ бұл мәрмәр қандай да бір табиғи емес, мөлдір болды.

Ғибадатхана еденді безендірген үлкен монаданың ортасында тұр. Бұл монаданың барлық иероглифтері мен күрделі өрнектері анық және әдемі қашалғаны соншалықты, мен осындай күрделі жұмыстарды орындаған адамдарға еріксіз құрметпен қарадым. Өйткені, еден де қабырғалармен бірдей қарапайым емес материалдан жасалған. Және иероглифтердің немесе өрнектердің бірде-бір өткір шеті көрінбеді. Барлығы күйдіріліп тегістелгендей жұмырланған. Біздер кірген кең аркалы өткелдің үстінде сондай шеберлікпен күрделі иероглифтер қашалған.

Қара және ақ түстердің қарама-қайшылығы, бөлмедегі ерекше үйлесімділікті жасады. Бірақ ең таңқалдырғаны дәл ғибадатхананың ішінен шыққандай көрінген күндізгі жарық болды. Оның нәзік, жұмсақ әрі жағымды болғаны соншалықты, қандай да бір рахат, елжірете тыныштандырған және барлығын бойына сіңдірген қуаныш сезімін еріксіз тудырды.

Ғибадатхананың жартылай шеңберлі кіреберісі бар екен. Ішінде әрі қарайғы көріністі жапқан ақ түсті аралық тұр. Сәуле шашқан бұл ғибадатхананың құпия кіреберісі назарымызды өзіне көбірек аударды.

— Ал қалай, өз-өздеріңе келдіңдер ме? — деп Сэнсэй көңілді сұрады да, жауабымызды күтпестен: — Ендеше кеттік, — деді.

Біздер ешқандай сөз айтпастан, барлығымыз бір леппен ғибадатхана кіреберісіне тұра ұмтылдық.

— Э-э, тоқтандар, қайда барасындар? — деп Сэнсэй біздерді күлкімен тоқтатты. — Біздерге басқа жаққа.

Күткен үмітімізге қарамастан ол бізді ғибадатхана айналасындағы алып сақиналы монадаларға әкелді. Осындай ғаламат туындыдан және оның нәзік сұлулығынан көз алу мүмкін болмады. Ғибадатханадан шыққан жарық күндізгідей болды, ол көзді шағылыстырған (ауыртқан) жоқ, бірақ айналаны жеткілікті жарықтандырды. Және таңқаларлығы, ешбір жерде біздің денелеріміздің көлеңкесі де, ғибадатхананың көлеңкесі де көрінбеді. Қолымды ауаға көтеріп қабырғада көлеңке туғызуға тырыстым, бірақ еш нәтижесіз. Оның үстіне қалай екені түсініксіз менің қолыма екі жағынан да жақсы жарық түсті. Тіпті алақандарымды бір-біріне жақын қойған кезде де, араларынан көлеңкенің орнына сол баяғы жұмсақ сәулені байқадым.

Холлдың басқа бір шетінде осындай аркалы кіреберіс болды, тек жандарында басқа иероглифтер жазылған. Біздің таңқалысымызға орай, ғибадатхананың арғы жағында тағы бір кіреберіс бар екен. Алайда көрінген сол ақ түсті аралықтан артық ешнәрсе көре алмадық.

Осындай ерекше орыннан екінші арка арқылы шығып, үңгір туннелыне түстік. Дегенмен бір-екі бұрылыс түріндегі бірнеше метрді еңсердік. Бұл мені тіпті қызықтырды. Себебі біздер осындай керемет ғибадатханаға тоқтамасақ, демек алда біздерді анағұрлым ғажайып көрініс күтіп тұр. Бірақ біздің кішкене отряд зал қабырғалары секілді шебер ойылып, әлгі кара материалмен әрленген кішкене бөлмеге кірді. Қабырғалардың сол және оң жақтарында дөңес жартылай мөлдір қалқан түріндегі екі ақ түсті үлкен шеңбер. Сәл ойылған бөлменің ортасында тас тұғырда, менің таңқалысыма орай маңдайында мүйізі бар жылқының бас сүйегі, ал оның артында қабырғада ұқыпты ойылған өзінше бір тауаша (текше, ниша) тұр.

— Ал керек болса! — деп Сергей бөлмеге енді кіре бергенде таңқалды. — Демек, жалғыз мүйізді жылқылар (единорог) шыныменде өмір сүргені ме?

— Саған мұны кім айтты?! — деп күлді Сэнсэй. — Бұл миф (ертегі, аңыз)!

— Ал мынау не?

— А, мынау... — Сэнсэй бас сүйекке қандай да бір жылы, мейірімді көздерімен қарағандай болып көрінді. Алайда өзінің ішкі күйіне мүлдем кереғар сөздерді айтты, әрине әзілсіз емес: — Еш назар аударма. Бұл «Чернобыль», жай мутация.

Барлығы Сэнсэйге таңқала қарады. Ол күлімдеді.

— Мен әзілдедім, әзілдедім... Бұл жай ғана жасанды!

Сергей жарығымен бар жағынан бас сүйекті мұқият қарады да, мұрнының астынан күңкілдеді:

— Угу, «жасанды» ал қалай...

— Дұрысы мынаған кара, — деп Сэнсэй назарын ақ түсті, диаметрі үш метрдей, қабырғаға орнатылған аздап дөңес қалқанға аударды.

Сэнсэй ортасына қолшам жарығын бағыттаған еді, қалқан ішінен жарық беріп, бөлмені жұмсақ сәулесімен толтырды. Бірақ Сэнсэй сәулесін ала салысымен, жарық қайтадан жұмсақ сөніп, бөлмені алғашқы күйіне қайта келтірді.

— Нормально, — деп жауап берді Сергей. Ал егер ана жерге жарық түсірсек, осындай эффект болады ма?

Ол карама-қарсы беттегі қабырғаға орнатылған қалқанды көрсетті.

— Иә.

Алғашқы адамдарға жарық қосқышты (включатель) көрсетіп, ал олар осындай «ғажайыпқа» таңқалып, кезекпен оны басқаны секілді, біздер де екінші қалқанға, тіпті екеуін де қатар пайдаланып жарық ойынымен тәжірибелерімізді жасадық.

Валера екеуіміз Николай Андреевичтің жарық тәжірибелерін бақылап тұрғанда, Сергей Сэнсәйден сұрады: — Менің түсінгенімше сапарымыздың түпкі мақсаты да алыс емес сияқты?

— Иә. Осы қалқанның арғы жағында, — деп Сэнсэй сол қалқанды (щит) көрсетті.

Сэнсэй заттар салынған қапшығының созылған жібін байлауға тырысты.

— Бұл не, сейф пе?

— Енді соған ұқсас. Кіреберіс (вход).

— Кіреберіс? — Сергей қалқанға қызығушылықпен қарады. — Ал ол жерде кіреберіс бар ма?

Ол екінші қалқанға басын изеді.

— Иә. Бірақ ол жерге түсуді ешбір тірі жанға тілемес едім.

— Түсінікті. Ал оған қалай кіреміз?

Сэнсэй оған қарап кішкене көзін сығырайтты да, күлкімен ұсынысын жасады:

— Ал сен ойлан.

Қалқанды ашу ұсынысы біздерді де қызықтырды. Валера екеуіміз бөлмені толық жарықтандыруды жасап жатқанда, Сергей мен Николай Андреевич қалқанды қозғалысқа түсіретін механизмдерді іздеуге кірісіп кетті. Қабырғаны, қалқанның өзін де ұстап көрді.

Сергей тіпті айналасын тоқылдатты да. Барлығы теп-тегіс. Ешқандай бір шығыңқы, бөлек тас блоктары жоқ. Қалқан қабырғаға құдды ерітіліп құйылғандай. Тек ақ түсті материалдан жасалған шағын ободок (жиегі) жиектеп тұрды. Сергей қалқан алдында қолдарын айқастырып, ойланып тұр. Иегін қасып қарады да, кенеттен түсіне қалды.

— Бас сүйекті қозғау қажет!

— Ескі раритетке тиіспе! — деп Сэнсэй бас сүйекті күлкімен қорғаштады. — Оның бұл жерге қатысы жоқ.

— Солай ма? Ендеше, білмедім. Меніңше бұл сейфтің ең жақсы кілті — пластид.

— Еш пайдасы жоқ, — деп Сэнсэй зат салынған қапшығының түйінімен алысты. — Бұл материал кез келген химиялық және механикалық әсерге бейтарап... ол абсолютті нөлде дайындалған. Қоспа құрамына белгілі бір ингредиенттер кіреді, осының арқасында зат айтарлықтай аққыш (сұйық, текучий) болады. Бұл кез келген форманы құюға мүмкіндік берді. Қату кезінде зат бірнеше уақыт өзінің иілгіштігін сақтаған. Оны әрі қарай өңдеу оңай болған. Бірақ түпкілікті кристаллизациядан кейін ол өте берік материалға айналған. Беріктігі (қаттылығы) жағынан оған тең келер ешнәрсе жоқ деп айтсақ болады. Және тозуға төзімділігі де өте жоғары.

— Ал қаншалықты жоғары? — деп Николай Андреевич қызыға сұрады.

— Мысалы, — Сэнсэй етігіне қарады, — егер аяқ киіміңнің ең осал тұсы өкшесіне сол материалдың бар-жоғы бір микронын жақса, сен өмір бойы бірде-бір сызат түспей жүгіретін едің.

— Жақсы зат! — деп Николай Андреевич таңқалып, шаруагер секілді сөйледі.

— Әскери арман, — деп қалқанды соғып Сергей өз кезегінде айтты, кейін Сэнсэйге түсінбеген көздерімен қарады: — Ендеше оны қалай ашуға болады?

Сэнсэй құпия жымыды да, әзіл-шыны белгісіз одан әрмен қызықтырды:

— Бұл сіздерге осы өркениеттің қайдағы бір қартайған ежелгісі емес. Бұл алдыңғы өркениеттің жоғарғы технологиясы...

Түйінді ақыры шешіп, зат салынған қапшығынан кішкене қалам формасына ұқсас қандай да бір затты алды, кейін белгілі болғандай көлеміне қарамастан біршама күшті қолшам екен. Өз өсінен аздап айналдырды. Және қолшам жанған кезде Валераға берді:

— Міне, ұста!

Кейін Сэнсэй қапшығынан бір тілім шүберек пен маталы қапшықты алды. Оларды еденге абайлап төсеп, қапшық ішіндегісін сол матаға төкті. Ол жерден күміс түсті металдан жасалған фигуралы пластиналар төгілді.

— Бұл не, пластина? — деп Сергей біреуін қолына алып айналдыра қарады.

— Жоқ, анағұрлым бағалы, — деп Сэнсэй жауап берді де, фигураларды бір затқа айналдырып құрастыра бастады. — Басынды қатырмасаң болады. Бұл металл сіздерге белгілі химиялық элементтер кестесінде әлі жоқ...

Біркелкі емес кесілген шеңберге ұқсас ерекше конфигурациядағы затты жинап, Сэнсэй орнынан тұрып, оны қалқанның ортасына қойды.

— Ал қанекей, Валера, жарықты мына жерге бағытташы, — деп заттағы фигуралы тесіктің біріне көрсетті.

Валера оның өтінішін орындап, қолшам сәулесін мақсатты бағыттады, бірақ ешнәрсе болған жоқ.

— Хм, — Сэнсэй затты қалқаннан алып қолында айналдырды да, іштей есептегендей болды. Кейін есіне түсіп, шаттана айтты: — А-а-а, бұлай емес... Валера, жарықты түсіріп жіберші!

Сэнсэй күміс түсті форманы айналдырып, қалқанға басқаша қойды (жақындатты) да, қай жерге жарық түсіру керектігін нұсқады. Және Сэнсэй көрсеткен тесікке жарық түсе бергені сол еді, күміс түсті металл толығымен ішінен сәуле шашқандай, оның барлық конфигурацияларында қатты жарқырау болды. Осыдан кейін паровоз буын шығарғандай «пу-ф-ф-ф» деген қатаң дыбыс (глухой звук) шықты. Және қалқан аздап қабырғадан бөлініп, кішкене ашылды. Біз оған қарай ұмтылдық. Бірақ Сэнсэй біздерді тоқтатып, бас

сүйек тұрған тас тұғырының артындағы тауашаға кіруімізді өтінді. Ал өзі қалқан (щит) есігін тартты да, ашылып жатқан кезде тез аузы мен мұрнын қол орамалымен тұмшалап, біздер жаққа қарай жүгірді.

— Қазір желдетіп алайық, — деп өзінің қол орамалын алып түсіндірді.

Қызық, бірақ мен ешқандай иісті сезінбедім, тіпті сасық иіс те шықпады. «Ал егер ол жерде қандай да бір қауіпті газ болса ше? Ендеше біздер ақымақ тобыр секілді тас тұғырдың артында тығылып тұрмыз, неліктен бұл бөлмеден шығып кетпедік? Егер осылай бола берсе,.. жылқының бас сүйегіне де ұзақ жылдар бойы серіктес болуымыз ғажап емес». Бірақ қорқынышты ештеңе болмағандай Сэнсэй өзін салмақты ұстады. Он минуттан кейін біздерге жариялады:

— Ал болды, капсула қонақтарды қабылдауға дайын.

— Неліктен капсула? — деп мен таңқалдым.

— Себебі капсуланың аты капсула, — деді Сэнсэй жымысымен. — Тіпті бар Жер жарылса да, тек капсулалар аман қалады.

Біздер өзіміздің ерекше жасырынған орнымыздан шығып бөлмеге қарай бағыт алдық, бірақ ендігі басқа да сюрприздерге тап болмас үшін абайлап Сэнсэйдің артынан қозғалдық. Өзімнің электрлі қолшамымды бірден сөндірдім, себебі ол жер біршама жарық болды. Ғибадатхана материалымен әрленген шағын бөлме екен. Оның қарама-қарсы екі қабырғасында жарқыраған ақ бұдырлар түріндегі оғаш өсінділер болды, олар соншалықты жарқын иллюминацияны тудырғаны анық. Қабырғалардың бірі ашық ұяшықтары бар ұзын ақ түсті шкаф түрінде жасалған. Үстінде белгісіз ескі шиыршық қағаздар, папирустар, құпия суреті бар кішкене құмыралар (амфоры) және түсініксіз заттар көп болды. Сэнсэй заттарға назар аудармастан бөлмеге әдеттегідей кірді де, кішкене қара цилиндр жатқан ұяшыққа бағыт алды. Абайлап ашты да, ол жерден белгісіз ескі пергамент қағазын алып, кейін мұқият қайта орнына салып, цилиндр қақпағын жапты. Бұл құпия затты кенеттен Сэнсэй маған ұсынды.

— Міне ал, бұл сенің сұрағаның.

— Мен?! — деп қатты таңқалдым.

Сэнсәйден қашан бір нәрсе сұрадым деп, жадымды белсенді қаза бастадым. Бірақ ойыма нақты ешнәрсе түспей, абдырай айттым:

— Рақмет... Ал бұл не?

— Бұл Агапит пергаменті.

Және осы кезде есіме түсті. Ағындай құйылған толқыныстан, жүрегім кеудеме тығылды. Мен бұл бағасыз қазынаны абайлап алдым. Ойлап көрші, қолымда аңыз бойынша Қасиетті Рухтың өзі жазған, дәл сол Бодхисатва Агапиттің пергаменті! Тек емшілік өнерімен ғана емес, орасан зор рухани күші бар адам ретінде де атақ-даңқы Киевтік Орыс елінің шекарасынан анағұрлым алысқа тараған дәл сол орыс Бодхисатвасы. Пергамент және оның иеленушілеріне қатысты қаншама құпиялар мен әңгімелер болды!

Агапит туралы ерекше тарихты, біздің топ Сэнсэймен теңізде демалған кезде естігем. Ол мектеп бітірген жылдарым болатын. Сол кезде Сэнсэй біздерге Киев-Печерск ғибадатханасының пәрідары, XI ғасырдың ежелгі емшісі Агапит, бұзылмаған әулие мүрдесінен әлі күнге дейін адамдар сауығып жатқанын айтып берген. Агапит қарапайым пірөдар болмаған. Ол ғұмырын ғибадатханада өткізген Шамбала Бодхисатвасы болды. Ол туралы, Қасиетті Рухтың өзі бойында болған деп айтылды. Оның ерекше Тұлғасының арқасында, кейінірек Киев-Печерск лаврасы тек ғылым мен мәдениеттің ошағы ғана емес, Ежелгі Орыс елінің ірі рухани орталығы болған.

Менің құмарпаз тұлғам цилиндрді ашқысы келген, бірақ Сэнсэй мені тоқтатып, сөзін айтты:

— Кейін қарайсың.

Мен цилиндрді Сергей, Валера мен Николай Андреевичтің қызыға қарауларымен сөмкеме абайлап салдым. Сэнсэй басқа ұяшыққа барды, ол жерде өте әдемі оюлармен

қашалған тас қобдиша тұрды. Ешқандай кілт пен құпия заттарсыз оны оңай ашты да, ол жерден алтын затты алып шықты. Қолында айналдырып, киімімен аздап сұртті.

— О, — деп Сэнсэй риза болды, — жаңаша жарқырап тұр.

Барлығымыз Сэнсэйдің қасына топырлай қалдық.

— Тамга дегеніміз осы ма? — деп сұрады Сергей.

— Дәл өзі!

Бұл затты қызығушылықпен қарай бастадық. Ол үш гүлі (жапырақшасы, күлтесі) бар лотос қауызы түріндегі алтын пластиналар болды. Ішінде ортасында көзі бар қиық пирамида. Пирамида үстінде, орталық гүлде құдды шыңы кесілгендей көлемді үшбұрыш көтерілген. Үшбұрыш ішінде үш сығылған шеңбер. Пирамиданың көзіне гауһар тасты еске түсіретін, бағалы тас салынған. Осындай әдеміліктен еріксіз таңқалыстар шығып жатты.

— Тамаша жұмыс! — деп Николай Андреевич таңдай қақты.

— Мұның бәрі жай далбаса, — деді Сэнсэй. — Бұл бар алтын... жай, үнемі жанартылып тұратын жиектеу (немесе жиегі, көмкеру) ғана.

— Ал сурет? — деді Сергей.

— Ол жай ғана Шамбалаға тиесілі екенін білдіреді. Ал көздегі тас, бұл иә... Бұл ең бастысы.

Сэнсэй тамганы қолында айналдырған кезде, айтылған сөздерді дәлелдегісі келгендей асыл тас еліктіре жарқ (шағылысты) етті.

— Гауһар тас (Бриллиант)? — деп сұрады Сергей.

— Жоқ. Гауһар тас секілді, бедерлеуі шеберлікпен жасалған. Бірақ шындығында гауһар тас емес. Бұл шығу тегі жерден болмаған жасанды тас (табиғи емес). Құрылымы бойынша әйнек пен кристаллдың ортасы. Әлемде бұл тастың бағасына тең ешқандай гауһар (бриллиант) жоқ, — деп Сэнсэй салмақты айтты және кішкене үнсіздіктен кейін: — Бұл асыл тас, өзін пайдалануға жеке білімі мен күші жеткендер үшін, таңғажайып қасиетке ие. Ал қалған адамдар үшін бұл тас ешқандай құнды емес... жай, бар болғаны әйнек, — деп қосты.

Сэнсэй қалтасынан қорапты алып, ол жерден жұмсақ шүберекті алды да, тамганы сүйіспеншілікпен, ұқыпты сүрте бастады.

— Бұл кристалл — ерекше асыл тас. Ол энергияны мәңгі сақтай алады және тек сақтап қана емес, бойындағы қуатты да еселейді. Кристалл өте ежелгі. Шығу тегі Жер шарынан болмағаны аз болғандай, осы асыл таспен Прави-лердің бірнеше ұрпағы медитация жасаған. Оның көмегі бағасыз, әсіресе күрделі медитациялармен жұмыс жасаушыларға... Асыл тас медитация кезінде өзімен жанасқан адам өрісінің жиелік сипаттамасын өзгертеді... Ол энергияның әсерін күшейтеді. Нәтижесінде, осы асыл таспен тұрақты жұмыс жасау иесін, өзіне дейін осы кристаллға иелік етіп, Нирванаға кеткендердің деңгейіне жеткізеді... Бұл кристаллда көптеген Прави буынының (ұрпағының) күші жатыр.

— Қызықты зат, — деді Сергей. — «Могикандардың соңғысы» («последним из Могикан») деп айтпақшы, егер бұл тас саналы алыс әлемдерден жеткен Жердегі жалғыз асыл тас болса таңқалмаймын.

— Жалғыз емес, — деді Сэнсэй. Осындай асыл тастың Жер бетінде жетеуі бар. Бесеуі Шамбала Әміршісі (Владыка Шамбалы) тамгасында, біреуі — Нави тамгасында және біреуі осы жерде, Прави тамгасында.

— Нави тамгасында? — деп Николай Андреевич таңқалды да, абайлап сұрады. — Қарсы жақта?

— Иә, — деп Сэнсэй жауап берді. — Бұл монада тепе-теңдігі үшін қажет. Дегенмен ол жақтың тамгасында басқа белгілер. Бірақ асыл тас көлемі Прави тамгасындағымен бірдей.

— Нормально! — деп Николай Андреевич таңқалды (шошынды, шок алды).

— Демек, нағыз шайқаста асыл тас күші емес, қарсыластардың рух күші жеңетіні, — деп Сергей өз болжамын айтты.

— Өте дұрыс. Әңгіме осы тас иелерінің жиналған жеке күштерінде.

— Ал Нави — олар кімдер? Кандуктар ма?

— Жоқ әрине, — деді Сэнсэй. — Түнек күштерінің иерархиясында Кандуктар төменгі сатыда. Ал Нави — бұл енді нақты (ауыр) мәселе.

— Демек, Этимондар мен Гелиарлар тек Кандуктармен күреспейтін болғаны ма?

— Иә. Оларды әмбебап Жарық Жауынгерлері (Воины Света) деп айтсақ болады.

Сэнсәйдің ойға батып, тамғаны мұқият сұрткенін бақылып, біздер бірнеше уақыт үнсіз тұрдық.

— Ал Шамбала Әміршісінің тамғасы қалай көрінеді? — деп үнсіздікті бұзып, ақыры сұрағымды қоюға батылым жетті.

— Әмірші тамғасы? — деп Сэнсэй қайталай сұрады да, түсіндіре бастады: — Енді, негізінде Прави тамғасы кейбір бөлшектерінде оған ұқсайды. Әмірші тамғасында да осындай ішінде көзі бар пирамида орналасқан лотос бар. Тек көз ойығына Прави мен Нави асыл тастарын қоса алғаннан айтарлықтай үлкен көлемдегі асыл тас қойылған. Бұл Шамбаланы білдіретін «барлығын көруші Көз» («всевидащего Ока») символы. Пирамиданың үстінде, орталық гүлде (жапырақта) кішкентай көз орналасқан, оған одан да қызықты тас салынған. Тығыздығы алмаздан айтарлықтай жоғары. Оның үлкен асыл тастан көлемі кіші болуы, оның маңыздылығын еш түсірмейді. Ол тура По дәні секілді. Және оған салынған күш, таусылмайды. Бұл асыл тас Жаратушының абсолютті билігін білдіреді, оның ішінде «барлығын көруші Көзге де» (билігін)... Шамбала Әміршісі тамғасында лотос дөңгелек алтын монадаға бекітілген, оның ішінде үшбұрышты болып орналасқан үш үлкен тас бар. Олар кішкентай асыл тас әкелінген және тек ол ғана емес, Орион шоқжұлдызының символы... Бұл асыл тастар құдайы үштікті көрсетеді, өмір мен өлімге күш пен билікті. Әлемде оны тағы Грааль белгісі деп атайды... Монада да бейнеленген комплексте, оның ішінде лотоста бар, барша әлемдік діндердің символы бар. Бұл адамдар әлеміндегі бар руханият Шамбаладан шығады дегенді білдереді... Иә, монада жандарында, сәндік үшін деп айтпақшы, соңғы тамга жаңартуында мысырлық тақырыптағы мүсінді бейнелер салынған.

— Шамбала Әміршісінің тамғасы салмақтылау болады екен, — деді де, Сергей ойнаған мысқылымен сөзін қосты: — Және барлығы таза алтыннан.

— Олай болмағанда, себебі бұл жай емес, Әміршінің тамғасы емес пе, — деп сол әзіл үнімен Сэнсэй жауап берді де, кейін жайдары түсіндірді: — Ал негізінде алтын бұл жағдайда мысалы темір секілді эрозияға, күміс секілді тотығуға ұшырамайтын ыңғайлы материал ретінде пайдаланылған. Сондықтан алтын — бұл жай ғана керекті материал. Ал белгілер... — Және күлкімен айтты: — Тек біздің заманымызда тамғаның мәндік белгісіне назар аударатын адам табыла қоймас. Көріп, ең жақсы дегенде қандай да бір мақтаншақ жаңа орыс деп ойлайды.

— Ал Әмірші тамғасы қайда сақталады? — деп Николай Андреевич сұрады.

— Қазір ол осындай капсуламен Лотос ғибадатханасында сақтаулы, — және Сергейдің кейінгі сұрақ қоятынын алдын-ала білгені анық, аузын енді аша бергенде, сөзін толықтырды, — Осирис басының үшінші көз аймағында орналасқан.

Сергей желкесін қасып, күлкілі айтты:

— Бұл Осирис еркек, сондай басы дәу немесе сен мені тағы мазақтап тұрсың. — Және Сэнсәйге өтінген көздерімен қарап: — Шын сөзім, сенің ребустарыңды шешуге қазір миым жасап тұрған жоқ. Қанекей, дұрысы өзін айтып берші, — деді.

— Сені тіптен мазақтап тұрғаным жоқ, — деді Сэнсэй жайдары. — Лотос ғибадатханасы шыныменде Осирис басында орналасқан.

— Енді бұл ауыспалы мағынасында шығар деп ойлаймын? Әлде шыныменде тура мағынасында ма?

— Тура десек болады, — деп күлді Сэнсэй, — дұрысы рельефті-географиялық. Біздер сұрақ көздерімен қарадық. Сэнсэй кішкене үзілістен кейін: — Қазір ол жерде Ежелгі Орыс елінің астанасы, Киев шаһары.

— Киев?! — деп таңқалды Николай Андреевич.

— Ал үшінші көз қай жерде орналасқан? — деп сұрады Сергей.

— Ол аймақ Исаның өтінішімен Андрей Первозванный лотос дәндерін екен жер. Қазір ол жерде Киев-Печерск лаврасы, — деп Сэнсэй нақтылады.

— Ал керек болса, Киевте қанша рет болсам да, бұл туралы білмеппін, — деп Николай Андреевич өзіне-өзі таңқалды.

— Киевті Осирис басы деп кім ойлаған? — деді Сергей өз ойына батып. — Бұл қала менде көбіне Чернобыль апатымен ассоциацияланады...

— Иә, Чернобыль кесірінен барша карталар былығып кете жаздады, — деді Сэнсэй ойлана.

— Қандай карталар? — деп Сергей түсінбеді.

— Енді қандай? Осирис басы туралы сәуегейлік (болжам)... Әңгіме мынада, жарылыстан кейін реактор тез өртене бастайды. Әрине ешқандай өрт сөндірушілер оны сөндіре алмас еді. Жағдайдың аса ауыр болғаны соншалықты, Шамбаланың араласуына тура келеді. Және бұл процесті мамандар өкінішке орай тіркей алды, себебі физика заңдарын бұза отырып, ядролық реакция күшеюдің орнына, қарқынды түрде ыдырай бастайды... — Және ішінен бір нәрсе туралы ойлағаны анық кішкене үнсіз тұрды да, сөзін қосты: — Дегенмен, басқа жағынан, егер Шамбала болмаса... Киев ендігі жоқ болар еді... Және сәуегейлікте (болжанған да) болмас еді.

— Ал ол қандай сәуегейлік? — деп сұрады Николай Андреевич.

— Ұзақ тарих, кейін айтып беремін.

Сэнсэй Прави тамгасын сұртуін аяқтап, жасаған жұмысына сүйсінді де Николай Андреевичке қарап:

— Айтпақшы, аңыз туралы... Сен Гордың сыйқырлы көзі (око) туралы аңызды естідің бе? — деп сұрады.

Ол: «Иә», — деп жауап берді.

— Ал ол қандай аңыз? — деп Сергей қызыға сұрады.

Николай Андреевич асығыс түсіндірді.

— Бұл ежелгі мысырлық аңыз. Осирис ұлы Гор шөл даланың зұлым құдайы Сетпен күреседі. Басында Гор жеңіліс тапқан және Сет ұрыста оның Көзін ойып алған. Ал кейін Гор Сетті ақыр соңы жеңіп, өзінің сыйқырлы Көзін (Око) қайтарып алады.

— Дұрыс, — деді Сэнсэй. — Ал сол «сыйқырлы Көздің» («волшебное Око»?) не екенін білесің бе?

Николай Андреевич білмейтіндігін көрсетіп иығын көтерді. Сэнсэй Прави тамгасына басын изеді.

— Міне осы Көз (Око)! Және күрес осы асыл тастың күшіне иелік ету үшін жүрген.

— Демек... аңыз болмағаны... Бұл шындық! — деп таңқалды Николай Андреевич. — Ал керек болса! Демек бұл Прави мен Нави күресі болғаны ма?!

— Өте дұрыс. Бірақ бұл туралы кейінірек, — деп күлді Сэнсэй.

Прави тамгасын шүберекке абайлап орап, қорапқа қойып қалтасына салды. Біздер оның іс-әрекетін бақылап, толық таңқалыс күйінде тұрдық.

— Ал қалай, кері қайтамыз ба? — деп Сэнсэй біздерді шынайылыққа оралтып, күтпеген ұсынысты айтты.

Біздер тіпті сасқалақтап қалдық, себебі бұл жерден асығыс ешкімнің кеткісі келмеді. Соншалықты ұзақ жүрумен жеттік, ал бұл жерде міне саған, ең қызықты сәтінде — «кері қайту».

— А-а... — деп созды Сергей.

— Қалай, бітті ме? — деді Николай Андреевичте таңқалып.

— Немене, аяқталды ма? — деп менде бір мезгілде сұрағымды қойдым.

— Сіздерге аз болды ма? — деді біздердің реакциямызға Сэнсэй күле қарап. — Жүріңдер. Біздерге әлі біршама жүру қажет. Жігіттерге жетемін дегенше... Онсызда осы тау ішінде сіздермен айтарлықтай жорғаладық... — деді күлкімен.

Ешкім аса бір қатты қарсылық айтпады және оның пайдасы жоқ еді. Шындығын айту керек, артқа қайтар жол ұзақ әрі ауыр болды. Бірақ Сэнсэй осы жаққа қарай жүрген кезінде

шаршадым болмаса бір нәрсеге көңілі толмағанын айтқанын көрпеппін. Керісінше, тез қозғалғаны соншалықты, артынан әрең үлгерумен болдық. Ал бұл жерде... Бірақ сонда да осы тас құжырадан ең болмаса ғибадатханада боламын деген жасырын үмітпен шыққанмын. Осындай мүмкіндік енді қашан болады? Осыған ұқсас ойлар тек жалғыз менде болмаған секілді. Біздер үлкен залмен байланыстырған дәлізбен жүрген кезде, Сергей ғибадатхана туралы Сэнсэйден сұрай бастады.

— Ал бұл не ғибадатхана?

— Лотос ғибадатханаларының бірі.

— Ал ішінде не бар?

— Ерекше ештеңе жоқ, Көлеңке өшіргіш (Стиратель тени).

— Ол жерге кіруге болады ма?

— Ол жақта не қызық бар дейсің? Кәдімгі ғибадатхана, — деп Сэнсэй әзілдеді.

Осы кезде біздер өзінің сирек кездесетін жұмсақ жарығы бар ежелгі құрылысқа шықтық. Жарық мұхитына шығып, осындай ғажайыпты демдерін ішке тартып тамашалап, барлығы еріксіз тоқтады. Әсіресе ғибадатхана кіреберісі көз тартады. Оның ақ түсті баспалдағымен көтеріліп, осындай ерекше гүлдің құпия қазынасына енуді жанымыз қалады. Біздер Сэнсэйге өтінген көздерімізбен үнсіз қарадық. Ал ол көзін түсіріп, кішкене ойланды да, кейін салмақты айтты:

— Жарайды. Кім бірінші?

— Немене, кезекпен кіру керек пе? — деп Николай Андреевич таңқалды.

— Иә.

— Ал ол жерде не бар?

— Өзің көресің.

— Ендеше мен бірінші, — деді Сергей.

Ол Сэнсэйге қарады да, кейін белгісіз өркениеттің осындай ұлы құпиялы құрылысына жақындаған сәтінен ләззат алғандай, кіреберіске асықпай жүрді. Жарыққа жақындаған сайын, сәулесі бар жағынан қаумалап, фигурасы барған сайын қараланып әрі бұлыңғыр бола түсті. Ол баспалдақпен көтерілді. Және... ғажайып гүл оны құшағына алды. Ғибадатхананың құпия кіреберісіне көз тігіп, бір минуттай үнсіз тұрдық. Бірақ ол бұрынғыша өзінің мінсіз нұрымен сәуле шашып, ол жерде тірі жанның бар екенін аз да болса білдіретін еш дыбыс шығармады.

— Келесі, — деп Сэнсэй салмақты айтып маған қарады.

Шынымды айтсам осы кезде аздап жеңіл қорқынышты сезіндім. Бірақ сонда да Сэнсэйге деген сенімім осы ғибадатханада жасырылған белгісіздік алдындағы қорқыныштан анағұрлым үлкен еді. Ол жақта не көремін деген кішкене толқынысыммен кіреберіске жақындадым. Сәуле шашқан жарық жұмсақ, нәзік болды және бұл мені біршама тыныштандырды. Мен ішке батыл кірдім. Өткел оңға бұрылған, кейін солға, жарыққа толы өзінің иілген (бұралаңдаған) лабиринтімен жүруге шақырғандай. Қызық, мен ішке өте берген сайын, түсініксіз үдеген ішкі салқындықты сезіне бастадым. Дегенмен мен демалған ауа жылы болды. Аязды күндегідей қолдарым тоңа бастады.

Кішкене лабиринттен мен гүлдің ортасында орналасқан болуы керек, дөңгелек (шеңберлі) бөлмеге түстім. Маған ортасында құдды күн сәулесіндей бағана қатты сәуле шашқандай көрінді. Және осы жарыққа қатты еніп кеткім келді, себебі сол жерде жылынамын деп ойладым. Еш ойланбастан ортасына қадам бастым және... Жылудың орнына бойымды мұп-мұздай салқындық биледі, қолдарым еріксіз жұмылды. Бар тәнімді қатты діріл басты, тура мыңдаған электрлі инелер тәніме қадалғандай. Басым айналды. Еден аяғымнан жылдам кете бастады.

Көзімнің көруімен қандай да бір табиғи емес нәрселер болды. Қатты жарық қандай да бір қараңғы дақтармен алмасып, ал олардың жылдамдығы үдете күшейді. Ақыр соңында барлығы жоғалды. Мүлдем қараңғы болды. Кейін қараңғылықтан қатты жарық нүктелер жарқылдай бастады. Олар кеңейіп, түрлі-түсті болды, бір-бірімен қосылып көлемді тірі картиналарға айналып жатты. Көзімді ашып-жұму ештеңеге әкелмеді, картиналар қалай

болса солай қала берді. Оның үстіне мен тәнімді мүлдем сезіне алмадым. Сезінулерім, ойларым жоғалды, мен тура жер әлемінен азат әрі еркін болғандаймын. Және картиналар біршама қорқынышты көрінсе де, неге екенін қайдам мен оларды өзімше сабырлықпен қабылдадым. Дүрлігудің орнына ерекше қанықтық (анықтық), айналада болып жатқанның мәнін терең түсіну.

Оқиғалар бірінің артынан бірі ауысып, үзінді түрінде көрінсе, енді бірде ғаламдық масштабта пайда болды. Үлкен көпірдің құлауы, әлемге әйгілі діни қайраткердің өлімі, қиратушы жер сілкіністері, су тасқындары, алапат құйындар, елді мекендерді жоқ қылған цунами. Кенеттен оянған жанартаулар өзінің отты-күлді атқылауымен жолындағының барлығын жайпады. Полюстердегі мұздықтардың еруі, үлкен айсбергтердің соғысуы. Мұхит пен өзен суларының жылдам көтерілуі. Жағалауға жақын тұтас бір мегаполистер санаулы сағат ішінде суға кетті. Кейбір жағалау мемлекеттері (суға жақын мемлекеттер) аз уақыт ішінде тіптен Жер бетінен жойылды. Және бұл катаклизмдердің барлығы көтерілген толқындай — аяқ астынан құйылып кейін тынышталды да, ал артынан одан бетер күші мен үлкен қиратулар әкеліп қайта төгілді және уақытша қайта сөнді.

Күнде ерекше күшті жарқылдар пайда болды. Аралдар мен континенттер орындарынан қозғалып, бір құрлыққа бірігіп, біршама тез қозғала бастады. Мұхиттың жылы ағысы өзінің бағытын өзгертті. Жыл мезгілдері өзгерді. Қатты жылыну лезде салқындаумен ауысты. Егіннің шықпауы, аштық, қирау... Үрей мен хаостың толық бір патшалығы дерсің. Ғаламдық катаклизмдердің қорқынышы барша планетаны жаулады. Табиғат апаттарынан ең аз зардап шеккен жалғыз құрлық аймақтары, кейбір Евразия аудандары болды, құрдымға кеткен өркениеттің соңғы рухани қорғаны (діңгегі) мен баспанасы болғандай...

Картиналар пайда болғаны секілді жылдам жоғалып, бөлек фрагменттерге бөлініп, нүктеге дейін кішірейді. Барлығы қайтадан қараңғыланды. Аяқ астынан өз тәнімді сезінуім қайта оралды. Жарқ еткен қатты жарық сезімдерім мен ойларыма оралтты. Қанша бүртүрлі болса да, бірақ мен бұрынғы жерімде тұрдым. Тырнақтарым алақанымға ауырта жабысып қалған екен. Картинада бар көрген апаттарды есіме түсіріп, ұғынғаннан кейін, мені қатты үрей басты. Неге екенін білмеймін, бірақ көргендерім *жақын жылдары болатынына* нық сенімді болдым. Мен инерциямен жарық бағанынан шығып келесі лабиринтке бағыт алған кезде апатиямен шектескен амалсыздықтың ауырлығы бойымды биледі. Қорқынышты апаттардың сценалары бірінің артынан бірі жадымда қайталанып, алдағы келе жатқан оқиғаларға ойларымда үрей мен үмітсіздікті күшейтті.

Езгідей басқан осы күймен ғибадатхана шыға берісіне қалай тап болғанымды өзім байқамадым. Жаңа ғана біздің алдымызда осындай таңғажайып, сиқырлы панораманы алғаш рет ашқан арка астында Сергей басқаларды күтіп, ойға батып тұр. Мен үнсіз қосылдым. Көрген бар сұмдық басымда қайта-қайта айнала берді. Қашып құтыла алмас өлімнен үрейленіп, мен беймәлім өркениеттің осындай керемет құрылысына, оның сызықтарының мінсіздігіне, қайталанбас жарқырауы мен қардай аппақ тазалығына жан тебіренерлік сағынышпен қарадым. Және аяқ астынан ұғындым, мәңгілік рухани құндылықтар мен уақытша, негатив, жаман арасындағы айырмашылық қаншалықты қанық десеңші. Қаншама өркениет, қаншама табиғат катаклизмдерінен бұл құрылыс аман қалды? Және әңгіме бұл құрылыста (құрылым) да емес, осыны салғандарда. Бұл ғибадатхананы қандай да бір апатты әсер етуден мыңдаған жыл алдыға қорғап қою үшін қаншалықты білім қорына ие болу керек?

Ойға батып тұрғанымда ғибадатхана шыға берісінде Николай Андреевичтің фигурасы көрінді. Таңқаларлық, бірақ оны жай жарық қаумалаған жоқ. Ұшқын шашқан кемпірқосақ сақинасы тәнін тығыз көмкергендей әсер қалдырды. Әсіресе олар бас аймағында көп болды. Маған бұл неге екенін білмедім, бірақ Кириан эффектін есіме түсірді. Алайда Николай Андреевич ғибадатханадан шыға бергені сол еді, бұл жарқырау лезде жоғалды. Осындай ерекше құбылысқа қызыққан мен, өз ойларымнан кішкене назарымды бұрып, ғибадатхананың «кіру-шығу» аймағын мұқият қарай бастадым. Біздерге Николай Андреевич қосылғаннан кейін, саңылаудан (ойықтан) Валера көрінді. Оның жарқырауы

анағұрлым көлемді әрі қанық болды. Қатты жарқырауына тіпті Николай Андреевичте тыныш даусымен:

— Ого! Иә, жігіт осы айлар ішінде біздер Сэнсэй жанында болған жылдардан анағұрлым көпке қолы жеткен екен, — деп таңқалды.

Бірақ Сэнсэй шыққан кезде, барлығымыз еріксіз демімізді ішке тарттық. Біздер тіпті бұл — Сэнсэй екенін бірден түсінбедік. Бұл орасан зор, көз тұндырар жарқыраған аурасы бар Біреу болды. Үстінде ақ түсті туника (ежелгі заманның ұзын етек, қысқа жеңді сырт көйлегі). Өте әдемі, келбетті жүзін аққұба шаштары жиектеген. Бірақ ең ерекше болғаны оның көздері болды, қайталанбас өте таныс (жақын) оның көздері. Және осы сәтте бұл көзқарасты қайдан көргенім есіме түсті. Ертеректе біздің ұжыммен теңізде демалғанмын. Сол кезде мен тау шыңынан түскен, Қызыл Салт атты (красный Всадник) туралы біртүрлі (түсініксіз) түс көргенмін. Оның таңғажайып көздері, Ригден Джаппоның көзқарасы, қазір көз алдымда бүге-шүгесіне дейін қайта келді.

Ішкі толқу (діріл) бар болмысымды басты. Кенеттен «Лотос гүлім» өзімен-өзі көрінбейтін, бірақ көкірек тұсымда біршама сезілген «гүлдерінің тербелуін» бастады. Осындай шын Жүзін көруден туындаған шаттық сезімі тыныштық күйімен қосылды. Ішкі жан дүниемде барлығы тыныш әрі жақсы болғаны сондай, тура жанымды (рухымды) біреу аппақ қардай нәзік гүлдерге орағандай болды.

Бұл ерекше көрініс бар-жоғы бірнеше секундқа созылды. Бірақ қандай секунд десеңші! Белгісіз Мәңгілік циклынан болған секундтар. Рухыңның ең қасиетті бұрышына өзінің өшірілмес ізін қалдыратын секундтар. Қанша жылдар өтсе де, өзінің ғажайып кадрларын жадыда қаз қалпында қайта ойнатып, сөзбен айтып жеткізе алмас шабытты сезімнің ерекше гаммасын қайта сыйлайтын секундтар. Бұл сәтке уақыт шыныменде қауқарсыз.

Осы таңғажайып Болмыс ғибадатхана аркасынан шыға бергенде, жарық қас-қағымда көзді шағылыстырып жарқ етті. Көру қабілетіміз қалпына келгенде, біздерге қарай келе жатқан көңіл-күйі анық көтеріңкі, арқасында сөмкесі бар жүріс киімімен Сэнсэйді қалыпты бет-әлпетімен көрдік. Осындай лезде түрленуге ауыздарымызды ашқан біздер, оның келуін үнсіз таңқала бақыладық. Ол жайдары күлімдеп біздерге келді де, ғибадатханаға қарап, кейін:

— Ал Қалай, жандарың риза ма? — деді.

— Олай болмағанда! — деп Сергей барлығы үшін жауап берді.

— Ендеше достар, жолға шығайық.

Және туннельге өтетін жартас аркасын бірінші болып өтті. Ал біздер ғажайып Лотос ғибадатханасына қоштасқан көздерімізбен қарап, бір-бірімізмен еш ақылдаспастан, бір сәтте оған қарап басымызды идік. Осындай ішкі шын ниет әрбіріміздің жанымызда пайда болған секілді және оның күшті болғаны соншалықты, ешбіріміз басқаларының көзінше осылай жасауға еш қысылмадық. Сэнсэй тоқтады да, біздерге қарап күлді:

— Жүріңдер енді, фанатиктер!

Қиын өткелдері бар кері қайтар жолды, барлық бөгеттерді автоматты еңсеріп, мүлдем байқамадым десем де болады. Менің нағыз лабиринтім ойларым болды, дұрысы жасырын үңгірдің ежелгі ғибадатхана қабырғасындағы екі түрлі күйдің от шашуы. Катастрофалар мен табиғат катаклизмдерінің картинасы Ригденнің салмақты (тыныш) көзқарасымен алмасып жатты. Және бұл көзқарасы таңқаларлық эффект берді: ол тыныштандырды, жаныңды ерекше терең мейірімділікпен аялады. Оның тегеуріне шыдай алмай хайуани негіз булана ұшты, тіпті ол ешқашан болмағандай. Енді табиғат апатының картинасы басымда біршама тыныш айналып, көргенімді талдауға мүмкіндік берді.

Өзінің жоғары технологияларымен кеудесін көтерген біздің адамзат өркениеті қаншалықты нәзік (әлсіз)! Жердің бір демі және қалалардың орнына — қирандылар, пайдалы техниканың орнына — керексіз металл үйіндісі, бейбіт қоғамның орнына — бір тілім нан мен жер үшін соғысқан кландар. Жинау үшін адамдар бар ғұмырын сарп ететін осы бар дүниелік қаншалықты сенімсіз әрі елес десеңші. Қаншама жүйке, рухани күш текке кетіп жатыр! Ал қоршаған ортаға адаммен қаншама қара негатив лақтырылып, бұдан тек

адамдар ғана емес, табиғатта, ондағы бар тіршілік те зардап шегеді. Осындай жасаған зұлымдықтан кейін, Жердің шыдамының таусылғанына таңқалуға болады ма?...

Ойға шомып уақыттың тез өткенін еш байқамай қалыпшын, біздер таныс үндірге шықтық. Айтпақшы бұл жолы сақиналы өткелді ешқандай психологиялық фокуссыз әдеттегідей жүріп өттік. Осы жерде қалған жігіттер, «көрермендер» лоджиында әркім қалаған жерінде тыныш ұйықтап жатыр екен. Оятып алмас үшін тыныш көтеріліп, шаршағаннан тас орындықтарға жайғаса кеттік.

— Енді бір сағаттай тынығып, әрі қарай жылжу керек, — деді Сэнсэй ыңғайлырақ жайғасып.

Басына сөмкесін жастанып орындыққа жатты. Біздер де солай жасадық.

* * *

— Бұлай қорылдап жатқан кім? — деген Сэнсэйдің даусын ұйықтап жатып естідім.

— Шыныменде Вано ма?! — деп Сергей күле айтты.

— Дәл өзі, инквизитор! — деген Женьканың даусы естілді. — Қорылымен мазаны алып бітірді! Бұл «шайналған пластинка» жүйкеме тие бастады.

Ұйықтап жатқан адамның ерніне мегафонды тақағандай бөлме ішінде шыныменде қатты қорылдың дыбысы шықты. Көздерімді аштым. Сені терең ұйқы сәтінде оятып, әлі дұрыс есінді жинамаған, қайда екенінді, тіпті өзіңнен не қалайтыныңды білмейтін күйде болдым. Шынайылық, болып жатқан шынайы емеспен шектескендей, қай жағында өмір сүріп жатқаныңды сен әлі дұрыс түсіне алмайсың. Бас «ауырлады» деп айтпақшы. Мен көздерімді уқалап, айналама қарадым. Жігіттердің көбі әлі ұйықтап жатыр. Сэнсэй, Сергей мен Женьканың қасында төменде тұр.

Ер адамдар Ваноның қорылына күліп тұрған кезде, мен өткен оқиғаларды есіме алып, жағдайға біршама бағдар жасадым. Жадымда ғажайып Лотос ғибадатханасы мен естеліктерім жарқ етті. Бірақ басқа жағынан ұйқымнан әлі толық оянбағанымнан екені анық, күмәндарым келе бастады: «Ал бұл шын мәнінде болды ма?»

Сэнсэй, Сергей мен Женька әзілдерін айтып, Ваноның қуатты қорыл даусы шыққан әлгі «дыбыстық» балконға бағыт алды. Мен түпкілікті ояну үшін арттарынан еруді ұйғардым. Бірақ ер адамдарды қуып жеткенде, көп емес уақыт бұрын болған оқиғалардың шынайылығына байланысты тағы да күмән толқыны басты.

Мен тоқтадым да, сол жақ тас қабырғаның соңындағы жартастың кертпешіне (уступ) қолшамды жақтым. Оның артында біздің осы таудың құпияларына қызықты сапарымызды бастаған сол әлгі сақиналы өткел бар тұғын. Барлық күмәндарымды сейілту үшін, сол кертпешке барып, бұрышына кірдім. Ең батыл-жолаушыларды тосып, туннельдің арғы жағында сақиналы өткел өз орнында екен. Оған бағыттап қолшамды жақтым. Және жартасқа шебер «басылған» ойықтың мінсіз саңылауына тағы да таңқалдым. Осы кезде залдан ер адамдардың күлкілері естілді. Оларға қосылу үшін асығыс қозғалдым. Барлық күмәнім сейілген секілді, бірақ сонда да барлығы бұрынғыдай болмаған қандай да бір қызық сезім туындады. Бірақ дәл не екенін, ақыры түсіне алмадым.

«Дыбыс балконында» жайлы жатқандай Иоанн әкей тәтті ұйықтап жатты. Залдың тамаша акустикасы әкейдің қорылынан шыққан барлық фугаларды (музыкалық термин) жеткізді. Оны ояту үшін айқайлауға оқтала бергенбіз. Бірақ Женька барлығымызды тоқтатып, осындай спецификалық (арнайы) шаруаға өзінің кандидатурасын ұсынды. Ол балконға көтеріліп, Ваноны өзі оятқысы келді.

— Мен оған Ақырет күнінің қорқынышын көрсетейін! — деп жігіт жеңімпазша жымия айтты. — Қазір ол менің қорқынышымның бар күшін көреді...

Женька алдағы жеңісіне қолдарын түріп, буындарын аздап қыздырды да, ерекше құмарлықпен тік жарқабақпен балконға міне бастады. Біздер оқиғаның әрі қарайғы дамуын төменнен бақылап тұрдық. Жігіт мысықша ептілікпен балкон «ернеуіне» дыбыссыз

көтерілді. Иоанн әкейді ұстау үшін соңғы қимылды жасау қалған. Женька құрбандығына атылғалы тұрған қаблан секілді секіріске дайындалғаны анық. Ойлаған «сұмдығын» енді іске асыра бергенде, оның қимылына қарсы Ваноның қолы оқтай атылып, тамағынан айырылмастай қысып алды.

— Ой, й-ё-ё-ё! — деген тұншыққан дыбыс залға таралып, лоджидан ауыр дененің гүрс етіп құлаған даусы естілді.

Балконда қолшам жарығы жылып етті.

— А, бұл сен бе, бала! Саған не керек? — деген әкейдің таңқалған даусы тәтті есінеуімен қатар естілді. — О, ал бетіңе не болған, маңдайыңа көздер шыққан ба?..

Женька жөтеліп, кейін қарлығы сөйледі:

— Немене, немене, мен оған кері қайтамыз деген жақсы хабарды алып келсем, ал ол...

Женьканың осындай «шын ниетінің» түрленуінен Сэнсэй мен Сергей езулерін жия алмады. Ұйқылы-оюу Вано балконнан көрінді.

— О, кері қайтамыз ба? — деп Сэнсэйді көріп сұрады. — Осыншалықты тез бе? Ал мен енді ғана арқамды жазып, көздерімді жұма бастап едім, сіздер мына жақтан...

— Угу, көздерін жұмыпты, — деп Женька тұра жатып міңгірледі, мойнын сипап, жағымпаз шыңқылдақ дауысты салып: Сіздің «үздік уағызыңызды» әулие әкей, жеткілікті ұзақ уақыт тыңдау құрметіне ие болдық...

— Солай ма? — деп күлді әкей. — Ештеңе етпейді ұлым, бұл сіз үшін біршама пайдалы іс. Өйткені жаман құмарлықты мойынсұну ғана жояды, тек тән шыдамдылығы рухты көтереді...

Бұл сөздерін айтып әкей өзінің жатағынан төмен түсе бастады. Женькада артынан қозғалып, тек аяғы қатты жерге тиген кезде ғана аздап күңкілдеді. Ваномен сәтсіз әзілі Женьканы әзілдерге одан бетер желіктіргендей. Және Сэнсэй оны басқа жігіттерді кері қайтар жолға жиналу үшін оятуға өтінген кезде, міне осы жерде оның қайнаған қиялы өзін көрсетті. Женьканың әзілдерінің «құрбандары» Стас пен Андрей болды. Ал қалғандары жігіттердің қарқылынан оянды. Жалпы айтқанда бұл тарих әдеттегідей көңілді күлкі, әзілмен аяқталды.

Ал мен, жалпы көңілді күйге қарамастан, өзімнің біртүрлі сезімдерімді талдауға тырыстым. Және осы кезде не дұрыс болмағанын кенеттен түсіндім. Неге екенін қайдам, үңгір залында біздер күш сала сұрткен тау хрусталына ұқсас әлгі жарқыраған айналы кристаллдар болмады. Мен жылдам әлгі сатыларды іздеп таптым, араларында көп емес уақыт бұрын өзім шаң мен ластықтан тазалаған әлгі «айналар» болуы керек еді. Бірақ жарқыраған көз тұндырарлық теп-тегіс кристаллдың орнына, мен ол жерден бір шеті тасқа белгілі бір бұрышпен сәл енген ойпаңды ғана таптым. Және оның қоршаған сұрлықтан еш айырмашылығы болған жоқ. Өткен оқиғалардың шынайылығына күмәннің ағыны басыма қайтадан құйылды.

Ойыққа қолымды салып, сипап көрдім. Қолшам жарығымен «тас» бетінде болмашы жарқырау пайда болды. Үмітім пайда болып, орамалымды алдым да, кішкене аймақты шаңнан мұқият сүрте бастадым. Солай болып шықты — сан ғасырлық шаң мен ластық қабатында маған таныс жылтыраған кристалл жатыр. «Біздер тазартқан кристаллдар лезде сол дақтар пен шаң-тозаңмен басылған, бұл қалайша болуы мүмкін? Мүмкін біздер оларды тіптен де тазартпаған шығармыз? Мүмкін бұл жай ғана түс шығар? Бірақ қалайша түс болады, егер бұл кристаллды сұрткенім анық есімде болса...» ешнәрсені түсінбей, мен бар «дәлелдерге» қарамастан, бұл түсім шығар деген оймен өз заттарыма қарай жүрдім. Бірақ осы кезде жиналған ұжым қасынан өтіп бара жатып, Ваноның Сергейден тыныш сұрап жатқанын естідім:

— Ал қалай барып келдіңдер, нәтиже бар ма?

— Танк әскеріндегі тәртіп, — деп ол басын изеді.

«Нәтиже бар ма?! Қандай нәтиже? — деп осы кезде кенеттен ойыма түсті: — Тамга! Ендеше менің қол сөмкемде Агапит пергаменті жатуы керек!» Мен сөмкеме жүгіріп, асығыс жібін шеше бастадым. Ақыры ашып, сөмкеге асығыс қолымды салдым. Бірден

цилиндрді таптым. Бойымды толқу биледі. Бірақ сөмкеден цилиндрді алуға тырысқанымда, білдіртпей келген Сэнсэй қолын иығыма қойып, қозғалысымды тоқтата бірден сөзін айтты.

— Мен айттым емес пе, кейін көресің.

Айтқан сөздері әрі кенеттен пайда болуы мені селт еткізді. Бұзық баланың асығыс қимылындай қолымды цилиндрден тартып алдым да, рюкзактың арқандарын қатты түйінге көрсете тарттым. Ғибадатханаға сапарым туралы күмәндарымның тіпті ізі де қалмады.

Кейінірек ойға шомдым: «Ал керек болса, Николай Андреевич біздерге кездейсоқ деп иландыруға тырысқан Қырымға саяхатымыз тектен-тек болмаған екен». Бірақ не таңқалатыны бар? Сэнсэймен танысқаннан бастап оның жанында болып жатқанның еш кездейсоқ еместігін байқадым. Аузынан «кездейсоқтық» деп шыққан сөздері, істері мен өмір салты, өзімен жолыққан адамдардың кейінгі оқиғаларының толық бір тізбегін тудырып, тағдырларын білдіртпестен өзгертіп жатты.

Біздер жиналып қайтар жолға шықтық. Еліктірген белгісіздікке қарағанда, кейін (артқа) қайту әрқашан кішкене ауырлау, жоқ дегенде маған солай көрінді. Көп сағатты жүріс өзінікін алып, тыныстау үшін біздер жиі тоқтай бастадық. Жер асты ендігі қалыпты орта секілді қабылданып, қалыптыға әдеттегідей аз назар аударылды. Бұл менің жанымды терең тербеген, үзілген құпия, Ғибадатханадағы оқиғаларды ойлап, зейінімді жинақтауға мүмкіндік берді. Көтеріңкі сезімнің толқын шыңы қандай да бір ішкі жеңілдік пен ашықтықтың ерекше күйіне түсірген сол естен кетпес кадрлар, басымда бірнеше рет айналды. Сэнсэйдің шын жүзі, пенделік жаныңды терең тербеген оның естен кетпес көзқарасы, қандай да бір діни мандражға өскен ішкі дірілімді тудырды. Алдыда кетіп бара жатқан Сэнсэй фигурасына назарымды салдым және менің көтеріңкі ойларым өзімен-өзі оны біздің құтқарылуымыз үшін күнәға батқан әлемімізге келген ұлы Болмыс дәрежесіне көтерді.

Кенет өткір тасқа жырып, Сэнсэй қолын жарақаттап алды. Барлығы әбігерленіп оған көмекке ұмтылды. Ол жай құлықсыз қолын сілтеп, шыға беріске аз қалды, кейін шыққасын қолды таңамыз деді. Бірақ бұл жағдайға қарамастан, менің діни мандражым кетпеді, тіпті керісінше күшейді. Жадымда Ұлы адамдардың азап шеккен сценалары көріне бастады. Бұл кезде «пальмалы» карст үңгірінен өтіп жатқанбыз. Жол біршама тыныс болып, шыға беріске тіптен аз қалған. Сэнсэй кідіріп қалды. Жігіттер әрі қарай жүргенде, ол маған жақындады. Құрдымға кетіп бара жатқан адамзатты құтқаратын басқа әлемнің Болмысы туралы кезекті ойлар ұшқынынан толқыған жүрегім қатты соқты. Ал Сэнсэй айыптағандай басын шайқап, келесі сөздерін айтты:

— Мен қарапайым адаммын... Көріп тұрмысың, менен де қан ағады, менің де тәніме батады... **Әрбір адам өзінің құтқарылуы туралы басқа біреу өзі үшін келіп, барлығын жасайды деп күтпей өзі үшін қам жеуі керек. Руханиятты сырттан емес, өзінің ішкі жан дүниесінен іздеу қажет. Және жай ғана іздеп емес, Онымен қосылуға ұмтылып, өз өмірінің мейірімді (жақсы) Жасампазы болу. Жаратушы әрбір адамның жүрегінде. Және тек өзіміздің ішкі жан дүниемізбен Оны тани аламыз және Құдайға жете аламыз.**

Сэнсэй бұл сөздерімен менің қызбалығымды басқаны соншалықты, әлемге шынайы қарауға мәжбүрледі. Және шынымеңде, барлығы адамның өзінде және оның өзекті мәселесін ешкім ол үшін шешіп бермейді. Ал біздерге біреудің келіп, біздер үшін барлығын жасап бергенін қалаймыз... Ал өзімізге «жыбырлаған құрттан, әдемі көбелекке» түрленуге мойнымыз жар бермейді. Дегенмен бұл үшін біздерге барлық құралдар берілген, тек жасампаздықты бастасаң болғаны... Бар қиындығы қарапайымдылығында...

Бұл ойларым жоғала салысымен, маған тыныштық бермеген жаппай қайғы-қасірет картинасы туралы ой толғанысым лезде жаңа толқын легімен санама құйылды. Ғибадатханада көргенімді қайталап айтуға тіптен де тырыспастан, жанымда келе жатқан Сэнсэйге дәл осы алаңдатқан ойларымды асығыс айта бастадым.

— Бірақ олар адамдар емес пе... Олар білмейді, қауіпті ескерту қажет. Ол жерде қаншама қайғы-қасірет. Менің оларға көмектескім келеді... оларға жеткізгім келеді... Егер адамдар түсінсе жақсы болады, олар құтқарыла алады дегенге сенемін...

— О, аңғал бала, — деп Сэнсэй күрсініп, жанарын басқа жаққа аударды. — Саған дейін мұны қаншама тұлғалар жасауға талпынғанын сен тіпті де елестете алмайсың. Ал олар адам ойының құпиясын білетін ұлы Шеберлер еді. Және олардың да қолынан жарытып келгені шамалы. Адамдар пенде болып қала береді. Және өкінішке орай, мың жыл өтсе де, еш нәрсе өзгерген жоқ.

— Енді неліктен? Шеберлер босқа талпынғаны ма?! — деп мен наразы болдым. — Ең болмағанда аз-аздан, бірақ жөнді іс шықты емес пе. Осының өзі қуантады! Мен әрине Шебер, тіпті әлі Адамда емеспін түсінемін, өз-өзіммен әлі тоқтаусыз жұмыс жасау қажет... Бірақ мен адамдарға қатты көмектескім келеді, өзім білгенді оларға жеткізгім келеді... Өйткені бұл біреу үшін мәнін түсінуге мүмкіндік беретін, жалғыз құтқарушы кемесі (қамысы). Қандай жағдайда да бұл Мүмкіндік!

Сэнсэй менің шын ниетпен сөйлегеніме мейірімді жымыды да, айтты:

— Енді бұған қатысты саған не айта аламын? **Күшті ниетпен болған ізгі ойлар — ізгі істердің жаршысы. Ізгі істер — жетілген рухтың мәні. Батылдық Рух күшін тудырады. Рух күші Бірлікке бастайды. Бірлік Күшті он еселейді. Бірегей Рух (немесе Біріккен, Тұтас Рух) циклды өзгертеді. Жалпы нәтиже әрбірінің еңбегіне (жұмысына) байланысты. Әрбірінің еңбегі (жұмысы) ішкі жиелігінің өзгерісіне. Жиелік, По шекарасынан шығаратын қас-қағымға секіріс.**

(Благие мысли при сильном желании — предвестники благих деяний. Благие деяния — суть созревающих душ. Смелость порождает Силу духа. Сила духа сплачивает в Единство. Единство удешевляет Силу, Единый Дух изменяет цикл. Общий результат зависит от усилий каждого. Усилия каждого от изменения внутренней частоты. Частота есть скачок мгновения, выводящий за пределы По).

Сэнсэй үнсіз қалды. Және ол қарапайым сөздерді айтса да, бірақ басымда «толық мелшию» болды. Сол кезде бұл сөздер жадымда өзінің ерекшелігімен қадалған, алайда мәні мен үшін түсініксіздеу болған. Бірақ кейінірек сол кезде айтқан Сэнсэйдің әрбір сөзіне, өмірдің өзі-ақ кілт болды.

* * *

Біздерді шыға берістен бөліп тұрған таудың соңғы кедергісі — тар саңылауда жорғалаған кезде, ол ендігі алғашқыдай қорқынышты болмады. Керісінше, тезірек тысқа шығуды қалап, соңғы метрлерін ерекше шабытпен еңсердік. Өзімнің субъективті сезімдерімді басшылыққа алып, мен жер астында он екі сағаттай болдым, ымырт түскен шығар деп ойлағанмын. Бірақ біздер жоғарыға шыққан кезде, күн жарқырап тұрды. Демек, жер астында біздер тәулікке жақын болғанбыз. Және айта кету керек, өзімнің құшақ жетпес кең табиғатыма қайта көтерілгенімнен ерекше ләззат алдым. Ең болмаса ұзақ қараңғылықтан кейін күндізгі жарықтың, табиғаттың алдында ашқан сан түрлі түстерінің гаммасын түсініп, бойыңды сергітетін саф ауаны жұтып, болмашы соққан желді, тәніңмен кеңістікті сезініп, көздеріңмен оның қиырларына көз тастау үшін және бітпес жер асты қараңғы лабиринтерімен ұзақ жүрістен кейінгі жиналған шаршаудан демалу үшін, үңгірде шыныменде болуға тұрарлық екен.

Кіреберістен алыс емес жерде Татьяна мен Костя шатыр құрып, біздердің оралуымызды күткен. Олар шаршаған отрядты қуана қарсы алып, жер асты саяхаты туралы сұрай бастады. Бірақ болған оқиғаларды тек жалпылай айтуға ғана халықтың күші жетті.

Біршама шаршағандықтан, халық бұл күнді жақсылап демалуға арнап, ал келесі күні біздер көліктерімізді тастап кеткен ауылға барамыз деп шешті. Себебі ауылға баратын жолда жақын болмады. Мен ұйқымды жақсылап қандыру туралы армандап едім, бірақ ұйықтайтын қапшығыма кіріп, басым рахаттана «жастыққа» (көпшікке) тие бергені сол еді, бұл тек жиырма минутқа ғана созылды. Ал кейін ұйқым тіптен қашып кетті. Татьяна ендігі

пысылдап ұйықтап жатты, ал мен дөңбекшіп еш көзім ілінбеді. Сапарымыздың ең толқытқан сәттері ойымда үнемі қайталанумен болды. Бірақ сонымен бірге күдігімде жай жатпады. Олар тура мазаны алған шыбын-шіркейлерше ызындап, осы саяхаттың құпиялы естеліктерінің қасында айналып және әрбір ыңғайлы сәтте өзінің сұрақтарымен «тістеп» алуға тырысты. Неліктен айналы кристаллда оны мыңдаған жылдар бойы ешкім тазаламағандай шоң-тозанның қалың қабаты болды? Бірақ мен оларды сұрткенімді анық білемін. Неліктен Лотос ғибадатханасында ешқандай көлеңке болмады? Себебі мен тіпті екі алақанымды бір-біріне жақындатқанымда да олардың арасында жұмсақ жарық болды. Қалқан капсуласы ашылған сәтте, неліктен біздер бөлмеден шығып, қандай да бір белгісіз газдан қашып, жалғыз мүйізді жылқының бас сүйегі тұрған тас тұғыр артына не үшін тығылды? Жалғыз мүйізді жылқы (единорог)?! Мүмкін бұл миымның сандырағы шығар? Шаршадым, ұйықтадым, түсіме не кіргенін құдай білсін? Ал цилиндр ше?! Мүмкін мен ұйқылы-ояу кезде Сэнсэй маған цилиндрді беріп, ешқандай мән бермей мен оны өзімнің сөмкеме салған болармын. Салдарынан осындай біртүрлі түс болды. Бірақ, егер осының барлығы ұйқы, түс болса, ендеше осы «түстегі» Сэнсэйден естіген осыншалықты ақпарат қайдан?! Өйткені осы уақытқа дейін осындайды естіп те, көргенім де жоқ! Дегенмен кей кездері түпсана адаммен сорақы әзілдейді деп Сэнсэй айтқан... Хм, шығу тегі жерден тыс жасанды тас... Қайдағы бір Прави тамгасы, Әмірші тамгасы?! Жарық Жауынгерлері (Воины Света)... Гордың «Сыйқырлы Көзі» (Волшебное Око)... Киев... Чернобыль... Шамбала... Осирис Басы. Сандырақ дерсің, қалайша Киев Осирис басы болады? Оның үстіне осы баста Лотос ғибадатханасы болса?! Жоға, бұл нақты менің сандырағым. Өмірде не болмайды дейсің. Бұның түс болғаны айдан анық!»

Ақыр соңында ойларымнан аздап назарымды бөлу үшін, жүріп қайтамын деп шештім. Сөнгелі жатқан от алауы жанында Сергей мен Иоанн әкей отыр. Вано шаршаулы болса, ал Сергей керісінше, сергек көрінеді.

— Кедергі болмаймын ба? — деп жанған отқа келіп сұрадым.

— Кел, қосыл, — деп Вано жымия шақырды. — Неге ұйықтамадың?

— Қайдан болсын! — деп қолымды сілтедім.

— Ендеше, қанекей шай ішейік, — деп Сергей ұсыныс жасады.

Бес минуттан кейін біздің үнсіз шай ішуімізге Валера қосылды, кейін Николай Андреевич. Және Ваноның: «Немене, ұйқы болмай тұр ма, дәрігер?» деген сұрағына, ол да мен секілді жауап берді: «Қайдан болсын!» Сапарда болған оқиғалар, барлығымызға естен кетпес әсер қалдырғаны анық. Көп ұзамай шатырынан Сэнсэй шықты. Түскі асымыздан кейін бар-жоғы екі сағаттай өтсе де, Сэнсэй біршама тыныққандай көрінді.

— О, сіздер тұрғансыздар ма? — деп біздің ұжымға көз тастап, Сэнсэй әзілдеді.

— Ал біздер ұйқыға жатпадық, — деп Вано да әзілмен жауап қатты.

— Осындай көргеннің барлығынан кейін қалай көз ілесің? — деді психотерапевт. — Бертольд Брехт айтпақшы: «Ешқандай сапар (саяхат) дұрыс ойлауға қайту секілді қиын болмайды».

Сэнсэй күлді де, сөзін айтты:

— Ұйықтағыларың келмесе, ендеше кеттік... Тағы бір қызық көрсетейін.

«Тағы да?!» — деп сергектене түстім. Бұл мені қызықтырды.

— Ал сіздермен маған да баруға болады ма? — деп Сэнсэйден абайлай сұрадым.

— Әрине болады, — деді Сэнсэй солай болуы керектей.

Шаршауларына қарамастан, отырғандардың ешбіреуі бұл серуендеуге қарсы болмай, тіпті қайда және не үшін барамыз деп те сұрамады. Керісінше, барлығы ұйымдаса қозғалып, солай болуы керектей орындарынан атып тұрды. Сергей өрт болмас үшін алдын алып, сөнгелі жатқан отты шәйгүмдегі сумен сөндірді.

— Ал құрал-саймандар қажет болады ма? — деп сұрады Николай Андреевич.

— Жоқ, осылай серуендеп қайтайық, — деп Сэнсэй қолын сілтеді.

Біздер алдымен жартас жанымен серуендеген адымдарымызбен өтіп, Қырымның таулы ауасына және қайталанбас табиғат сұлулығынан ләззат алдық. Кейін білінбейтін

(көрінбейтін) соқпағымыз ғажайып түрлі ағаштар арасымен біздерді жоғарыға, жасыл шөппен көмкерілген алаңқайға әкелді. Күнге қурап үлгермеген шөп, әрбір алақандай жерді тастан ұрыспен алып, жарыққа түйінімен ұмтылды (будағымен, шоғымен, байламымен). Ашық таудың шалғынды кілемінде қою жасыл қылқанымен ерекшеленген арша да көзіме түсті. Ол Табиғат-Анаға тағзым етіп, жерді құшақтап, бұталарын әр жаққа жайып жібергендей. Біз неғұрлым биікке көтерілген сайын, алдымызда тау пейзажының әдемі панорамасы ашылып, осынау кең аспан кеңістігінде еркіндік пен ой ұшқынының қызықты сезімін тудырды.

Вано мен Сергей қызықты тарихтарын айтып, жолымызды біршама жағымды етті. Қанша дегенмен жер үстіндегі жол мүмкін табиғат сұлулығының осындай сан түрлі қанықтығына, оның қайнаған өмірінен бе, жер астындағыдай ауыр әрі қажытатындай көрінбеді. Таудағы жаяу серуеніміздің соңғы аядамасына жеткен кезде, уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қалдық.

— Осы жер, — деп Сэнсэй құздың төменін нұсқады.

Біздің топ үлкен тас «ескерткішке» түсе бастады. Бұл көп тонналы сұлу, өте ежелгі құрылым екені анық. Кезінде жақсы өңделген жандары (шеттері) желмен тозған, кейбір жерлері бұзылған. Қайтпек керек, ай астында ешкімде мәңгілік емес демекші. Барлығы да бір күндері қирап және барлығының да ақыры болады. Бірақ ұзақ ғұмыр жасаушы-алып өзінің тас аяқтарында нық тұрып, бір кездері өзінің иығына салған ауыр тас плита-жүгін Аспанды көтерген Атлант секілді ұстап тұрды.

— Иә, ғажайып жаратылыс! — деді Николай Андреевич.

— Шаруасы жоқтықтан зардабын осылай тартушы кім? — деп Иоанн әкей әзілдеді.

— Сенде қатырасың! — деп Сергей күле наразы болды. — Бұл дегенің дольмен емес пе! Бұл ежелгінің ұлы архитектурасы!

— Мынау архитектура ма?! Қолыма көтергіш кранды беріндерші, сендерге осындай «архитектураны» қалағандарыңша жасап берейін.

— Әңгіме осында болып тұр ғой, саған «қолыңа көтергіш кранды» беру керек, ал олар оны пайдаланбай-ақ көтерген.

— Иә, ал бұл олардың қай қажетіне керек бола қалды? — деп Сергейдің одан әрмен қытығына тигені анық, Вано иығын көтерді.

— Қай қажеті деймісің? — деп ол мысқылдады да, әзілмен жауап берді: — Міне археологтарда болжап әлектенеді: «Осындай құрылым олардың қай қажетіне керек болған?» деп.

Ұжым күліп жіберді. Сергей мен Вано әзілдеп жатқан кезде, біздер Николай Андреевич және Валерамен дольменді айналып шықтық.

— Иә, — деп тас сеңіне қолын тигізіп, дәрігер тыныш айтты, — ерте ғасырлық құрылысшылар қандай да бір әмбебап күшке болмаса техникаға ие болғаны сөзсіз.

— Қызық, оларды өңдеп, орнатқан кімдер екен? — деп сұрадым.

— Жұмбақ. Ежелгі дольмендердің кейбірін өңдеу ежелгі тас ғасырына кетеді. Ал ол кезде біздің ресми тарих нақтылайтындай, тек аңшылар мен терім терушілер өмір сүрген. Дегенмен... — Николай Андреевич жымиды, — тарихшылар секілді ешкім де тарихты өзгертпейді деп айтады. Бірақ, дольмендер мен мегалиттік (алып тастардың) құрылыстардың парадоксы мынада, комплекс қаншалықты ежелгі болған сайын, соғұрлым үлкен әрі күшті бола түседі. Яғни ежелгі дәуірге, алып, мұқият ойластырылған және жоспарланған құрылымдар тән (құбылыс) және оларда астрономиялық және геометриялық білімдер жиі кездеседі. Ол нені білдіреді? Ежелгі заман адамдарының маңызды білімдерге ие болғанын.

— Осындай алыпты салу үшін қаншама адамдарды тарту керек болды екен?

— Ең қызығы, бұрындары Жер бетіндегі адам саны қазіргімен салыстырғанда анағұрлым аз болғандығында. Және олар Жер шарының түрлі аймақтарында шашыраңқы жайылған. Бүгінгі біздердегідей миллиард емес.

— Осындай дольмендерді не үшін салды екен, қызықты?

Николай Андреевич иығын көтерді.

— Бұл «ержүрек жауынгерлерді жерлеу» («погребения витязей») үшін деп саналады, дегенмен дольмендердің көбісі бос. Ешқандай адам тәнінің ізі жоқ. Бастысы, бұл дольмендер барлық құрлықтарға жайылып, барша әлемде кездеседі. Тек тарихқа дейінгі Еуропаның аймақтарында, шамамен мыңнан астам бірдей архитектуралар бар. Ғалымдар тіпті тас монолиттерін өлшеу арқылы ежелгі замандарда, Еуропада бірдей ұзындық өлшемі — мегалиттік ярд қабылданғанын есептеп шыққан. Ол 82,9 сантиметрді құрайды. Сәйкесінше бұл алыптарды салушылар математиканы да жақсы меңгерген деп сенімді болжауға болады. Және бұл алыптарды қалай орнатқаны белгісіз.

Дольменді айналып өтіп, алыс емес жерде жатқан тастың үстінде отырған Сэнсэй мен Валераға келіп қосылдық. Сәл кейінірек Ваню мен Сергей келді. Табиғаттың сұлу картинасынан ләззат алып біздер кішкене уақыт үнсіз қалдық. Жел таудың жасыл етегін өзінің үстем толқындарымен серпіп, төмендегі ағаштардың бастарын қозғады. Осы жерден ашылған көзді арбаған тау пейзажы, өзінің көлемді панорамасымен еліктіреді. Айналада ерекше тыныштық орнады — сан ғасырлық естеліктің (жадтың) мәңгілік сақшысы.

— Иә... — деді Сэнсэй ойлана. — Қаншама жыл өтті...

Сергей оған қарады да, біртүрлі жасқана сұрады:

— Қызық, бұл карт-дольменге қанша ғасыр болды екен?

— Көп,.. өте көп, — деп Сэнсэй жауап берді. — Бұл Прави дольмені (алыптас)... Және кішкене үнсіз қалды да, кенеттен сөзін қосты: — Айтпақшы, егер мына бағытқа ойша тіке сызық жүргізсе, онда бір кездері, ерте-ерте замандарда ғажайып көл жағасындағы шыныменде жұмақ мекен болған Ригден Джаппоның бұрынғы «резиденциясына» шығатын еді. Өкінішке орай, қазір ол жерде Қара теңіздің толқындары тербелуде.

— Ендеше сол ежелгі құрылыстың қалдықтарын ниет болса теңіз түбінен іздеп табуға болады ма?

— Ниет (тілек) болса барлығы мүмкін, — деді Сэнсэй жайдары.

Сергей кішкене үнсіздік сақтап кейін:

— Ал бұл сең тастарына, егер тау жынысына қарасақ бұл жерден болмағаны анық, — деді.

Сэнсэй дольмендерге қарап басын изеді.

— Иә, оларды осы жерден тоқсан километр алыстан әкелген.

— Әдемі, — деді Сергей.

Сөздерімен келісіп Сэнсэй басын изеді.

Барлығы сол жаққа назарларын аударды. Шынымды айтсам, қандай сұлулық туралы болып жатқанын түсінбедім. Тастың аты тас, тек жергілікті тастардан сәл айырмашылығы бар. Ал былай...

— Бұл жерде Прави-лардың бірі жерленген, — деді Сэнсэй.

— Сонда қалай, бұл жерде оның мүрдесінің қалдықтары бар ма? — деп Николай Андреевич қызыға сұрады.

— Бұл оның тәнінің Жердегі соңғы панасы. Осы жерден ол Нирванаға кеткен.

— Егер осы жерде Прави жерленсе, демек бұл жердің қуатты энергетикасы болуы керек, — деді Николай Андреевич байқампаздықпен. — Кішкене кристаллдың өзі қалай сезілді, ал бұл жерде тұтас бір дольмен. Және ешқандай сезінулер жоқ.

Сэнсэй алысқа көз тастап, сөздерін айтты:

— Бұл тастарға ендігі біршама жыл. Осы жердің бұрынғы энергетикалық фоны, өкінішке орай ендігі толық сейілген.

— Ал басқа дольмендер де осындай мағынада ма? — деп Николай Андреевич сұрағын қойды.

— Қандай екеніне байланысты, — деп Сэнсэй иығын көтерді. — Кей кездері бұл Гелиарлар мен Этимондардың салған құрылысы болған. Бұл дольмендерді кезінде күш қақпаны ретінде пайдаланған.

— Қандай мағынасында? — деп сұрады Сергей.

— Тағы бірде айтып берермін... Кейінірек адамдар ендігі кіші дольмендердің құрылысында оларға еліктеген.

— Демек, бұл жерде Прави мүрдесінің қалдықтары бар? — деп Иоанн әкей қайта нақтылады.

— Бұл жерде ешқандай мүрде қалдығы жоқ.

— Қалайша жоқ? Сен осы жерде жерленді деп айттың емес пе.

— Осы жерде біздің түсінігімізде ғана өлді. Ал шын мәнінде алдымен тәнін атом және субатом бөлшектеріне бұзып, ол Нирванаға саналы кеткен. Сондықтан бұл жерден тәнінің күлін де таппайсың.

Вано Сэнсэйге күмәнданған көз қиығын салды:

— Олай болуы мүмкін емес.

— Болғанда қандай, — деді Сэнсэй жайдары. — Барша материя секілді адам тәні де жай иллюзия. Бұл жинақталған (фокусталған) толқын. Және бұл туралы саған бірнеше қайтара айтқанмын. Тілек-қалауыңа байланысты тәннен қалағаныңды жасауға болады, әсіресе ол тәнде болған Адам айтарлықтай рухани биікке көтерілсе. Ол тәнін энергетикалық бөлшектеп немесе өмірлік процестерді тежегені соншалықты, оның органикасы ұзақ уақыт сақталып тірі болатындай, алайда өзі тәнде ендігі жоқ болатындай жасай алады. Яғни оның тәні ешбір жері — тері органикасымен де, шаштары, тырнақтарымен де — тірі ағзадан еш айырмашылығы болмайды. Тіпті шіру процесі кезінде шығатын жаман иіс те жоқ. Жалғыз хош иіс қана! Және бұл тәннің қайда болатыны еш маңызды емес. Жерде, үнгірде немесе ашық ауада. Материямен вариация (түрлендіру) өте көп. Өйткені егер бойында рух басым болса, саған Жаратушы күші ашылмақ. Ал Құдайы күш үшін мүмкін емес еш нәрсе жоқ.

— Енді, соңғы айтқаныңмен сөзсіз келісемін, — деп Иоанн әкей жұмсақ айтты да, лезде наразы болды: — Бірақ тіпті әулиелердің де сүйегі бұзылу процесіне ұшырайды емес пе.

Сэнсэй оған қандай да бір өткір көздерімен қарап құпия жымиды да:

— Менің сөздеріме көзің жететін өміріңде оқиға болады. Бес жылдан кейін, сен Бурятияда 1927 жылы жерленген буддалық монахтың тәнін алуда өзің боласың, — деді.

— Мен бе?! — деп Иоанн әкей таңқалғанынан қастарын көтерді. — Бурятияда? Мен ол жақта не жоғалттым, оның үстіне буддалық монах қабірінде?.. Сен әзілдеп тұрмысың?

— Жоқ, — деді Сэнсэй.

Сөздеріндегі шындықтың процентін анықтауға тырысып, Вано досына жымия қарады. Ал Сергей болса әкейдің арқасынан қағып, таңдайын қақты:

— Әрбір әзілде, әзілдің үлесі бар. Сондықтан қалай айналдырсанда, сені бір-ақ жол күтіп тұр — Бурятияға!

Және жақын болашаққа шақырған... ишарасын көрсетті. Барлығы күлді.

— Иә, Сэнсэй, сен мені жақсылап аттандырған екенсің, — деп күлді Вано. — Ал керек болса, Бурятияға! Кішкене оңтүстік жаққа қарай жібере алмадың ба, мысалы Канар аралдарына...

— Жо, — деп әзіл үнін қолдап, Сэнсэй қолын сілтеді, — әлгі Канар саған не үшін қажет? Ол жақта көп ұзамай қар жауады.

— Сен не, Сэнсэй, ол Канар емес пе! Ол Испания, Африканың солтүстік-батыс жағалауы! Мәңгілік жаз арасында қайдағы қар?! — деп Вано күле қарсылық айтты. — Жоқ, сен географияны нақты білмейсің бе!

— Ол үнемі өзгеріп тұрса, оған мен кінәлімін бе? — деп сол үнмен күле Сэнсэй жауап қайтарды. Осы барша бөлшектерді бытырасымен есте сақтап көр.

Барлығы қайта күлді.

— Ал не бопты — өмір болжамға келмейді, — деді Сергей жымысқыланып. — Мысалға, бірнеше сағат бұрын өзімді мойныма айқыш асынып, сақалмен діни киімге оранып шіркеуде тұрғанымды көрдім. Және бұл неге әкеліп соқты?

Сергей Сэнсэйге қарады.

— Жаратушының жолдары жұмбақ, — деді ол еш қиналмай.

— Ал менің көргендерім, — деп аяқ астынан Николай Андреевич салмақты үнімен сөз бастады. — Басында қандай да бір түсініксіз, мен тіпті табиғи емес (жасанды) табиғат белгілері деп айтсам болады. Жер сілкінісі, айдың тұтылуынан кейін екен деймін, біздің жерлерге мүлдем жат улы жылан, ормандағы үлкен құмырсқа илеуін қопарып, құмырсқаларды өзінің салмағымен басып илеудің ортасына жатқан екен. Жылан сол жерде жатыр, ал жұмысшы қара құмырсқалар қауіпті тіптен көрмегендей тура астына кіруде. Ал ол біліп, сақинаға оралып, оларды өзінің салмағымен езгілейді. Мен таяқты алып қуып жібергім келген. Бірақ жылан жыбырлап, кобра тұрысына тұра қалды... Оның үстіне үлкендігі екі адам бойындай. Қорқыныштан тіпті сілейіп қалдым. Қарасам, сақинаша оралуының ортасында ескерткішке ұқсас жер глобусы. Және сол жылан қалай шабуылын бастады, мені сол қорқынышты көруімнен лақтырып жіберді...

— Еркектер, тыңдаңыздар, сендер немене әлгі үңгірде қандай да бір газбен уланып қалған жоқсындар ма? — деп Вано әзілдеуге тырысты. — Біреуі Бурятияға жібереді, екіншісі қарнындағы айқышты (крест) көреді, үшіншісі тіпті рептилияға тиіседі.

Бірақ күткен күлкі орнына Иоанн әкей тек мардымсыз күлкіге ұқсасты көрді.

— Мүмкін, — деп әзілін Николай Андреевич болмашы қолдады. — Тек барлығы тым шынайы... себебі жылан, тек басында жылан болды. Әрине рептилия алдында кейбір қорқынышты сезінетінім анық және миым қандай да бір қауіпті сол бейнемен жай ғана ассоциациялаған. Егер соңғы күндері ойларымды Деструкторлар мен Кандуктар туралы сұрақ мазалаған жағдайды ескеретін болсақ, ендеше дәл осы туралы менің түпсанам маған қандай да бір ақпаратты жеткізуге тырысқаны анық... Енді былай, әрең сытылып үлгерген едім, мені бір көріністен, анағұрлым қорқынышты шынайылыққа лақтырып жіберді. Бір нәрсені мәнерлеп айтып тұрған үлкен тобыр арасында тұрмын. Бірақ адамдар өздерін тым біртүрлі ұстайды, құдды айкезбелер (сомнамбул) секілді. Сиқырланғандай бір ұрандарды тоқтаусыз қайталап, бір ақпаратты өз-өздеріне тура сөзбе-сөз айтып жатыр. Сыртқы жымыястарының артында — жасырын агрессия, ал трибуннан сөйлеген «дұрыс сөздері» артында — толған өтірік...

Николай Андреевич әңгімесін аяқтағанда, Сэнсэй сөзін айтты:

— Сенің көргенің, бұл өкінішке орай жақын болашақ, ақырдың (соңғының) басы.

Сэнсэй кішкене үнсіз тұрды да, кіріспесіз (алғы сөзсіз) біртүрлі өлең шумақтарын оқи бастады.

— Қиылысқан заман уақытында
Ақиқаттың орнын өтірік басады.
Шегінің бір жыл алдында Сөз берілді
Бірақ оның жаңғырығы - бостыққа айқай,
Құлақ асатындар аз болады.
Сан, қосындысында шексіздік,
Тігінен төңкерілген,
Қаһардың қақпасын ашады.
Қателік — бұл кілт,
Пандораның қорабын ашатын.
Бұл күні теңіздің Иесі оянады,
Шаштарды шайқап,
Жүздеген мың өмірді жалмайды
Ақымақтық пен Эго үшін бірінші зауал.
Екінші зауал күтпеген жерден келеді
Адамдар әлемін бұдан да үлкен қорқынышқа
түсіріп...

Во времена Перекрестья
Кривда заменит Правду.
У края за год Слово дано
Но эхо его — крик в пустоту,
Мало кто слышит.
Число, в сумме бесконечность,
Перевёрнутая в вертикаль,
Откроет врата Гнева.
Ошибка есть ключ,
Вскрывший ящик Пандоры.
Владыка морской в день сей
проснётся,
Встряхнув волосами,
И сотни тысяч жизней поглотит
Первой расплатой за Глупость и Эго.
Вторая расплата достигнет внезапно
Мир людской в больший ужас
ввергая...

Толған табиғат апаттары туралы бұл біртүрлі өлеңді тыңдап, келе жатқан оқиғалар мен географиясын ойларымда нәтижесіз нақтылауға тырыстым. Сэнсэй өлеңді айтып болған кезде тыныштық орнады.

— Сенде асыра айтып жібердің, — деп Вано бірінші шыдай алмады. — Тыныштандыруды білесің.

Сэнсэй иығын көтерді.

— Босаңсыйтын уақыт емес.

— Қайдағы «босаңсу болсын»? Басымда ендігі ежелгі-еуропалық орындаудағы толған «қытай иероглифтері». Және осы «жинақ» нені білдіреді?

— Түсінікті шаруа, жақында аяғымыз аспаннан келеді! — деп Сергей ойланбастан айтты да, сол бойда дұрыстап, мен жаққа қарады. — Әрине сөзім үшін кешіріңіздер.

— Енді бұл чукчаға да түсінікті, ал нақтырақ? — деп Иоанн әкей сұрағын қойды.

— Саған нақты не болатынын айтсам, сен бәрібір сенбейсің, — деді Сэнсэй.

— Енді неліктен сенбеймін?!

— Ал саған Батька (Әкей) Генсек болғаннан кейін екінші күні Одақтың ыдырауы туралы айтса, сен қатты сенер ме едің?

— Әрине жоқ.

— Мінекей, ал сен Одақтың ыдырауымен салыстырғанда жер мен көк болғанды айтып бергенімді қалайсың.

— Соншалықты нашар болғаны ма?

— Одан бетер.

— Ал маған Одақтың ыдырауы, өз Отанымның құлауынан жаман нәрсені ойлап табу мүмкін емес сияқты. Тіпті табиғат апаттары да соншалықты қорқынышты емес, — деді Сергей.

— Өкінішке орай, — деп Сэнсэй жауап берді, — болашақта адамдарды сондай ауыр сынақтар күтіп тұр, осыдан аман өтулеріне бір Құдайдың өзі жәрдем етсін! Ал славян территорияларына келер болсақ, жақын болашақта олар жер шарының көптеген климаттық босқындарының құтқарушы панасы болмақ. Және әсіресе осы территорияларға, тәтті бөлігі секілді Архонттар «көздерін» салады. Өтірік-шыны аралас істерімен жерлерін иеленуге бар күштерін салып, осы жерлердің Қожасы болуға талпынады. Жерді сатып алу үшін үлкен қаражат құяды, себебі жақын арада ақшаның еш құны болмайтынын жақсы түсінеді. Қағазбен қарын тойдыра алмайсың. Ақша өз маңыздылығын жоғалтады. Мысалы доллардың кімге керегі бар, егер Американың өзі болмаса? Сондықтан қарт шағына ақша жинап әуреленбесең де болады, — деп Сэнсэй Николай Андреевичке назарын ұстап, күлімдеді. — Өте жақын болашақта, адамдар арасындағы материалды ең құндысы ас-азық (тағам), жылу және баспана болатын замандар келеді. Бірақ осы дүниедегі барлығы секілді бұл да өткінші құбылыс. Өмірлерін арнаған материалдық құндылықтарын жоғалтқанда, адамдар рухани байлықты жылдам жинаудың қаншалықты маңызды екенін сезіне бастайды. — Және кішкене үнсіздіктен кейін, сөзін қосты: — Жер шарын өте ауыр, үлкен апаттар күтіп тұр. Және ядросы Ресей, Украина және Белоруссия болған тек славяндардың рухани бірлігі ғана, Жер бетіндегі көптеген адамдардың аман қалуына көмектеседі. Өйткені славяндар — тек өздерін ғана емес, адамзатты тұтастай алғанда аман алып қалатын әлемдегі жалғыз рухани тірек. Басқа жағдайда, егер адамдар әлемінде Хайуани негіздің үстемдігі бұрынғыша сақталатын болса, әрине славяндарды өзара ұрыстырып бөлшектеп, олардан Эго-ның құлдарын жасауға тырысса, бұл өркениеттің тарихына соңғы нүктесі қойылады...

Көз алдыма Гибадатханада көрген ғаламдық апаттардың картинасы, құдды тіріге айналғандай қайтадан көрінді. Қысқа уақыт аралығында әлем қирады. Табиғаттың ашу-ызасына тап болған көптеген адамдар, ажал құшып жатты. Әлем үлкен құзға құлар шекте әрең тепе-теңдігін ұстап тұрғанын сезіндім. Және табиғат апатының осындай қиян-кескісі мен пенделік зұлымдықта, барша адамдардың, оның ішінде менде бармын, тірі қалуы екіталай екенін жақсы түсіндім. Сөзсіз ажал құшатынынды сездірген бұл күшті сезім өткізген әрбір сәтіннің құндылығын көрсетіп, жаңа өмір импульсін берді. Және тек бір

нәрсені қаладым: соңғы қас-қағым сәттерді өзімнің рухым, Жаратушы ризалығы үшін, адамдарға игілік үшін максималды пайдамен өткізу.

Осындай ойға батқан сәтімде, менің кезекті таңқалысыма орай ер адамдар Гелиарлар туралы әңгіме бастады.

— ...Осындай ғаламдық соңы болады екен, ендеше өлім алдында ең болмағанда шынымен рухымызды құрметтеп, адамдарға рухани көмектесіп, оларға рухани игілік үшін қызмет етейік, — деп әкей өзінің әңгімесін аяқтады.

— Иә, Гелиарлар адамзат өмір сүретін шексіз мәселелердің материалдық елесінде емес, мүлдем басқа, нағыз шынайылықта өмір сүрді, — деп Сэнсэй Иоанн әкейге жауап беріп, басын изеді. — Ластықпен әр күні шайқасып, олар рухани күштерін жетілдіріп, күшейткен. Ал Рухани күш тек табиғатты басқарып қана емес, планеталарды да қозғайды. **Және Жаратушы шынайылығында болғанға мүмкін емес ешнәрсе жоқ.** Сондықтан Гелиарлар мен Этимондар Ұлы Жауынгерлер деп лайықты аталған. Бұл қарапайым адамдар қатарынан шығып, өзінің Хайуани негізін жеңе алған, тұтастыққа жетіп адамдар үшін сананың арғы жағында ластықпен ұрысқа түсушілер. Рухтарының тазалығы, Жаратушыға шын қызметімен, олар өздеріне ең құнды рухани марапатты алды: өлімді жеңіп Нирванаға, Құдайдың нағыз шынайылығына кету құқығын. Жаратушымен бірге болудың осындай бақытын, тек күн сайын оған табанды еңбегімен ұмтылушы ғана бағалай алмақ.

— Иә, — деп Николай Андреевич ойланды, — бұл шыныменде ешқандай жердегі марапатпен, оның ішінде сенің еңбегінді қоғам бағалағанымен тіптен салыстыруға келмейді. Және көбінде бұл мақтаулардың барлығы, жай арқаннан мақұлдап қаққан алдамшы дүние...

— ... және артыңнан жақсылап тебу, — деп сөзін Сергей жалғастырды.

— Міне-міне, — деді Николай Андреевич жабырқай. — Тек көрінетін елес қана.

— Адамдар шын марапат — сенің еңбегінді қоршаған қоғамның бағалауы деп көбінде қателеседі, — деді Сэнсэй. — Және бұл сыртқы сюжеттен адамның ішкі мәні өзінің тұтастығын алмайды. Түпсана деңгейінде адам өзінің жеке мәселелерінің комплексімен, көңілі толмауымен қалады... Уақыт тез өтеді және бір кездері маңызды көрінген тек тез өзгеріп қоймай, уақыт өте мәнін де жоғалтады. Және өз-өзіне көңілі толмаушылық, үмітінің алдауы, өткізген өмірінің елесі, сайып келгенде ішкі батпан ауырлықтың қысымы мен ғұмырының мағынасыз болғандығын үдетеді. Бұрындары маңызды көрінгені, уақыт өте өзектілігін жоғалтып, шаң-тозаңға, өткеннің керексіз боқтығына айналады. Кешкен ғұмырына баға беріп, әрбір адам, өмірді босқа сүрмедім деп өзін ақтауға тырысады. Неліктен? Себебі шын мәнінде болған барша оқиғаларға қарамастан, ол өзіне көңілі толмайды, себебі ішкі жан дүниесіндегі өмірі бос болды. Ол бар күшін сыртқыға жұмсап, ішкі жан дүниесімен жұмыс жасауға қолы тимеді. Және бар сыртқысы түтін, сағым секілді өзінің алдамшылығымен көзді байлап, түнекке батырды...

Хайуани негіз алдаудың жолын үнемі табады. Себебі ол бұл дүниенің қожасы. Адам бұл дүниеге қонақ секілді. Бұл әлем уақытша, жай ғана иллюзия, осы жерге түскен әрбір тұлға бақыт табамын деп армандайды. Осы бақытқа байланысты түрлі замандарда әртүрлі иллюзия болған. Бүгінде — бұл ақшаға деген сән. Көп адамдарға егер өздері аздап ақша тапса, тілеген бақыттарына жететіндей көрінеді. Адам ақша табады, ал ішкі жан дүниесінде бұрынғыша жабырқау. Ойлайды, егер байып кетсем, нақты бақытымды табамын деп. Байды, ал жан дүниесіне бір нәрсе жетіспей тұрады. Адам қазір билікке қолымды жеткізгем болды басқа ештеңе керек емес деп армандайды. Билігі қолына тиеді, ал көңіл толмаушылық бәрібірде бар. Мінекей, президент креслосына отырсам жетемін дейді. Және президент болып өзімен жеке қалғанда, әлгі бақыттың жоқтығы мәселесімен бетпе-бет қалады, бар тырысканы бекершілік екенін түсінеді. Еңсерген жолдарының ешбірі көптен күткен бақытын сыйламады. Себебі шын бақытты адам рухымен үйлесімділікте болып, оны тек ішкі жан дүниесінен таба алмақ.

Осыған байланысты өте ежелгі және ұзақ тәмсіл (өсиет әңгімесі) бар. Бірақ ең бастысын қысқаша айтатын болсақ, заманауи тілде ол жобамен осылай естіледі. «Табиғат адамды осы

дүниеге әкелгенде, өмір тынысын қалайтынын сұраған жоқ. Бірақ адам есейіп, өзі секілділер арасындағы ойлаушы болмысқа айналды. Балабақшаға барған кездерінде, тезірек мектепке баруды қалаған. Себебі ол жақта анағұрлым қызықты болады деп ойлады. Есейіп мектепке барады. Бірақ көңілі тез суиды. Мектепте де іш пыстырарлық өмір екен, тек артық мәселелері қосылған. Және адам тезірек мектепті бітіріп, институтқа түсуді армандайды. Міне сол жерде, өзінің ойынша нағыз өмір бар, мектебін аяқтап институтқа түседі. Армандаған өмірі әлі жоқ, ал мәселелері тағы да көбейген. Адам ойлайды: жарайды, жақсы жұмысқа кіріп, өзіме жайлы лауазым іліп алсам, отбасын құрсам, міне сол кезде дұрысынан өмір сүрем дейді. Уақыт өтеді, тілек-қалауы орындалады. Ал шын өмірі қалай болмады, солай қала берді, қанша дегенмен қарбалас, бітпейтін мәселелердің ұзын-сонар тізбегі. Адам ойлайды: міне зейнеткерлікке шыққан кезде бар армандарымды анық орындаймын. Зейнеткерлікке жетті, қартайды, ешкімге керегі жоқ. Қарап тұрса өлімнің де есігі алыс емес екен, жарытып өмір сүріп те үлгермеген, бақыт туралы арманы да арман боп қала берген. Балабақшадан зейнеткерлікке дейінгі ғұмыры зымырап өте шыққан, ал адам — *шын өмірдің* қандай екенін ақыры тани алмаған. Дүниеге тыр жалаңаш болып қалай келсе, өзімен бірде-бір нәрсені алмастан солай кетті. Табиғат адамды арғы дүниеге алып бара жатқанда, өмірдің бір жұтым ауасын қалайсың ба деп сұрамаған». Ал ғибраты (өнегесі) мынада: Хайуани негіздің ең үлкен алдауы, ол адамнан өзінің ішкі жан дүниесінің шын күші мен болашаққа қаншалықты жоспарлар құрса да, өзі дүние салатын «қазіргі шақтың» ерте ме, кеш пе болатынын жасыруға тырысады...

Сэнсэй айтып жатты, ал менде түрлі сезімдер пайда болды. Иә, егер материя позициясынан қарайтын болсақ, өмір баға жетпес құнды, қайталанбас әрі жалғыз секілді. Алайда, егер талдап қарасақ, біздер шыныменде өзіміздің қараңғылығымызда өмір кешеміз. Және бастысы, ішкі жан дүниемізге назар аудармай, бар күшті сыртқыға төгеміз. Ертең-ақ барлығы жақсы болады деген қандай да бір елес үмітпен өмір сүреміз. Егер бұл үмітімізді жоғалтып алсақ, өзіміздің мәнсіз ғұмыр кешуіміздің сары уайымына салынамыз. Ал өмір — ол әрқашан «осы жерде және дәл қазір». Және бірінші кезекте бұл ішкі жан дүниенің өмірі, сенің ойларыңның өмірі. Бірақ, егер рух материяның таусылмас қалауларының үнемі ішкі қысымында болса, бұл өмір ме? Бұл бітпес (мәңгілік) азап шегу.

— ...Қарапайым адамдардан Гелиарлардың айырмашылығы, олар хайуани негіз иллюзиясын жыртады, — деп Сэнсэй әңгімесін жалғастырды. — Олар үшін өмір — бұл күрес. Олар өмірлерін күреске арнап және бірде-бір секундын иллюзияға жұмсамайды. Гелиарлар Жаратушыға қызмет етіп, ластықтың аласапыран ісін тиып, қарапайым адамдардың өмірі үшін күреседі. Ұрпақтан-ұрпаққа Мейірімділік пен Зұлым күштердің соңғы шайқасы туралы аңыздар беріліп келеді. Ал Гелиарлар бұл ақіретті күтпейді, батылдықпен «осы жерде және дәл қазір» шайқасқа кіреді. Олар адамдардың Жаратушының Махаббаты мен Жасампаздығының сұлулығын тану үшін, өз өмірлерін құрбандыққа тігеді. — Сэнсэй, мен «түсімде» көргенге өте ұқсас қорапты қалтасынан шығарды. Таңданысымнан тіпті демім тарылды. Бірақ қолында айналдырып, ашпады. — Сөзсіз, бұл қысқа уақыт аралығында Құдай шынайылығына апаратын жол. Бірақ, жолдастар, оның қаншалықты қиын екенін сіздер тіпті де елестете алмайсыздар... Біріншіден, бұл қауіпті жол. Сіздер ластықпен шайқасу дегенді, ол сіздерден қаншама батылдық пен күш қажет ететінін білмейсіздер. Тіпті сіздердің тәжірибиелеріңіз онымен еш салыстыруға келмейді. Сондықтан ластықпен күреске түсу үшін, ең бірінші кезекте Хайуани негізінді шынжырлау үшін бар күш-жігеріңді салу қажет, әйтпесе ол сізді құртады. Екіншіден, сіздер Гелиардың өмірі қандай екенін білмейсіздер. Қоршаған көздер үшін әдеттегі қарапайым өмірден бөлек, Гелиар күнделікті ауыр, қажытатын рухани жұмыс жүргізеді және бұл сіздердің жақындарыңызды айтпағанда, сіздер қорғайтын адамдармен ешқашан бағаланбайды. Себебі адамдар пенде болып қала береді. Әрбірі өзінің тіршілігімен басы қатып, панасыз елес секілді Хайуани негізінің түнегінде сенделумен ғұмырларын кешеді. Тіпті сіздерге мүлдем лайықсыз болып көрінген адамдарға да, қайтымсыз көмек көрсету үшін адамдарды соншалықты қатты жақсы көру керек. Сондықтан жол жеңілдердің

қатарынан емес. Осындай рухани ерлікке әркім бара бермейді. Бірінші кезекте адамдарға көмек қолын созуға шыныменде орасан зор ниет керек, жүректе мейірімділік пен Жаратушыға кіршіксіз таза сенім. Сондықтан осыған дайынсыздар ма, жақсылап ойланыңыздар? Бас тартуға әлі де кеш емес...

Сэнсэй сөйлеген сайын, қандай да бір қасиетті толқындардың құйылғанын сезініп, лотосымның «гүлдері» жайқала бастады (ашыла) және бұдан жанымға (рухыма) соншалықты жақсы болды. Санамда ерекше анықтық пен тазалық орнады. Және осы сәтте қандай да бір терең деңгейде, Сэнсэй айтқандардың адамдар үшін қаншалықты құнды екенін кенеттен ұғындым! Соншалықты маңызды, ең бірінші кезекте сен жасырын жасаған жақсылығың! Жадыма Інжілдегі сөз жолдары келді: «Қайырымдылығың құпия болсын; және жасырын жасағаныңды көрген сенің Әкең, саған ашық береді» («Чтобы милостыня твоя была втайне; и Отец твой, видящий тайное, воздаст тебе явно»). Шыныменде бұл ізгіліктің алдында барлығының еш құны жоқ емес пе. Мен бірнеше минут бұрын ғана, өмірімдегі жеке, қарабасымның қандай да бір мәселелері туралы өкінгенімді есіме алдым. Және осы кезде Хайуани негізім бойымда әлі қаншалықты күшті екенін түсіндім. Егер жанымда баға жетпес мәңгілік тіптен жақын тұрса, ендеше материяны осыншалықты деңгейге қалайша көтергем? Рухыңмен (жаныңмен) өмір сүрмесең, өлместің күнін сүрген тіршіліктің, осы алдамшы дүниелік өмірдің қандай мәні қалады? Табиғат адамдарға қарсы шығып, ең қорқынышты соғыстан да сорақы болатын жақын болашақтың не мәні бар? Қарттық шағыма дейін өмір сүре аламын ба? Ағымдағы жақсылықтан алыс қарқынды өзгерістерді ескерсек, кәрілік не бере алады? Егер шын өмірде өзіңмен бір минуттан кейін не болатынын білмесең, ойларыңда Хайуани негізің қарқынды таңатын болашаққа елес жоспарлар құрудың не мәні бар? Және осы кезде күлкім келді: ойдың осындай үдеткен толқынында, менің Хайуани негізім үрейлене бастағанын байқадым. «Бұл материяға түкіргенім бар! — деп ойладым. — Ал болашаққа келер болсақ... Не болу керек болса, сол болады. Ең болмағанда соңғы рет рухың, өзіңнің ар-ұжданың, Жаратушы разылығы, адамдарға игілік үшін ғұмыр кешу! Алдағы ғаламдық апаттар мен өркениеттің құрдымға кетуінде, бұл мен үшін рухымды құтқаратын соңғы мүмкіндік болар». Сэнсэй сөздерін жеке маған айтпаса да, осы жерде болғандардан білгенім аз болса да, бірақ мен де Гелиар жолына түсуді қатты қаладым.

Кезекті рет бұл қаншалықты қиын жол екенін ескертіп, Сэнсэй сөзін аяқтағанда, менің ойларыммен ойлары бір жерден шыққан Сергей сөзін бастады:

— Өзім үшін барлығын баяғыда-ақ шешкенмін. Бұл Хайуани әлем шаршатып бітті! Тура арамқұлақ секілді: сырты еліртеді, іші у. Жеке өз басыма оның галлюциногендері жетер.

Иоанн әкейде өз шешімін айтты:

— Бұл Құдайға жағымды іс, көпке татиды.

Айтқан сөздерімен келісіп, Николай Андреевич басын изеді:

— Ол жерде не болса да, осындай мүмкіндік үшін тағдырыма ризамын.

— Мен де! — дедім, жалпы патриотизм толқынында болып.

Барлығы таңырқай бұрылды. Сергей мен Иоанн әкей менің «жаужүрек» түріме қарап, жымыыстарын жасыру үшін бастарын тез төмен түсірді. Ал Сэнсэй жымыысын жасырмастан, маған барынша жұмсақ түсіндіруге тырысты:

— Күнім, әрбір адам, сөзсіз өз жолын таңдайды. Дегенмен адам үшін тек өзі еңсере алатын ғана емес, өзінің жеке ішкі потенциалын барынша игілікке асыра алатын жол ерекше бағалы.

Ол үнсіз қалды да, барлығына өткір көздерімен қарады, әсіресе ішкі әлемдерінің ең құпия тереңдерін зерттегендей, ер адамдарға назарын ерекше ұстады. Кейін жарқыраған күнге қарап:

— Енді, сіздер солай шешкен екенсіздер, солай-ақ болсын! Демек, **Гелиарлар зоосмосының күн сәулесін қайта көрер уақыты келді.**

Ол қорабын ашып, шүберектен... әлгі Прави тамгасын алды! Аспандағы күн сәулесінің жарығы бетінде ойнай жарқырады. Ежелгі кристаллдар бет-жүзімізді мінсіз қырларының

таңғажайып жарқылымен жарықтандырып, көз тұндырарлық жарқ еткенде, айналадағы ауа дірілдегендей болды. Бұл жарқыраған, кіршіксіз таза сәулелер айналадағы кеңістікті тез толтырды. Оларға еш кедергі жоқ секілді көрінді. Тоқтаусыз ағынымен біздердің жанымызға (рухымызға) құйылып, ерекше, ішкі Мейірімділіктің аса қуатты күшін тудырды.

1 Бөлім. Ерекше балықшылық.....

2 Бөлім. Жасырын шынайылық

3 Бөлім. Тамга Пери